Исследование языкового сознания возможно как на лингвистическом, так и на психолингвистическом уровнях, поскольку оба подхода предполагают свои методы и дополняют друг друга в описании системы языка. Достоверность традиционно-лингвистического описания повысится, если оно будет включать результаты психолингвистического описания.

Третий уровень языкового сознания не входит в компетенции лингвистов, однако данные исследования могут использоваться для теоретического моделирования языкового сознания. Это нейролингвистическое описание языкового сознания на уровне нейрофизиологических процессов в мозге, исследование речевых зон мозга, нарушений и патологии в функционировании речевых механизмов. Методами таких исследований являются нейрофизиологические – фиксация электрических колебаний отдельных участков мозга и подобные [7, с. 34].

## ВЫВОДЫ

Из вышеизложенного следует, что традиционное лингвистическое описание языкового сознания осуществляется на уровне существования и употребления языковых единиц как готового результата. Психолингвистическое описание языкового сознания осуществляется на уровне наличия языковых знаков в сознании носителей языка, а нейролингвистическое описание опирается на исследование на уровне нейрофизиологических процессов в мозге человека.

Итак, обзор теоретических данных показал, что 1) понятие языковое сознание имеет узкое и широкое понимания; 2) языковое сознание представляет собой часть когнитивного сознания, которая формируется и выражается с помощью языковых средств; 3) языковое сознание имеет три уровня описания: традиционное лингвистическое, психолингвистическое и нейролингвистическое, которые предполагают разные уровни и методы исследования.



## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Сабитова, З. К.** Лингвокультурология: учебник / З. К. Сабитова. – М. : ФЛИНТА: Наука, 2013. – 528 с.
- 2 **Алефиренко, Н. Ф.** «Живое» слово: Проблемы функциональной лексикологии: монография / Н. Ф. Алефиренко – М. : Флинта: Наука, 2009. – 344 с.
- 3 **Портнов, А. Н.** Язык, мышление, сознание. Психолингвистические аспекты. Учебное пособие. – Изд-во: Иваново ИВГУ, 1994. – 90 с.
- 4 Языковое сознание жителей Воронежа / И. А. Стернин [и др.] / [под ред. И. А. Стернина]. – Воронеж : Истоки, 2010. – 250 с.
- 5 **Ушакова, Т. Н.** Языковое сознание и принципы его исследования // Языковое сознание и образ мира. – М., 2000. – С. 15
- 6 **Тарасов, Е. Ф.** Языковое сознание - перспективы исследования // Языковое сознание содержание и функционирование. XII международный симпозиум по психолингвистике и теории коммуникации. – Москва, 2000. – С. 2-3.
- 7 **Попова З. Д., Стернин И. А.** Когнитивная лингвистика. Учебное издание. Монография. – М. : АСТ: «Восток-Запад», 2007. – С. 32
- 8 **Красных, В. В.** Основы психолингвистики и теории коммуникации: Курс лекций. – М. : Гнозис, 2001.
- 9 **Уфимцева, Н. В.** Языковое сознание и образ мира славян// Языковое сознание и образ мира: сб. статей. – М., 2000. – С. 207-219.
- 10 **Алефиренко, Н. Ф.** Формирование научной школы когнитивно-семасиологической лингвокультурологии // Слово–сознание–культура. – М. : Флинта: Наука, 2006.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*Ә. Ж. Бахралинова*

**Тілдік таным туралы мәселе**

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*A. Zh. Bakhralinova*

**The question of linguistic consciousness**

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 01.02.17.

*Ғылыми мақалада тілдік құралдар көмегімен байқалатын когнитивті танымның бір түрі ретінде «тілдік таным» ұғымы қарастырылды. Тілдік танымды түсіндіруде түрлі ғылыми тәсілдер талданған.*

*Тілдік танымды сипаттауда келесі деңгейлер қарастырылған: дәстүрлі лингвистикалық, психолингвистикалық және нейролингвистикалық.*

*The article discusses the concept of «linguistic consciousness» as a kind of cognitive consciousness that is expressed in language. It analyzes different scientific approaches to the understanding of language consciousness.*

*The levels of description of language consciousness are: traditional linguistic, psycholinguistic and neurolinguistic.*

ӘОЖ 81.246.3

**Ж. Б. Бектурова<sup>1</sup>, А. О. Карипжанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

e-mail: <sup>1</sup>bekturova.z@mail.ru; <sup>2</sup>ainurok1974@mail.ru

**ЖАҒАНДЫҚ ЖАҒДАЙДА КӨПМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ**

*Аталмыш мақалада көпмәдениетті білім, мультимәдениетті білім, көпмәдениетті қоғамдағы көптілді тұлға мәселелері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: мультилингвизм, көпмәдениетті білім, көптілділік, мәдени кеңістік, мультимәдениет.*

**КІРІСПЕ**

Қазіргі әлеумет қарқынды өзгерістерге ұшырап, жаһандану үдерісімен қамтылған. Мұндай қоғамдағы негізгі қарым-қатынас адамдар арасында, ұжымда орын алып отыр.

Мемлекеттіліктің қалыптасуының заманауи даму кезеңінде, көпэтносты қоғамдық қарым-қатынастардың құрылу кезеңінде мемлекет алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі көпмәдени білім беруді ұйымдастыру проблемасы болып табылады.

Қазіргі уақытта, технологияландыру және жаһандану ғасырында басқа мәдениетпен диалогқа түсуге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімді шарттарын, тетіктерін іздеу үдерісін белсенділендіру байқалады. Елдер мен халықтардың жақындасуы, өзара мүдделі біртұтас әлемнің қалыптасуы жүруде, осының негізінде елдер арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыс кеңейе түсуде.

Қазақстандық азаматтық қоғамдағы заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайдың, оның мәдени кеңістігінің, әлеуметтік-экономикалық және саяси саласының, әлемдегі этносаралық шиеленістің ерекшелігін ескерсек, көпмәдени білім беруге арналған білім ортасын құру, көптілді тұлғаны қалыптастыру, басқа мәдениеттің өкілдеріне деген ынтымақтық қатынаста болуға тәрбиелеу мәселесі өзекті бола түсуде.

ЮНЕСКО-ның 1999 жылғы Бас конференциясының қабылдаған қарары аз дегенде үш тілді, атап айтқанда білім берудегі ана тілін, аймақтық немесе ұлттық және халықаралық тілді қолдануды білдіретін *көптілді білім беру* терминін бекітті.

Тілдің ерекшелігін және оның басқа қоғамдық құбылыстармен арақатынасын түсіну, ең алдымен, халық өміріндегі тілдің жұмсалымдық рөліне негізделеді. Тілдің ойлау және қатынас құралы ретінде қолданылуы адам қызметінің барлық саласының ажырамас бөлігі болуының да негізі.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жоғарыда айтылғандар тіл мен мәдениеттің арақатынастық мәселелерінің өзектілігін айқындайды. Тілді қолдану процесі әрқашан белгілі бір этнотарихи ортада жүзеге асады, сондықтан әлем көріністерінің, көптілді құбылыстардағы этникалық тәжірибенің тілде толықтай сипатталуы мүмкін де емес.

Осыған байланысты мәдени құрылысты жасау процесінде тілдің рөлі орасан зор. Осы тұжырымға сәйкес тіл ұлттық мәдениеттің феномені ретінде қарастырылады. Көптілді білім беру мектепте, сонымен қатар жоғары оқу орнында сапалы көпмәдени білім беруді қамтамасыз етудің бірден бір жолы ретінде қарастырылады. Еуропалық Одақтың құжаттарына сәйкес олар жаңа типтегі мамандарды даярлаудың құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне, білім беру қызметінің еңбек нарығына және жалпы қоғам талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Заманауи әлеуметтік-мәдени күзіретке сәйкес келетін әдістер мен нысандарға негізделетін жоғары оқу орнының көпмәдениетті білім беру кеңістігі біртүлділіктің әлемдік тілдік және мәдени құндылықтарға еркін енуі шектелген көптілді қоғам өміріне толықтай араласуға арналған тілдерді жұмсалымдық деңгейде оқытуды; өз білімінің әлеуметтік тұрғыда қорғалған

сапасымен және кәсіби-қызметтік мүмкіндіктерін қолдана білетін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мәселелерін шешуге бағытталады, сонымен қатар тұрақты өзгеріп отырған өмірде жұмыс істеуге қабілетті тұлғаны кешенді түрде даярлауды көздейді.

Қазіргі филологиялық, психология-педагогикалық, әлеуметтанымдық зерттеулер көпмәдени білім беру аспектілерін, көптілділікті қалыптастырудағы білім алушылардың оқу жұмысының психологиялық-педагогикалық механизмдері мен ерекшеліктерін; кәсіби білім үрдісіндегі күзіреттілік пен күзіреттілікті дамыту мәселелерін зерделеу аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді. Көптілділікке жету мақсатында тілді меңгеруді жүзеге асырудың тиімді жолдары Ғаламтор және мультимедиялық технологияларды қолдану есебінен білім жүйесінің сапасын арттыруды студенттердің академиялық ұтқырлығы мүмкіндіктерін ұлғайту жолымен шет тілдерін меңгерту және білім алу мүмкіндіктерін жеңілдетуді қарастырады.

Көпмәдени білім алу ұғымымен көпұлтты әлеуметтегі білім алудың философиялық және мәдени мәселелері, мәдениет мағынасының адам өмір сүруінің феномені ретінде анықталуы, ымыралық, диалог және ынтымақтастық қағидасы; көпмәдени әлеуметтегі білім субъектілеріне берілетін сипаттама тығыз байланысты.

Көпмәдени білім ұғымының мазмұнына адамзаттың мәдени, дүниетанымдық, діни, мәдениет типтерінің көптілділігі туралы көпұлтты ортада және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қарқындылығы жағдайында білім алуы; басқа мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін түсіну; түрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасау, белсенді ынтымақтастықта болу қабілеті туралы білім кешені енеді. Көпмәдени білім көпмәдени қоғамның барлық мүшелерінің, олардың этникалық, мәдени, әлеуметтік және діни қатыстылығына қарамай, бүкіл қажеттіліктеріне жауап беруге негізделеді.

Көпұлтты және көпмәдени ортада белсенді және тиімді өмір әрекетінде болуға қабілетті, эмпатия, түрлі ұлт, нәсіл өкілдерімен бейбітшілікте және ынтымақтастықта өмір сүре алатын, «бөтен» мәдениетке сыйластықпен қарап, түсіне білетін көпмәдени тұлғаны қалыптастыру көпмәдени білім беру мақсаты болып саналады. Мәдениетаралық трансформация гуманистік мәдени құндылықтарды саналы түрде таңдай алуға қабілетті, өзін-өзі мәдени тұрғыдан анықтауға құқылы әрбір адамды мойындайтын толерантты көпмәдени тұлғаны дамытуды қамтамасыз етеді. Мұндай тұлға мәдениеттің көптілділігін өзін-өзі дамыту және жетілдіру көзі деп қарастырады. *Көпмәдени тұлға* – нақты бір мәдени топтың мүддесін көрсететін, сонымен қатар өз елінің шынайы патриоты, әлем азаматы болып табылатын адам.

Дидактикада *көпмәдени тұлғаны қалыптастырудың бірнеше деңгейін* көрсетеді: 1 толеранттылық; 2 басқа мәдениетті қабылдау және түсіну;

3 басқа мәдениетті сыйлау және мойындау [1, 28]. Жеке білім деңгейі мен тәжірибесіне байланысты толеранттылық деңгейі индивидтің мәдени айырмашылықтарға төзімділігін дамыту болжамын көрсетеді, олардың дәлдігіне қарай жалпы мойындалған бағалау стандарттарының ауытқуын қабылдауға және түсінуге дайындығын қалыптастырады. Толеранттылық – бұл жеке тұлғалық немесе қоғамдық сипаттама, ол әлеуметтік ортаның көпқырлы екенін ұғынуды қарастырады, яғни осы өмірге деген көзқарастың да әртүрлі екенін және қандай да біреудің пайдасына шешілмеу керектігін және біркелкі болмауын көздейді [1, 45]. Білім алушылардың бойында өзге де мәдени кеңістікті түсіну және қабылдауды дамыту мәдени айырмашылықтарды меңгеру, игеру және қолдау көрсету керектігін болжайды. Мәдени айырмашылықтарды құрметтеуде мәдени плюрализмнің жоғары бағасын алуға болады.

Осылайша, көпмәдени білім мен тәрбие беру мақсаты адам бойында жаһандық және көп мәдениеттің интеграциясы жағдайында автономдық және ұжымдық әрекет жасауға қабілетті, адамгершілік қасиеттерді игерген мәдениетті адамды қалыптастыру болып саналады. Көпмәдениетті білім этникалық, діни, мәдени, әлеуметтік тегіне қарамастан адамдарға жағымды қарым-қатынас жасау, тұлғаның бостандығы мен құқықтарын құрметтеу қабілеттерін қалыптастыра отырып, білім, мәдени, әлеуметтік, этномәдени көптүрлілік туралы білім беру, толеранттылыққа тәрбиелеумен байланысты. Әр түрлі адамдар мәдениетіндегі айырмашылықтарды білу және түсінуді қамтитын көпмәдени білім беру мазмұны көпәспектті және пәнаралық байланыстың жоғарғы деңгейімен ерекшеленеді. Зерттеліп отырған мәселенің талдауы республикалық деңгейде көпмәдени білім беру тәжірибесін енгізу бірқатар проблемалармен, атап айтқанда, көпмәдени білім беру әдіснамасы мен әдістемесінің жеткіліксіз дәрежеде болуы, нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілмегендік, қойылатын талаптарға сай біліктілік жағынан жауап беретін педагог кадрлардың дайындалмағандығы мәселелерімен байланысты екенін айғақтайды.

Көпмәдени білім беруді енгізу міндеті мазмұны жалпыадамзаттық мәдениеттік білімдер, сондай-ақ ұлттық-мәдени білім үйлесімді тоғыстырылған оқу бағдарламалары мен интеграциялық типтегі оқулықтардың мәселесін шешуге көмектесе алады. Халықтың мәдени-тарихи дәстүрін, олардың жалпы адамзаттық мәдениетпен бірлігін есепке алу осындай оқу бағдарламаларын құрастырудың маңызды шарты болып табылады.

Ұлттық-мәдени компонент ұлттық мәдениет контекстінде тіл үйренуді көздейді, халық мәдениеті мен тарихы ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін игерумен байланысты білім қалыптастыруға ықпал етеді, демек, бұлар

өте маңызды болып саналады. Себебі, зерттеушілердің пікірінше, өзінің ұлттық мәдениеті негіздерін білмейінше басқа халықтың мәдениетін түсіну, көпмәдениетті қоғамдағы өзара түсіністік пен толерантты әрекеттің кілтін табу мүмкін емес.

Заманауи жаһандық интеграциялық үдерістер жағдайында Қазақстан Республикасында көпмәдени білім берудің тілдік модельдерін жасауды жүзеге асыру үшін теориялық-әдіснамалық негіздерді қалыптастыру мәселелері де, әлеуметпен жинақталған мәдени дәстүрлердің мұрагері ретінде көптілді және көпмәдениетті тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін анықтауға арналған лингводидактикалық базаны белгілеу де маңызды болып отыр. Көпмәдени білім беру мәселелері тілдік білім мәселелерімен, білім алушылардың мәдени және тұлғалық дамуымен, көптілділікті мақсатты түрде қалыптастыруға, көпмәдени қоғамды құру, мультилингвизмді дамыту, жеке көптілділікке жету және тағы басқалармен байланысты.

Білім үдерісі жалпы адамдық құндылықтар, сонымен қатар арнайы этномәдениет түсінігі бар әмбебап мәдени концептілерді санадан өткізудің когнитивтік деңгейіне негізделуі қажет.

Көптілді білім білім алушылардың көп мәдениетті қоғамдағы өмірге даярлығының элементі болып табылады, әрі өзінің немесе туған мәдени ортасына жойылу қаупі төнбейді, керісінше «бөтен» тіл ортасымен салыстырылып және байытыла отырып дами түседі. Плюрилингвизм терминімен бір тұлғаның бірнеше тілді пайдалану тәжірибесі белгіленеді. Плюрилингвизм мәдениетаралық диалогты кәсібилік кепілі ретінде қамтамасыз етуші тәсіл болып қарастырылады.

Көпұлтты қоғамның білім беру тәжірибесінде *көптілді білім беру* терминімен қатар оның синонимі – *мультимәдениетті білім* пайдаланылады. Мультимәдениетті білім педагогика және әлеуметтануда әлеуметтік заманауи қоғамдағы ынтымақтастық, толеранттылық, плюрализм, адам құқығы мен еркіндігін сақтау сияқты құндылықтарды сақтауға бағдарланған тұжырымдамалық идеологиялық бағыт ретінде қарастырылады. Мұндай жағдай бірқатар жағдайларда мәдени даму векторының бағытының толық өзгеруіне байланысты қолайсыздық туғызады және әдетте, мән-жайларға байланысты түрлі ұрпақ өкілдері, сондай-ақ әртүрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы даулы қарым-қатынастарды туғызады.

Стратегиялық білім беру үдерісі мәдени иеліктен шығару – белгілі бір мәдениет аясында қабылданған мәдениет құндылықтарын тасымалдаушының қабылдауын ұлғайтуға бағдарланған (мысалы, үдерістер ассимиляциясы, бір мәдениет құндылықтарының өзге мәдени жай-күйге ауысуы, көркем мәдениет саласындағы моральдық иеліктен шығару проблемалары). *Мәдениет* деп ең алдымен этникалық мәдениет арқылы айғақталатын адам

қызметінің арнайы бір тәсілі қабылданады [2, 31]. Әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың көмегімен ұйымдасқан, сонымен қатар қоғамдық тәжірибеде және қоғам санасында бекіген әлеуметтік жүйе мен өмір сүру нысандары мәдениет болып табылады [1, 35]. Мәдениет әртүрлі қызметті орындайтыны белгілі.

Ю. М. Бромлей мәдениеттің: аспаптық, эстетикалық, танымдық, діни, этникалық сияқты қызметтерін атап көрсетеді. Соңғысын мәдениеттің этнодифференцияланған және этноинтеграцияланған сипаттарының жиынтығы жасайды [3, 6]. Әрбір адам белгілі бір тарихи мәдениетке тиесілі. Иргелі мәдениет деңгейі *тілді* жасайды. Адам тіл тасымалдаушысы болып табылады. Тіл арқылы мәдениет туралы мәліметтерді алуға болады. Тіл адамның әлем туралы білімінің қалыптасу және өміршең болуын қалыптастыратын маңызды құрал болып табылады. Мәдениет элементтері ұлттық тілдің сөздік құрылымына оның семантикасының құрамдас бөлігі ретінде енеді.

Осы тұрғыда «Қазақстан-2050» құжатында біздің мемлекетіміздің ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық мәдени кодты (тіл, руханилық, дәстүрлер) сақтау мәселелерімен байланысты мәселелерді өзектендіретін жаңа саяси курсы: «Егер ұлт өзінің ұлттық мәдени кодын жоғалтса, ұлтты өзі де жоғалады» белгіленген. Тек қана салиқалы тарих пен ата-бабаларымызға деген құрмет қазіргі уақыт қиындықтарын жеңе білуге көмектесері анық» [4].

Көпұлттық әлеуметтегі адамгершілік құндылықтарды меңгеру, өзіндік этникалық мәдениет, адамдардың қоршаған ортасының мәдениетіне және қоғам мәдениетіне қатысты қоғамның нақты мүшесінің жағымды құндылықты бағдарларын қалыптастыру үдерісін зерттеу Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі үш тілділік Бағдарламасын жүзеге асыруын талдау негізінде жүргізілді. Тілдердің үштұғырлығы идеясын Қазақстанда алғаш рет 2004 жылы Елбасы айтқан болатын. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (2007 ж.) атты Қазақстан халқына жолдауында мемлекет басшысы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңмен жүзеге асыруды ұсынған болатын, осыдан бастап тәуелсіз Қазақстанның жаңа тілдік саясаты басталды [5].

Көпмәдени білім беруді ұйымдастыру, мәдени көптірлі қоғамды тәрбиелеу тілдердің көптірлілігіне ықпалдасуға және тілдерді меңгеруге бағытталған, себебі тілдердің көптірлілігі және көптілділік Қазақстан үшін маңызды стратегиялық мағынаға ие болады.

Көпдеңгейлі, көптілді білім беру жағдайында мамандарды даярлаудың түрлі ұстанымдарының теориялық негіздемелері ғылыми еңбектерде қарастырылған [6-13], қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде де берілген [14-20].

ҚР тілдік саясаты мәдени және тілдік көптірлілік қағидасына негізделген. «Қоғамдық трансформация стратегиясы және еуразиялық өркениеттің қайта өрлеуі» Жолдауында Елбасы «Қазақстан өзінің көпұлтты екенімен ерекше және қуатты. Оның жерінде ғажап көпмәдени кеңістік орнаған... Қазақстанның көпмәдениеттілігі – қоғам дамуының ілгерінді факторы. Қазақстан халқының еуразиялық тамыры шығыстық, азиялық, батыстық, еуропалық ағымдарды байланыстыра алады және көпмәдениеттілікті дамытудың қазақстандық керемет нұсқасын құра алады» деп атап көрсетеді [21, 16-18]. Көпұлтты мемлекеттегі халықтар ынтымағы, ұлттық мәдениет пен ана тілі қазақстандық қоғамның құндылығы, игілігі болып табылады. «Бейбітсүйгіш саясаттың басты идеяларын ХХІ ғ. халықаралық қатынастардың ұраны және ұстанымдары ретінде ҚР Президенті Н. Назарбаев ұсынды: бұл – сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік» [21, 16-18].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Демек, бүгінгі білім берудегі қоғам қойып отырған талаптарының бастыларының бірі – көптілділік. Көптілділік – кез келген қоғам үшін интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп танылды. Мультимәдени білім заманауи адам бірегейлігінің институты ретінде адамның әлеуметтік топ немесе этноәлеуметтік ортақтыққа сәйкестендірілуінің психологиялық аспектілерін анықтауға, қоршаған ортаның адамды қабылдауы, қоғамдық құндылықтарды және этностың мәдени білімін, ұлттық салт-дәстүрлерді зерделеуге, сақтауға және әлеуметтік мұраны жас ұрпаққа әлеуметтік-мәдени сабақтастық субъектісі ретінде тапсыруға бағытталған. Осы орайда тілдік мұра арқылы ұлтты, ел мәдениетін барынша толық танытудың негізгі бір тетігі – ұлттық әлемнің тілдік үлгісін жасау, ұлттық мәдениеттің кілтін ашу. Оның мәні тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік те, танымдық та, танытушылық та қызметімен байланысты.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Дмитриев, Г. Д.** Многокультурное образование. – М. : Народное образование, 1999. – 208 с. – ISBN 5-87953-130-9
- 2 **Копыленко, М. М.** Предмет этнолингвистики: Этнос в зеркале языка // Русский язык в казахской школе, 1996. – № 1-2. – С. 30-32.
- 3 **Бромлей, Ю. В.** Этнические функции культуры и этнография // Этнознаковые функции культуры. – М. : Наука, 1991. – С. 5-21.

4 **Назарбаев, Н. Ә.** ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына ««Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. ҚР Президентінің 2012 жылдың 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығы [Электрондық қор]. – <http://www.akorda.kz>.

5 **Назарбаев, Н. А.** ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауы // [Электрондық қор]. – <http://www.akorda.kz>.

6 **Елизарова, Г. В.** Культура и обучение иностранным языкам. – СПб. : КАРО, 2005. – 352 с. – ISBN 5-89815-597-X.

7 **Джуринский, Л. Н.** Поликультурное воспитание: сущность и перспективы развития // Педагогика. – 2002. – № 10. – С. 25-27.

8 **Сираева, М. Н.** Методы и формы организации поликультурного образования студенческой молодежи в современном вузе // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. – 2008. – Вып. № 88. – С. 229-232.

9 **Vaetens, B. H.** Multilingual education in Europe: Theory and practice. – In The Korean Society of Bilingualism. – 1990. – P. 107-129.

10 **Hohmann, M.** Interkulturelle Erziehung als Herausforderung für allgemeine Bildung? – In: Erziehung in der multikulturellen Gesellschaft. VE-Info. – 1987. – Nr. 17. – S. 98.

11 Gaitanides St. Interkulturelles Lernen in einer multikulturellen Gesellschaft. – In: Informationsdienst z. Ausländerarbeit. – 1994. – H. 2. – S. 24.

12 **Bloc, D. and Cameron, D.** Globalization and Language Teaching. – London : Routledge, 2002.

13 **Hohmann, M.** Interkulturelle Erziehung – eine Bestandsaufnahme. – In: Ausländerkinder in Schule u. Kindergarten. – 1983. – H. 4. – S. 4.

14 **Ахметжанова, З. К.** К вопросу о национально-культурной специфике речевого общения // Лингвострановедческий (культуроведческий) аспект в изучении и преподавании русского языка. – М., 1997.

15 **Башарулы, Р.** Методология развития поликультурного образования в Казахстане: монография. – Алматы : Ғылым, 2002.

16 **Сулейменова, Э. Д.** Языковые процессы и политика: монография. – Алматы : Қазақ университеті, 2011.

17 **Жетписбаева, Б. А.** Полиязычное образование: теория и методология: монография. – Алматы : Білім, 2008. – 328 с.

18 **Тажыбаева, С. Ж., Ибрашев, А. Х.** Полиязычное образование в РК: проблемы и перспективы // Вестник ЕНУ им. Л. Н. Гумилева. – Сер. Межд. отношения. – 2012. – № 1-2 (5-6).

19 **Лезина, В. В.** Развитие поликультурного образования в Республике Казахстан // Современные наукоемкие технологии. – 2008. – № 3. – С. 72-76.

20 **Надырмагамбетова, М. А.** Поликультурное образование в Республике Казахстан // Мир через языки, образование, культуру: Россия – Кавказ – мировое сообщество: материалы VI междунар. конгресса. – Пятигорск : ПГЛУ, 2010. – С. 94-101.

21 **Назарбаев, Н. А.** Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. – Изд. 2, перераб. и доп. – М. : Экономика, 2002. – 512 с.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Ж. Б. Бектурова<sup>1</sup>, А. О. Карипжанова<sup>2</sup>*

### **Поликультурное образование в глобальной ситуации**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, г. Астана;

<sup>2</sup>Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*G. B. Bekturova<sup>1</sup>, A. O. Karipzhanova<sup>2</sup>*

### **Multicultural education in a global environment**

<sup>1</sup>L. N. Gumilyo Eurasian National University, Astana;

<sup>2</sup>S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 01.02.17.

*Статья рассматривает проблемы многокультурного образования, проблемы поликультурного образования, многоязычной личности в многокультурном обществе и основаны на методах и формах, адекватных к социальным и культурным урегулированиям человека нового времени.*

*The article considers the problems of multicultural education, issues of formation of the polycultural, polylingual personality in a multicultural society and are based on methods and forms, adequate to modern social and cultural settings.*



**Г. С. Бөкен**

2 курс PhD докторанты, филология мамандығы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

e-mail: asya\_2309@mail.ru

## **САТИРАДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР (ҚАЗАҚ-ПОЛЯК ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Мақалада, сатиралық комедияның қалыптасу, даму тарихына, жанрлық ерекшеліктеріне шолу жасалады. 60-80 жылдары қазақ және поляк сатирик жазушыларының халық арасына дендеп кіре бастаған маскүнемдік мәселесін әжсуалаған комедиялары зерделенеді. Қаламгерлердің авторлық шеберлігі бағаланып, екі елдің өзара рухани болмысы салыстырылып, үндестіктіктері байытталады. Сонымен қатар әр туындының жас ұрпақты тәрбиелеудегі ықпал-әсері ой елегінен өткізіледі.*

*Кілтті сөздер: сатира, комедия, кейіпкер, ішімдік, әжуа, күлкі, бейне.*

### **КІРІСПЕ**

Қазақ-поляк әдеби байланысы, оның ішінде комедия жанрында жазылған қаламгерлердің шығармалары толық зерттеліп, өзара салыстырылып, бағамдалған жоқ. Сондықтан аталған тақырып тың және екі ел арасындағы тарихи, мәдени, әдеби, рухани сабақтастықты да нығайта түсуімен өзектілігін тануға, зерделеуге талпындық. Сатираның өзіндік ерекшелігін байыптай келген академик Рымғали Нұрғали өзінің «Комедияның жанрлық ерекшелігі» деген мақаласында: «Әлемдік теориялық еңбектерде комедияның сан алуан түрлері айтылады: лирикалық, қаһармандық, отбасылық-тұрмыстық, сатиралық, комедия-буффонада, комедия-фарс т.б. Әлемдік комедия тәжірибесін ескеріп, ең бастысы, ұлттық әдебиетіміздің материалдарына, тарихына, қазіргі әдеби процеске сүйене отырып, қазақ комедиясын екі үлкен топқа бөліп қарауды дұрыс санаймыз, олар: а) сатиралық комедия; б) лирикалық комедия» [1, 237].

Ал жалпы сатира терминінің шығу тарихын, этимологиясын әр ғалым әр түрлі түсіндіреді. Бір ғалымдардың айтуынша, ежелгі гректер жүзім өсірушілердің, жүзім шарабын жасаушылардың құдайы Дионистің ән салып, би билеп, күлдіріп көңілдендіріп жүретін жол серіктерін «saturos» деп атаған. Екіншілері, бұл терминнің тарихы латынның «satura» – «смесь»

– аралас, әр нәрсенің қосындысы, «всякая всячина» – анау-мынау деген сөзінен басталады дейді.

Қазіргі кезге дейін «сатира» атауы әр түрлі мағынада қолданылып келді. Бірде оны әдебиеттің бір тегі деп түсіндірілсе, 1941 жылы шыққан «Шетел сөздерінің сөздігінде»: «Сатира – болмыстың жағымсыз құбылыстарын ашы күлкіге айналдыратын көркем әдебиеттің тегі» делінген. Енді бірде сатираны нақты бір өмір елестерін, болмыс сәттерін суреттеп, жазып, айтып берудің әдіс-тәсілі ғана деп түсіндіреді. Ғалым Я. Эльсбург: «Сатира – болмысты әдебиет пен өнерде көрсетудің бір әдіс-тәсілі» [2, 27], – дейді. Сол сияқты сатира – жағымсыз болмыс, құбылыс атаулыны сынап-мінеп, әшкерелейтін әдеби шығарма. Д. Н. Ушаковтың редакциялауымен басылған «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Сатира – өмірдің жағымсыз құбылыстарын күлкілі, келемеж түрде көрсететін әшкерелеуші әдеби шығарма» деп жазылған. Зерттеуші С. М. Бондидің басқаруымен 1940 жылы басылған «Поэтикалық терминдер сөздігінде»: «Сатира – қоғамдық дерттерді келемеж етуді немесе әшкерелеуді мақсат ететін әр түрлі (роман, әңгіме, фельетон, эпиграмма т.б.) әдеби шығарма» делінген. Ал А. П. Квятковский: «Сатира – болмыстағы жағымсыз құбылыстарды сынап, әшкерелеуді, күлкі етуді мақсат етіп қарасөзбен немесе өлеңмен жазылатын көркем әдебиеттің түрі» [3, 253] – деп анықтайды.

Сөйтіп сатираның қоғамдағы жағымсыз болмыс, құбылыстарды, адам бойындағы ұнамсыз мінез-қылық, әдеп-тәртіптерді әшкерелеп, күлкіге жығу, келемеж ету ниетімен жазылатыны жөнінде әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бір арнаға саяды, бәрі де оның осы пафосын мойындайды. Бірақ, олардың бірі үшін сатира – әдебиеттің бір тегі, екіншісі үшін өмірдің жеке елестерін суреттеп берудің әдіс-тәсілі, үшіншісі үшін әшкерелеуші әдеби шығарма, төртіншісі үшін көркем әдебиеттің өзіндік түрі.

Бұл орайда зерттеуші В. Сахновский-Панкеев: «Сатирическая комедия вызывает в душе зрителя сложные переживания. Весело, зло, «досыта» посмеется он над заклеянным пороком, но непременно наступит момент, когда непосредственное веселье сменится раздумьем, и тогда в смешном проглянет грозное, в нелепом – опасное. Ведь говоря о том, что враждебно жизни, человеку, прогрессу, сатира как бы сигнализирует об общественной опасности. И зритель, мысленно обратившись от сцены к жизни, подумает о реальных прототипах той нечисти, над которой он только что смеялся. Эта мысль влечет за собой уже не веселость, а грусть, горечь, гнев, иногда, может быть, даже ужас и отчаяние [4, 196].

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Сатирада ащы кекесін, күлкі ету, мазақ қылу, жоққа шығару, үкім айту, адам қиналысын түсіну, адам жүрегінің түкпіріне үңілу, көңілділік пен



күрсініс, тенденциялық пен қатаң әділдік, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады. Сөйтіп, сатира қарама-қайшылықтардың бірлігінен туындайды.

Сатиралық дәстүр классикалық Шығыс әдебиетінде «Мың бір түн», көне санскритте «Панчатантра», парсы, қазақ-түрік фолькору мен ауыз әдебиетінде Қожанасыр мен Алдар көсе туралы т.б. әңгімелерінен бастау алады. Жыраулық поэзияда да сатираның өз орны болды. Махамбет поэзиясында сатира ұшталып өткір сынмен қайрала дамыды. Абай дәуірінде қазақ поэзиясында көрініс тапса, ХХ ғасыр басында Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Сұлтанқожаұлы, Т. Ізтілеуов, С. Торайғыров шығармаларында кездесті. Одан әрі С. Дөнентаев, І. Жансүгіров, Б. Майлин т.б. шығармаларында жалғасты. ХХ ғасырда сатира қазақ әдебиетінде поэзиялық, прозалық және комедиялық жанрларда қарқын алды.

Сатираның қазақ әдебиетіндегі айрықша қарқынмен даму үрдісі ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы әдебиетпен тұспа-тұс келді. Бұның өзі кездейсоқтық емес еді. Ол тарихи-қоғамдық өзгерістермен, халық тұрмысындағы қиыншылықтармен, халқымыздың тарихи-мәдени өміріндегі рухани серпілістермен, түрлі қайшылықтармен тығыз байланысты болды. Сатиралық күлкі қоғамдық мәні бар құбылыстарға, олардың өмірдегі көріністеріне бағытталатыны белгілі. Сатираның сапасы оның қоғамдағы келеңсіздікті дәл тауып бағалауында, яғни оның қоғамдағы кемшіліктерді сынап, дер кезінде алдын алуында.

Сатираның тақырыптық диапазоны аса өрісті: тұрмыс, мінез көріністері, қоғамдық өмір мен саясаттағы келеңсіздік, адамшылықтан ауытқу т.б. оның қырағы көзінен қашан да тыс қалмайтын. Жалпы сөз өнерінің, оның ішінде сатираның негізгі өзекті мәселесі қоғамдағы келеңсіздіктер мен адам бойындағы мінез-қылықтарындағы кемшіліктерді уақытында тауып, «емдеп» отыратын құдыреттілігінде. Алпысыншы-сексенінші жылдары әдеби арнаға шыққан А. Тоқмағанбетов, С. Адамбеков, Ж. Алтайбаев, Ш. Смаханұлы т.б. шығармаларынан көрініс тапса, сатира табиғатын тану мәселелері саласында диссертациялар да қорғала бастады. Атап айтатын болсақ, Ғ. Әбетов, Т. Қожакеев, М. Тілеужанов, А. Мұсаев, Е. Тұрсынов, Р. Алтынбекова, С. Қорабай, А. Рахимова, Ә. Қабылов және тағы басқа ғалымдар ғылыми жұмыстар жазды. Сонымен қатар қазақ сатирасы жайында Қ. Мұхамеджанов, Ғ. Қабышев, Р. Нұрғали, С. Оспанов, З. Серікқалиев, Б. Сарбалаев сияқты ғалымдардың жекелеген еңбектері мен зерттеулері жарық көрді. Сондай-ақ, мерзімді баспасөзде де көптеген зерттеу мақалалар жарияланған.

Сатира – халықтық мәдениеттің көрінісі. Әр дәуір, әр кезең өз күлкісін, сатирасын тудырады. Күлкі – еркіндіктің айнасы. Карнавал, халықтық ойын-сауықта «хан да бір, қара да бір» болып көңіл көтергенде көп нәрсені еркін

айтуға мүмкіншілік берілген. Жай күндері айтуға тиым салынған нәрсені сондай бір көңіл көтерген халықтық думанда айтып салуға болатын. Сатирадағы объект-құбылыс пен автор ұстанымы бір бола бермейді. Сатирадағы образ көбіне антиидеал болып келеді. Бірақ осыған қарап сатиралық шығармада автор ұстанымы көрініс таппайды деген ұғым тумауы керек. Автор ұстанымы сатирада бірде жасырын түрде көрініс тапса, кейде сентенция түрінде көрініс тауып жатады. Немесе, диалог барысында көрініс табады, кейде реплика түрінде көрініс табады. Сондықтан қандай да бір сатиралық шығармада авторлық ұстаным сол объект-құбылыстың ортасында көрініс тауып отырады.

Сатираны жан-жақты зерттеген орыс ғалымы Л. Ф. Ершов сатиралық жанрларды төмендегідей жүйелейді: «Если попытаться воссоздать современную картину бытования сатирических жанров, то она будет выглядеть примерно так: стихотворные жанры – басня, эпиграмма, пародия; драматические – комедия, трагикомедия, фарс и т.п.; прозаические – от фельетона, памфлета и рассказа до романа. Однако имеют место и внутрижанровые подразделения. Эпиграммы, например, могут различаться по средствам и способам изображения, т.е. быть сатирическими, юмористическими, шутливо-развлекательными. Может быть деление и собственно тематического порядка: литературная, бытовая, политическая эпиграмма. Разумеется, то же самое можно выявить и в формах бытования других видов сатирического искусства. Такова устойчивая, более и менее традиционная классификационная схема. Вместе с тем жанр – не только хранитель некоей образцовой нормы (по аналогии с геном) от века сложившегося стереотипа сюжетно-композиционной информации. Секрет его жизненности в том, что он в то же время внутренне динамичен, подвижен (сохраняя определенность границ), стремится к вечному обновлению» [5, 280].

Әдебиетші Т. Кәкішев: «Сатира халықтың мүддесін қорғауға тиіс. Егер ол өзінің осы міндетін атқармайтын болса, өмірдің кішігірім олпы-солпысын, кем-кетігін әжуалайтын болса, онда ол сатира болудан қалады, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Қандай ақын-жазушы болса да, оның ішінде қандай данышпан сатирик болса да халықтың өмірінен қол үзсе, оның мүддесін қорғамаса, онда ешбір мардымды, құнды шығарма бере алмайды» [6, 89]. Сол сияқты ғалым С. Қорабай мынадай тұжырымды ой айтады: «...сатира как оружие социальной борьбы против всего косного и паразитического, ставшего преградой к нормальному развитию общества. Изображая, высмеивая отрицательное, духовно освобождая творца и читателя от давления превратных авторитетов, сатира тем самым выражала положительное, восславляла подлинно живое, нравственное» [7, 132].

Сатира негізінен өзіне бейне етіп сол қоғамдағы ең бір асқынған тақырыпты алады. Сол асқынған қоғамдық азғындаудың себепшілері кімдер,

соны «жалаңаштап» бейнелеп халық алдына ұсынады. Әсіресе, сатирик ақын-жазушылар халық арасына дендеп кіре бастаған маскүнемдік мәселесін сынады. Олар құрғақ насихат түрінде арақтың, жалпы ішімдік ішудің зиянын айтпайды, керісінше, оның адамдар арасындағы қарым-қатынасқа келтіретін кесірін көрсетеді, нәтижесін әжуалайды. Сол арқылы тәрбиелейді.

Мұны 60-80 жылдары қазақ және поляк драматургиясына сатиралық шығармалар әкелген жазушылардың қаламынан байқаймыз.

Мәселен, Қалтай Мұхамеджановтың «Өзіме де сол керек» пьесасында жақсы мен жаманды айыра алатын Алмастың ащы сынына кезігіміз:

*«...Алмас. ...Мен папама айтып едім, осы институт дегенді қояйық, мал бағу қолынан келген адамға аспан бағу келмей ме, ұиқыштардың мектебіне барайын деп едім зой.*

*Хайдарбек (қыза шалқып). Бұл әрине, жастық, романтика. Бұлтты бауырдай тіліп, көк аспанның төсінде көсілте серуен салған жақсы. Бірақ мен өзім ұнатпаймын. Алматыға осы жерден екі жарым сағат ұшамыз, соның өзінде зерігіп, шыдамым таусылады.*

*Сардар (сынай). Мұнықы балалық. Ата-бабаң самолет айдамай-ақ өткен бұл дүниеден.*

*Алмас (рюмкаларға нұсқап). Сол кісілер арақ та ішпей кетті деген қауесет бар, бірақ сіздер...(күлкі) [8, 214].*

Немесе, поляк драматургі Славомир Мрожектің «Аққу» («Łabędź») сатиралық әңгімесінде саябақ күзетшісінің құсқа деген шеттен тыс аяушылығы мен ащы суға деген «әуестігі»: *«В трактире было тепло и уютно, разносился запах горячих сосисок. Старичок посадил лебедя на стул напротив себя, чтобы не выпускать его из виду, и заказал себе скромную закуску и рюмку водки, чтобы согреться. Уплетая с большим аппетитом баранину, он заметил, что лебедь смотрит на него как-то по-особенному. Ему стало жаль птицу. Он не мог есть, чувствуя на себе взгляд, полный упрёка. Он позвал кельнера и заказал для лебедя белую булочку, вымоченную в подогретом пиве с сахаром. Лебедь повеселел. После ужина оба, добрые и довольные, возвратились на свой пост» [9, 320], оны жұмысынан ғана айырып қоймай, құстың да сол «ішкіштікке» салынуына әкеледі: *«А месяц спустя старичка выгнали с работы вместе с лебедем. Из-за детей. Лебедь среди белого дня качался на воде. На это пожаловались матери маленьких детей, приходившие в парк отдохнуть и посмотреть на птицу» [9].* Мұнан кейін автор шығарманы тұжырымды оймен тәмамдайды: *«Даже самая скромная должность требует моральных устоев» [9], – деп кез келген қарапайым жұмысқа да салғырт қарамау керектігін ескертеді.**

Немесе, С. Жүнісовтің «Кроссворд немесе әзіл маскарад» пьесасындағы Бақайдың мыйтрезвительге түскеніне арланып, өз-өзін актауына куә боламыз:

*«Шомбал қара. Бұл, солай шал(қолтығынан демеп), ертеңге дейін мыңа дем алдырып тұрасың, қазір массың.*

*Бақай(көніп). Әкем-ау, іше зой деген соң ішкенім рас еді, көңілік басым және балаларымның, достарымның денсаулығы үшін, мас болсам мас шығармын. Бірақ үйге жететін қауқарым бар еді зой (шешіне бастайды). Мас адам ештеңе білмейді, не айтып, не қойғанын білмейді деуші еді... Мен бәрін білетін сияқтымын. Есім дұрыс, сонда бұл қалай болғаны?*

*Шомбал қара. Мұнда түскеннің бәрі есім дұрыс деп ойлайды. Бірақ, олай емес.*

*Бақай. Ол да жөн. Солай болса, солай шығар (Есікке қарай беттеп барады). Е-е, айтқандай қала адамдарының мені танымайтыны жоқ, мыйтрезвительге түсіп, мына шалға сақалды басымен не көрінген демей ме? Ұят-ай! Қарақтарым, тыныш ұйықтайын, ана қоржынның ішінде балаларыма алған бет-перделердің бірін киіп алайыншы, беріңдерші... [10, 73].*

Одан кейін С. Мрожектің «Жаяу» («Pieszo») пьесасында соғысты көрген, әлі де санасында соғыс жүріп жатқан әр түрлі әлеуметтік топтың әр жастағы кейіпкерлерінің тағдыр тартысы баяндалатын шығармасында да «қиындықтарын» арақпен бір сәт ұмытатын кейіпкердің әрекеті әшкереленеді: *Сын. Папа ты больше не пей. /Отец. Идём, идём. Покажи, расскажи людям, как отец твой хлопочет. Были вы голодные? /Сын. Нет, папа. /Отец. Ты ходишь в школу? /Сын. Хожу. /Отец (триумфально). Вот пожалуйста, ходит в школу. К Сыну: Тебе всегда было тепло? /Сын. Не надо папа перестань! Вырывается. /Отец... Вы видели, какая мне благодарность за мои старания, за мои страдания... /Я никогда для себя, всё для семьи... И что я имею за это... к Сыну: Так ты меня отблагодарил?! – деп, өмір бойы балаларын жеткізу үшін еңбектенгенін айтып мақтанады. Өлбетте, өсіріп жеткізген ата-ананың еңбегі зор, оны жетелі, өнегелі ұрпағы ғана түсініп, болашақта өзі де ата-ана алдындағы парызын ұмытпайтыны анық. Алғашқыда қаламгер әкенің өз еңбегін «сатуын» сынай ма деп қаламыз, әрине, қоғамға «дерттей» енген арақтың әсерін де ұмытпаймыз. Кейінірек, келесі диалогта: *«Отец. Вчера грипп у меня был тяжёлый. Голова до сих пор раскалывается. А ты как себя чувствуешь? /Сын. Хорошо. /Отец. Ничего не болит? /Сын. Нет. /Отец. ...И ещё этот грипп (смотрит на Сына косо, неуверенно, с чувством вины). /Сын. Ничего, пап, всё нормально. Отец. вздыхает с облегчением, но всё таки не совсем уверено, что всё уладилось [11], – әке жүрегінің мейірімін көреміз. Немесе, ұлының аяқ киімі қысып, ақсағанын көрген әкесі өзінікін беруі – әке қамқорлығы емес пе? Пьесада: *«Отец. Как влитые. Одевает ботинки Сына. Смотри, как вырос, уже и мои подошли, с силой вбивает ноги в сыновни ботинки, которые ему тесны. Что – то вроде этого! Твои тоже подходят, слово даю. /Сын. Может быть***

*всё же малы./Отец. Нет как новые! Нога не сдавлена, разве что... может быть немного велики(аяқ киім қысып тұрғанымен). Заканчивает шнуровать обувь. Встаёт и притопывает, кривится от неудобства. В самый раз. Ну видишь? Хорошо» [11], – дейді.*

Бұл орайда, ғалым Е. К. Гурованың келесі пікірімен келіспесе болмайды: «Сатирик видит мир в его контрастных противоречиях, заостряя свое внимание на тех явлениях жизни, которые с его точки зрения подлежат осуждению. А особое осмысление действительности, специфическая картина мира предполагают и особый отбор художественных средств выражения. При этом диапазон используемых средств чрезвычайно широк: от смелых гротескных образов до тонкой иронии в авторском подтексте» [12].

Иә, С. Адамбековтың «Шоқбикенің шатағы» комедиясында әулеттің үлкені Айжан әже арқылы автор арақтың зиянын да ашық түрде айтады:

*«Шоқбике. Япыр-ау, дәмі қалай? Тұзды су татиды ғой. Е, құйып қойшы, Көбейжан./Айжан әже (күрсініп). Бұл қу арақ кәріге де, жасқа да сор болды ғой. Астапыралла, енді қайтейін, анау күні сақалы шошаңдап екі шал мас боп барады...» [13, 312].*

Сол сияқты драматург С. Мрожектің «Хочу быть лошастью» жинағына енген, ішімдік мәселесін әжуалайтын ендігі бір сатиралық шығармасы – «Балалар» («Dzieci») сатиралық әңгімесін зерделесек. Оқиға қаланың көп адам жүретін жерінде орналасқан базарында қардан аққала (снеговик) жасап жатқан балаларды баяндаудан басталады. Балалар ешкімге, ешкім оларға кедергі келтірмей домаланған үш қарды бірінің үстіне бірін жайғастырып, мұрнына қып-қызыл сәбізді, үстіне қара көмір түйіршіктерінен көйлек жасап, аққаланы соғады. Балалар жасаған аққалаға мәз-мейрам болып, кешқұрым үйлеріне оралады. Әбден беттері домбыққанша ойнап, тәбеттері ашылған балаларымен әкелері де қуана қауышады. Осы кезде есік қағылып, сырттан базарда дүңгіршегі бар газет сатушысы келіп: *«Разумеется, дети еще очень малы и нужно за ними следить, иначе из них ничего хорошего не выйдет. Я никогда не осмелился бы прийти с этим вопросом, но сделал это только ради детей. С воспитательными целями. В отношении носа из моркови, который дети сделали снежной бабе. Почему он красный? У меня у самого нос красный. Я его отморозил. А вовсе не от водки. Но это не причина, чтобы публично делать намеки на мой нос» [9], – деп балалардың әкесіне өз ренішін білдіреді. Мұны жүрегіне алған әкесі балалардан шындықты айтуды сұрайды. Балалар бір жағынан түсінбей, екінші жағынан таңқалып, ондай ойлары тіпті болмағанын айтып, ақталғанымен, әкелері тәрбиелеу мақсатында оларды кешкі ассыз қалдырады. Әрине, кішкентай балалардың әдейілеп газет сатушысының мұрнына ұқсату үшін сәбізді аққалаға мұрын етпегені, тіпті оның аяздан емес, ішкіш болғасын үнемі мұрны қызаратынын*

білмегені де түсінікті. Дегенмен, автор сатушының өз масқарасын жәй сынамай, өзіне айтқызу арқылы әшкерелейді.

Көп ұзамай, есік қайта қағылып, үйге жергілікті өндірістің төрағасы келеді. Ол да балаларға қатысты өз шағым айтады. Яғни олардың өндірістерінде ұрлықтың жоқтығын тілге тиек етіп, ақтала бастайды: *«– Ну как же, разве не ясно, – они намекали на то, что в нашем кооперативе вор на воре сидит. А это клевета. Даже если такие материалы поступают в прессу, все равно нужны доказательства, но куда уж дальше, если на это намекают публично, на рынке» [9], – дейді. Бұл кейіпкерді де автор әжуалауда бар ұрлығын өзіне айтқызады. Дегенмен, бұл жағдайда да балалар әкелеріне қанша ақталғанымен, оларды бұрышқа тұрғызып қояды. Мұнан кейін есік үшінші рет қағылып, үйге қалалық Раданың төрағасы кіріп, балаларды көрген бойда әкелеріне: *«То, что я хожу у себя дома расстегнутый, это мое личное дело. Ваши дети не имеют права смеяться над этим. Пуговицы сверху донизу на снежной бабе – это тоже двусмысленность. Еще раз повторяю, если мне захочется, я буду ходить по дому вообще без брюк, и ваши дети не имеют к этому никакого отношения. Запомните» [9], – дейді де шығып кетеді. Бұл жолы да аққаладағы түймелердің мүлде төрағаға қатысты еместігін айтып, жылаған балаларына сенбеген әкелері оларды тас еденде тізерлеп отыруларын бұйырып, жазалайды. Сатирик газет сатушының ішкіш екенін әрекетімен көрсетпей, арақ зиянын оның салдарымен дәлелдейді. Оны екінші күні базардан алысырақ жерде аққала жасап жатқан балалардың аузынан естиміз: *«Ну тогда вылезем дядю, который продает газеты. Сделаем ему красный нос. У него красный нос, потому что он пьет водку. Он сам об этом вчера сказал» [9]. Және де елдің ақшасын жымқырған, үкімет басындағы ұрлықшыны да аққаламен шебер байланыстырған автор, ұрлықшының өз кінәсін мойындатады. Болмаса, қалалық Рада төрағасының моральдік құлдырауын, «сырты бүтін, іші түтін» тіршілігін де ащы сынап өтеді.***

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Сайып келгенде, күлкілі бейненің бойынан жақсылық іздеу классикалық сатираның стилі болып табылады. Сол жақсылық сияқты белгілер арқылы сатиралық бейненің күлкілі болмысын ашу нағыз сатираның үлгісі десек те, ғалым В. Фроловтың пікірінше: «Комедия не только смешит, в ней действуют люди, причиняющие страдания, а уродства таких персонажей настолько пагубны, что они намекают на страшную и отнюдь не безобидную сущность, социальных явлений» [14, 248], – дейді. Яғни сатира қоғамда қалыптасқан ережені, жағдайды бұзатын құбылыстар мен әрекеттерді айқындайды. Сатирада татуласу деген жоқ. Ол адам бойындағы жағымсыз қасиеттермен күреседі, оны әшкерелеп, халық талқысына салады. Егер пьеса тек антиидеал,

ұнамсыз кейіпкерлерден құралса, онда сатиралық комедияның сәтті жазылды деп санауға болады. Ал керісінше болса, сатира юморға ұласып, оның эмоционалдық реңкі көмескіленеді.

Әлбетте, қазақ және поляк сатиралық шығармаларының өзара үндесетін тақырыптық аялары көп, сан түрлі. Өзіндік ерекшеліктері де баршылық. Әзірге, оны бір ғана маскүнемдік, ішімдікке әуестену мәселесін қаузаған шағын ғана сатиралық шығармалар тобынан бағамдадық. Аталған мәселенің зиянын айтумен ғана шектелмей, оның «дертті» тұсын нақты бір әрекеттер мен адамдар арасындағы қарым-қатынастардан танытып, әжуалайтынын біршама айқындадық. Бұл сатирик қаламгерлердің шеберліктерін байқатса керек.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Нұрғали, Р.** Комедияның жанрлық ерекшелігі // Жеті томдық шығармалар жинағы. – Астана : «Фолиант» баспасы, 2005. – 237 б.
- 2 **Эльсбург, Я.** Вопросы теории сатиры. – М., 1957. – С. 27.
- 3 **Квятковский, А. П.** Поэтический словарь. – М. : Изд. «Современная энциклопедия», 1966. – С. 253.
- 4 **Сахновский-Панкеев В.** О комедии. – Ленинград-М. : Изд. «Искусства», 1964. – С. 196.
- 5 **Ершов, Л. Ф.** Сатирические жанры русской советской литературы (от эпиграммы до романа). – Ленинград : Наука, 1977. – 280 с.
- 6 **Кәкішев, Т.** Абайдың сатирасы // Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер/Құрастырған: Н. Ғабдуллин/. – Алматы : Жазушы, 1986. – 89 б.
- 7 **Корабай, С. С.** Казахская сатира начала XX века: Монография. – Алматы : ИД «Жібек жолы», 2012. – 132 с.
- 8 **Мұхамеджанов, Қ.** Таңдамалы: Пьесалар. Әдеби сценарийлер. Өнер жайлы ойлар. – Алматы : Жазушы, 1989. – 214 б.
- 9 Хочу быть лошастью: сатирические рассказы и пьесы. М. : Молодая гвардия, 1990. – 320 с.
- 10 **Жүнісов, С.** Өліара: Пьесалар мен мақалалар. – Алматы : Өнер, 1985. – 73 б.
- 11 **Mrozhek, S.** Testarium: Izbrannyye p (Russian) Paperback. – 2001. – P. 832.
- 12 **Гурова, Е. К.** Особенности сатирического дискурса (на материале рассказов и фельетонов А. Т. Аверченко): дисс...канд. филол. наук. – М., 2000.
- 13 **Адамбеков, С.** Қожанасыр қақпасы: Әңгімелер, пьесалар. – Алматы : Жазушы, 1989. – 312 б.

14 **Фролов, В.** Судьбы жанров драматургии анализа драматических жанров в России XX века. – М. : Советский писатель, 1979. – 248 с.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*G. S. Boken*

**Некоторые проблемы в сатире (на основе казахско-польских произведений)**

Кокшетауский государственный университет  
имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*G. S. Boken*

**Some problems in satire (on the basis of the Kazakh-Polish works)**

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau.  
Material received on 01.02.17.

*В статье дается обзор истории становления и развития сатирической комедии. Анализируется ряд комедий казахско-польских сатириков 60-80 годов, высмеивавших проблему массового алкоголизма среди народа. Оценка авторского мастерства, сравнение нравственного бытия рассматриваются во взаимной гармонии двух народов. Кроме того, уточняется роль каждого произведения в деле воспитания подрастающего поколения.*

*The article provides an overview of the history and development of satirical comedy. It analyzes a number of comedies of the Kazakh-Polish satirists in 60-80s, ridicules the problem of mass alcoholism among nations. Author's skill measure, comparison of moral habitation are considered in mutual harmony between the two nations. Also, it clarifies the role of each product in the education of the younger generation.*



**Қ. Т. Жанұзақова<sup>1</sup>, Ж. Абдуманова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., доцент; <sup>2</sup>магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: joti\_miss\_kz@mail.ru

**ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ  
ПОСТМОДЕРНИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

*Бұл мақалада постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі орны мен зерттелуі, эстетикалық ұстанымдары сипатталады. Қазіргі әдебиеттанудағы постмодернистік зерттеулер мен оларда көтерілген мәселелердің өзектілігі айқындалады. Постмодернизмнің табиғаты мен эстетикалық концепциясы, қазақ әдебиетіндегі көріну ерекшеліктері зерделенеді. Постмодернизмнің зерттелу тарихына шолу жасалады.*

*Кілтті сөздер: постмодернизм, модернизм, ағым, әдеби процесс, проза, метамәтін, постиндустрия.*

**КІРІСПЕ**

Әлемдік әдеби процесс аясындағы күрделі түрлі өзгерістер, әдеби тенденциялар ұлттар әдебиетіне де әсер етіп, сабақтаса дамиды, өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың екінші жартысында көркем мәдениет тенденциялары негізінде пайда болып, қалыптасып, дамып келе жатқан ағымдардың бірі – постмодернизм. Постмодерндік өнер – ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алған еуропалық өнер дамуындағы тарихи кезеңнің шартты атауы. «Постмодернизм» термині алғаш Р. Ранвицтің «Еуропа мәдениетінің дағдарысы» еңбегінде кездесті. 1947 жылы (осы жыл постмодернизм дәуірінің басы деп саналады) ағылшын тарихшысы, мәдениеттанушы А. Тойбни «Тарихты зерттеу» кітабында терминге тарихи-мәдени мағына берді. Әдебиеттану мен өнертануда 1960 жылдардан бастап, француз философы Лиотардың «Постмодернистік жағдай: білім туралы баяндамасы» (1979) еңбегінде «постмодернизм» сөзі бүгінгі дәуірдің ментальдық ерекшелігін айқындайтын философиялық категория ретінде қолданыла бастады. Алғашқыда кескін, сәулет өнерінде қызмет еткен ағымның бүгінгі таңда жекелеген ғылым салалары, әсіресе, әдебиетте алатын орны ерекше.

Әр елдің, әр ұлттың әдебиет саласының өсіп-өркендеуіне қызмет ететін ағымдар, бағыттар, көркемдік әдіс-тәсілдер белгілі бір деңгейде

дамып, өмір сүре бастайды. Кей жағдайда кейбір ағымдар сол әдебиетке сіңісе алмай, қанат жайып өз бағытына түсе алмай орта жолда қалып қояды. Ол, әрине, ағымды қабылдаушы ортаға, әдеби әлемнің оған деген көзқарасына байланысты болмақ. Ал мақаланың негізгі арқауы болып отырған постмодернизм қазақ әдебиетінде орнын алып, белгіленген межесіне жетті деп айта алмаймыз. Тақырыптың өзектілігі де осында. Алайда қазақ танымында кештеу қалыптасқан ағым хақында бірқатар ақын-жазушыларымыз және олардың шығармашылығын таразыға салып, өз сараптауынан өткізетін зерттеушілеріміздің өзіндік ой-толғамдары, пікірлері қалыптасқан.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қазіргі қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі постмодернизмнің табиғаты мен оның бүгінгі күн әдебиетіндегі орны, өзге ағым-бағыттардан ерекшелігін айқындау әдебиеттану ғылымының күн тәртібіндегі өзекті әрі басты зерттеу нысанына айналғаны рас. Бүгіннен әрірекке көз жүгіртсек, жоғарыда аты аталғандардан өзге зерттеушілер де бұл тақырыпта сөз қозғамай кетпеген. И. Хассан, Ж. Бодрийяр, Р. Барт, Б. Макхейл, И. Ильин, Ю. Кристева сынды ғалымдар – осы бағыттың ғылыми айналымға енуіне үлес қосқан зерттеушілер.

Постмодернизм тарихи және көркем дәстүрлердің бірігуіне негізделген. Әр түрлі халық, мәдениет, субмәдениет, уақыт ішіндегі әдіс-тәсілдерді, стильдерді, тақырып, проблема, мотивтерді бір шығарма аясына біріктіру осы постмодернизмнің сипатты белгісі болып саналады. Әдебиеттанудағы ағым-бағыттар теориясын, модернизм мен постмодернизм табиғатын, оның поэзиядағы, прозадағы көріністерін жіті зерттеген Бақытжан Майтанов: «Постмодернизмді қоғамдағы ірі сілкіністер дүниеге әкелетіні белгілі. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары әлем әдебиетінде осындай дүрбелең тудырды. Жаһандану дәуірінің ақпараттық жүйесі арқылы одан өзге халықтың мәдениеті мен өнері жете хабардар болып жатты, – дейді, – постмодернизмдегі ең үлкен дүниетанымдық ерекшелік – керіартпа романтиктердегі сияқты өзіне таныс өмір сиқынан түңілушілік» [1] – деп жазады.

Қазіргі прозадағы модернизм мен постмодернизмге қатыс ой тербеп, соған тұтас бір зерттеу кітабын арнаған Д. Затонский эстетикалық принциптері тұрғысынан романтизм мен модернизмнің бейнелеудегі ұқсастығын байқай біледі [2, 157]. Болмысты «романтикалық» және «модернистік», «постмодернистік» тұрғыда қабылдау – бұл негізінен қарама-қарсы жүйелер, бірақ сонымен қатар бір-біріне әсер етуші, тіпті белгілі бір деңгейде бір-бірімен байланысты жүйелер. Олардың біреуін екіншісінен жоғары қойып, біреуін бөліп алып, я жақсы, я жаман деп айта



алмаймыз. Өйткені бұл жүйелер жалпы болмыстың, әлем туралы біздің түсінігіміздің кемел еместігі себепті кемшіліксіз де емес. Көп жағдайда «постмодернизм» «декаденттік» нәрсе ретінде: үміттің жоғалуымен, ұмтылыстардың құлдырауымен, нақты мақсаттар мен бағдардың жоғалуымен, апатиямен, өркениеттің құлдырауымен байланысты қабылданатындықтан, оған қарағанда модернизмді қолайлы көріп жатады.

Романтизм әлем әдебиетінде Француз төңкерісінің нәтижесінде қалыптасты. Сондықтан болар барлық романтиктер, тіпті нақты саяси бағдарына қарамастан өздерін дәуірдің өгей баласы ретінде сезінді: өйткені олар өздерінің асқақ арманын жоғалтып алды. Сондықтан таза романтикалық сезім (социалистік реализм концепциясына сай марксизм идеологтары романтизмді тек асқақтықпен, өршілдікпен ғана байланыстырып, біздерді күнбе-күн сендіруге тырысқанына қарамастан) негізінен – көңілі толмау, жоғалту сезімі. Айырмашылығы, біреулер үшін – төңкерістің өзі, екіншілеріне төңкерістен кейінгі кезеңде қоғамда орын алған рухани құлдырау, болмысқа көңілі толмау қанағаттанбау сезімін тудырды.

Сөйте тұрып, романтизмде белсенділік, өзін әлемге таңу, болған дүниеден гөрі болуы мүмкін дүниеге деген сенім де бар. Романтизмнің биіктерді бағындыруға талпынатын ренессанстық ұмтылыстары бар екені белгілі. Мұндай романтиктерді ортодоксальды кеңес әдебиеттануы «прогрессивті» немесе тіпті «төңкерісшіл» деп атай бастады. Шындығына келгенде, романтиктердің өз арасында да үлкен айырмашылықтар бар. Ол айырмашылықтардың алшақ кететіні сондай, кейде біреулерін модернистерге, енді бірін постмодернистерге жатқызып жатады. Бұл арада барлығы романтизмнің терең дуалистік табиғатымен байланысты.

Б. Майтанов таныған постмодернизмге тән тағы бір ерекшелік – олардың айналаны өзгертуге тырыспайтыны. Яғни айналада болып жатқан оқиғаларға бейтараптықпен қарап, көбінесе, өзіне қаратылған ащы мысқылмен (самоирония, тіпті самопародия) топшылайды. Үкім айтып, шешім шығармайды. Сырттай ғана бақылап отыратындай. Бір сөзбен айтқанда, зерттеуші постмодернизмді бетперде (маска) деп атап, оның астында жатқан қарама-қайшылық пен болып жатқан алай-дүлейден түйілген түйінді тарқата айтады. Оның бойындағы сыншылдық, реалистік элементтерді көрмей кетушілік оңалмайтын ағаттық болатынын тілге тиек етеді [1].

Постмодернизм ешқандай ағым да, бағыт та емес, жай ғана ойдан, қиялдан туған орта немесе бәріне бірдей көріне бермейтін елес дейтін ой туындауы мүмкін. Тіпті оның ағым ретінде ғылым салаларына әкелер пайдасы мен тигізер зияны жоқ жай сөз дерсіз. Кеңес тұсында әдебиетіміздің дамуы бір ғана бағыт – реализмнің еншісіндегі процесс деген пікірдің үстемдік құрғанын да жоққа шығара алмаймыз. Бірақ уақыттың өзі әдебиеттің

өнер түрі ретінде тар шеңберге сыймай, оны жарып шығатынын дәлелдеді. Қашанда әдебиеттің арманшыл, қиялшыл адам баласының ішкі дүниесін суреттеп, болған дүниелерден гөрі «солай болса екен» деген ойдан туған дүниелерді юейнелеуге күш салатынын да білеміз.

Ғалым А. Исмакованың: «Постмодернизм – белгілі-бір ғылыми теориялық, философиялық, эстетикалық пайымдаулар кешені. Постмодернизм – қазіргі менталитеттің сипаттамасы, дүниетанымдық тәсілі». Постмодернизмде «...бәріне күдікпен қарау – әлемді танудың кілті іспеттес. Маңаймыздағының бәрі жалған, әрбір өтірік өзінің уысында шындықтың бір бөлшегін сақтауда, ал әрбір ақиқаттың өзінде бір тамшы болса да у бар деп санайды бүгінгі постмодернистік авторлар» [3, 65]. Осы орайда Ж. Жарылғапов: «Постмодернизм – постәдебиет. Яғни дәстүрлі әдебиеттен кейінгі құбылыс. Бұл – антижүйе. Бұрынғы әдебиеттен оқырман өзінің арман-аңсарларын табатын, жазушы өмірдің мәнін түсінуге көмектесетін. Қазір тек қана әдебиеттің дүниесі, мәтіндердің жиынтығы болып қалды. Мұндай шығармалардың тәрбиелік, гуманистік ролі туралы да ойланатын кез келді», – деген ой түйеді [4]. Адамның қоғамды танып, білуіне сеп болатын шығармалардың орнын бейтараптыққа итермелейтін, дәстүрді жоққа шығаратын туындылар жаулап, қоғамды үздіксіз улау әрекетіне көшкендей. Бұл пікір өз кезегінде мәнді, бірақ арманға жиі ерік беретін бүгінгі қоғам өкілінің оны мойындамауы да әбден мүмкін. Өйткені постмодернистік шығармалардың басым бөлігі жоқ нәрсені бар деп тану, елес қуу сияқты қағидаттарды алға тартады.

Әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, академик Сейіт Қасқабасов постмодернизмнің қоғамда көрініс беру себептерін атап көрсетеді: «...Постиндустриялық қоғам болмай тұрып, постиндустриялық қоғамның өмірін суреттей алмаймыз. Алайда постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс қана. Постмодернизмнің сыртқы көрінісі қандай деген сауалға жауап беретін болсақ, ол – өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту. Я болмаса, елес қуып, адамның екіге бөлінуі, екі ойлы болуы, сандырақтап бір нәрсені айтуы» [5, 4]. Ғалымның пікірі бойынша, біз постмодернизмнің сыртқы қабатында ғана жүрміз. Классикалық әдебиеттен, классикалық реализмнен қол үзбеген қазақ әдебиетінің бұл ағымға қаншалықты бой алдырып, оны өзіне сіңіруі қоғамның дамуы мен қалалық ұлттың қалыптасуына, жалпы алғанда, индустриялану процесімен етене байланысты екенін атап өтеді. Қала өмірі мен дала өмірінің астасып, араласып, құжынап жатуы – постиндустрияның негізгі көзі іспетті.

Модернизмдегі жалғыздық, дәрменсіздік сарыны, пенденің ортамен қарама-қайшылығы, дамыған қоғамның технократиялық болмысынан

корку, тұлғаның абсурдты, хаосты өмірден безінуі сынды элементтер постмодернизм поэтикасына ауысты. Трагедиялық сарын, қоғамды жатсыну, сөзге сарандық, астарлап ишарамен сөйлеу, үкім шығарудан, соңғы түйінді айтудан кашу – постмодернистік сипаттағы бүгінгі қазақ прозасына тән касиеттердің бірі.

Батыстан келген ағымдардың бүгінгі әдебиетіміздегі маңызы мен мәні айқындалды ма? Олардың өз ішіндегі ерекшеліктері мен артықшылықтары қандай? Аталған модернизм мен постмодернизмнің арасында байланыс бар ма? Модернизмге «пост» ұғымы не үшін жалғанды? Дәл осы сияқты сансыз сауалдардың шешімін табу бүгінгі таңдағы әлемдік зерттеулердің де негізгі мақсатына айналған. М. Эпштейн: «Это два нравно значных понятия «пост», одно из которых «постмодерность (соотносимая с «модерностью»), есть длительная эпоха, в начале которой мы живем – второе же «постмодернизм» (соотносимый с «модернизмом») есть первый период, вход в эту большую эпоху. Если две большие эпохи, модерная и постмодерная зеркально отражаются друг в друге, то естественно что последний период эпохи модерности, а постмодернизм это первый период эпохи постмодерности» Бұдан шығатын түйін – постмодерн мен постмодернизмнің аралығындағы әдебиет [6, 54].

Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы постмодернизмді әдебиетіміз бен дүниетанымымызға қарсы қояды. «Бүгінгі қазақ әдебиетін батыстан келген «постмодернизм» деген жаңа ағым елендетіп, назарын өзіне аударып тұр. «Постмодернизм» – адамға көркемдік, эстетикалық ләззат бағыштап, адамгершілік тәрбие бере алмайды. Меніңше, постмодернизм – ұлттың рухани құндылықтарын жоққа шығарудың бірден-бір құралы» - деген мүлдем қайшы пікір айтады. Демек, бұл ағымның ұлттық әдебиетіміздегі орны, оның пайдасы мен зияны сияқты мәселелердің ара-жігі әлі күнге ажыратыла қоймаған деуіміз де бек мүмкін.

Постмодернизмде мәтінге ерекше көңіл бөлінеді. Жазушы болмысының жұмбағын, шығарманың шырайын мәтіннен іздейді. Постмодернизмнің тұжырымдауынша, мәтін негізінен үзінділерден, яғни суреткердің суреттегенінен емес, осы уақытқа дейінгі айтылған пікірлерден тұрады. Постмодерншілер осылай жазғанда ғана әдебиет әсерлерден айырылып, өмір шындығына жақындай түседі деп біледі. Постмодернистер мәтіннің мәдени әрі қарым-қатынас субъектісі ретінде бағалайды. Әлемді философтар мәтін ретінде қарастырады.

Постмодернизм эстетикасының қайнар көзі – әлем, өмір, болмыс, ондағы қарама-қайшылықтар. Мәтіннің өзі бірнеше түрге жіктеледі және әрқайсысының өзіне тән атқаратын қызметі бар. Олар: метамәтін, интермәтін, гипермәтін, архимәтін және шизоталдау, нарратив, ризома, симулякр сияқты постмодернизм ағымы негізінде өрбіген постмодерндік

шығармаларда қолданылатын негізгі құбылыстар. Бұлардың қызметтері әрқилы. Постмодернизмге байланысты француз ғалымы Ж.Женетт бес түрлі мәтіндемелікті ұсынады [7, 123]:

1 Интермәтіндемелік – бір мәтін бойында екі немесе одан да көп мәтіндердің қосанжарласуы (дәйексөз, аллюзия, плагиат және т.б.);

2 Мәтіннің өз атауына, сөз соңына, эпиграфқа және т.б. қатысты парамәтіндемелік қатынасы;

3 Метамәтіндемелік түсінік беруші ретінде өзінің алдындағы ілкімәтінге сыни сілтеме жасайды;

4 Гипермәтіндемелік – өзге мәтіннің әлденені жақтырмай ой қозғау мен пародиялауы;

5 Архимәтіндемелік мәтіндердің өзара жанрлық байланысы.

Француз философы Жан-Франсуа Лиотар және Америка әдебиет зерттеушісі Фредерик Джеймсон «нарратив», «метамәтін» теориясын дамытты. Метамәтінді (сондай-ақ метаәңгімелеу, метабаяндау, метадискурс) Лиотар өз түсінігінде «түсіндірмелі жүйе» ретінде қабылдайды және кез келген буржуазиялық қоғам ұйымдастыра алатын дін, тарих, ғылым, психология, өнерде өзін-өзі ақтау тәсілінің қызметін атқарады деп түйеді. Постмодернизмнің «нарратив» теориясы туралы белгілі әдебиеттанушы Айгүл Ісмақова былай дейді: «Әлем әдебиеттануы қазір 3 бағытта дамып келеді: неориторика, нарраталогия, интертекст теориясы. Нарраталогия мен интертекст теориясы – әлемдік ілім. 1920-1940 жылдардағы ресейлік әдебиет теориясы негізінде қалыптасқан ағым. Нарраталогия Пропптың «Морфология сказки» зерттеуінен бастау алады, осының негізінде Греймас «нарратив» теориясын қалыптастырды».

Біздіңше, ағымның бойында жиі көрініс беретін негізгі ұғым, басты құбылыс – метамәтін. «Метамәтін дегеніміз – сырын ішіне бүккен «автордың бет пердесі» [8]. Метамәтіндемелікке өмір сүріп отырған қоғамның берік діңгегі: дін, тарих, ғылым, психология, өнерді қамтитын «мәтін туралы мәтін» немесе «мәтіндегі мәтіндерге» пайымдама жасаған ХІХ ғ. басындағы неміс романтизмінің теоретигі Фр. Шлегель «Die Poesie der Poesie» («Поэзиядағы поэзия») еңбегінде алғаш рет ғылыми айналымға енгізді.

Постмодернизм эстетикасының тағы бір әдісі – «пастиш». Ол – өмірді қалай көрсе, сол күйінде беру ұғымын аңғартады. Пастиш – ит. тілінен аударғанда *попурри*, яғни өткен оқиғалар мен жағдайларды, сюжеттерді, стильді көшіру, дәлірек айтқанда, соның бейнесіне кіру әдісі. Пастиштің плагиаттан немесе пародиядан айырмашылығы сол – түпнұсқадағы ойды қайта құрылымдай отырып оны ирониялау.

Ал ағымның тағы бір өкілі – Ж. Бодрийяр өзінің «Символический обмен и смерть», (1976), «Симулякры и симуляция» (1981) деген еңбектерінде

симулякр деп нақты шындықты ығыстырушы, шындықты жалмаушы бейне-елестерді айтады. Симулякр – жалған персонаж. Ол бар сияқты әсер қалдырады, нақты мәнге ие болғандай көрінеді. Сонысымен де ол жоқ шындықтың орнына жүреді. Симулякр – жоқ шындықтың орынбасары, ізбасары. Симулякр – ақиқаттың жоқтығын білдіртпеу үшін ақиқат болып көрінетін ақиқат сияқтылық. Жалпы, симулякр дегеніміз әлдебір зат орнына жүретін, сол сияқты болып көрінетін, бірақ оның өзі емес.

Жалпы алғанда, постмодерндік шығармалардың ұтқырлығы сол – ақпаратты екшеп, сығымдап, сырт айналдырып беруге шебер. Шынайы болмыс постмодернистер үшін хаос. Мұнда асқақтық пен жадағайлық, биік пен төмен, ақиқат пен жалғандық, сұлулық пен кемтарлық теңестірілген. Постмодернизм эстетикасында бинарлық оппозициялар, антитезалар романтизм жүйесіндегідей өзекті емес. «Постмодернизмде жақсылық пен жамандық шекарасы ажырағысыз, екеуін бір-бірінен айыру қиын». Постмодернизмге релятивизм тән. Ол «идеал атаулыны мансұқтап, биік өнегелі тағылымдардан бойын аулақ ұстайды» [9, 301].

Қазіргі қазақ әдебиетінде әлемдік тенденцияға айналып, философия мен өнердің бар саласын қамтыған постмодернизм жайында іргелі де толыққанды зерттеулерді былай қойғанда, постмодерндік сипатта жазылған шығармалар өте аз.

Әлемдік мәдениетте күш алған постмодернизм құбылысы қазақ әдебиетінде 1990 жылдардан бастап біртіндеп көріне бастады. Трагедиялық сарын, қоғамды жатсыну, сөзге сарандық, астарлап ишарамен сөйлеу, үкім айтудан, соңғы түйінді айтудан қашу – постмодернистік сипаттағы бүгінгі қазақ прозасына (Ә. Тарази, А. Алтай, Р. Мұқанова, Д. Амантай және т.б.) тән белгілердің бірі. Алайда қазіргі әдебиетте жекеленген постмодернистік элементтер кездескенімен, ол қазақы топыраққа дәл батыс, орыс әдебиетіндегідей терең сіңіп кете алмады деуге болатын сияқты.

Әлемдік әдебиеттің постмодерндік бағыттағы өкілдері: И. Бродский, Б. Акунин, В. Ерофеев, Г. Остер, В. Пелевин, Т. Толстая, В. Сорокин, В. В. Набоков, С. Соколов, А. Платонов, В. Спектр, Л. Рубинштейн, Д. Пригов, В. Некрасов, Д. Джойс, В. Вульф, У. Эко, Д. Делилло, Д. Барнса, У. Гибсон, Д. Фаулз, М. Павич, Т. Стоппард, Х. Л. Борхес, М. Муркока, М. Фраялар постмодернизм негізінде алғашқы болып қалам тартқан каламгерлер деп білеміз.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, ұлттық әдебиетімізде соңғы уақытта постмодерндік сипат етегін кеңге жайып келе жатыр. Қазақ әдебиетінде постмодернизм құбылысына екі түрлі көзқарас бар. Бірі – постмодернистік ұмтылыстарды

жақтаса, екінші топ – жаңашыл ізденістер әдебиетте бұрыннан бар, постмодернизм ұлттық құндылықтарға қарсы шығады, жаһандау дәуірінде ұлт әдебиеті жұтылып кетпеуі үшін оны әспеттеудің қажеті жоқ дейді. Постмодернизм әр елдің әдебиетінде қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, ұлттық факторларға сәйкес өзіндік ерекшеліктерімен дамыды деуге болады. Ол еуропалық елдердегідей қазақ әдебиетінде тұтастай бағыттық сипат алып кете алмады. Дегенмен, қазіргі қазақ прозасында, әсіресе, жастар шығармашылығында постмодернистік таным іздерін жоққа шығара алмаймыз.

Әдебиетімізде постмодернизмді толық меңгеріп, оны дәлелдеп жүргендер де жоқ емес. Классикалық әдебиеттен де бір жола қол үзіп кете алмаймыз. Қазақ әдебиетінің дамуы бір ғана ағым-бағытпен шектеліп қалмайды. Дегенмен постмодернизм ағымына бой ұрып, батыс әдебиетімен тең дәрежеде болам деудің өзі үлкен қателік. Әр елдің, әр жердің өмір сүру әлеуеті мен қоғамдық даму қарқыны алабөтен. Халқымыздың ұлттық танымы мен ұлттық менталитеті – әдебиетіміздің дамуының алғышарты. Бүгінге дейін өзінің әлемдік деңгейін жоймаған қазақ әдебиеті бұдан кейін де өз даму жолын жалғастыра береді. Тәуелсіздікке дейін талай жылдар, талай ғасырлар бойы басынан қаншама даму сатысын өткеріп, талай сындарлы сынақтардан сүрінбей өткен әдебиетіміздің болашағының кемел болуы, әсіресе, әдебиеттің соңғы буын өкілдеріне байланысты екені белгілі.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Майтанов, Б.** Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм // Қазақ әдебиеті, 2011. – № 41 (3257) // [Электронды ресурс]. – <http://writers.kz>.
- 2 **Затонский, Д. В.** Модернизм и постмодернизм: мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. – Харьков : Фолио, 2000. – 256 с.
- 3 **Ісмақова, А.** Асыл сөздің теориясы. – Алматы : «Танбалы», 2009. – 376 б.
- 4 **Жарылғапов, Ж.** Әдебиет бұл күндері кіммен егіз? // [Электронды ресурс]. – <http://writers.kz/journals>.
- 5 **Қасқабасов, С. А.** Постмодернизмнің белгілері бізде бар // Қазақ әдебиеті. – 2009, 10 сәуір. – № 13.
- 6 **Эпштейн, М.** Постмодернизм және мәдениет. Он томдық шығармалар жинағы. – Т. 2. – Алматы, 2006 ж.
- 7 **Женетт, Ж.** Палимпсесты: литература во второй степени. – 1982; рус. перевод 1989.

8 **Әбілқасымұлы, Ә.** Қанаты күйген әдемі әдеби көбелек. [Электронды ресурс]. – www.adebiportal.kz.

9 **Жанұзақова, Қ.** Қазіргі қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі (XX ғасырдың екінші жартысы). Монография. – Алматы, 2010. – 448 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*К. Т. Жанұзақова, Ж. Абдуманарова*

### **Постмодернизм в казахском литературоведении**

Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*K. T. Zhanuzakova, Zh. Abdumanarova*

### **Postmodernism in Kazakh literature**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 01.02.17.

*В этой статье определяются эстетические принципы постмодернизма и его место в казахской литературе. Рассматриваются постмодернистические исследования современного литературоведения и актуальность темы. Изучены понятие о характере и природе постмодернизма, особенности его развития в казахской литературе. Анализируются исследования отечественных и зарубежных исследователей постмодернизма.*

*In this article the place of Kazakh literature and study of the principles of postmodernism are characterised. Postmodernism researches of contemporary literature study and topicality of the raised questions are determined. The notion of postmodernism, character, aesthetic concepts and peculiarities of Kazakh literature visibility are studied. A review of study of postmodernism history is conducted.*

ӨОЖ 82.02

### **Қ. Т. Жанұзақова<sup>1</sup>, О. С. Алейдарова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., доцент; <sup>2</sup>магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: <sup>2</sup>aleidarova94@mail.ru

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДЫҒЫ СЕНТИМЕНТАЛИЗМ КӨРІНІСТЕРІ**

*Мақалада сентиментализм ағымының болмыс-бітімі, алғаш рет Еуропа әдебиетіндегі дамуы қарастырылды. Қазақ әдебиетіндегі романтикалық және реалистік сипаттағы туындылардағы сентиментализмнің ұлттық көзқараспен көмкеріліп, тұтасып дамығанына назар аударылды. Атап айтқанда, С. Торайғыровтың «Қамар сұлу», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», Ә. Ғалымовтың «Алтынай», М. Әуезовтің «Қысқы түн», С. Дөнентаевтың «Көркемтай» шығармаларындағы сентименталистік ұстанымдар айқындалды.*

*Кілтті көздер: сентиментализм, сезімшілдік, готикалық романдар, психологизм, пейзаж.*

### **КІРІСПЕ**

Еуропалық әдебиетте сентиментализм ағымы XVIII ғасырдың ортасында туып, дамығаны белгілі. Аталмыш ағым ағартушылық рационализм және классицизм ұстанымдарының әлсіреуі кезінде пайда болды. «Ағым қоршаған әлемді танып білу мен адамның ақиқат дүниеге қатынасында салқын сана мен сарабал ақылдан сезімшілдікті, «жүрек әсерін» немесе «сезім культын» бірінші кезекке қойды» [1, 6]. Сентименталистер сезімді жоғары бағалай отырып, туындылардағы оқиғаға қатысты қоғамдық-әлеуметтік талдау жасамай, негізгі басымдықты кейіпкер басындағы трагедияға беріп, оған деген оқырманның аяушылығын тудыруды негізгі мақсат етті. Бұл мақсатта олар әр түрлі сентименталистік тәсілдерді қалыптастырды.

Еуропада О. Голдсмит, У. Купер, Дж. Крабб, Э. Юнг, Т. Грей шығармашылығы сентименталистік әдебиеттің негізгі өкілдері болды. Сентиментализм ағымының пайда болуына негіз болған туынды – Л. Стерннің «Франция мен Италияға сентименталды саяхат» атты аяқталмаған романы еді. Поэзия жанрында сентиментализмнің негізін салған – Д. Томсон (1710-1748). Сонымен қатар, сентименталистік поэзияның өкілдері ретінде Э. Юнгтің, Т. Грейдің есімдерін атауға болады. Ресейдегі сентиментализм бағытын ұстанған



В. А. Жуковский, Н. М. Карамзин шығармаларында қарапайым адамдардың көңіл-күйі, қуанышы мен мұң-қайғысы, яғни күнделікті тыныс-тіршілігі бейнеленеді. Н. М. Карамзиннің «Бедная Лиза» повесі, «Письма русского путешественника» шығармалары сентименталистік туындылардың қатарына жатады. «Письма русского путешественника» саяхат күнделігіне жатады. «Сентименталдық саяхаттың негізгі көңіл аударатыны қоғам мен әлеуметті, табиғатты көрсетудегі автордың көңіл-күйі, күйзелісі» [3, 24]. Карамзиннің бұл шығармасында сентиментализм ережелеріне саятын элементтер басым.

Автор мен кейіпкерлердің ішкі әлемін ашуда пейзаж негізгі көркемдік құралдардың бірі ретінде көрінді. Сентиментализмде жетекші жанрлар поэзияда – элегия, лирика, поэма, прозада – роман, драмада – мешандық, психологиялық драма, «жылауық комедия» әсер етті. Бұл бағыттың жетістігі – шығармаларда табиғатты суреттеуге, жеке тұлғаның ішкі әлеміне, психологиясына, сезімдеріне көп мән беріліп, соның нәтижесінде әдебиет лиризммен байыды [2, 187].

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ әдебиетінде сентиментализмнің алғашқы көріністерін әдебиеттанушы Ж. А. Адайханов Біржан сал Қожағұлұлы мен Ақан сері Қорамсаұлының шығармашылығымен байланыстырады. Зерттеуші Біржан сал мен Сараның айтысында көтерілетін әлеуметтік мәселелер, адамгершілік, адал махаббат идеяларын Н. М. Карамзиннің туындыларымен қатар алып, өзара ұқсастықтарын көрсетеді [3].

Ж. А. Адайханов көрсеткен сал-серілер поэзиясындағы сентиментализмнің эстетикалық ұстанымдары қазақ прозасы қалыптаса бастаған уақытта заңды түрде өз жалғасын тапты. ХХ ғасырдың басындағы бірнеше жазушылардың шығармашылығынан байқалатын пессимистік әуендер мен күйреуіктік сарын қазақ әдебиетінде символикалық, сентименталистік ағымдардың да орын тебе бастауымен байланысты.

Зерттеуші Ж. Жарылғапов «сентиментализмнің алғашқы көріністері қазақ прозасында С. Торайғыровтың «Қамар сұлуында», М. Кәшімовтың «Мұңлы Мәриямында», Ж. Аймауытовтың «Ақбілегінде» танылды» деп есептейді [1, 7]. Сондай-ақ, ғалым С. Торайғыровтағы сентиментализмнің пессимистік ыңғайдағы көрінісін «Қамардың басына төнген ауыр қайғыдан құтылуға дәрменсіздігімен, тығырықтан шығатын жол табуға қауқарсыздығымен, болашаққа деген үмітінің сөнуімен» [1, 9] түсіндіреді. Қаламгер Қамардың басындағы трагедияны шынайы суреттей отырып, оған деген оқырманның аянышын тудыру үшін – табиғаттың мұңды көрінісін, яғни пейзаждың «ішкі мағынасында» пайдаланады. Бұл – сентименталистердің қолданатын негізгі тәсілдерінің бірі. «...Біраздан соң Қамардың басына түскен қайғы секілді

түйдектелген ызғарлы ұшпаның бұлтымен аралас мейірімсіз кеш қараңғысы келіп жайлады» [4, 35]. Қаһарман тағдырына өзінің ортақтастығын айғақтау тек табиғат кейпі арқылы ғана емес, Қамар айналасының ауыр атмосферасын беру арқылы да дамытылады: «Бір қыздың қолтығына қарлыққан дауыспен өлеусірей булығы зарланып бүк түсіп жатқан – Қамар. Оның жан-жағына толған замандастары: «Есіл, Қамар-ай! Шыныменен сол жауызға кетесің-ау?» дегендей қылып, «жан тәсілімде» қоштасқан секілді ығы-жығы, бірі басында, бірі аяғында мұңайысып отырып алған. Көргенде көңіліңде жарты мысқал мейірім-шапақаты бар адамның жүрегі жарылып кете жаздайтындай бір аяушылық көріністе еді» [4, 35-36]. Бұл тұста жазушы Қамар халі арқылы оқырманды ой талқысына, әділдік таразысына салуға итермелейді.

Қаламгер Қамар бақытсыздығына өз өскен ортасын, қоғамының қатқыл заңдылықтарын кінәлі етіп көрсеткенімен, трагедия біреулердің материалдық жағдайының әрқилылығынан емес, рухани байлық деңгейінде еді. «Биік сезімталдық иелері Қамар мен Ахметтің рухани-адамгершілік сапасы Нұрымдардың надандығымен қатар алынып, «шынайы адам» тазалығы жеңіліс табады» [1, 10]. Жазушы осы мотив арқылы оқырман көңілін қозғауды мақсат етеді. Жалпы, бұл роман романтизм ыңғайында жазылғанымен, кейіпкердің жан күйзелісін беруде сентименталистік тәсілдерді мольнан қолданған. Сөйтіп, «автор өз ортасының заңдылықтарын бұзып-жарып шығуға талпынған, бірақ бұза алмаған кейіпкерді сомдай отырып сентименталистік морализм төңірегінен көрінді» [1, 11].

Сентиментализм ұстанымдары сонымен қатар, классикалық реализм үлгісінде жазылған шығармалардан орын тебе бастады. Бұл қазақ прозасы дамуының алғашқы кезеңіндегі күрделі құрылымдық жүйелерден хабар береді. Сондай шығармалардың бірі – Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы. «Романда қолданылған сентиментализмнің сипаттарын жазушының шығарма психологизмін тереңдетудің бір амалдары деп қараған дұрыс» [1, 12]. Өйткені, образды психологиялық талдауда, жеке тұлғаның ішкі иірімдерін барынша тереңдеп бейнелеуде сентиментализмнің өзіндік маңызды орны болды. Сентименталистік қолданыстар реалистік шығармада «көшкен орыстың жұртында бұралқы күшіктей қаңғырып» жалғыз қалған Ақбілектің ішкі күйзелісін беруде қалтқысыз қызмет атқарады. Автор мұнда қап-қара түнек ортасында қасқырлармен жанұшыра арпалысқан Ақбілекке шырылдай жаны ашып, араша түседі:

«Саялдық қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтарған қара тұман аз болды дедіндер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына төнсендерші!

Күздің сарғыш жапырақтары-ау! Кімді әдилеп, сыбырлап тұсындар? Қалың бұтаның қайғысыз, камсыз бөденелері-ау! Несіне қара түнді



жаңғырықтырып тұрсындар? Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілетем дейсіңдер ме?...

Бұлттар-ау, серпілмейсіңдер ме?!

Жапырақтар-ау, сыбдырлап жерге төгілгенше, шерлі сұлуға сая болсандаршы!

Ізғырық-ау, ызылдағанша, жапанда жалғыз қалған баланың әкесіне хабар берсеңдерші!

Ой, мейірімсіз шіркіндер-ай! Сендердің тілдеріңді Алтайдың жаралы аруы білмейді ғой! Сендердің қас-қабағына қараймын, сендерге еркелеймін деп есіл сұлу мұндай күйге ұшырады ғой! Жел мен бұлттың алласына сенем деп сенделіп қалды ғой!...» [5, 178-179].

Бұл тұста жазушы өзінің субъективті эмоциясына ерік береді. Романдағыдай кейіпкер трагедиясына табиғаттың әрбір бөлшегінің, жанды-жансыз заттардың аяныш білдіруі, бей-жай қарамауы, қайғысына ортақтасуы – сентиментализмге тән негізгі компоненттердің бірі болып келеді. Осы тәсіл арқылы сентименталист-жазушылар оқырман аянышын тудыруға тырысады. «Саялдық қара бұлттарға», «күздің сарғыш жапырақтарына», «бұлттарға», «ызғырық желге» тіл қата отырып, кейіпкерге араша түседі. Сондай-ақ, бұл үзіндідегі «дүниені қарауытып келе жатқан қара бұлт», «жау көргендей зым-зия жоғалған қыздар», жапан түздегі «қиқайған қос» – бәрі-бәрі төніп келе жатқан үрей мен қорқыныш белгілері. Европа әдебиетіндегі готикалық романдардағыдай табиғат құбылыстары арқылы қайғылы оқиғаның алдын ала нышанын білдіру – сентиментализмге тән ерекшеліктердің бірі.

Зерттеуші Б. Майтанов «Ақбілек» романындағы психологизм табиғатына ерекше көңіл бөледі. Дегенмен, кейіпкердің ішкі ой-толғанысын барынша ашып-беруінде сентименталистік ұстанымдардың өзіндік рөлі бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Ақбілектің өзін ауылынан еріксіз әкетіп, анасын өлтірген, абыройын төккен «қара мұрттыны» ұнатуы табиғи заңдылық. Осы әйелдік жеңсіктің іштей төбе көрсетуін жазушы нанымды бейнелейді. «Жан апасы бұл үшін өліп кетті-ау! Тым болмаса бір ауыз тіл қатуға да мұршасын келтірмеді-ау! Жан апасынан мәңгілік айрылып, басы қаралы, жүзі жаралы болып отырып, не бетімен бай іздеген? Апасын өлтіріп кеткен, өзін тартып әкелген, ауылын шапқан, талаған орыстың тұқымына не ғып өз еркімен көнгені? Ел қайда? Бұл қайда? Әкесі, ауылы не күйде? Ақбілек туралы ол не ойлап жатыр десейші?...» [6, 163]. «Әрине, бұл ішкі монолог емес. Монологқа ұқсас авторлық баяндау. Сана тасқыны да емес. ...Бұл – қаһарман жан-дүниесі мен автор көзқарасын тұтастыққа жеткізетін ортақ төл сөз өрнегі. Қаламгер тілі, шынайы кейіпкер сана аясына дендеп бару, жалпы ойлау, сезіну процесін қамту үшін оның сөйлеу машығын ескере нәзік пайдалану нәтижесінде аналитикалық психологизм бедерін мол

танытқан» [6, 49]. Тегінде, қаламгер сана мен сезім арасындағы тартысты көрсете отырып, туындыға реалистік психологизм арнасымен келуді мақсат тұтса керек.

Қазақ прозасында сентиментализмнің айқын көрінуі Ә. Ғалымовтың «Бейшара қыз», С. Дөнентаевтың «Көркемтай», М. Әуезовтің «Қыр суреттері», «Сөніп-жану» әңгімелерімен байланысты. «Бейшара қызда» Алтынай басына түскен қасірет таратылып айтылмайды. Жазушы қысқа жанр шартына сәйкес оның мұң-мұқтажының себептеріне бойламай, әбден «сілікпесі» шыққан Алтынайды «дайын күйде» ұсынады. Автор оқырманның кейіпкерге деген аяушылығын оятуды басты мақсат етіп көздеген. Суреткер өзінің субъективті көңіл ауанын таныту үшін оқиғаны бірінші жақтан баяндайды. Сентименталистік әдебиетте оқиғаның куәсі, тікелей қатысушысы аса үлкен маңыз атқарады [1, 13]. Мысалы, «Барсам не көзбенен көру керек: бейшара Алтынай бес-алты қатынның қолында бұрқыраған шашы бетін жапқан, үсті-басы ит талағандай, беті шиедей қан, ес-түс жоқ, аузына не келсе соны айтып диуана адам мысалында бұлғақтап келе жатыр. Бейшараны сол аяныш халінде үйіне әкеліп төсекке жатқызды» [7, 85]. Бұл шығармада өз бостандығы мен бақыты үшін күресу немесе өзін мүсәпір қалыпқа жеткізген ортаға наразылық танытудың іздері де жоқ. Жазушының басты мақсаты да кейіпкердің аянышты халін беру арқылы оқырман елжіреушілігін туғызу болса керек.

Өмір әділетсіздіктерін адамның сезімталдық қасиеттерін ояту арқылы түзеуге ұмтылыс әсіресе, С. Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімесінде барынша көрініс тапты. Зерттеуші Ж. Жарылғапов бұл шығарманың сентименталистік қырын былай түсіндіреді: «Әңгімедегі асқан трагизмді, күйректік сарынды экзистенциализм ағымының өлшемдерімен қарауға келмейді. Көркемтайдың қайғы-құсасы «қатыгез ортаның», «қатыгез әлемнің» нәтижесі емес. Оның жетімдік зарына құлақ асатын ауыл адамдары, Ысқақтың келіні Нағима бар» [1, 14]. Сентименталистер шығармасында бас кейіпкердің мұң-шеріне ортақтасатын образдың болуы заңдылық. Себебі, автор өзінің кейіпкерге деген аянышын, жанашырлығын осы образға жүктеп, субъективті эмоциясын мейлінше танытады. «Көркемтай кешігіп келмеген соң, айдалаға қонып қалып, жазым болар ма екен деген оймен тезек терген болып, кеткен ізімен келе жатыр еді. ...Нағиманы таныған Көркемтай да шыдай алмады. ...Нағиманың да көңілі бұзылып: «Жылама, қарағым, көзіңнің жасы ағайынға болсын. Айдалаға сені тентіретіп қойғандығы үшін жазасын тартар, – деп, баланы алдандырып көңілін басып жұбатты» [8, 250].

Мұнда жазушы қарапайым тұрмыстық ортадағы Көркемтайды басты кейіпкер етіп алғанымен, оны сезімталдық қасиетімен ерекшелеп алады. Жазушы сол кездегі қоғам заңдылықтарына, өзге кейіпкерлердің

катыгездігіне талдау жасамайды. Әңгіменің оқиғалық желісі көркем бейненің қайғылы халін барынша қоюлатып отыруға, сол арқылы оқырман жүрегін елжіретуге жұмсалады. «...Онымен ешкімнің жұмысы жоқ. Оны шайға да оятқан жоқ... Басындағы жаман бешпетін алып қалтасына қолын салып қарау-ақ мұң екен жылап жіберді... Бұл біздің Көркемтай еді. Шешесі өлгелі жылға жақындаған. Сонан бері Ысқақтың қолына кірген соң, жетімдік көріп, балаларынан қакқы жеп, бұрынғы тәрбие, бұрынғы тұрмыстарын өгейсіп шешесін уайымдап жылай беретін еді. Өзін-өзі кем тұтып, уайымдаумен өте жүдеп кетті. Күндіз-түні ойлайтыны – шешесі» [8, 247]. Ысқақ пен балалары Көркемтайдың жас жанына жара салуларының ең шарықтау шегі – кішкентайынан өсірген көкбесті атына қол салу оқиғасы. «Айналаға баланың пәк көзімен қарайтын сентименталистік бейненің ең үлкен өмірден алған соққысы оның көңіл толқыныстарын ашудың басты кілтті қызметін атқарып тұр» [1, 15].

Әлемдік әдебиеттегі сентиментализмнің негізгі жанрларының бірі болған готикалық романдардағы суреттеулер де шағын әңгімеде көрініс тауып жатты: «Өткен қыс жұтқа ұрынып шыққандықтан, шаруаның малдары шағымданған... Тек әр үйдің ауласында үйілген шөптің қарасыны болмаса, егін қарасыны көрінбейді. ...Маңайында қара-құралар аз болған соң, ауыл бір түрлі көңілсіз. Жым-жырт...» [8, 247]. Айналаның сұрықсыз келбеті, еңсені езіп тұратын мұңды көріністер арқылы кейіпкердің жеке болмысындағы шамырқаныстарды ашу «Көркемтай» әңгімесінің де негізгі стилі. Әсіресе, әлем әдебиетіндегі сентименталист Т. Грейдің «Ауыл қорымында жазылған элегия» деп аталатын айтулы шығармасымен үндестіктер молынан ұшырасады. Ауыл бейнесін көрсету, кейіпкердің қабір басына барып егілуі, сол арқылы шемен боп қатқан қасіретін ашып көрсету қазақ жазушысына да тән қолданыстардың бірі болды. Көркемтай жанының жалғыз емі – шеше қабірі еді, ол Ысқақ үйінен жылу таппай безінгенде, жұбанар жері шеше қабірі болды. «Бұрын еті үйреніп алған соң, бұл жолы да тоқтамастан кіріп барып, қалың зираттың ішіндегі шешесінің қабірін тауып алып:

– Мен мынадай болып келдім! Жетімдік көрдім! – деп құшақтай жығылды. Көзінің жастары моншақтап домалана берді. Көркемтайдың мұндай бақытсыздыққа ұшырап келгендігін біліп, шешесі қарсы алғандай көрінді. Тірі кезіндегі «қарағым Көркемтай» деген аянышты дауыстары Көркемтайдың құлағына естілгендей болды. Көркемтай құлағын қабірге таянқырап, не айтар екен деп тыңдай берді» [8, 249]. «Сентиментализмге тән көркем бейненің оңашада қалып қиялдануы, торығуы сияқты психологиялық күйлер шығармадағы ең басты жұлгеге айналады» [1, 17]. Мұнан шығатын жазушының негізгі мақсаты да оқырман сезіміне мейлінше әсер ету екендігі айқын.

Аталмыш әңгімеде әлем әдебиетіндегідей мезгілдік-мекендік нақтылық айқындалмайды. С. Дөнентаевтың негізгі мақсаты да кейіпкер тағдырына бірге егіле отырып, оқырманның жанашырлығын ояту. Қаламгер кейіпкердің тағдырын пессимистік ыңғайда, яғни Көркемтайдың шеше қабірі жанында көз жұмуымен аяқтайды. Ж. Жарылғаповтың сөзімен айтқанда: «Жаратылыс пен адамның үйлесім таппауынан келіп шығатын шексіз жалғыздық – жазушы концепциясы» [1, 20]. Жалпылай келгенде, «Көркемтай» – қазақ прозасындағы сентиментализм құбылысының барлық белгілері көрініс табатын классикалық шығарма.

Сентиментализмнің әдеби-эстетикалық комнонеттері романтизм белгілерімен ішінара араласа қолданылуы М. Әуезовтің «Қысқы түн», «Қысты күнгі дала» сияқты шығармаларында да кездеседі. «Сана түкпірінде жатқан туған елге деген сағыныш, азаттық аңсары сияқты сарындар М. Әуезовке романтизмнің поэтикалық құралдарын сентиментализмге тән көркемдік компоненттермен қатарласа қолдануына алып келді» [1, 22]. Аталмыш шығармалардағы табиғат суреттері, нақты айтқанда пейзаж адамның әр жағдайдағы эмоциясы мен сезімінің берілу мүмкіндіктерін тану үшін, рухани рефлексияларға жол ашу үшін қолданылды. Шығармалардағы ойнақ салған дауыл, үскірік жел, ақ түтек боран – қорқыныш пен үрейдің, жақындап қалған әлдебір жамандықтың, тіршілік үйлесімін жоқ ететін хаостың символдары. «Табиғат көріністерінің эмоционалдық қуаты ішкі «меннің» өзгеше жағдайын, автордың жүрек қалауынан туатын инстинкті ұмтылыстарды айғақтайды» [1, 23]. Бұл – сөз жоқ, сентименталистердің эстетикасына тән белгілер.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі сентиментализм әлемдік әдебиетпен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктерімен көрінді. Сентиментализмнің эстетикалық ұстанымдары С. Торайғыровтың романтизм ыңғайындағы шығармаларынан көрініс тапты. Сентименталистік иірімдер классикалық реализм үлгісінде жазылған шығармаларда автордың кейіпкерге деген субъективті көңіл-күйін білдіру үшін қолданылды. Бұған Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романын жатқызуға болады. Негізгі әдеби ағымдардың бірі болған сентиментализмнің белгілері қазақ прозасында айқын танылды, бұл ретте С. Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімесі айқын дәлел бола алады. Романтизм арнасында жазылған шығармаларда, атап айтқанда М. Әуезовтің әңгімелеріндегі пейзаждың кейіпкер ахуалын берудегі рөлі сентиментализм ұстанымдарына сай келді.

Қазақ прозасы қалыптаса бастаған кездегі туған шығармаларда әлемдік әдеби ағымдардың көрініс тапты. Оның ішінде сентиментализм ағымының

эстетикалық ұстанымдарының классикалық туындыларда орын тебуі аталмыш ағымның қазақ жазушыларына жат емес екендігіне дәлел болмақ.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Жарылғанов, Ж. Ж.** Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. Монография. – Қарағанды, 2009. – 398 б.

2 **Жанұзақова, Қ. Т.** Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы : Қыздар университеті, 2013.

3 **Адайханов, Ж. А.** Қазақ-орыс әдеби байланыстары. //«С. Аманжолов оқулары – 2005» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен, 2005.

4 **Торайғыров, С.** Екі томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы : Ғылым, 1993. – 200 б.

5 **Аймауытов, Ж.** Бес томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы : Ғылым, 1997. – 272 б.

6 **Майтанов, Б.** Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы : Санат, 1996. – 336 б.

7 **Ғалымов, Ә.** Бейшара қыз. /XX ғасыр басындағы қазақ ақындары. – Алматы : Ғылым, 1982. – Б. 84-86.

8 **Донентаев, С.** Шығармалар. – Алматы : ҚМКӘБ, 1957. – 464 б.

9 **Әуезов, М.** Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.2. – Алматы : Ғылым, 1998. – 432 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*К. Т. Жанұзақова, О. С. Алейдарова*

**Сентименталистические тенденции в казахской прозе начала XX века**

Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*K. T. Zhanuzakova, O. S. Aleidarova*

**Sentimentalism trends in Kazakh prose at the beginning of the XX century**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 01.02.17.

*В статье рассматривается цельность сентиментализма и литературное продвижение в Европе. Основная задача казахской литературной романтики и реалистичность произведения в национальном сентиментализме. Например: С. Торайғыров «Қамар сулу», Ж. Аймауытов «Ақбілек», А. Ғалымов «Алтынай», М. Әуезов «Зимняя ночь», С. Донентаев «Қоркентай».*

*The article has considered the integrity of sentimentalism and its development in the European literature. The main objective of the Kazakh literary romanticism and realism works is in national sentimentalism. Some of those works are «Qamar Sulu» by S. Toraihyrov, «Aqbilek» by Zh. Aimaityov, «Altynai» by A. Galymov, «The winter night» by M. Auezov and «Korkemtai» by S. Donentaev.*

**Қ. Т. Жанұзақова<sup>1</sup>, А. Жалғасбай<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., доцент; <sup>2</sup>магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: kuralay\_zhanuzak@mail.ru

**Қ. ТҮМЕНБАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ  
КӨРКЕМДІК СТИЛЬ МӘСЕЛЕСІ**

*Мақалада Қ. Түменбай прозасындағы әдеби-көркемдік стиль мен теориялық мәселелер, стильдік доминат, т.б. қарастырылады. Стиль ұғымы жазушының өзіне тән даралығы, ерекшелігі ретінде ғана айқындалмай, дүниетаныммен, шығарманың мазмұндық, формалық құрылымымен тығыз бірлікте пайымдалады. Мақалада әдеби стиль жазушыға тән жеке қолтаңба ретінде ғана емес, шығарманың барлық деңгейлерін: образдық формасын, тіпті интонациялық-синтаксистік және ырақтық құрылымын да қамтитын өзіндік ерекшелік ретінде қарастырылады. Сонымен қатар шығарма ауқымындағы стильді қалыптастыратын факторлар айқындалады. Осы ретте стиль көркем шығарманың эстетикалық тұтастығын көрсететін категория, әдеби шығарма мазмұнының барлық қырларының бірлігі ретінде зерделенеді. Стиль барлық формалық элементтердің ортақ көркемдік заңдылыққа бағынуын, ұйымдасуын қамтамасыз етеді. Мақалада стиль қаламгердің поэтикалық көркем тілінің табиғатымен тығыз байланысты ғана талданбай, сонымен қатар, көркем мәтіннің ырағын, композициялық ерекшеліктерін, образдар әлемінің қыр-сырын, психологиялық табиғатын, қақтығыс сипатын қарастыру арқылы да айқындалады.*

*Кілтті сөздер: көркемдік стиль, характер, диалог, кейіпкер сөздері, Қ. Түменбай прозасы.*

**КІРІСПЕ**

Әдебиетке, оның ішінде проза жанрына 1970-жылдардың соңында келген талантты топтың бір өкілі – Қ. Түменбай. 1955 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы, Ыбырай Жақаев атындағы ауылда дүниеге келген. Студент күнінде «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Қайың сапты кетпен» атты әңгімесі оны өз қатарларының арасында қаламгер прозашы ретінде танытса, ауыл тақырыбы, қара кетпен мен диқандық дәстүр, ел мен жер тағдыры оның шығармаларының алтын қазығына айналды. Тұңғыш

кітабының атауын да, сол әңгіме атауымен «Қайың сапты кетпен» деп қойды. Осы уақытқа дейін, өз шама-шарқынша «Қайың сапты кетпен» (1982 ж.), «Жүрдек поезды» (1987 ж.), «Каникулды күткен қыз» (1990 ж.), «Жігіттің көк төбесі» (1995 ж.), «Сатылған домбыра» (1998 ж.), «Қанаты күйген қызғыш құс» (1998 ж.), «Біздің үйдің солдаттары» (1987 ж.), «Тұңғық» (1988 ж.), «Жасыл жанып тұрғанда» (2001 ж.), «Қой мен қойшы» (2004 ж.), «Ер мен дар» (2005 ж.), «Ағаш ескерткіш» (2008 ж.), «Көз бояуы жоқ көріністер» (2008 ж.), «Қобыздың мұңы» (2008 ж.), «Көз» (1999 ж.) атты оннан аса жинақтардың авторы болыпты.

Оқырманын өзекті де өткір шығармаларымен қуантып, жазғанынан әлі жазары көп қаламгер прозасының көркемдік әлемін, дара шығармашылық стилін талдау – мақаланың басты мақсаты болмақ. Әдебиет теориясына иек артсақ, стиль көркемдік ойлау жүйесінің түрімен тығыз байланысты. Стиль – көркем шығармада өмір шындығын бейнелеу арқылы өзіне тән мәнер, өзіндік қолтаңбаны табу, объектіні терең тану, оның қасиеттерінің қыры мен сырын жетік білу. Стиль таланттан туады. Көп іздену, тынбай еңбек ету, айналанды бақылап, тану, деректерді салыстыру, шыдамдылық, детальдық дәлдік қарапайым бейнелеушіден стиль, дара қолтаңбаға табан тіретеді. Стиль – суреткерге тән жеке ерекшелік, өмірді бейнелі игеру тәсілі. Стиль бірден түзілмейді, жазу барысында біртіндеп бекиді де, жазушы тұлғаланғанда ғана қалыптасады. Көркемдік стиль ұғымының ажырамас белгісі – басқалардың стиліне ұқсамайтын даралық.

Әдебиеттанушы Д. Ысқақұлы стильге тоқтала келіп, «дұрысында стильді жазушы стилі мағынасында пайдаланған ләзім. Шығарманың стилі, ортақ стиль мағынасындағы қолданыстарын жалпының жекеге, жекенің жалпыға қатынастағы көрінісі деп ұққан ләзім» – дейді [1, 188].

Стиль қаламгердің поэтикалық көркем тілінің табиғатымен тығыз байланысты. Сонымен қатар стиль поэтикалық тілді ғана емес, көркем шығарманың басқа қырларын да қамтиды. Шығарманың стилі – оның тілдік ерекшеліктерін (лексикасын, синтаксистік құрылымын) талдауда ғана емес, сонымен қатар, көркем мәтіннің ырағын, композициялық ерекшеліктерін, образдар әлемінің қыр-сырын, психологиялық табиғатын, қақтығыс сипатын қарастыру арқылы да айқындалады. Әр жазушыға тән өзгеше стиль мен дүниетаным бірлігі бар. Суреткер шығармашылық даралығын айқындауда нақты бір жанр сипаты, тақырып, объект ортақтығы елеулі роль атқармақ. Суреткер айналасындағы нәрсені сол қалпында жалаң қабылдап қана қоймай, дүние тынысын мейлінше терең бейнелей отырып, оның жасырын жұмбақ сырына бойлап, мән-мағынасын ашады. Суреткердің шығармашылық әрекеті арқылы көркемдік әлемі түзіледі. Сондықтан белгілі бір деңгейде стиль дүниетаныммен де тығыз байланысты болады.

«Әр жазушының стиль ерекшелігін оның шығармасындағы көркем компоненттерін тану арқылы айқындаймыз. Әр жазушының өзіне ғана тән суреттеу стилі, сөз саптау мәнері бар. Ол сол жазушының барылқ шығармаларында көрініс беріп отырады. Осы суреттеу, көркемдеу тәсілдеріне қарай, біз өнер шеберлерінің суреткерлік даралығын танимыз. Олай болса, шығарманың көркемдік компоненттерін тану – жазушының стилін танытуға апарар бірден-бір жол деп білеміз» [2, 306 б.]. Қандай көркем шығарма болмасын негізінен белгілі көркемдік құралдар мен әдіс-тәсілдердің нәтижесінде дүниеге келетіні мәлім. Олар өзінше жүйе түзе келе, әр шығарманың өзіндік табиғатын аңғартады, қаламгер қолтаңбасының ерекшелігін байқатады. Жазушы кейіпкер бейнесін жан-жақты сомдау үшін, адам жанының сан алуан құбылыстарын терең бейнелеу үшін әр түрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді, көркемдегіш-бейнелегіш құралдарды суреткерлік шеберлікпен пайдаланып отырған.

Қаламгер қандай тақырыпты қозғамасын туындылары нәрлі идеясымен, тың тақырыбымен өз оқырманын баурап алады. Сол себепті жазушы шығармалары өзінің өзектілігімен, жаңаша сипатымен, қызық оқиға желісімен, тіл өрнегімен еш уақытта да мәнін жоймайды. Қаламгер үнемі кейіпкер бейнесін сомдай отырып, адам мінезінің астарын ашады, адам жанының небір жұмбақ сырларын тебірене жазады. Қаламгер шығармаларының ерекше тұсы да осы адам жанының тереңіне үңілуінде, кейіпкер характерін жан-жақты зерттеуінде.

Адамның болмыс бітімін, ішкі дүниесін терең тану, оны көркем пайымдау – күрделі құбылыс. Адам тағдырын ой таразысынан өткізіп, оған әдеби тұрғыдан көркем талдау жасау үшін жазушы адам жанының зертеушісі болуы тиіс.

Қуандық Түменбай адам жанының жай ғана зерттеушісі емес, дәрігері іспетті. Өзінің «Бейкүнә қулық», «Қояншық» әңгімелерінде меңдеген айықпас дертке шалдыққан жандардың бейнесін сомдайды. «Бейкүнә қулықта» аяқ астынан қояншық ауруына шалдығып, қалай болғанын өзі түсіне алмай жүген жанның бейнесін сомдайды. Әңгіме басы оның осы делсал күйін суреттеумен басталып, әрі қарай әр түрлі жағдайларға байланысты өрбіп, дамып отырады. Шығарманың басынан, соңына дейін Әлімбек кеселімен алысып өтеді. Қояншық жанның жер беті мен көрдің ортасында жүріп істеген бейкүнә қулығы нанымды суреттелген, аздап қиялға беріледі. Әлімбек елдегі ағайындардың тілек, ұсыныстарын әруақ кейпіне еніп әкімқараларға жеткізеді. Материалдық көмек сұрауға шамалары келмейтін елдің атынан шындықты шұқып тұрып көрсетіп, игіліктерге ден қоюға нұсқайды. Осындағы қояншықпен ауыратын жанның бейнесі шындықпен

көркем бейнеленген. «Сап-сау жүрген жігіт еді, күздің саржағал күнінде баспайының тырнағын алмаққа еңкейе бергенде төбесі шым етіп, қайшыны тастай сап, тезірек жатын орныма үлгерсем деп асықты. Сөйтіп жүріп, керуегттің қырына маңдайын ұрды. Көзінің асты көгерді» [3, 8 б.]. Алғаш осылай бастау алған кесел, бара-бара екі күн сайын қайталап, ақырында бір күні көрге түнеп шығуына да себепші болды. Шығарманы оқып отырғанда нағыз маманданған дәрігер іспетті қояншықтың ұстап қалуының себептері мен одан айығу жолдарында қарастырады. Авторлық баяндау арқылы нәзік қана, сыбырлап қояншықтың ұстап қалу себептерін жазса, жарының көзқарасы арқылы одан айығудың жолдарына тоқталады. Автор ішіндегі көп сұраққа жауапты кейіпкер тілімен қойғызып, сол арқылы жауабын тапқандай болады. Ел көкейіндегі сұрақты кейіпкер тілімен жеткізуі, қолынан келгенінше еліне көмек берді. Жазушының рухани-мәдени көмек. Әлімбек о дүниелік болғаннан кейінгі ел сөзіне құлақ түрсек, оның адамдық келбетінің бір қыры көрініс алады.

– Өткір жігіт еді, – деді.

– Кері сиегін қылықтары да көп еді. Көрдік қой, – деді он жыл отырып келген Жұмақан.

– Тәйт, әруаққа тіл тигізбе!

– Ішіндегі қынжылы бірге кетті, – деп Абызбай айтқанынан қайтпады». Міне, осы жолдардағы әр ауыл адамының аузынан сөз арқылы, шындыққа тура қарайтын, өткір жүзді, тік мінезді Әлімбек бейнесі елестейді.

Қояншық ауыруының қыр сырына «Қояншық» әңгімесі арқылы да қанығамыз. Онда да кеселмен алысқан жанның жан жарасы мен қиналысы суреттеледі. Бірақ ел әңгімедегі ең қиыны жан жары мен туған баласы оның қояншық екенін естігенде, бұдан бас тартып, тілдей қағазға жазып үйден кетіп қалады. Ең жаманы да осы. Тәнің ауырғанда жаныңа демеу берер жанашыр жанның жоқтығы.

Ал, көркем әдебиет өмірдің қыр-сырын көркем сөз арқылы бейнелейтін өнердің бір түрі болғандықтан, характер ашуда диалогтың кеңінен қолданылуы да табиғи құбылыс деп тұжырымдауға болады. Көркем шығармадағы кейіпкер сырына қанықтыратын, характер табиғатын, қаһарман бойындағы моральдық-этикалық сапаларды ашуға мүмкіндік беретін маңызды көркемдік құралдың бірі – диалог. Көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашуда, кейіпкердің характерін, сана-сезімін, түйсік-түсініктерін жеткізуде диалог үлесі айрықша.

Диалогтан жазушы талғамы да көрінеді. Жазушының кейіпкер аузына салатын сөзі шығарманың өне бойында өсіп, жетіліп, кемелденіп отыратын образ табиғатынан тууы тиіс. Диалог – адам характерін ашатын көркемдік құралдардың бірі. Шығарма бойында кейіпкер сөздері көркемдік-



эстетикалық талаптарға толығымен жауап беруі қажет. Кейіпкер сөзі оны тереңірек танытады. Өйткені, одан уақыт тынысын, әлеуметтік орта жағдайын аңғарамыз. Уақыттан әлеуметтік өмірден тыс кейіпкер жоқ.

Достаточно серьезной проблемой при переводе научно-технических текстов, является проблема безэквивалентности терминов. В данном случае, переводчиком подбирается наиболее подходящий по смыслу термин из переводимого документа. К числу проблем относится и трудность точного, дословного перевода, что абсолютно невозможно сделать, так как разные языки имеют разный грамматический строй и разное количество слов для описания одного и того же события или явления.

В настоящее время неотъемлемой частью английского языка является профессиональный сленг, употребляемый ограниченным кругом людей. Приведём несколько терминов, пришедших в вычислительную технику из профессионального сленга: bug – ошибка (в программе или устройстве (в разговорном языке – клоп, насекомое, жук; вирус, вирусное заболевание); grass – шумовая дорожка на экране индикатора (в разговорном языке: трава, дерн, газон и др.); dump – распечатка содержимого памяти и файла, обычно

без учёта внутренней структуры данных (в разговорном языке: свалка, груды хлама, мусорная куча; отвал). Как мы видим, слова и термины, в зависимости от контекста имеют различные значения и это особенно часто встречается в текстах технического направления. Рассмотрим примеры, где самые простые слова приобретают совсем другие значения: goose – утюг, leg – катет, fly – маховик, skirt – полый цилиндр. Значение некоторых слов определяет область техники, в которой это слово используется, например, слово vehicle имеет большое количество значений:

Транспорт – машина, автомобиль, автотранспортное средство, транспортное средство, экипаж, средство передвижения, повозка, тележка, перевозить, транспортировать самоходное транспортное средство, автобус, вагон

Химия – растворитель краски, технологическая жидкость

Физика – проводник (звука, света), среда

Медицина – переносчик, посредник, средство, среда, носитель, наполнитель

Так как перевод – это передача содержание оригинала, нужно постараться проанализировать и понять текст, используя собственное профессиональное переводческое знание.

Существует группа терминов, получивших название «ложные друзья переводчика» Они близки по написанию и звучанию, но расходятся по значению и употреблению, что приводит к искажению смысла переводимого текста (например, data данные, instance экземпляр, simulation моделирование). В то же время существуют в текстах и такие сочетания, как dead file (потерянный файл, т.е. файл, на который нет ссылок, но который продолжает занимать пространство на диске).

Подводя итог, мы можем констатировать, что технические тексты имеют целый ряд особенностей. Наиболее типичным лексическим признаком научно-технической литературы является наличие определённых лексических конструкций, логичность построения предложений, смысловая точность, информативная насыщенность, объективность при изложении материала, широкое употребление терминологической лексики, наличие особых грамматических структур. Один и тот же термин применим в различных областях науки и техники, но перевод его зависит от области применения.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Бархударов, Р. С. Роль перевода как средства развития устной и письменной речи в вузе. – Тетради переводчика. - М., 1966.

2 **Комиссаров, В. Н.** Теоретические основы методики обучения переводу. – М. : Рема, 1997.

3 **Михайлова, В. И.** Сопоставительный анализ переводов как один из способов обучения переводу. – М., 1992.

4 **Вербицкая, М. И., Беляева, Т. М., Быстрицкая, Е. С.** Устный перевод. Английский язык. 1 курс. М. : «Глосса Пресс», 2009.

5 **Казакова, Т. А.** Translation Technics. – СПб., 2008.

6 Англо-русский толковый словарь компьютерных терминов. – СПб. : Наука и техника, 2006.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*T. S. Izjumova, Sh. A. Kakzhanova*

**АС текстерінде ағылшын тілі терминологиясын аудару және оны екі тілдегі жағдайда құрастыру кейбір ерекшеліктері**

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ.  
Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*T. S. Izjumova, Sh. A. Kakzhanova*

**Some peculiarities of the English language IS texts terminology and their comparison in two languages**

Karaganda State Technical University, Karaganda.  
Material received on 01.02.17.

*Мақалада АС текстеріндегі (Ақпарат Системасы) ағылшын терминологиясының аудару ерекшеліктері қарастырылады.*

*The article deals with some peculiarities of the English language Information Systems texts terminology.*

УДК 821.161.1

**О. А. Иост**

к.ф.н., доцент, профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

e-mail: olga\_jost@mail.ru

## **К ВОПРОСУ О ЛИТЕРАТУРНОМ АСПЕКТЕ ЕВРАЗИЙСТВА: ДУХОВНЫЕ ИСТОКИ ДРЕВНЕРУССКОЙ СЛОВЕСНОСТИ**

*В настоящей статье предметом исследования выступает литературный аспект важнейшего философского, идеологического, цивилизационного феномена современности, истоки которого находятся в древнерусской словесности, имеющей высокий духовный смысл, детерминированный метафизической интенцией Святой Руси.*

*Ключевые слова: евразийство, литературный аспект, древнерусская словесность, духовность, Восток, Запад.*

### ВВЕДЕНИЕ

Рассматривая проблему евразийства как важного философского, идеологического, цивилизационного феномена современности (общая характеристика которого в ретро- и перспективном развитии в самом общем виде представлена нами ранее [1]), следует детально остановиться на литературном его аспекте, предельно актуальном для современного казахстанского литературоведения. Подтверждением чему является разнообразие нынешних подходов в рамках данной научной проблемы, в числе которых: русско-казахские и казахско-зарубежные литературные отношения в контексте евразийства (С. В. Ананьева, Ф. А. Гайнуллина, Т. В. Кривошапова, М. Е. Жапанова, А. К. Машакова); евразийское содержание русской литературы (А. В. Иванов, О. А. Иост, Т. М. Кангужина, Р. М. Мусабекова, Т. Л. Флоровская, Н. К. Сарсекеева); евразийское начало в казахской литературе (Н. У. Исина, А. К. Машакова, С. А. Камаева, Г. О. Муратова, К. Р. Нургали, Р. А. Мейрамова, Ж. Ж. Толысбаева, С. Д. Абишева, Ж. К. Нурманова); русскоязычная литература азиатских стран (Т. В. Кривошапова, А. И. Смирнова, А. К. Ишанова, О. Коксегенова, А. К. Машакова, Н. В. Курпякова). Обозначенные разделы указанной научной проблемы во многом определены Ш. Р. Елеукуновым, который, выступив два десятилетия назад в качестве редактора сборника научных статей, ставшего

первой «евразийской» ласточкой казахстанского литературоведения и получившего столь знаменательное название, внес весомый вклад в постановку проблемы евразийства вообще и литературного его аспекта в частности [2], заложив традицию «евразийского литературоведения» как одного из значимых современных направлений казахстанской филологической науки.

Идеология евразийства мощно представлена именно в русской литературе, которая во многом подготовила оформление евразийства сначала в самостоятельное течение философской мысли (с появлением самого термина в первой трети XX века), затем – в сложное научное явление с многочисленными компонентами, задавшими направление развития определенных наук, и наконец, в вектор государственной политики современности. Данная статья является продолжением нашего исследования евразийского аспекта русской словесности. Ранее объектом анализа был метафизический смысл евразийства, напрямую сопрягаемый с так называемой «русской идеей» [3]; евразийское наполнение русской словесности конца XIX – первой трети XX в. [4], выступившей одним из источников окончательного оформления евразийства как значимого явления русского самосознания.

#### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Литературные истоки евразийства на самом деле уходят вглубь веков. Евразийские по сути (без данного терминологического обозначения) идеи находят свое отражение в русской словесности на протяжении всего ее развития, начиная с древнего периода, и по сей день. Обратимся к евразийскому содержанию древнерусской литературы, которую, по авторитетному утверждению, «можно рассматривать как литературу одной темы и одного сюжета. Этот сюжет – мировая история, и эта тема – смысл человеческой жизни» [5, с. 18]. Древнерусская словесность отражает поиски смысла не только индивидуального, но и соборного народного бытия. Истоки евразийства – в Святой Руси, которая, приняв в X веке православие, осознала свою миссию как необходимость несения миру добра, справедливости, лада и согласия. Отвращение от европейских стран, исповедующих западное христианство, предавшее, по мнению православных, истинную веру, ведет Россию на азиатский Восток, где издавна существовала иная христианская ветвь – несторианство. Современный исследователь истории Центральной Азии пишет: «Возвышение несториан в этом краю дошло до того, что они стояли на пороге создания охватывающей всю Азию «христианской империи третьего типа», отличающейся как от православных держав – Византии и Руси, так и от римско-католических государств Запада»

[6, с. 17-18]. Для многих наших современников данный исторический факт зачастую ошеломителен (приведем примечательный в этом плане текст с двойной цитацией уважаемых авторов: «Знакомство со страницами прошлого порой ошеломляет даже людей весьма знающих и эрудированных. Так, М. Барманкулов изумленно восклицает: «Оказывается, еще в IV-VI веках в центральноазиатском Семиречье христианство было развито настолько сильно, что христианские молитвы переводились на тюркский язык. А ведь это за пять веков раньше, чем пришло на Русь Православие!.. Каким же считать религиозное наследие казахов – мусульманским или христианским? По вере отцов – мусульманским? Или по вере отцов этих отцов – христианским?») И на основании открывшихся ему фактов казахский ученый делает точный вывод: «Религия не принадлежность одной нации, она выше национальностей и рас... Религия не разъединяет народы и расы, а объединяет их» [6, с. 17]). Для средневекового русского человека факт несторианства в Центральной Азии – это данность, которая логично вела его к желанию по-братски поделиться постигнутой истиной с этносами, шедших к ней, но свернувших с пути, поделиться – с надеждой на отклик любви, веры, добра. Именно поэтому интерес древнерусского человека, совмещающего в себе на генетическом уровне европейские (славянские) и азиатские (туранские) начала, при ощущении западного предательства направлен на Восток.

Древнерусская словесность, если говорить о ней как о едином этапе развития литературы русского этноса, ставшего народом лишь после принятия православия, отличается крайне интенсивным обращением к теме азиатского Востока, которое, отражая различные периоды данного этапа, имеет свою специфику. Так, один из первых древнерусских летописных текстов, «Повесть временных лет», отвечающая на вопрос, «откуда есть пошла Руская земля, кто в Киеве нача первее княжити, и откуда Руская земля стала есть» [7, с. 28], содержит многочисленный материал об исторических, идеологических и метафизических составляющих диалога русского народа и этносов Великой степи, который затем дополняется произведениями иных различных жанров. Не представляя анализ конкретных текстов в силу ограниченности объема статьи, укажем лишь основные примеры литературного отражения восточного компонента.

Ключевым в этом плане является «Слово о полку Игореве», комментарий которого в интересующей нас плоскости представил в своей блестящей, соединяющей научный подход и публицистическое мастерство, книге «АЗ и Я» казахстанский поэт О. О. Сулейменов [8]. Кстати, данный пример иллюстрирует еще один важный момент литературного аспекта евразийства, когда сам во всех смыслах понятия евразийский поэт,

превращаясь в литературоведа, анализирует проблемы тюркско-славянских связей различного характера (лингвистические, этнологические, ментальные и т.п.) и поднимает проблему на предельно значимую высоту.

Определенного пика евразийский элемент содержания древнерусской литературы достигает в другой, сложнейший, период взаимоотношения с уже несколько иным Востоком – период монголо-татарского нашествия, который ныне кардинально противоположно характеризуется историками. Именно в русской словесности XIII-XV веков восточный материал выступает в качестве основы содержания, что закономерно детерминировано главными историческими событиями защиты русской земли от иноземного азиатского нашествия. Значимость чего подчеркивается и тем, что процесс столкновения двух цивилизаций отразили практически все существующие на то время словесные жанры. В первую очередь, воинские повести («Повесть о битве на Калке», «Повесть о разорении Рязани Батыем», «Повесть о Шевкале», «Задонщина», «Повесть о нашествии Тохтамыша на Москву», «Повесть о Темир-Аксаке»); далее – летописные повествования Твери, Пскова, Москвы (об осаде и гибели русских городов, летописные повести о Куликовской битве, «Сказание о Мамаевом побоище»); агиография (жития Александра Невского, Михаила Черниговского, Сергия Радонежского); произведения похвального красноречия и панегирики («Слово о погибели Русской земли», «слова» и «поучения» Серапиона Владимирского, «Слово о житии и о преставлении великого князя Дмитрия Ивановича, царя русского») и др.

Не менее важен и метафизический смысл произведений, несущих евразийский материал, напрямую связанный с «русской идеей», в развитии которой именно в этот период древнерусская литература доходит до определенного пика. Главное общее содержание всех указанных текстов (в последовательности их создания в процессе развития отношений с монголо-татарами) состоит в том, что нашествие воспринимается русскими как кара небесная за их отступление от веры; «поганые (т. е. некрещеные в христианстве) татары», безбожные враги (общим местом становится в текстах постоянный эпитет «безбожный царь Батый») побеждаются русскими лишь при условии восстановления в них полноценного человеческого облика как образа и подобия Божьего, исполнения христианских заповедей на личном уровне, усиления благочестия русского народа в целом. Сугубо осознано русским народом: победа возможна только при условии личной ответственности как простых людей (каждый из которых соборно составляет всенародную духовную общность), так и стоящих во главе князей – ответственности перед собой, близкими, родиной и Творцом. Посланное русскому народу свыше испытание требовало исправления собственной жизни, что и произошло в процессе вражеского нашествия. Русский

народ укрепился в своей православной вере, понимая, что единственное спасение – в обращении к Богу, Богородице и святым заступникам. Закономерно потому подчеркиваются в текстах, посвященных Куликовской битве, которая ознаменовала победу русских, метафизические моменты, свидетельствующие о духовной зрелости русского народа, и как следствие этого – помощь Провидения. Так, например, перед началом битвы войско под руководством князя Дмитрия Ивановича получило благословение величайшего православного святого праведного Сергия Радонежского. Или акцентируется, что «в день субботний, на Рождество святой Богородицы посекали христиане поганые полки на поле Куликовом» («Задонщина») [7, с. 391]; что помощниками Дмитрию Донскому в ратном деле выступили защитники земли русской, князья, святые Борис и Глеб, Александр Невский, которые помогают своим потомкам отстоять родную землю и веру православную. Данные два понятия нераздельны для древнерусского человека. Как видим, духовное наполнение евразийского материала принципиально для словесности Святой Руси.

Важным с данной точки зрения является текст второй половины XV столетия, созданный уже после нашествия – «Повесть о Петре Ордынском», также служащий подтверждением прямой генетической связи «русской идеи» и евразийства. Главный персонаж «Повести» татарский царевич Петр, услышав в Орде проповедь архиепископа, крестился в православие, приехал в Ростов, получил от явившихся ему во сне апостолов золото на построение храма, что и исполнил. Прожив долгую благочестивую жизнь истинного христианина, Петр умирает на русской земле, ставшей ему родной. Произведение дает вариант реализации «русской идеи», в котором принявший свет православия представитель азиатского этноса являет пример должного исповедания христианской веры.

Важно, что евразийский элемент представлен не только в оригинальных произведениях древнерусской литературы, но и в переводах. Опять, как и в теме иноземного нашествия, обращение к Востоку – теперь южно-азиатскому – имеет как историческую, материальную, земную обусловленность, так и духовное метафизическое значение. Например, два наиболее известных активно бытующих в русской литературе XIV века переводных текста, безусловно удовлетворяя этнографический интерес читателя, который знакомился с экзотическим восточным бытом, имели и иной, более важный, смысл. «Сказание об Индийском царстве» как произведение о рае земном и «Слово о 12 снах царя Шахайши» с его эсхатологическими картинками и апокалипсическими настроениями представляют иллюстрации проблемы смысла человеческой жизни, ее внешнего и внутреннего устройства в свете ее конца. Принципиальная для всякого христианина мысль о памяти смертной,



сквозь которую преломляется земная жизнь, закономерно отразилась в бытовании указанных переводных текстов. Евразийский материал в очередной раз помогает проявлению высокого метафизического содержания.

Принципиально важно, что данная традиция продолжается в последующей древнерусской литературе, несмотря на факт ее постепенного обмирщения. Ключевым в этом смысле выступает «Хождение за три моря Афанасия Никитина», которое является своеобразным произведением не только в жанровом отношении, но и с позиции бытования евразийского материала. Действительно, жанр хождения как описания паломничества к святым местам с его духовными целями и смыслами размывается (тверской купец отправляется в Индию с торговыми коммерческими целями), но, тем не менее, сохраняет жанровое зерно. Текст не только содержит крайне интересную (в том числе и для современного читателя) информацию о социально-бытовой жизни и непосредственное красочное описание восточных стран, в которых волею судеб оказался Афанасий, но и главным образом – специфики природы, быта, нравов, отношений различных этносов и каст, вероисповедания средневековой Индии. Основным во всем этом калейдоскопе все-таки выступает внутреннее состояние самого автора, который всеми силами пытается сохранить свою национальную и личностную самоидентичность, базис которой для него составляет религиозная православная вера. Афанасий Никитин до последней возможности пытается вести исчисление времени по православному календарю, но вынужден перейти на «бесерменский» (мусульманский), в великой печали сердца восклицая: «О благоверныя христиане! Иже кто по многим землям много плавает, в многыя грехи впадает и веры ся да лишает христианские» [9, с. 23]. Тем не менее, «рабище Божие Афонасие» сохраняет главное для христианина – упование на волю Божью, смирение и терпение. Как видим, духовный смысл одного из основных – в плане евразийского материала – произведений древнерусской литературы действительно основополагающий.

Присутствие евразийского компонента в древнерусской литературе следующих веков продолжается, что связано с политикой создания и укрепления единого централизованного государства, в состав которого входят новые восточные земли. Если говорить о XVI столетии, то одним из наиболее важных в этом плане текстов является «Казанская история». В XVII веке наблюдается активизация евразийского материала за счет присоединения Сибири. При общем усилении обмирщения русской литературы произведения сибирской литературы с их мощным евразийским компонентом продолжают иметь духовное содержание. В этом плане особенно показателен Синодик казакам Ермака, которые пришли в Сибирь

со «щитом истинныя веры», неся православие на Восток; и Есиповская летопись, повествующая об истории Сибири, главными персонажами-антиподами которой являются язычник Кучум и Ермак, несущий веру во единого Бога. Один из последних текстов древнерусской литературы с евразийским компонентом опять сопряжен с «русской идеей» и, содержа историю распространения православия на новые восточные земли, вновь несет высокий духовный заряд любви, добра, верности, справедливости.

## ВЫВОДЫ

Изучение литературного аспекта евразийства подтверждает, что истоки этого значимого для русского исторического самосознания явления, ставшего затем важным для национального самосознания многих иных этносов и превратившегося в предельно актуальное цивилизационное явление современности, находятся в древнерусской словесности, многочисленные произведения которой несут евразийское по сути (без терминологического обозначения) содержание, основой которого является мощная ориентация на Восток, связанная с несением истины, добра, веры, любви. Соответственно для текстов с евразийским компонентом, как и для всей древнерусской словесности, закономерен высокий духовный заряд, детерминированный метафизической интенцией Святой Руси. Духовные истоки древнерусской словесности и истоки евразийства – едины.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Философия, идеология, цивилизация евразийства: история, современность, перспективы // Философские вопросы естественных, технических и гуманитарных наук: сборник статей Международной научной конференции: в 5 т./ Под ред. Е. В. Дегтярева, Д. А. Теплых. – Магнитогорск, 2009. – Вып. 4. – Т. 4. – С. 3-8.

2 **Елеуменов, Ш. Р.** Евразийский талисман. О литературных истоках движения / Ш. Р. Елеуменов // Евразийский талисман. – Алматы, 1996. – С. 7-45.

3 **Иост, О. А.** Русская идея в евразийстве (на материале литературы: Пушкин, Тютчев, Блок) // Мир Евразии: история, современность, перспектива. – Астана, 2006. – С. 365-369; Евразийство и «русская идея» // Филология: вчера, сегодня, завтра. Сб. научных трудов памяти Е. А. Седельникова. – Павлодар, 2008. – С. 448-454; Проблема «всеславянства» в русской классической литературе и «евразийство» // Славянские языки и культуры в современном мире: Международный научный симпозиум (Москва, МГУ им. М. В. Ломоносова, филологический факультет). Труды и материалы. – М. : МАКС Пресс, 2009. – С. 387-388; «Русская идея» и

«евразийство»: генезис, идеология, метафизика // Русский язык как язык межкультурного и делового сотрудничества в полилингвальном контексте Евразии: Материалы II-го международного конгресса. – Астана, ИД «Сарыарка», 2009. – С. 694-700; Метафизический смысл «русской идеи»: от Святой Руси до евразийства// Русская словесность в поисках национальной идеи. Материалы II Международного научного симпозиума. – М.: Изд-во РАГС, 2010. – С. 22-29.

4 **Иост, О. А.** Образ «скифов» в русской поэзии рубежа XIX-XX веков (к проблеме литературных истоков евразийства)// Времена и духовность. Сборник в честь 70-летия академика НАН РК С. А. Каскабасова. – А. : Арда, 2010. – С. 148-156; Евразийский компонент в стихотворении А. Блока «Скифы»// Мир языка: сб. научных статей. – Павлодар-Кемерово-Витебск: Кереку, 2012. Вып. 1. – С. 194-201; Евразийство в русской литературе// Казахстан и евразийская идея в новом мире: Сборник материалов международного научного форума/ Под ред. А. В. Сидоровича и Е. Б. Сыдыкова. В 2 т. – Т.2. – Астана, 2012. – С. 261-268; «Панмонголизм» В. С. Соловьева: к проблеме евразийства в русской литературе// Вестник ПГУ. Филологическая серия. Научный журнал Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова. 2012. – № 3-4. – С. 76-81; «Панмонголизм» В. С. Соловьева и «Скифы» А. Блока с позиций евразийства и имагологии// Вестник ПГУ. Филологическая серия. Научный журнал Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова. 2012. – № 3-4. – С. 82-87; Павел Васильев в контексте евразийства и «русской идеи»// Творчество Павла Васильева в XXI веке: проблемы и перспективы исследования. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 105-летию со дня рождения П. Васильева. – Павлодар : ПГПИ, 2014. – С. 70-77.

5 **Лихачев, Д. С.** Великое наследие. Классические произведения литературы древней Руси// Лихачев Д. С. Избранные работы в 3-х т. – Л. : Художественная литература, 1987. – Т. 1.

6 Митрополит Ташкентский и Среднеазиатский Владимир (Иким). По стопам апостола Фомы. Христианство в Центральной Азии. – М. : М-Сканрус, 2011.

7 «Изборник» (Сборник произведений литературы Древней Руси). Серия БВЛ. – М. : Художественная литература, 1969.

8 **Сулейменов, Олжас.** Эссе. Публицистика. Стихи. Поэмы. АЗ и Я. – Алма-Ата : Жалын, 1989. – С. 399-517.

9 Хождение за три моря Афанасия Никитина. – М.-Л. : Изд. АН СССР, 1958.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*О. А. Иост*

**Әдеби аспектісінің еуразиялық сұрағы бойынша: дүниетанымның сөзінің рухани көздері**

С. Торайгыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*O. A. Iost*

**The question of literary aspect of eurasianism: spiritual origins of old Russian literature**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 01.02.17.

*Бұл мақалада зерттеу пәні болып әдеби аспекті маңызды философиялық, идеологиялық, қазіргі кездегі өркениет феномені, дүниетанымның рухани көздері қарастырылады, бұлар биік рухани мәнінің, Қасиетті Русь нақтылығын метафизикалық бағытын ниетімен білдіреді.*

*The literary aspect of the most important philosophical, ideological, civilizational phenomenon of modernity originated from old Russian literature, which has a high spiritual meaning determined by metaphysical intention of Holy Russia is studied in this article.*

**Д. А. Ислам<sup>1</sup>, С. Б. Ержанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> ф.ғ.к., қауымд. профессор (доцент), Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.; <sup>2</sup> ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.  
e-mail: <sup>1</sup>dosbol-75@mail.ru; <sup>2</sup>esb72@mail.ru

**ЖАЗУШЫ Н. ДӘУТАЙҰЛЫ ӘҢГІМЕСİNДЕГІ СУРЕТКЕРЛІК ШЕШІМ**

*Н. Дәутайұлының «Айғыркісі» әңгімесінің атауы тосын. Мазмұнын таныс емес оқырманға бұл кісі есіміндегі не кісі есіміне баламаланғандай атау. Әңгімені оқи бастасаңыз бұл ойдан арыласыз. Жазушы Н. Дәутайұлының «Ақ күшік» хикаясындағы бедеу Қалдыбай, диірменші Павел, «Айғыркісі» әңгімесіндегі Есқұл қария, Бұлди бизнесмен, «Күдірет пен қасірет» туындысындағы бас кейіпкер Досмаганбет, айдаудағы Петр, жесір Қызбалтай, ару Ақтамақ тағдырлары дәуір шындығын суреттеудегі кейіпкерлер галарейсын құрайды. Бірінің тағдырына қатал уақыт себепкер, ал бірі өз тағдырын өзі жасаса, бірі өмір жолында шалыс басып түзелуге ұмтылып жатқаны. Сан қилы тағдыр тауқыметі арқылы жазушы оқырманына адамтануды, қоғамтануды, өміртануды үйретер ұстаздай әсер қалдырады. Ұлттық дүниетанымынан өрілетін суреткердің философиялық концепциясын өмір шындығында бейнелеуші характерлер шоғырына тән қасиет аталы сөзге тоқтау. «Батыр» әңгімесіндегі Батыр, «Айғыркісі» әңгімесіндегі Есқұл, «Күдірет пен қасірет» романындағы Досмаганбеттер сөзге тоқтау дәстүрін қиын заманда да бойынан жоғалтпаған.*

*Кілтті сөздер: Суреткерлік концепция, ұлттық мінез, психологиялық талдау, лирикалық шегініс, контраст, көркемдік тәсіл.*

**КІРІСПЕ**

Жазушы шығармасы арқылы не айта алды? Кейде суреткердің айтқысы келген ойлары деп, айтқаны емес, айтпағанын қазбалап жатамыз. Ондай тапқырлықтың кейбірі тұщымды, кейбірі болжал. Қазіргі әңгімелердің өресімен қандай ұлттық ойлар айтылды, өмір шындығын қалай жеткізді деген сауалдарға жауап тартсақ. Бұл жанрда өз биігінде көрініп жүрген М. Мағауин, Д. Исабеков, Қ. Жұмаділов, Ж. Шаштайұлы, А. Алтай,

Н. Дәутайұлы, М. Байғұт, Р. Отарбаев, А. Кемелбаева т.б. қаламгерлер бар. Қазақ ертегілері мен батырлар жырындағы тұлпарлардың адамша сөйлеуі жанр табиғатынан. Ал мұнда «Айғыркісі» сөйлемейді, бірақ іс-әрекеті сөйлемегеннен ерек және нанымды. Хош, сонымен «Айғыркісі» қандай образ. Шығарма бастауында-ақ Есқұл қария сөзінен жас қабірдің басында тұрған «Айғыркісінің» жылқы екендігін біле қоясыз. Адамға тән ес ақылдың, тіпті киеліліктің «Айғыркісіде» болуының сырын қалай қабылдайсыз. «Есік тарс еткенде тура маған қарай екі көзінен от шашып жылқының басы төніп келеді екен. Өмірімде дәл бұлай қорыққан емеспін. Баланың даусы шар етісімен жылқы езу тартқан сықылданды. Сөйтті, рас!» [1, 243]. Жазушы «Айғыркісінің» бұл әрекетін ақсақал сөзімен ұғындыра кетеді. «Кісінің киесін көрсеткен жоқ па? Бізден кетіп қалған кісілік киені құдай сол жануардың деніне салған шығар. Сөйтпесе, мына ісі қалай, а?!» [1, 243]. «Айғыркісінің» иесі Жалғас қорадан құлап жатқанда, оқыранып тұрып қақпаны тарпыған жануар тағы да Есқұл қартты таңданта түскен. Суреткер әңгіменің бастапқы жаңа жолдық ширегінде-ақ, мал баққан қазақ тіршілігін қыр суретімен сабақтастыра отырып, адамдық қасиет ұғымына қатысты ой тастап өтеді. Ол ойды Есқұл отағасының түз түнегендегі аспан жұлдыздарына қарап «...бірі самғап, бірі сарғайып, бірі сандалып сапырылысқан Құдайдың пенделерінің кез келгендерінің кеудесінде осындай бір төбесінде жарық сәулесі қалың қойнау болса ғой» [1, 245] толғауымен жеткізеді. Адам жанына терең бойлатып, өзді-өзіне бір сәт үңілдіріп, қоғам жайлы ойлана отырып күрсінуге жетелейтін толғақты түйін әңгіменің негізгі лейтмотиві. Есқұлдың адамгершілік жайында солай болса екен деген ішкі түйсігінен-ақ, адами болмысын аңғартқан суреткер баяндалатын оқиғаның да драмалық тереңдігінен хабар беріп отыр.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Әңгімедегі драмалық фабула осы Есқұл қарттың көрген, көңілге түйген өмір суреттерімен қабысып жатыр. Өмірде ардақтала бермейтін адамдық мұраттың кейіпкер санасына көшіріліп берілуі, осы кейіпкердің (Есқұлдың) автор концепциясына қызмет етуші негізгі тірек екендігінде. Авторлық концепция осы Есқұлдың өміртану, түйсіну, күрсінуге тіпті өкіну сезімдерімен бірлікте тұр. Демек, Есқұл жақсылық, адамдық ұғымдарының жаршысы. Шығарма бастауында жақсылық жаршысының пенделер жайлы жақсы ойлап күрең ойға малтуы бекер айтылмаған. Сондай-ақ, жақсылық ауылынан табиғаты қашық Бұлдидың ойларын Есқұл ойымен жарыстыра беруінде өзіндік тәсіл бар. Бұл жақсылық пен жамандықтың бітіспес күресі осы шығарманың да арқауы дегені. Бұлди бейнесі бүгінгі заманның адамдарына тән. Оның (Бұлдидың) іс-әрекеті, психологиясы қазіргі уақыттың барометрі.

Демек қасиет ұғымдарының бүгінгі қоғамда, адамдар санасында ұмытылуы жақсылық еместігін жазушы өмір шындығынан өріп, ескертіп тұр. «Есағам қойнауға биесімен бірге түнеп жүріп қиялиға айналып барады, болмаса мына алақандай кеудемізге қойнау түгілі, ішек қарнымыз зорға сыйып жүрген жоқ па демесін бе...» [1, 235]. Міне бүгінгі өмірдегі адамдардың бүкпесіз ойы. Мұны бүгінгі қазақ мойындауы керек. Кедейі бай, байы зор болсам деген кезең. Рух байлығынан материалдық байлықтың мейлінше жоғары өлшенген тұсы. Ішек-қарынның тоқтығын ғана ойлаушы бүгінгі өмір пенделеріне кие дейтін қасиет ұғымдарын түсіну, түйсіну қайда? Бүгінгі Бұлдилар кеуде көтерген ішек-қарынның жанына жақсылық сәулесінің де сыйа алатынына күмәнданбаса керек еді. Автор кереғар ұғымдарды параллель сипаттап тұрып-ақ оқырманын ойландырады, сәулесі өше қоймаған кеудені ойға қалдырады. Осындағы ішек-қарын атауы бекерге қолданылып тұрған жоқ. Ол ар, ұят, иманын жоғалтып алған бүгінгі пенденің өмір сүру философиясының басты атрибуты. Әңгімедегі өзгешелік те жақсы мен жаман арасындағы конфликттен басталуы. Есқұл бүгінгі ұрпақтың атасы. Ал, сол атамның бала кезінде бір қариядан «Әй, балам, дүниені білгің келе ме, дүниені білгің келсе, дүниенің кісі сенетіні көп, сенбейтіні аз» – дегенін естуін автордың баяндауы, идеялық мақсатты орындаушы кілт ретінде алғандығынан. Шығармада мал иесі Жалғас бүгінгі ұрпақ, Жалғастың әкесі – Бұлди бүгінгі аға буын, Есқұл ата буын өкілі болса, Есқұлға әлгі сөзді айтушы ата-бабаларымыз болып шығады. Автор ұрпақ сабақтастығын бекерден-бекер қамтымаған. Өмір шындығын бейнелеудегі кейіпкерлердің жас мөлшері авторлық концепцияны берудегі математикалық дәлдікті танытады. Кейіпкерлер жасының көрсеткішін анықтасақ Жалғас 18 жас-Бұлди 44 жас-Есқұл 65 жас болып шығады. Әңгіменің оқиғалық уақыты 1998-2000 жылдарға келетінін ескерсек, Бұлди кешегі советтік кезеңдегі атейстік қоғам тәрбиесінен шыққан бүгінгі пысықайдың нақ өзі. Есқұл қазіргі сиректеу кездесетін есті қариямыз. Демек, бүгінгі уақыттағы адамгершілік нормалардың құлдырауы кешегі советтік кезең мен капиталистік сана гармониясында жатқандығында. Атейстік сана ұлт болашағы үшін қаншалықты қауіпті болса, нарықтық сана үдерісінде де халыққа қатерлі үрдісі басым. Бірі зорлықпен жүзеге асырылса, екіншісі өздігінен қозғалысқа түскен. Жекеменшік саясат ар-ұят мәселесін бойына жұтып жіберетіні де мәлім. Есқұлға айтқан әлгі қарияның сөзіне әңгіменің мына тұсында да көз жеткіземіз. «Отағасы дағдарды: «Япыр-ай, бұл сонау Таластың қайсыбір түкпіріндегі қырғыз ауылынан қалай келді. Келсін-ақ, қашып, алайда мына жас қабір басында тұрысы... Жылқының... Жылқының да адам секілді аза тұтып... Нендей құдіреті бұл, жаратқан иенің...» [1, 236]. Жазушы ұлттық дүниетанымда қалыптасқан кие, қасиет сияқты асыл ұғымдарды Есқұл

ойымен адамдар жадына қайта салғандай. Былайғы жұрт мұндай құдіретке бас шұлғығанмен сене қоймайды. Сенгені «Көкте Құдай, жерде әулие, екі құдірет сендерді енді ұмытпаймыз, тобамызға келіп жүремізді кезек-кезек айтысып, ағыл-тегіл болған. Бірақ қайтесің, пенде пәтуасыз болып шықты» [1, 238]. Сонау Адам ата заманынан бастап пенде шіркіннің заты бүгінгі дәуірде де пендешілігінен арыла қойған жоқ. Бұл көп мойындаған шындық. Бұл шындықты жазушы тағы да сол көптің іс-әрекетінен шығарып, өз мінін өзіне көрсетіп тұр. Бұл Есқұлдың бала күнінде көзімен көрген, әулие дескен қарияның қаңсыған дүниеге жаңбыр жаудырған құдіретінен кейінгі пәтуасы еді. «Рахымшылығыңа жаным құрбан, жаратқан!» [1, 237] – дегенді айтқанда аузынан көк жалын ұшып, қалған қариялардың жүзінен қол басындай бұлт пайда болып, көкке көтерілгенді. О дүниелік болып, кете барған әлгі әулие қарияның ісіне жұрт таңырқасқан. Кісі сенбейтін істі Есқұл кейіпкеріміз бала күнінде осылай өзі көрген. Осы оқиғаның оқырманға нанымдылығын эпизодтық кейіпкердің «Құдай кейбіреуге өзіне қарай жақындай түсетін құдірет берген жоқ па, ел-жұрттың көз жасын жеткізіп тұратын» [1, 237] – сөздерімен бекіте түседі. Осы тұста айта кететін бір жәйт. Әулие қария жүріп кеткеннен кейінгі керемет деталі көкке ұшқан көк жалын, қол басындай бұлттар «Айғыркісі» денесінен де бұлдырықтай болып шығуы. Бұл әулие қария мен «Айғыркісі» арасындағы тылсым сабақтастықты көрсете ме? Жоқ әлде, әулиелік пен киеліліктің жаратушыдан берілетін қасиетінің жануарда да болатынының көрінісі ме? Қалай болғанда да бұл екі ұқсастық деталі авторлық концепцияны реалды жеткізуде орынды пайдаланылған. Автордың киелі ұғымын дәріптеуде, қасиеттің қанат қағуына оппозиция ретінде көрінетін басты кейіпкер Бұлди. Бұлди қай қоғамда да болған, әсіресе бүгінгі қоғамда өмір сүруші белсенділердің типажы. Сонымен қатар бүгінгі қоғамдық санада әрекет етуші түсінік, талғамның көрсеткіші. Егер бүгінгі сана-сезім Бұлди түсініктес болмаса әлеуметтік жағдайда да өзгешелік болар еді. Яки, жекеменшік байлыққа жету мақсатында адамгершілік түсініктер табанда қалмас болар. Бірақ бұл әңгімеде баяғы байлар мен Бұлдилар арасын тым жақындатуға болмас. Себебі, Бұлди бүгінгі заман көзімен қарасаңыз кәдімгі кәсіпкер, бизнесмен. Оны оқырман осы пысықтығымен-ақ ақтап, ұнатса болар. Оның бала күнінде-ақ қоян өсіріп, қойшыларға айырбастап қора ішінен өз меншігін иеленетін әрекетіне ырза бейілде болғың келсе де, әкесіндей таңданасың. Мұнда Бұлдидың бұл әрекетін нарық заманы көзімен бағаласаң, осы заманның өз баласындай қабылдай қоясың. Сөйтіп өскен Бұлдиға пысықтығы жер тесер жар кезігіп Бұлдекең атанғанына бүгінгі оқырман кәміл сенеді. Бұлдекең өз ақылымен іс көзін тауып бизнес жасап жатқан азамат қой дейтіндер де табылар. Осы уәж жөн-ау дейін десек, бизнес жолында адамдық қасиеттер жылап қалмады ма деген күмәннен арыла



қоймаймыз. Бұған кәсіпкер дүкеніндегі дәрілердің екі бағасына сатылуын алдыға тартсақ та жеткілікті. Автор оқырманды осындай дүдәмал ойларға қалдырмауды да ескерген. «Керек десеңіз ұлттық характерді көркемдік шарт ретінде алға ұстап, кейбір жазушылардың шығармашылық өресін проблемаға қатынасына қарай анықтауымыз қажет» [2, 295]. Бұлдидың ішкі ойын әке мен бала арасындағы сырдан-ақ жайып салады. «Сосын айтқаны, баяғы деген өткен-кеткен, сүйегі қурап қалған нәрсе. Қайта келмейді. Бүгінмен бол. Кімде дәулет бар, бүгін-соныкі. Дәулет сөйлейді, дәулет ұтады, дәулет озады. Дәулетің бар ма, ештеңені көктегі құдайдан да, жердегі адамнан да сұрамайсың. Түгел пішту!» [1, 249]. Міне кәсіпкер, бизнесмен дейсіз бе Бұлдиныңыздың жан дүниесіндегі байлықтың мөлшері осы. Бұл ой қазіргі заман адамының психологиясына айналғаны қашан. Бұлдиша ойлайтындар жетіп артыларлық. Бұлдилар қарапайым халық ішінде де, мемлекеттік қызмет ішінде де өріп жүр. Олар әр түрлі мамандық, кәсіп иелері де. Бұлдиша ойлау жүргізушіге де, заңгер, дәрігер, мұғалім, банкир тіпті сенаторға да тән. Бұлдилардың аты затына, заты атына сай. Бүгінгі заман психологиясын айнытпай танытатын Бұлдилық сана. Автор қазіргі дәуір психологиясын мейлінше дәл көрсетуде кейіпкердің болмыс бітімін нақты айқындаушы есіміне де көңіл бөлген. Бұлди-бұлғақтау, бұлғақтату. Бұлғақтау да, бұлғақтану да, бұлғақтату да қазіргі заман адамының мінезі. Бұлдилану бүгінгі өмір ағысы, аурасы. Дегенмен қазақ әлі ақылынан алжасқан жоқ. Бұлдилардан рухы биік Құдайдың құлдары әлі де бар. Ол әңгімедегі Есқұл. Бұлдидың әлгі философиясына қарсы дау айта алатын Есқұл қария. Есқұл құдайдан үміті бар жандардың жиынтық бейнесі. Есқұл есімі кейіпкер атына саналы түрде қойылған. Есқұл бірде кейіпкер, бірде автор. Есқұлдардың санасы Бұлдилар психологиясына қарсы тұратын бірден-бір рухани күшіміз. «...Баяғы деген ата-бабалар, ата-бабалардың кісілігі, түсінігі, қуаныш-шаттығы, азабы мен шері, жеңісі мен жеңілісі, аққан қаны мен төккен терінің ұлы көші емес пе? Соның барлығын мына жұрт өздері өңмендеп соңына түскен дәулет дейтін қолдың кірінің жолына құрбан ете сала ма. Бұлай етсе, қазақ несіне қазақ, қай жері халық?...» [1, 249]. Лирикалық пафоспен өрілген осы ойлар басшыға да, қосшыға да, жұртқа да қойылған риторикалық сұраулармен әдіптелген. Жауабы әрбір есті құлдың (Есқұлдың) санасын қозғап, кеудесіне жарық сәуленің қойнауын сыйдырып, жүрегіне сәуле түсірсе болғаны. Есқұл ойымен тізілген осы пікір адресі «мына жұрт» – деп елге арналуы бекер болмаса керек. Есқұл қарияның характері момын халықтың сабырлы, байсалды кейіпінен еш айнамайды. Автор Есқұл мінезінің өзгеріске түсуін мақсат етпеген. Есқұлдың мінезі әңгіме арқауынан танылатын ұлттық идеяларды сақтаушы, жеткізуші. Көркем мінез иесі сипатында. Тіпті ол «Айғыркісіні» 100 мың долларға сатпақшы немере інісіне

«киесі барды сатуға болмайды» – деуден аса алмағаны да осы мінез табиғатынан. Неге ол Бұлдидың жағасына жармасса да қарсылық көрсетпеді деп те дау айта алмаймыз. Жазушының бұлай еткені де нанымды. Себебі Айғыркісі Бұлдидың өз малы. Егер автор Есқұлды Бұлдимен осы жәйтке қатысты жағаластырса, Бұлди бұл менің өз жылқым дегенді айтар еді. Ол уәжі де жөн болмақ. Бірақ әңгіме финалында Есқұл қария осы жағдайды есінеалатыны бар. Бұл жазушының идеялық мақсатты орындаудағы көркемдік шешімі болса керек. Өткен заманда жұрты үшін жанын садақа етіп, өзін құрбандыққа шалған батыр атасының ерлігін есіне алған Есқұл «бүгін кім сөйте алады» – деп қамығады. Ондай ерлікке өзінің де бара алмағанын өзінен көруі керек екен. Есқұл санасындағы ой ағымы елдік сананың дүр сілкінуіне жеткізгендей. «...– Жақсы үміт-арманның иесі мен киесін сақтай алмаған жұрттың көретіні-ақыр заман!» Отағасы селк еткен» [1, 254]. Мына сөзге есті құлдың бәрі де селк етті-ау. Жеке бір адамдардың тағдырына үңіле отырып, қоғамның бет-пердесін ашып, ұлттық мәселелерді қозғаудың әдебиеттегі бір үлгісі осы әңгімедей болса керек. Есқұлдың құлағына бір дауыс келіпәлгі селт еткізер ойларды айтуы, елдің елдік мақсаты жолында өмірлері өткен ата-бабаларымыздың ұлы арманы емес пе? Елдің ұлы арманынардақтаған кейіпкер-автордың ішкі дауысы, әрбір есті құлдың (Есқұл) ішкі ойы да осы. Әңгімедегі томаға тұйық мінезді кейіпкер Жалғас. Жалғас мінезі, болмысы жағынан Есқұл табиғатына жақын. Ол дүниеге келгенде есімін осы Есқұл қойғанды. Есқұл кейіпкер мен автор бірлігі тұрғысынан келсек, Жалғас-кейіпкер есімінде де суреткерлік концепцияны аңғарамыз. Жалғастың Есқұл қариямен рухани түсіністікте жүруі осыны аңдатады. Сондай-ақ, Есқұл, Жалғас кейде авторға, автор кейде Есқұл, Жалғас болмысына сіңіп кетеді. Сонда Есқұл, Жалғас, автор бірлігінен суреткер концепциясының кейіпкер характері арқылы бейнелену шеберлігі танылады. Ал Бұлди характері бүгінгі қоғам мінезі. Халық Бұлдидың характері, іс-әрекеті арқылы өз мінін өзі көреді, өзінен-өзі ұялады. Өз бейнесінен кемшілік көрген халық дүниеге көзқарасын өзгертіп, рухани түлеуге бет бұрып жатса жазушы концепциясының мәреге жеткені. Бұлди характері халықтың бір мерезді мінезінің сипатын аша түскен, постмодернді образ. Әңгімедегі философиялық түйіннің бір қыры Жалғас характерінен туындап жатады. Есқұл мен Жалғастың диалогынан-ақ Жалғастың азаматтық позициясы таныла түседі. Бір диалогтан-ақ Жалғастың ол арманы, жанының ізгілігі төгіліп тұр. Қарапайым ауыл баласы Есқұлдай көкірегі қазынаға толы қарияның жанында тұрып ұлттық тәлім-тәрбиені бойына жұқтырған. Есқұлдың осы баланың атын Жалғас қоюы авторлық мақсаттан туындаған. Суреткер Есқұлдай есті қазақтың бүгінгі ізбасар ұрпағы Жалғасты ата жолымен рухани түлете алған. Ата салтымыз, ұлттық дәстүріміз, дініміз,



діліміз, өрнегіміз Жалғастай ұрпақ бойына сіңіп жалғасын тапса, үміт үзілмесе деген мұрат бар. Ұлттық құлдылықтарымыз «Кие» ұғымы «Айғыркісі» бейнесіне жинақталған. «Айғыркісінің» иесі Жалғас бүгінгі ұрпақ өкілі. Сол «Айғыркісінің» құныққан құлқымыз сатып жіберді. Авторлық мақсатқа орай «Айғыркісінің» іздеп шыққан Жалғас та мерттікті. Осы шешіммен автор оқушысын ойға жетелейді. Есқұл ұлықтаған ұлттық қасиет, дарыған кие жалғасын табар ма деп ой мүжисіз, мүжілесіз. Суреткер сананы сан сұрақтармен сүзіп өтеді. Әңгіменің кульминациясындағы ғайыптан жеткен дауысты ой құлағымен тыңдай алсаңыз «Айғыркісінің» образданатыны адамға тән іс-әрекетпен шешімге иелік ететінін «Кие» ұғымы «Айғыркісі» бейнесінен заттандырыла түсетінін автор Жалғас ертегісімен де нақтылайды. Мифологиялық ойлау бертін келе көркемдік ойлауға ойысқанындай ұлттық дүниетаным сенімі мифтік сананы қайта жаратып отыр. Бұл ертегі Жалғас-автор қиялынан туып «Айғыркісі» образын мейлінше терең деректендірген. «Айғыркісіге» тән адамдық ақыл, саналы түйсік Жаратушыдан берілгеніне Жалғас ертегісінен кейін кәміл сенесіз. Суреткер «Кие»ұғымын шынайы өмір бояуында реалдандыра түскен. Концепциясына орай автомиф жаратындысының көркемдік қызметін шебер қиоластырған. Автомифтің ішкі қатпарларында елдік санаға жеткізуші ұлы арман, қыран қанатты қиял, өмірге құштарлық иесі, Адамды іздеу бар. Ол жоқ жерде, ертегіде айтылған алғашқы кезеңдегідей өңшең бір масылдар мен тоқмойындар заманына тап боламыз. Содан сақтансақ керек Адамзат қауымы.

Жеке тағдыр иелерінің ғұмырына үңіле отырып, сол дәуір мінезін ашу, қоғам психологиясын талдау жазушы шығармаларына тән дәстүр. Ғ. Ғұлямның «Қу бала» [3, 28] – туындысындағы авторлық Мен – кейіпкер тағдыры арқылы ХХ ғасыр басындағы халықтың әлеуметтік күйі реализммен өріледі. Мұндағы суреткерлік концепция Қу бала атанған Мен – автор бірлігіндегі бас кейіпкердің басынан өткерген оқиғалардың желісіне сіңдірілген. Оқиғаны баяндаушы кейіпкер Қу бала – Мен атымен сол кезеңдегі халық тұрмысы мен психологиясындағы, мінезіндегі болмысты ситуация үстінде күлкі тудыра отырып суреттейді. «Батыр» әңгімесіндегі Батыр образы да Есқұл, Досмағанбет секілді елжанды азаматтар қатарынан. Қазақ әдебиеті тарихында мұндай көркемдік тәсілді алғаш ендіруші азаттық жаршысы, ақын Мағжан Жұмабайұлы болатын. М. Жұмабайұлының «Батыр Баян» дастанының тақырыптық атауы соның дәлелі. Демек ақын, жазушы концепциясын пішін бедерінде, тақырып атауында құндақтауы жайдан жай емес. Батыр ұғымы ел намысы, ер намысымен айқындалатыны белгілі. Қазақ тағдыры не жұтылуы не халық боп қайта бас көтеру сынауына түскенде, Мағжан ел бірлігі ел намысында екенін еске түсіріп, ұлттың тарихи жадын қозғап, санасын тірілтті. Ақын мен жазушының суреткерлік концепциясының

тоқайласар төркіні де ұлттық намысты жоқтап, елдік сананы іздеуде жатыр. Ақын мен жазушыны қауыштыратын ұлттық ой, ұлттық идеяның бастауы бабалар рухы. Н. Дәутайұлының «Батыр» әңгімесіндегі Батыр бейнесі қазақ тарихында есімі бар барлық батырлардың типажы. Батыр характерінен барлық батырға тән мінез, өрлік көрінеді. Оқырман бұл қай батыр деп ойланып жатпайды, кейіпкер Батырдың орнына өзі білетін батырларды қойып көзіне елестетсе де өмір шындығынан алыстамайды. Бұл батыр Қобыланды, Абылай, Бұхарбай, Жанқожа, Баян, Ағыбай, Бөгенбай, Қабанбай тіпті баяғы Алпамыс батыр болса да әңгіме арқауындағы өмір шындығына сенесіз. Батырдың өмірлік мақсатына адамдық аңсарына иланасыз. Әңгіме Батырдың оңаша бір күйге көп түскен сәттерінің сырын аңғартудан бастау алады. Соңғы кездері оқшаулануды ұнатқан. Батырдың бұл әрекетін автор кейіпкеріне психологиялық талдау жүргізе отырып баяндайды. «Оның етегінен тартып, еңсесінен езген екі ауыр қайғы болатын: біріншісі ата мирас жау қолынан өлмегені... «Батырдың ажалы жаудан» дейтін қатал кесім бұлардың тұқымына тән ұлағатты ұран сөз; жауға шаба алар қай-қайсысы да ат жалын тартып мініп, қолына найза ұстағаннан, «Е, құдай, сол тілекті бере көр!» десетін-ді. Десетін де, жан алып, жан беріскен қолды қырғанда өлем-ау дейтін ой ешқайсысында болмайтын. Атасы кіндік тұсынан бойлап кірген сұр жебеден әкесі мойын түптен тиген семсердің өткір жүзінен қаза тапты. Ал бұған келгенде... Батыр әкесі мен атасынан аз немесе кем шайқасқан жоқ. Он алты жасында төрт көз сауыт киді. Жау қарасы көрінгеннен жер тарпитын тоқпақ жалды торы айғыр деймісің, қамшы сілтепей-ақ қара тұяғымен бір орнында шыр айналатын қабырғалы қазанат деймісің, қаншама жыл қайғысының белінен қашан түсті. Сондағысы ел мен жердің намысы» [1, 255]. Авторлық баяндау автор көзқарасымен түйінделіп отырады. Қазақ батырына тән ұлы мұрат талай ғасырлар көшінен қалған емес. Мұны оқырман ел аузында айтылатын батырлар ерлігінен өрілетін аңыздардан да, тарихи деректерден де естіп білген. Бірақ естіп білу бар да, көзбен көру бар. Біз үзіндіге алып отырған автор сөзінде, батыр мұратын жалпы ұғым түсінігінен бөлектеп, бөлшек түрде, жалқының өмірлік арманы етіп, деректендіре ұсыну бар. Автор бір батырдың әулетінің шежіресінен ұлы мұраттың («батыр ажалы жаудан») істе көрінуін (әкесі мен атасының өлімі) заттандырып көзге көрсете айтады. Осы қам-қаракет қазақ даласын қорғаған барлық батырдың өміріндегі ұлы мұраты болғандығынан байтақ жерімізге иелік етуіміздің сырына бойлайсыз. Халық афоризміне айналған «Батырдың ажалы жаудан», – дейтін ұлт философиясының ішкі қабатындағы өмір әуені батырлардың ұлы мұратын осылай танытады.

Батыр әңгімесінде эпикалық уақытты реалистік уақытқа көшіретін ондағы оқиғалардың тарихи шындыққа тұстасатыны. Қазақ пен түрікмендер

арасындағы жаугершілік тарих өткелінде бар. Қазақ пен түрікмен арасындағы соғыс, жазушы Ә. Кекілбаев прозасының тақырыбында да баяндалды. Әңгіме арқауына алынған осы соғыстың тарихи деректерінен батыр прототипіне жақындауға болады. Бірақ, батырдың тұлғасын айту жазушының көркемдік мақсаты емес. Ол оқырмандық қабылдауда да нанымсыз шығар еді. Автор позициясы батыр есімін тұлғалайтын намыс ұғымын ел санасындағы тарихи жадыда сәулелендіру. Батыр атын естіген оқырман көңіліне намысты ердің сойы, батыр тұлғасы көлбездесе жазушы мақсатының орындалғаны. Батыр тұлғасын оқырман көңіліне жан дүниесімен көшіру жазушы тілінің мәнеріне қатысты. Бүкіл әңгіменің идеялық желісін құраушы басқы сюжетте Батырдың батыр ұғымына өз дүниетаныммен баға беру тұсы бар. Батырдың жастау шағында жасамыс жау батырын жекпе-жекте жеңіп шыққанда есінде қалып қойған жәйт, батырлық пен ездіктің бетпе-бет келіп қайшылық үстінде шынайы көрінгені. «Батыр-ай, жанымды қи!», – демесін бе. «Оның не? – деген бұл. – Жау қолынан мерт болу-батырдың мұраты емес пе-әй?!» «Бұл қай сөзің? Өлудің қай жері мұрат?» «Найсап, батыр дүниеге елі мен жерінің құрбандығы болу үшін келмейтін бе еді!» «Оны қайтесің. Жанымды қи, Жаугер»... Батыр оған енді қайта көз салмаған. Атын қатты тебініп, жасақтарына қарай жөндей берді. «Нәлегіні тіріқалдырып кеткенің қалай, Батыр?» – дескендерге: «Ол өзі де өлген адам екен, – бұл, Батыр емес, қатын. Қатынды қалай өлтірем!» [1, 256]. Мұны жазушы шеберлігіндегі көркемдік тәсілдің бірі десек болады. Батыр ұғымын ұлттық дүниетанымдық биігінде кейіпкер характерінен, сөзінен алып түсіндіреді. Түсіндіру ғана емес батырлар сөзі, әрекеті осы деп кесіп-пішіп жеткізген. Автор ойы кейіпкер сөзіне көшіріліп, батыр атынан батырлыққа баға бергізу ақиқатын айтудағы суреткерліктің бір қыры. Бұған қарап суреткерлік концепция жазушы қиялында емес өмір материалынан туындаған дей аламыз. «Ата-бабадан қалған даналы ойдың, мәйекті сөздің төркіні ұлттық дүниетанымдық концепцияны қалыптастырушы тәжірибелік мектеп болса, суреткер концепциясы сол мектептен ұшқан тастүлек идея. Батыр кейіпкеріміз батыр ұғымы мен оған қарсы ездіктің де пәлсапасын «ол өзі де өлген адам екен»-деп бірақ кеседі. Батыр тарихи жадымызда әуелі жаугершілік заманда өмір сүрген тұлға ретінде елестейтіні бар. Яғни, батыр баяғыда өмір сүрген адам. Ал, баяғымыз жазушы ойымен айтқанда «... Баяғы деген ата-бабалар, ата-бабалардың кісілігі, түсінігі, қуаныш-шаттығы, азабы мен шері, жеңісі мен жеңілісі, аққан қаны мен төккен терінің ұлы көші емес пе?» [1, 249]. «Айғыркісі» әңгімесіндегі Есқұлдың бұл сөздері де жазушы концепциясының ұлттық ой-санадан қанат қаққандығын танытады. Суреткерлік мақсат «баяғыда» өмір сүрген батыр ата-бабаларымыздың өмір сүру концепциясын бүгінгі адам санасына сіңіру. Өмірі қыл үстінде жүрген

батыр аталарымыз ұлы мұрат жолында жанын берсе, бүгінгі бейбіт күндегі пенде «адам» атына лайық өмір сүруде ме? Кешегі батырлар жүрегіндегі намыс бүгінгі қазақ өмірінде қаншалықты құнды суреткер оқырманын осындай ойға шақырады. Сөз басында ақын Мағжан мен жазушы Несіпбектің суреткерлік концепциясының түйісер тұсы деп шығарманың сыртқы пішініне құндақталған идеяны айтып өткенбіз. Енді «Батыр Баян» поэмасы мен «Батыр» әңгімесіндегі оқиғаның мазмұн желісіндегі ұқсас тұстарына назар тіксек.

Ақын М. Жұмабайұлының «Батыр Баян» поэмасында батыр Баян махаббат өртіне шарпылған інісі Ноянды ел намысы үшін оққа байлайтыны бар. Мұндай көркемдік шешім авторлық мақсатты орындаушы тірек нүктесіндегі және суреткер концепциясын тудырушы басты фактор. Олай болса ақын Мағжан да авторлық концепцияны халық арманы мен мақсатынан жарақтап отырған болады. Мағжан шығармасының контрастын күшейтіп шарықтау шегін танытатын осы фактор жазушы Н. Дәутайұлы әңгімесінде қайта жаңғыруы неліктен? Осыған жауап іздеп көрелік. Батыр кейіпкерлеріміздің інісі ауыл ағайынның иесіндегі жүйрігін қалап барғанында, тауы шағылып кектенген. Содан жер үстіне атын әйгілеп отырған жүйрігі ауыл малымен қоса түрікмендерге асырып жіберген. Бұл іс ағайын арасына түскен сызат. Әңгімеде қазақ пен түрікменнің жауласуының себебі желден жүйрік, қазақ ауылының ақ байталынан шыққаны айтылып өтілетін. Түрікмендер қалап келген-ақ байталды жылқы жанды қазақ бермейді. Кектескен, қызғанған түрікмендер жайлауда аңдып-бағып бауыздап кетеді. Сонан «әншейінде он мың жылқысынан бір тайды қасқыр тартса, қайғыдан қан жұтып жатып алатын байлар тізіліп келіп суын ішсе, өзеннің ағысын тоқтатып тастайтын үйір-үйір жылқыларын ауыл-ауылдан айдатып әкеліп, «Ал, қане, азамат біткен атқа мін! Кек қайтар!» дескен ғой [1, 262]. Екі ұлттың арасындағы соғыстың себебі «Әлде деп те қояды бір ойы, – жауласудың себебі басқада, тым тереңдегі ме екен? Кім білсін!? Кім білсін?» [1, 262] – ақ байтал болса інісінің ісі қазақ үшін, әрі ағайын үшін қаншалықты ауыр тиетінін түсінеміз. Бір тайына қайғыдан қан жұтқан пенде, аты әйгілі жүйрігімен қоса малынан айрылса Батыр інісінің ісі намысты басқа тепкенмен бірдей болып шығады. Жазушы ұлттық символымызға айналған қазақ тұлпарының халық бостандығындай қасиетті екендігін арғы тарихтан әдейі қозғайды. Бұл Батыр мінезінің, інісінің ағат ісіне оң қабақ танытпауының себебін шындыққа жақындатудағы автор орайластырған оқиға да болуы мүмкін. Автор қиялынан қосқан оқиға болғанның өзінде біріншіден; жылқы автор мақсатының орындалу тетігіне айналса, екіншіден өмір шындығына қайшы келмейді. Батыр інісінің өзі де батыр болғандықтан хас жүйрікті ұнатып, оны иесінен сұрауы, қолы жетпеген соң пенделікке салынып кек қайтаруы

мүмкін жәйт. Бірақ кектенген кегі халық жауының мүддесін орындап жатса ол енді сатқындыққа саналады. «Бүкіл ішкі сарайында жан азабы аңырап қоя берді. Япыр-ау, не нәрсеге душар болғалы отыр. Жаудан қайтпаған, өлімнен сескенбеген жүрегі... Алғаш рет кеуде сүйегін тесіп кетердей дір-дір етті. Өзегі өртеніп, өкпесі қабынып, өмірем қауып барады. Сүйекке таңба... Осыдан еді ғой бұлардың қорқатыны. Ағайынның ала жібін аттау... Атасына нәлет дегізетін, адам түгілі аруақ, құдайдың да қарғысына қалатын қараулық. Тұқым-тұяғында болмаған. Енді келіп, бұлардың атадан балаға жалғасып келе жатқан әйгілі батырлығында не абырой қалады. Бұлардың батырлығының түп атасы – Адалдық пен Әділдік еді ғой. Қайсы бабасы: «Адалдық пен Әділдіктен асқан батырлық болмайды» – деп кетпеп пе еді. «Аспан айналып жерге түссе де, ағайынға қол салма демеп пе еді. Ит-ай, ұзында кегі, қысқада өші кетсе де, қаны бір туыстың маңдайына басқанын қалай дәті барып, көзі қиып қайдағы бір түрікмендерге асырып жіберді. Қайтіп? [1, 264]. Жазушылық характер табиғатын ашық күндей танытуына психологиялық талдау жүргізген осы бір әдісі жетіп жатыр. Бұл кейіпкер жанын жеген мазасыз ойды бейнелеудегі автордың лиризмге тіркелген толғаулы сыры. Бұл кейіпкер Батыр психологиясының жаны күйзеліп өзді-өзі контрастка түсуін характерлі баяндау амалы. Әдебиеттану тұрғысынан қарағанда Батыр кейіпкеріміз белгілі бір уақыттың типі. Ендеше характерлі баяндаудан Батыр өмір сүрген кезеңнің тыныс-тіршілігі айқын бейнеленетіндей, ұлттық сана түйсігінде мейлінше ашық күй танытады. Ұлттық сана түйсігінде түйінделген қазаққа тән мінез ол сөзге тоқтау еді. Бұл Батыр кейіпкер өмір сүрген қоғам санасының жазылмаған заңы болатын. Батырдың іні әрекетіне берер шешімі әділ сөзге тоқтаған дәуір кейіпін елестетеді. Қазақтың бүгінде ұмытыла бастаған осы бір мінезін қайта есіне салған жазушы ұлттық болмыстан философиялық концепция тудырып, шеберлік дәстүрдің сүрлеуіне түскен.

Қызметшіні сыртқа қалдырып үйге інісі кірді. Сәлемін ешкім алған жоқ. «Мыналардың айтып отырғаны рас па?» – деді Батыр бауырына. «Рас». «Қайтесіз, батыр, бауырыңызды өзіңіз жазалайсыз ба, – деп ана екеуі елпең етті. – Қайтесіз?» «Алып кетіндер, қандай жаза қолданасындар, үкім өздеріңнен [1, 264]. Ел тағдыры мен ер тағдырына қатысты әлеуметтік кең планды мәселені көпсөзділікке ұрындырмай шағын диалогқа сыйдырып жіберген. Диалогтың соңында беріліп жататын авторлық түсіндірмелі сөздер де сылынған. Жазушы оқушы түйсігіне ұғынықты қарапайым тілімен-ақ іс-әрекет баянын монодиалогқа көшірген. Мысалға алған монодиалогтан Батыр мінезінің сөзге тоқтайтын, ұлттық дәстүрді қадірлеуші қасиеті бірден аңғарылады. Осы қасиетті, қазақ халқына тән ұлттық мінез ерекшелігін танытар сөзге тоқтау дәстүрін ұстап қалу да, батырдың да батырының

қолынан келмек іс екен. Оқиғадан кейін бүк түсе жатып алған Батырдың естігені «...інісі бауыздалыпты. Батырдың сұрағаны: «Жанымды қия көріңдер деп жалынып, жалбарынбап па?», «Жоқ. Тек қол аяғымды байламай бауыздаңдар» – депті. «Е, онда бопты» [1, 264].

Батырдың іші қан жыласа да, онысын сыртқа білдірмей інісінің өлімді ерлерше қарсы алғанына шүкір дескендей. Бауырының қазасына салқынқандылық танытудың өзі шынайы өмірде кездесе бермейтін мінез. Әңгіменің философиялық концепциясын, қазіргі қоғамға әсер берер тұсын Батыр характерінде көрінетін тосын қаталдықтан сезінуге болады. Өз бауырының ісі түсіп тұрғанда неге бейқамдық танытты? Ең болмағанда абырой беделін жұмсап жазасын жеңілдетуге болар еді ғой. Батыр характерінің сана тартысына түсер осы ситуацияда танытар үкіміне келіспей дау айтуға бола ма? Басқа оқырман дауын айтып пікірін дәлелдей жатар. Ал, біз автор шешімімен келісеміз. Өйткені, автор әңгіме өзегінен танытар концептуалды идеяларын Батыр ұғымына қатысты ата-бабаларымыздың өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымдық философиясынан өрбітіп отыр. Батыр категориясын жасаушы, сақтаушы, алмастырушы «намыс» ұғымы ерлікке де бастаушы. Ал, батырлықтың түп атасы Адалдық пен Әділдік» [1, 264] болғанда Батырдың іні ісіне қатысты үкімін дұрыс қабылдайсыз. Батырлықты былай қойғанда бүгінгі адам мінезіндегі «Адалдық пен Әділдік жайлы түсініктің пендешеленіп бара жатуы көпке ой салса керек. Бабаларымыз байтақ жерді сақтап, ұрпаққа аманаттауында қылыш сермеп, найза көктеген күшiнiң өзегi «Адалдық пен Әділдікте» жатқанын бiздiң дәуiр санасына түйгенi жөн. Халық дүниетанымы, халық жолы осы. Адалдықты аттаған туған бауырына адамдық сезiмiмен iштей жыласа да халық жолынан шығуға Батырдың ешбiр құқы жоқ. Мұнда елдiк намыс бәрiнен жоғары тұр.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Суреткер қолтаңбасының бір қыры ретінде шығармаларындағы кейіпкерлердің характерлік ұқсастығын дара атауға болады. Характерлік ұқсастық бірін-бірі қайталаушы емес бірін-бірі даралаушы, толықтырушы белгілермен көрінеді. Мәселен «Айғыркісі» әңгімесіндегі Есқұл қария мен «Құдірет пен Қасірет» раманындағы Досмағанбет характері. Екі кейіпкердің бойында да сүйегімен біткен ізгілік нұры бар. Екеуі де адамгершілік қасиеттерді өмір өлшемі көрген. Шығармада осы кейіпкерлер өмір ситуациясында даралана бастайды. «Батыр» әңгімесіндегі Батыр бейнесі де белгілі дәрежеде авторлық мақсатты айқындап тұр. Әрине, бұл әңгіме оқиғалық уақыты жағынан шығармашылық қиял жемісі саналады. Мәселе, шығармадағы өмір шындығының автор қиялында сомдалған көркем

шындықпен ара-қатысында. Көркем шындықтан түйінделген көркемдік шешім тарихы өмір шындығының өзін сөйлетсе бұл шеберлік. Суреткер шығармаларындағы кейіпкерлер есімдерін де авторлық мақсатқа орай атайтынын айтып, өткенбіз. Әңгімедегі ілгергі тарихтың алғашқы берілуі жазушы концепциясын орнықтырудағы алғашқы көркемдік баспалдақ. Мазмұн мен пішін бірлігі тұрғысынан қарасаңызда бұл әңгіме соны үлгі. Жазушы концепциясының сыртқы пішіндегі көрінісі Батыр есіміне байлаулы.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Даутайұлы, Н.** «Айғыркісі» 2томдық таңдамалы шығармалары. – А. : «Ан-Арыс», 2008. – Т. 1. – 276 б;
- 2 **Ергөбек, Қ.** Арыстар мен ағыстар. – Астана : «Таным» баспасы, 2003. – 360 б. – ISBN 9965-640-33-5
- 3 Тентек. Повестер, пьесалар, әңгімелер. Өзбек тілінен ауд. К. Сейдаханов. – А., Жазушы, 1991. – 520 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Д. А. Ислам<sup>1</sup>, С. Б. Ержанова<sup>2</sup>*

### **Художественное решение в рассказах писателя Н. Даутайұлы**

<sup>1</sup>Международный Казахско-Турецкий Университет имени А. Ясави, г. Туркестан;

<sup>2</sup>Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*D. A. Islam<sup>1</sup>, S. B. Erzhanova<sup>2</sup>*

### **Artistic solution in the works of N. Dautayuly**

<sup>1</sup>A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan;

<sup>2</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 01.02.17.

*Название рассказа Н. Даутайұлы «Айғыркісі» достаточно неожиданное. Только после ознакомления с содержанием, можно понять смысл название. Все центральные образы составляют художественную галерею, раскрывающую горькую правду жизни. Описывая судьбы героев, писатель учит своих читателей познанию человека, общества. Жизни Батыр из рассказа «Батыр», Есқұл из*

*«Айғыркісі», Досмағамбет из романа «Құдірет пен қасиет» в самых различных жизненных ситуациях не потеряли свой человеческий своему дому уравненный облик.*

*The title of N. Dautayuly's story «Aigyrkysy» («The Horse Man») is quite unexpected. Only after reading the content, you can understand the meaning of the name. All central images constitute to an art gallery, revealing the bitter truth of life. Describing the fate of the characters, the writer teaches his readers human and society. The characters Batyr from the story «Batyr», Eskul in «Aigyrkysy», Dosmagambet from the novel «Qudiret pen Qasiet» «Power and Dignity» in a variety of life situations don't lose their ethical and moral shape.*



**Д. А. Ислам<sup>1</sup>, С. Б. Ержанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., қауым. профессор (доцент), Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.  
e-mail: <sup>1</sup>dosbol-75@mail.ru; <sup>2</sup>esb72@mail.ru

**«ШАҢНАМА» ЖӘНЕ ОҚИҒАЛЫ ӨЛЕҢ**

*Бұл мақалада, Т. Ізтілеуұлы шығармашылығындағы оқиганы тармақ, шумаққа бағындыру дәстүрінің кейінгі лирикаға әсері сөз болады. Түрік халықтары поэзиясына тән хас сипаттардың бірі өлеңдегі оқигалық желінің бой көтеруі. Оқигалық көріністің өзі тікелей өмірде болған жайтты баяндаумен ерекшеленсе, кейде ақындық «Мен» арқылы өмір ағымын бейнелеу амалдарымен сипатталады. Ақын өмір, қоршаған орта процесінен жанды, жансыз заттардың қатысы арқылы субъективті ой бейнелегенде сол процесінің оқигалық белгілері көрініс береді. Мұндай өлеңдердегі оқигалы желі ақындық «Менің» концептуалды дүниетанымын беруге бағынатындықтан солғын тарта түседі. Бұл ерекшелік лириканың арнау, толғау үлгілеріне тән болып келеді. Басқа да түрік халықтары поэзиясындай қазақ өлеңі оқигалы арқаулардан тұратынын басты ерекшелік деп қарауымыз керек. Өлеңіміздің осы табиғатын толыққанды зерттеу де қажет. Ал, енді оқигалы өлеңдер баяндау лирикасының құрылымдық ерекшелігі екендігі даусыз. Оқигалық желілерді баяндау арқылы көркемдік мақсатқа қол жеткізу эпикалық жырлардан бастап бүгінгі лирикамыздың басты міндеті. Күрделі оқигалар тізбегін идеялық сәйкестікпен тармақ, шумақ бойына үйлестіріп өрнектеу ақындық шеберлікпен ғана жүзеге асады. Біз қазақ өлеңі тарихында кездесетін оқиганы өрнектеу шеберінің көркемдік әдістері бүгінгі лирикамызда жалғасын тапты ма дейтін мәселеге жауап іздеуге тырыстық.*

*Кілтті сөздер: баяндау лирика, оқигалы өлең, өлең сюжеті, ұлттық түр, мазмұндық, формалық жаңару.*

**КІРІСПЕ**

Бүгінгі лирикалық поэзияның түрі ретінде оқигалы өлең ұғымы кеңінен қолданылып жүр. Оқигалы өлең атауының өзінен өлеңнің белгілі бір оқиганы баяндайтыны айқын көрінеді. Бұл әсіресе поэзиялық шығармаларда

оқигалардың баяндала дамуына тәуелді балладалық жанрға тән. Ал баллада лирикалық поэзияның жанры ретінде қарастырылатыны белгілі. Демек, лирикалық туындылардың өзінде оқиға желісі нақтылана сипатталатын өлеңдерді оқигалы деп қарастыру, оның балладаға ұқсастығы мен ерекшелігі болатынын аңғаруға болады. Сол сияқты өлеңде оқиға болмайды деп те кесіп айта алмаймыз. (Бұл сөз: лирика талаптарына жауап бере алатын туындыларға қатысты – И. Д.). Оқиганың белгілері өлең мәтінінде сезім мен нәзік иірімдерге оралып келуі мүмкін. Бірақ мұндай өлеңдерді оқигалы деп айтпайтынымыздай, оқиғасы (шағын болса да) айқын көрінетін өлеңдерді «оқигалы өлең» – деп қарастырғанымыз шарттылықтан туындаса керек. Бұл мәселе әдебиеттану ғылымында әлі де болса шешіле қойған жоқ. Қазақ ғалымдары өлеңдегі сюжет мәселесіне түрлі көзқараста. Бірі «лирика сюжетінің өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті лириканың өзін шартты түрде «оқигалы», «оқиғасыз» деп бөлгенде, оның әрқайсысының өзіндік сюжет ерекшелігі бар екендігін ұмытпау لازым» [1, 33] – десе, бірі «мәселен, сюжетсіз, бірақ өмір шындығын ақын өз ойының таразысынан өткізіп жырлап берген хабарлау, шаттану сарынында жазылған шығармалар поэзияның қай тегіне жатар еді-деген сауал тастап, айналып келгенде шығарманың жалпы сарыны лирикалық болып қалады» [2, 160] – деп ой түйеді.

Ә. Тәжібаев «оқигалы-әңгімелі лирика» деген атау беріп, оны Сәбит пен Бейімбет ендіріп, 1930 жылдары С. Мұқановтың шарықтата көтергенін айтады [3]. Әдебиеттанушы Б. Кәрібозұлы оқигалы өлеңдердің келу тарихын 1930-40 жылдарға жатқызады. Оқигалы өлеңді төмендегіше классификациялайды. «...қазақ лирикасындағы оқигалы өлең түрлеріне: өлең-сұхбат (екі адамның арасындағы диалогке құрылған өлең), өлең-әңгіме (бірнеше кейіпкердің әңгімесіне құрылған), өлең-очерк, кәдімгі оқигалы өлең (оқигалы өлең) жатады» [4, 73]. Сонымен қатар Б. Кәрібозұлы осы еңбегінде оқигалы өлеңді баяндау лириканың құрамында қарастырады. Ғалымның «...өлеңдерді... арнау, толғау, баяндау» [4, 74] – деп бөлгендігіне қосыла отырсақ та оқигалы өлеңнің келуі 1930-40 жылдар деген пікіріне қосыла алмаймыз. Бұл жерде ғалым, (Кеңестік қазақ әдебиетінің бағытында ұстанған Ә. Тәжібаев) ойын қайталаумен шектелгендей көрінеді. Бірақ, зерттеуші ғылым алдына лириканың өзекті тұстарына орай сүбелі ойлар тартып отыр. Осы орайда, әзірге оқигалы өлеңнің шартты аталуына қарай қазақ әдебиетіндегі көрініс беру тарихы жөнінде бірер сөз. Әуелі лирикадағы оқиғаға қатысты мына ойларымызды жеткізейік. Белгілі бір тақырыпты жырлау үшін ақын сол тақырыпқа қатысты идеялардың қазығын қағады. Ақын жүрегінен ой идеялар қанат қағып тақырыпқа бойлай кетері де, не тақырып аясында бірнеше идеялар туындап мәтін көркемдігін көтере беретіні болады. Осы өлеңдегі идея мен тақырыптың көркемдік культі ақын дүниетанымынан хабар береді.



Дүниетаным дегеніміз даналыққа жол бастаса керек. Себебі, дүниетанымдық масштабтан өмір тынысының неше алуан жаны, қыры көрінеді. (Өлеңде дүниетаным культі қиюласқан жағдайда – И. Д.) өмір процесі өлеңге жеке тұлғаның («Меннің») дүниетанымдық мөлшерімен көшеді. Ал, өмір құбылысы белгілі бір тіршіліктің қозғалысынан, әсерінен, іс-әрекет белгілерінен не адам санасының дүниені танымдық қабылдау мүмкіндігінен, әйтеуір тірі, жандық әлемнің формасын туғызады. Осындай күрделі процестің тынысын, ақын жүрегінен өткізіп барып синтездеушілік әрекет етеді. Ендеше, өлеңдегі мәтін аясындағы өмірдің (қандай тақырыпта болмасын) оқиғалық желісі ақынның синтездеушілік, жинақтаушылық, даралаушылық әрекеті бойына жұтылып кетеді, бірақ жоғалмайды. Бұл лирика жанрының басты талабы да. Мәселе дүниетаным салтанатын құратын өмір шындығын ақынның лирикалық шығарма бойына сыйдыру шеберлігінде жатса керек. Лирикалық шығармада әрбір сөз, сөз тіркесі тіпті жанындағы сөздің алдыңғы не кейінгі сөзге әсер, мағына үстемелеуі не көріктеушілік қызметі маңызды роль ойнайды. Осы тұрғыдан қарасақ өлеңдегі оқиға әсерлі мән-мағынаның ішіне кірігіп, оның оқиға тудырушы не құраушы белгілері мұндалап тұрады. Мұндай оқиғалық желілерді синтездеп, мәтінді көркемдік, бейнелілікке көтерген өлеңдер ежелгі түркі поэзиясында да, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен де фольклорлық жырларымызда да кездеседі. «Бал ашатын кітаптағы он бесінші ретпен орналасқан өлең сарыны, идеясы да сондай. Бірақ, мұнда сол айтпақ ойды өзгеше, күрделілеу оқиғамен жеткізген» [5, 223]. Тек мұндай өлеңдер шеберлік шеберханасынан (ауыз әдебиеті үлгілері мен фольклорда халықтық шеберханадан деп ұғынған жөн – И. Д.) өтіп барып сән түзейді. Халықтық не жеке тұлғаның ақындық шеберханасында шегенделген мұндай өлең жырларды, қазіргі лирикадағы оқиғаны сезімге жегіп, көгендеудегі үлгі боларлық мектептер деп қабылдай аламыз. Сондай мектеп боларлық шеберліктің бірі Т. Ізтілеуұлы шығармашылығы. Әсіресе Т. Ізтілеуұлы жырлаған «Шаһнама» мындаған оқиғалар мен іс-әрекеттер желісін тармақ пен шумаққа бағындырудың сонылығын таныта алады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Т. Ізтілеуұлы шығармашылығы жөнінде Ә. Қоңыратбаев, Ә. Тәжібаев, М. Дүйсенов, Р. Бердібаев т.б. ғалымдар айтып, саралап өткені белгілі. Мақаламызда Т. Ізтілеуұлының «Шаһнамасы» мен өлеңдеріндегі оқиғаны тармақ пен шумаққа бағындырып берудегі ақындық шеберлігіне бірер мысалдармен тоқталуды мақсат еттік.

«...Жерінде жатты Жамсап барған қашып,

Ажалға амал таппай аузын ашып.

Өлім – оқ, аспан – садақ, адам – қоян,

Шаранды сау қалатын тапшы ойласып» (Жамсап) [6].

Осы шумақ үзіндісінің алғашқы тармағында Жамсаптың қашып барғандығын баяндаушы қос ойы аяқталып тұр. Жамсаптың қашып баруына бір оқиғаның себепкер болғанын оқырман біліп отыр, ақын сол себепті оқиғаны тармақтың соңғы бунағымен ұйқасына жымдастырған. Автор осы тармақты «...Жерінде барған қашып, жарыр Жамсап» деп құрса да болмас па еді? Автор олай етпейді. Себебі әуелі Жамсаптың аман-есен жеткенін «...Жерінде жатты Жамсап» – деп бірінші орындалған іс-әрекетті жеткізіп, содан кейін барып «барған қашып» – деп оқиға себебін ұйқасқа үстемелеген. Өйткені ұйқас оқиға желісін қимыл-әрекет арқылы көрсетуге бағындырылған. Және бұл тармақ ұйқасындағы іс-әрекет пен келесі тармақтағы қаһарманның көңіл-күйін бейнелеу үйлесімділікпен реалистік сипатқа көшірілген. Алғашқы тармақтардағы осы үйлесімділік ақынның 3-ші және 4-ші тармақтарында өмір тіршілігін философиялық ойлармен түйіндеуге жетекшілік жасап тұр. Шумақ бірінші тербелісті дауыс ырғағы мен жарқын сазды әуенге жақын келеді. Алғашқы тармақтан-ақ дыбыстардың әуезді келісімін байқаймыз, дыбыстық сазды тудырушы «...Жерінде жатты Жамсап» дауыссыздарының қайталанып келуі. Ж-дыбыстарының сазы бірыңғай, кума толқынды болып келеді де келесі бунаққа өткенде дыбыстық саз екпіні жоғарырақ көтеріледі. Келесі, екінші тармақтан да дыбыстық саз үйлесімін сезінуге болады. «Ажалға амал таппай»-дағы бунақ екпіні дауысты а дыбыстарының сазымен тұтасып, бірыңғай кума толқынды үнге жақындайды. Үшінші тармақтағы дыбыстық саз 1,2,4-тармақ сазынан өңге, ашық, қатқылдау үнге орайласқан. Мұның себебі, шумақтағы «Меннің» концепциясы, өзіндік дүниені қабылдау шешімі осы 3-тармаққа жүктеліп, 4-тармақта риторикалық сарын арқылы психологиялық күйді тудырушылық әрекет жасаған. Сондай-ақ 3- тармақтағы баламалылардың дәлдігі, Исламдық діни түсінікті астарлы метафоралық күшке ие белгілермен ауыстыру нәтижесінде айқындап өткен. Біз мысалға алып отырған 1 шумақтың өзінде қаншама көркемдік тәсілдер мен бейнелілік, стильдік өзгешелік те жаға көтергені байқалады. Сірә ақын әйгілі туындысына таланты мен еңбек күшін сарқа жұмсаса керек. Қорыта келе, ақынның оқиғалы желіні өлеңнің 1 тармағына сыйдырып және одан дыбыстық саз тудырып, шумақты әуенге желдіріп әуезді үнге орайтын шеберлігін таныдық. Өлең өлшеміне жаңалық әкелген ақын мазмұндағы келісті үйлесімділікті де ұмыт қалдырмаған екен. Ақынның мұндай шеберлік үрдісі кейінгі қазақ өлеңіне әсер еткені даусыз. Кезекті оқиғалық желілерді лирикалық туындылар бойына жинақтап, дыбыстық саз бен әуезді үн дарытқан қазақ ақындары жетерлік. Ақындар шығармашылығындағы мұндай сабақтастық әуелі өлеңдегі ұлттық колориттік бірлігінде жатыр. Мұндай стильдік өзгешелікті М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, Ж. Молдағалиев, М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов, Т. Айбергенов, Т. Бердияров, Ж. Жақыпбаев

т.б. лирикаларынан молынан қамтуға болады. Өлеңдегі ұлттық әуезді үн мен бояуларды лирика түрлеріне түрлендіре беретін О. Сүлейменов, Қ. Мырза-Әлі, Ф. Оңғарсынова, М. Медетбек, Т. Әбдікәкімов т.б. шығармашылығынан да «Шаһнамалық» шеберліктің дәстүрлі бедерін кездестіруге болады. Мәселен, Ә. Кекілбаев аудармасындағы О. Сүлейменовтің «Жаз, Түн ортасы, Ауыл, Есектер...» өлеңінен үзінді келтірейік. (Аудармашы-өлеңнің түпнұсқалық табиғатын сақтаған – И. Д.).

Алау оттың алақ-жұлақ  
Жалыныңдай жалт-жалт етіп,  
Ой түседі, ой қашады:  
Албырт еркек алабұртыпа,  
Тар төсекті сындырғаны,  
Ару қыздың қалған үркіп  
Аяқ асты шыңғырғаны... [7, 4].

Бұл өлеңде бадырайа көрінетін оқиға жоқ. Бірақ мүлде жоқ та емес. Оқиғалық желінің лирикалық жанр талабына бағындырылған, **лиризмге** айналған қалыбы бар. Біздіңше бірінші, екінші тармақтар әдейі сындырылып бөлек берілген. Үштағандық пішіндегі осы 3 тармақ ақ өлең желісінде ерікті форма жасаған. Ұйқассыз пішінімен де әуелгі 3 тармақтың ерікті өлеңге айналып тұрғанын көреміз. 1,2 тармақ, 3 тармақ арқылы ғана ой бүтіндігін құрайды. Дерексіз «ой»-дың ұғымы «Жалыныңдай жалт-жалт етіп» тұрғанымен жандандырылған. Нақтырақ айтсақ «ой» ұғымы «жалынның жалт-жалт етуімен» заттандырылған болып шығады. Осы үштағанда бейнелі сурет жасалған. Ой түсіп (келіп), қашуы (кетуі) лирикалық бейне бойындағы сезімнің өзін жалаң емес, шарпысулы күйде екенін білдіреді. (Жалыны жалт-жалт етіп жанған отқа қарап ой кешкен адамды көз алдыңызға елестетіңіз). Лирикалық «Меннің» бойындағы сезім көрінісі қозғалыс, әрекет үстінде тұр. Оның «жалынның жалт-жалт» етуімен салыстырмалы алып, адам көңіл-күйінің психологиясын параллелді өрнектеген. Үш тағандағы сөздердің бір-бірімен байланыс әсерінің күрделілігі мағына күшейтуімен де ерекшеленеді. Оттың алаулауы – жалынның жалт-жалт еткенін көрсетсе, жалынның алақ-жұлағы оттың жанысын, күшін айқындайды. Алғашқы 2 тармақтағы дауыс толқынының екпіні 3-тармаққа барып бәсеңсиді. Ол бәсеңдік оқырманды ойлы күйге салып барып, келесі 4 тармақта жаңа оқиғалық желіні дамыта желдіруге ұласады. Өлеңдегі мұндай құбылыстар О. Сүлейменов секілді стиль түзген ақындардың «Шаһнамалық» шеберлік дәстүрінен жаңа із, жол тапқанын танытады. Көркемдік уақыт астарындағы оқиғалы желі ақын Б. Серікбаевтың «Ғұндар жыры» өлеңдер топтамасында баршылық. Өлең бастамасы ретінде алынған тарихи дерек циклды топтамадағы ой, идея қазығы іспетті.

«Сыландап сұлу тауларым,  
миуа толы бауларым  
артымда қалып барады.  
Қысылған кезде қорғаным  
бола алмай қалың орманым,  
жүрегім менің жаралы.  
Жер-суға мұнша құнығып  
атаңның қандай құны бар?»

Асыр сап аунап-кунаған  
думаным қызып дулаған  
ордамнан мені көшірдің,  
балығы тайдай тулаған  
бақасы қойдай шулаған  
көлімнің үнін өшірдің  
Жер-суға мұнша құнығар  
атаңның қандай құны бар?»

Басылмай жатып құмарым,  
Тұғырдан тайды қыраным,  
салушы ем баптап сонарға.  
Татсам деп тірлік тәттісін  
жүргенде ұшты-ау бақ құсым,  
басыма қайтіп қонар ма?  
Жер-суға мұнша құнығар  
Атаңның қандай құны бар?» [8, 194-195].

Мұнда эпикалық, қаһармандық жырлардағыдай сюжеттілік атымен жоқ. Бірақ лирикалық «Меннің» толғанысын туындатып отырған пролог, өлең композициясының аясында тарихи оқиғалық желілерден хабарлар беріп отыр. Бұл жерде тарихи оқиғаны эпикалық масштабта жырлау мақсатқа алынбаған. Тарихи деректі не аңызды лирикалық «Меннің» ішкі көңіл күй қазанында қайнатып түйсінуі арқылы бағалауы ғана бар. Өткен тарихқа баға беруінің өзі ақынның лирикалық көңіл-күй әуенінен өріледі. Олай дейтініміз дәл осы тақырыпты басқа бір ақын жырласа, ол да лирикалық «Меннің» көңіл-күйімен, дүниетанымдық ерекшелігімен сөйлер еді. Тіпті тарихи дерек негізіне әр ақынның көзқарасы, танымдық қиялы әрқилы болатынындай өлеңдегі ой арқауы да өзгеше құрылады. Лирикалық өлеңнің мазмұндық құрылым өзгешелігі де осында. Яғни, тарихи деректің авторлық баяндаудағы «Мен» концепциясында жүзеге асатындығында. Себебі, мұнда фольклордағыдай тұрақтанған мотивтік вариациялар билік жүргізбейді.

«Сюжет көп кырлы, алуан иірімді оқиғалардың жиынтығы ғана емес, көркем шығарманың өзегі де» [9, 242] – деген пікір эпос, ертегі жанрларына қарата айтылғанымен лирика табиғатына жат деп айта алмаймыз.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ лирикасындағы оқиғалы өлең құрылымының көркемдік табиғатын, әдебиет тарихында кездесетін соны үлгілер негізінде таныттық деп ойлаймыз. Күрделі оқиғалар тізбегін, лирикалық қаһарман іс-әрекетін, ситуациялар мен тартыс желілерін шумақ бойына дарытып, ырғақты үйлесім құраудағы тарихи шеберлік амалдарын айқындадық. Оқиғалы өлеңдегі композициялық тұтастық бейнелеу амалдары бүгінгі лирикамызда да жаңашылдықпен жол тартқан. Қазіргі өлеңдердегі оқиғалы сипаттың баяндау лирикасындағы бағытын бағамдадық. Бейнелеу құралдары мен метафоралық ой астарындағы оқиғалы арқаулар көрінісін талдау, салыстыру, саралау арқылы танытуға ұмтылдық.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Мәшһүр-Жүсіпов Қ.** Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер. – А. : Жазушы, 1991. – 216 б.
- 2 **Базарбаев, Б.** Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – А. : Жазушы, 1973. – 256 б.
- 3 **Тәжібаев, Ә.** Өмір және поэзия. – А. : Жазушы, 1960.
- 4 **Кәрібозұлы, Б.** Беталыс. (Әдеби зерттеулер, мақалалар). – А. : Арыс, 2005. – 200 б.
- 5 **Еңсегенұлы, Т.** Көне түркі руна жазба поэзиясы. Бірінші кітап. Көне түркі руна жазба өлеңдері. Монография. – Алматы : Білім, 2007. – ISBN 9965-09-413-6.
- 6 **Ізтілеуұлы, Т.** Рүстем-дастан (Фердауси «Шаһнамасының» желісімен жазылған қаһармандық жыр). Екінші кітап. – А. : Жазушы, 2004. – 328 б.
- 7 **Сүлейменов, О.** Арғымақтар. Өлеңдер. (Аударғандар: Ә.Кекілбаев, Қ. Мырза-Әли). – А. : Жазушы, 2002. – 80 б.
- 8 Серікбайұлы Байбота Қошым-Ноғай. Шығармалары. Екі томдық. – Астана : Фолиант, 2008. – Т. 2. Сам жамыраған шақ. – 408 б. – ISBN 9965-35-400-6.
- 9 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. – Алматы : Ғылым. 1993. – 342 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

Д. А. Ислам<sup>1</sup>, С. Б. Ержанова<sup>2</sup>

#### «Шаһнама» и сюжетная лирика

<sup>1</sup>Международный Казахско-Турецкий Университет имени А. Ясави, г. Туркестан;

<sup>2</sup>Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

D. A. Islam<sup>1</sup>, S. B. Erzhanova<sup>2</sup>

#### «Shahnama» and subject lyrics

<sup>1</sup>A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan;

<sup>2</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 01.02.17.

*В данной статье рассматриваются проблемы сюжетной лирики произведений Т. Изтилеулы и мастерство в подаче сюжета в рамках строк и куплетов и их влияние на последующую лирику. Одной из характерных черт поэзии тюркских народов является развитие сюжетной линии произведения. Сюжетная линия произведений часто сводится к описанию реальных событий, но иногда сопровождается художественными средствами описания жизни и авторского «Я». Поэт стремится высказать субъективную точку зрения на процессы окружающего мира посредством живых и неживых предметов, где ясно прослеживается событийная линия произведения. Ряд сложных событий передается в сочетании с главной идеей произведения, которая раскрывается в искусных строках и куплетах поэта. В статье мы попытались ответить на вопрос о том, как сохранилась традиция мастерского описания событий, художественных методов использования в мифических произведениях современных казахских поэтов.*

*This article deals with the matters of subject lyrics of T. Iztiluuly lyric works and demonstration of a subject in lines and songs and their traditional influence on the following. One of the peculiarities of poetry of Turkic peoples is manifestation of plot lines in lyrical works. Lyrical works describe the internal experience of the hero. The poet describes life, natural processes through living, nonliving elements. Kazakh poetry is based on the plot as poetry of other Turkic peoples. Artistic goals of*

*works are achieved describing plot lines. The unity of ideas and plot lines of works is realized through poetical mastership. We tried to answer the question, if the reflection of mastership of plot manifestation in modern Kazakh poetry occurring in the history of Kazakh poetry has been found.*

ӘОЖ 821.512.122.

**Ж. М. Искакова<sup>1</sup>, Л. М. Демесінова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент; <sup>2</sup>магистр, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

## **ПСИХОЛОГИЗМНІҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДАМУ СИПАТЫ**

*Мақалада авторлар қазақ және шетел әдебиетіндегі психологизмнің даму сипатына тоқталған. Бірнеше көркем шығармаға салыстырмалы түрде талдау жасалып, құнды пікірлер келтірілген.*

*Кілтті сөздер: психологизм, көркем әдіс, проза, автор, психология, постмодернизм, шеберлік, «кішкентай адам».*

### **КІРІСПЕ**

Әлем әдебиетінде адам жанының терең иірімдеріне үңіліп, кейіпкер образын ашуда оның ішкі әлеміне, сезім тереңіне, ой-санасының тұңғығына бойлап, ішкі психологиясын суреттеу автордан асқан дарындылық пен ұшқыр ойды, шеберлікті талап етеді.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Әдебиет теориясындағы «психологизм» терминінің анықтамасына тоқталар болсақ, бұл туралы орыс зерттеушілерінен А. Б. Есин, Л. С. Выготский, Л. Я. Гинзбургтер кеңінен қарастырса, қазақ әдебиетінде көркем шығармадағы психологизм мәселесін А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» сөз етсе, кейіннен, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтар да адам жанының тылсым табиғатын тануға өзіндік ізденістер жасаған. Қазірде қазақ прозасындағы психологизмнің даму арналары жайында ғалым Б. Майтанов пен Г. С. Пірәлиеваның зерттеу еңбектері бар. Атаған ғалымдар еңбектеріндегі «психологизмге» берген анықтамаларына тоқталайық:

А. Б. Есин: «Көркем әдебиетте кейіпкер образын ашуда, оның сезімі мен ойын көркем, терең, әсерлі, нақты, толық көркемдеу құралдары арқылы әсерлі жеткізу» [1, 18] десе, әдебиеттану терминдер сөздігінде

С. П. Белокурова: «Көркем шығармадағы кейіпкерлердің рухани ішкі әлемінің көркем бейнеленуі: әдеби қаһарманның ой-санасының, эмоционалдық көңіл-күйінің, сезімдерінің құбылуы, толқуы, өзгеруі сияқты құбылыстардың көркем шындыққа айналуы» [2, 217]. Қазақ әдебиетінде Б. Майтанов: «Психологизм – көркем әдебиеттің тұтас болмысынан ажырамас қасиет. Біз ол жағдайды байқай бермейміз. Сонымен бірге психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі, әрі стиль көрінісі», немесе «...көркем шығармадағы өмір шындығының кепілі – психология да, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығарма феномен – психологизм» – деп тұжырымдайды [3, 335]. Әдебиетші-ғалымдар психологизмді категория ретінде әр қырынан қарастырып, түрлі анықтама берсе де, олардың ойы «шығарма кейіпкерінің ішкі жандүниесі мен ішкі аралыстарын зерттеу» деген А. Н. Андрееваның анықтамасымен үндес [4, 81].

Көркем әдебиетте психологизм әр кезде де қолданылғаны анық, мәселен, халық ауыз әдебиетінде адам жанының күйінішін беруде «жауар бұлттай түнеріп», «зарланып жылады» тіркестерімен бейнелеуі осының дәлелі.

Бергі тарихта әлем әдебиетінде XIX-XX ғасырда реализм, натурализм, кейіннен модернизм, постмодернизм бағыттарының келуімен көркем шығармадағы психологизм мәселесі жаңаша түрде дамыды. Дәстүр мен жаңашылдықты берік сақтай отырып, жазушылар өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруда психологизм әдісін шебер қолдана білді. Бұл туралы Батыс әдебиетіне қатысты «психологизм» термині туралы сөз қозғағанда, әдебиетші-ғалым Л. Я. Гинзбург тек XIX ғасырда жазылған шығармаларды ғана енгізіп: «Әдеби психологизм кездейсоқтық пен кейіпкерлер әрекетінің күтпеген әрекеттерінен басталады» [5, 288] деген түсінік береді.

Әлем әдебиеті тарихында «психологиялық романның атасы» атанған Бенжамен Констанның «Адольф» (1815) шығармасында автор адам жанының барлық сезімдеріне талдау жасайды: кейіпкердің әлсіздігін асқан шынайылықпен суреттеп, ақыл-ойының ұшқырлығын байқағыштығы мен әр сөзін қадам айтуымен ерекшеленген. Сыншы-ғалымдар шығарманы оқу барысында әр адам өз басынан өткен түрлі сезімдерді көріп, қызығушылықпен құмарта оқылатындығын атап өтеді. Аталған кезеңде шетел әдебиетінде Э. Хемингуэй, Ги де Мопассан, Эмиль Золя, Марсель Пруст, Джеймс Джойс, Франс Кафка, орыс әдебиетінде Ф. М. Достоевский, Л. Н. Толстой шығармаларында психологиялық бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылды. XX ғасыр әдебиетінде психологизм әдісі қарапайымнан күрделігі қарай ойысып, шығарма кейіпкерлерінің психологиялық образы жаңа әдеби тәсілдермен жаңаша түрге ие болды. Әдебиетте «сана ағымы» тәсіл ретінде қалыптасты.



Қазақ әдебиеті тарихында да психологизм Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» пен «Қартқожа», М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу» шығармаларынан бастау алады. Аталған шығармаларда автор кейіпкердің рухани әлеміне терең бойлап, ой-сезімдерін, ішкі сырларын түрлі тәсілдермен суреттейді. Негізгі қаһарманның ішкі ойын жеткізуде монологты пайдалану, адам санасының екіге жарылуы, психологиялық параллелизм сияқты амалдар жаңа сипатта дамыды.

XX ғасырдың 60-80 жылдарында Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры», «Күй», «Шыңырау», «Ханшадария хикаясы» шығармаларында тарихи тұлғалардың беймәлім сырларын ашуда «сана ағымы» тәсілін пайдаланса, Д. Исабеков «Тіршілік», «Сүйекші» туындыларында «кішкентай адамдардың» санқилы тағдырын шығарма өзегі етеді, Т. Әбдіков «Тозақ оттары жымындайды», «Оң қол», «Парасат майданы» шығармаларында өмірдің мәні мен маңызын түсіне алмай шаршаған, адасқан тағдырлар образын тамаша суреттеп, постмодернизм бағытында жазған.

Қазіргі қазақ прозасында Д. Амантай, А. Кемелбаева, А. Жақсылықов, А. Бқсан, А. Алтай сияқты дарынды қаламгерлердің қаламынан жаңашыл туындылар шығуда. Жазушылар шығармаларында адамның ой-сезімін, таным-түсінігін, іс-әрекетін, ішкі әлемінде болып жатқан түрлі өзгерістерді түрлі амал-тәсілдермен суреттеп, адам санасының екіге жарылуын, мифологиялық сана ұғымымен сабақтастыра білген.

Қазақ және шетел әдебиеті тарихында көркем шығармадағы психологизмде, Франс Кафканың «Алмасу» («Превращение») және А. Кемелбаеваның «Қоңыр қаз» шығармаларын негізге алу орынды. Екі шығармаға ортақ әдеби әдіс, авторлардың «кішкентай адам» бейнесін ашуы. Кейіпкерлерінің қоршаған ортадан оқшаулануы, олардың сыртқы болмысынан адамдардың жиренуі, көзге түртіп, шеттетуі, авторлардың «кішкентай адамдарының» қорғансыз, панасыз күйлерін суреттеуі, ішкі монолог арқылы олардың жан күйзелістерін шебер жеткізуі, айналасынан аластатылған жандардың шарасыз күйі туынды өзегіне айналған. Екі кейіпкердің де ішкі дүниесінің екіленуі, бірде адам бейнесінде, бірде жәндік немесе құсқа тән қасиеттердің бойынан табылуы сол сәттегі кейіпкерлердің шарасыз күйін авторлар шебер суреттеген. Авторлар «кішкентай адам» трагедиясын беруде, ақылға қонымсыз, кейде мистикалық жағдайларға да тап болады. Айналасынан аластатылған кейіпкерлердің ортақ сюрреалистік жағдайы, абсолюттік шындыққа жеткен жері – жазушылардың ортақ шешімі. Абсурдтық қаһармандар, өздерінің жеке әлемінде өмір сүрсе де, адами қасиеттерден ада емес. Осы тұста екі шығарма жігі ажырайды, Кафканың негізгі кейіпкері Грегор баяғы адам болмысын, түр-тұлғасын аңсайды. Автор Грегордың ішкі көңіл-күйін, күйінішін, мұң-зарын, кейіпкердің жанын түсінбеген отбасына деген өпке-назын, оған тек материалдық жағдайын

жасаушы ретінде қараған жақындарынан көрген зәбірін, яғни ішкі жан жарасымен қоса, сыртқы жәндік күйіндегі қанаттарының сынуы, яғни әкесінің сындыруы сияқты динамикалық өздерістер шығармада іс-әрекеттермен көркем суреттелген. Шығарма соңында негізгі қаһарман жәндік күйіне көндігіп дүниеден өтеді.

А. Кемелбаеваның Қоңыр қазының басындағы жағдай басқаша, ол адами өмірден гөрі құстардың тіршілігіне құмар. Бұл жерде автор мифологиялық сана негізінде «адам құстан жаратылған» деген ұғымымен сабақтастырады. Кейіпкер өзін сыртқы ортадан оқшау ұстап, алғашында құстардың мүсінін ермек үшін жинаған қыздың кейіннен бойына қанат бітуі, көлдегі құстарды қызықтап, құстың суретін салып, ұшуды армандауы. Шығарма соңында оның арманы орындалып, кейіпкер қаздармен ұшып кетуімен аяқталады. Қос шығарма соңында да екі кейіпкер өздерінің сол күйлеріне көндігеді.

Психологизмге құрылған қазақ және шетел әдебиетіндегі бірқатар айырмашылықтар, ұлттық менталитетке, қасиетке сай ерекшеліктер де кездеседі. Мәселен, қазақи болмысымызда «Жұмақтың кілті ананың табанының астында», «Ана қырық шырақты», «Ана – барлық көркемділіктің үлгісі» сияқты нақыл сөздерден қазақ үшін ананың, қыз баланың орны, қадірі ерекше. Себебі, қазақ қызының, қазақ әйелінің басты міндеті ана болу, яғни қазақ әйелінің бойында аналық махаббат, аналық мейірім, аналық қамқорлық деген қасиеттер басты орында. Бұл қасиет Қоңыр қаздың анасына да тән. Қоғамнан оқшауланған қызының жағдайы анасының жанына қатты батады, перзентінің осындай күйге түсуіне өзін кінәлі санайды. Жаны нәзік, болмысы ерекше қыздың жанын түсінетін тек анасы, қамқоршысы да, демеушісі де осы анасы. Бұл қазақи түсінікке қонымды, қалыпты жағдай. Ал, Кафканың шығармасындағы ана бейнесі мүлде кереғар. Себебі, шығармада жәндікке айналған ұлын көргендегі анасының алғашқы ойы «Ендігі материалдық жағдайлары не болмақ?». Бұрын отбасының жалғыз асыраушысы болған Грегор ендігі жәндік кейпіне түскенде отбасы одан теріс айналаады, олардың бар ойы ендігі күндері не болмақ, мұндай масқараны елден жасыру, соңғы ойлары одан құтылу, яғни өзегін жарып шыққан жан баласынан құтылу. Шығармадан Батыс елдеріне тән отбасылық құндылықтардың жоғалуы, ананың балаға деген мейірімінен айырылуы, асқар тау әкесінің баласына деген өшпенділігі, адамның адами болмысының, рухани асыл қасиеттердің құлқынның құлына айналуы шығармада айқын көрінеді. Автор осындай жалпы ұлттың басына түскен ауыр халді «кішкентай адам» – Грегордың бейнесі арқылы шебер жеткізген.

Екі шығармада да автор басты кейіпкерлерінің жан арпалысы мен күйзелістерін, психологиялық параллелизммен сыртқы жарасы мен жан жарасын қатар қою сияқты түрлі көркемдеу тәсілдерін пайдалану арқылы



өздерінің авторлық стильдерін, шеберліктерін танытқан сәтті шығармалар тудырған.

Қазақ және шетел әдебиеті тарихында психологизмге құрылған сюжеті, идеясы ұқсас туындылар жетерлік, реализм, натурализм, модернизм, постмодернизм бағыттарында жазылған мұндай шығармалардың түрі, көркемдеу құралдарын пайдалану жағынан ұқсастықтары бар болғанымен, көп ретте қаламгерлер ұлттық болмысты, ұлттық қасиет пен құндылықтарды, ұлттық мифологиялық танымды негізге алады. Бұл – заңды құбылыс.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Кезінде әлем әдебиетімен сусындап, формасы батыстыкі болса да, ішкі мазмұны қазақи болмысқа сай жасалған Абай дәстүрі бүгінгі күнде де жалғасын табуда. Бүгінгі жаһандану заманында посмодернизм ағымы қазақ әдебиетіне кең құлаш жайған кезде қаламгерлеріміз өз шеберліктерін шыңдауда көп ізденіп, төл әдебиетімізді заман талабына сай жаңаша түрлермен толықтырып, байытуда.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Ж. М. Искакова, Л. М. Демесинова*

**Характер развития психологизма в казахской и зарубежной литературе**

Университет «Туран-Астана», г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*Zh. M. Iskakova, L. M. Demesinova*

**The nature of psychology in the Kazakh and foreign literature**

University «Turan-Astana», Astana.  
Material received on 01.02.17.

*В статье авторы рассматривают форму развития психологизма в казахской и зарубежной литературе. Сделан сравнительный анализ художественного произведения.*

*The authors consider a form of psychology in the Kazakh and foreign literature. The authors make a comparative analysis of literary work.*

УДК 81'37; 003; 81'22

**Гж. А. Кажигалиева<sup>1</sup>, А. Т. Оналбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.филол.н., и.о. ассоц. профессора; <sup>2</sup>д.ф.н., и.о. профессора, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы  
e-mail: <sup>1</sup>gulnaiman@mail.ru; <sup>2</sup>a.onalbaeva@mail.ru

## ОКСЮМОРОНЫ КАК КОНТЕКСТУАЛЬНО ЭМОТИВНЫЕ ЕДИНИЦЫ

*В статье рассматривается эмотивность семантической структуры оксюморонов. Анализируются функции оксюморонов, реализация эмоционального потенциала в художественном тексте. На основе исследования произведений русских поэтов-классиков эмотивность оксюморонов определяется авторами статьи как отрицательная, выражающая грусть, тоску, разочарование и презрение. Функционирование логически парадоксальных номинативных единиц усиливает эмоциональность художественной речи, способствует раскрытию единства противоположностей. Оксюмороны позволяют передать сложность мироощущения и эмоционального состояния лирического героя. Они играют ключевую роль в создании эмотивного пространства текста.*

*Ключевые слова: эмотивность, оксюмороны, текст, номинативные единицы, речь.*

#### ВВЕДЕНИЕ

Эмоциональная сторона языка является сложной и в то же время наиболее важной лингвистической проблемой. В семантике слов могут быть отражены различные эмоциональные состояния человека, особенности его мировосприятия.

В последнее время учеными активно разрабатываются вопросы эмотивной номинации.

Данный процесс, определяемый В. И. Шаховским как языковое экспрессивно-эмоционально-оценочное обозначение явлений окружающей действительности [1, с. 113-114], находит свое необычное воплощение в антонимических языковых единицах. Наиболее ярким примером являются оксюмороны.

В традиционном понимании оксюмороны – это стилистическая фигура, состоящая в соединении двух антонимических понятий, двух слов, противоречащих друг другу по значению [2].

Оксюморон рассматривается также как одна из разновидностей номинативного аналитизма, «одно из возможных средств восполнения словарной недостаточности» [3, с. 6].

Подобные сочетания слов называют сложным, противоречивым, не всегда доступным однословному обозначению денотат, например, *беззвучный крик*.

Выделяют несколько основных моделей оксюморонных словосочетаний:

1) модель подчинительного словосочетания бинарного типа (*сладчайший недуг*);

2) модели синтаксической формы. В основном это производные морфологического способа деривации (*не-гулянье, надменно-нежный*);

3) дистрибутивно-контекстуальные модификации оксюморона, например: *Солоно – солоно сердцу досталась Сладкая – сладкая Ваша улыбка*), а также оксюморон – текст [3].

Любая эмотивная модель содержит обязательный эмотивный компонент, при этом, как правило, смысловое содержание подавляется эмоциональным. При этом цель употребления оксюморонов может быть различной:

1) выражение сложной гаммы чувств поэта:

*– Но отгадать не мог я тоже,  
Что всех моих надежд и мук и слез  
Веселый миг тебе дороже!*

*Будь счастлива несчастием моим (М. Лермонтов).*

2) эмоциональная характеристика описываемого явления:

*– Как я хотел себя уверить,  
Что не люблю ее, хотел*

***Неизмеримое измерить,***

*Любви безбрежной дать предел (М. Лермонтов);*

*– И человек отчаянно тоскует...*

*Он к свету рвется из ночной тени  
И, свет обретши, ропщет и бунтует.*

*Безверием палим и иссушен,*

***Невыносимое он днесь выносит...*** (Ф. Тютчев)

*– Как часто красота уродна*

*И есть в уродстве красота...*

*Как часто низость благородна*

*И злы невинные уста (И. Северянин).*

3) использование как средства выразительности, позволяющего более ярко и эмоционально отразить отношение автора к предмету:

*– Люблю я пышное природы увяданье (А. Пушкин);*

*– Пришла пора всезнающих невежд (Высоцкий).*

Кроме того, приведенные выше примеры показывают, что оксюмороны более точно передают смысл описываемого. О чем свидетельствует, например, оксюморон В. Высоцкого *пора всезнающих невежд*. Данное выражение выполняет как номинативную, так и эмоционально-экспрессивную функции, так как позволяет поэту описать свое время и людей и выразить отношение к ним. Оксюморон отражает сложную гамму чувств, в нем звучат горечь, негодование и презрение.

Несмотря на логическую парадоксальность, многие оксюмороны стали традиционными, фразеологизированными. К ним относятся такие словосочетания, как *белые ночи, радостные слезы (слезы радости), кисло-сладкий, горькая улыбка, смех сквозь слезы, жгучий холод, добровольно-принудительный*.

В поэзии создаются условия для более полного раскрытия эмотивно-экспрессивного и стилистического потенциала оксюморонов.

Двойственность и противопоставленность, лежащие в основе оксюморонов, – основа жизни. Добро и зло, свет и тьма, небо и земля – объединенные контрастные понятия в поэтическом контексте составляют одно целое. Оксюморон позволяет усилить эмоциональность художественной речи, раскрыть единство противоположностей.

*– Пусть не сладилась, пусть не сбылась*

*Эти помыслы розовых дней.*

*Но коль черти в душе гнездились –*

*Значит, ангелы жили в ней (М. Лермонтов).*

*– Лишь в человеке встретиться могло*

***Священное с порочным. Все его***

*Мученья происходят от того... (М. Лермонтов)*

Чаще всего эмотивность оксюморонов строится на противопоставлении эмоциональных лексем: *грустная радость, тоска веселая, полюбить тоску*.

*– Кого позвать мне?*

*С кем мне поделиться*

***Той грустной радостью,***

*Что я остался жив? (С. Есенин)*

*– Звени, звени, золотая Русь,*

*Волнуйся, неумный ветер!*

*Блажен, – кто радостью отметил*

*Твою пастушескую грусть (С. Есенин).*

*– Я выдумал ее – и всё ж она виденье,*

*Я не люблю ее – и мне она близка,*

*Недоумелая, мое недоуменье,*

*Всегда веселая, она моя тоска (И. Анненский).*

– *И сердце то уже не отзовется*  
*На голос мой, ликуя и скорбя.*  
*Все кончено... И песнь моя несется*  
*В пустую ночь, где больше нет тебя (А. Ахматова).*  
 – *Все очнется в памяти невольно,*  
*Отзовется в сердце и в крови.*  
*Станет как-то радостно и больно,*  
*Будто кто-то шепчет о любви (С. Есенин).*

При этом большинство оксюморонов имеют отрицательную эмотивность и выражают грусть, тоску, разочарование, презрение. Так, чувство разочарования в возлюбленной М. Лермонтов передает, прибегая к оксюморону-предложению: *Будь счастлива несчастьем моим.*

– Но отгадать не мог я тоже,  
 Что всех моих надежд и мук и слез  
 Веселый миг тебе дороже!  
 Будь счастлива несчастьем моим (М. Лермонтов).

В стихотворении А. Ахматовой «Я пью за разоренный дом» оксюморон *одиночество вдвоем* также позволяет усилить отрицательную эмотивность стихотворения:

*Я пью за разоренный дом,*  
*За злую жизнь мою,*  
*За одиночество вдвоем...*

Поэтический образ может быть создан также с помощью своеобразной последовательности оксюморонов. Так, отрицательный портрет знати, толпы у М. Лермонтова представлен следующей цепью оксюморонов:

– *Что ж ты видел там худого?*  
 – *Кучу каменных сердец:*  
*Деве смех тоска милого,*  
*Для детей тиран отец.*  
*Девы мукой слез правдивых*  
*Веселятся как игрой...*

Данный стилистический прием мастерски применяется и в поэзии М. Цветаевой. Оксюмороны позволяют ей передать сложность мироощущения и эмоционального состояния лирического героя:

Мой день беспутен и нелеп:  
*У нищего прошу на хлеб,*  
*Богатому даю на бедность,*  
*В иголку продеваю луч,*  
*Грабителю вручаю ключ,*  
*Белилами румяню бледность...* (М. Цветаева)

4 оксюморона создают образ необычного, своеобразного человека, жизнь которого не укладывается в традиционные, принятые рамки.

Несколько оксюморонов, содержащих отрицание и противопоставленную эмотивную лексику, выполняют основную авторскую установку в передаче эмоциональной политональности произведения З. Гиппиус «Серенада»:

*Из лунного тумана / Рождаются мечты.*  
*Пускай, моя Светлана, / Меня не любишь ты.*  
*Пусть будет робкий лепет / Неуловимо тих,*  
*Пусть тайным будет трепет / Незвучных струн моих.*  
*Награды не желая, / Душа моя горит.*  
*Мой голос, дорогая, / К тебе не долетит.*  
*Я счастье ненавижу, / Я радость не терплю.*  
*О, пусть тебя не вижу, / Тем глубже я люблю.*  
*Да будет то, что будет, / Светла печаль моя.*  
*С тобой нас Бог рассудит – / И к Богу ближе я.*  
*Ищу мою отраду / В себе – люблю тебя.*  
*И эту серенаду (З. Гиппиус).*

Поэзия демонстрирует также примеры однородных оксюморонов, представляющих модели синтаксической формы, например:

*Когда бы ты знала, каким сиротливым,*  
*Томительно-сладким, безумно-счастливым*  
*Я горем в душе опьянен...* (А. Фет)

В данном стихотворении можно выделить сложный оксюморон *томительно-сладким, безумно-счастливым горем опьянен*, который состоит из двух частей: 1) *томительно-сладкое, безумно-счастливое горе*; 2) *горем опьянен*. Если в первом компоненте эксплицитный оксюморон, во втором – имплицитный, так как требуется анализ семантической структуры и лексической сочетаемости слова *опьянен*. Оно имеет положительную эмотивность и предполагает сочетание со словами *любовью, надеждой* и т.д.

Не менее эмоциональными являются оксюмороны, имеющие переносный, метафорический характер, например:

– *И стоит береза*  
*В сонной тишине,*  
*И горят снежинки*  
*В золотом огне (С. Есенин).*  
 – *И вокруг тебя запела тишина*  
*И чистым солнцем сумрак озарился,*  
*И мир на миг один преобразился,*  
*И странно изменился вкус вина (А. Ахматова)*

Эмотивность и метафоричность оксюморонов наделяют их силой воздействия на читателя, вследствие чего можно говорить об их ключевой функции в создании эмотивного пространства текста. Так, в стихотворении А. Блока «Россия» оксюморон **невозможное возможно** емко и метафорически выразительно отражает любовь поэта к родине, надежду на ее лучшее будущее:

*Опять, как в годы золотые, / Три стертых треплются шлеи,  
И вязнут спицы росписные / В расхлябанные колеи...  
Россия, нищая Россия, / Мне избы серые твои,  
Spelling practice is also distinctive. In English, US spelling is more common than British, partly for historical reasons (the origins of the Internet), and partly for reasons of economy, most US spellings being a character shorter than British ones (*color vs colour, fetus vs foetus, etc.*). New spelling conventions have emerged, such as the replacement of plural *-s* by *-z* to refer to pirated versions of software, as in *warez, tunez, gamez, serialz, pornz, downloadz, and filez*. Non-standard spelling, heavily penalized in traditional writing (at least, since the eighteenth century), is used without sanction in conversational settings. Spelling errors in an e-mail would not be assumed to be an indication of lack of education (though they may be) but purely a function of typing inaccuracy. Chatgroups and virtual worlds also make a great deal of use of non-standard spellings which reflect pronunciation, such as *yep, yup, yay, nope, noooo*, for *yes* and *no*, or such forms as *kay* and *sokay* (“It’s OK”). Emotional expressions of horror, shock, and the like make use of varying numbers of vowels and consonants, depending on the ferocity of the emotion: *aaaiieee, yayyyyyyy*. Some deviant spellings have become so widely used as to be virtually standard in this variety, such as *phreak, phreaker, phreaking* for *freak* (etc.). Some are still restricted to certain groups of users, such as the *-y-* spelling (from *byte*) introduced into certain expressions for bit blocks of different sizes: *tayste* or *tydbit* (2 bits), *nybble* (4 bits), *playte* (16 bits), and *dynner* (32 bits). The dollar sign sometimes replaces S, if some sort of dig is being made about costs, as in *MicroS/oft*, and a £ sign can replace L, as in *AO£*. Teenage users, in particular, have introduced several deviant spellings, such as *kool* (cool) and *fone* (phone), and the replacement of a lower-case o by a zero, as in *d00dz* (dudes), or percentage sign, as in *c%*. Among this group of users, the k is often used as an emphatic prefix, producing such forms as *k-kool, k-awesome, and k-k-allright*. The extent to which deviant spellings and esoteric neologisms can be used to produce a cool jargon has been dubbed *leeguage* by some [3, 160].

Punctuation tends to be minimalist in most situations, and completely absent in some e-mails and chat exchanges. It is an important area, for it is the chief means a language has for bringing writing into direct contact with (the prosody and paralanguage of) speech, as well as conveying a great deal of information about grammatical construction.

A lot depends on personality: some e-mailers are scrupulous about maintaining a traditional punctuation; others use it when they have to, to avoid ambiguity; and some do not use it at all, either as a consequence of typing speed, or through not realizing that ambiguity can be one of the consequences. On the other hand, there is an increased use of symbols not normally part of the traditional punctuation system, such as the #. Unusual combinations of punctuation marks can occur, such as (to express pause) ellipsis dots (...) in any number, repeated hyphens (---), or the repeated use of commas (,,,) . Emphasis and attitude can result in exaggerated or random use of punctuation, such as !!!!! or .S/.S/%!. Some odd combinations of punctuation marks can appear at the end of a sentence: *Is this true of Yahoo!?* (where the exclamation mark is part of the name). All of these may of course also be found in traditional informal writing [5, 360].

Rather different are the symbols borrowed from programming languages, which appear in hacker-influenced interactions, such as an initial exclamation mark to express negation (*!interesting = not interesting*) or an arrow to express location (*dc ← holyhead = ‘dc lives in holyhead’*). And new combinations of punctuation marks can be given fresh values, as in the case of smileys.

Underbars are usually used to express underlining, as in the name of a text, though other pairs of marks will be seen.

Example 4 – Usage of underbars:

*I’ve been reading Hamlet*

*I’ve been reading #Hamlet#*

*I’ve been reading =Hamlet=*

*I’ve been reading \Hamlet/*

A potential contrastivity seems to be emerging, in the use of some pairs, notably the scope of emphasis indicated by the asterisk. The following two sentences convey rather different effects:

*This is a \*very\* important point*

*This is a \*very \* \* important \*\* point.\**

The most general features of Netspeak distinctiveness are currently found chiefly in graphology and the lexicon – the levels of language where it is relatively easy to introduce innovation and deviation. As with language change in general, grammatical variation is less frequent or widespread. When it does occur it tends to be restricted to a particular situation or group of users. For example, the phenomenon of *verb reduplication* occurs in some chatgroups, and occasionally elsewhere, but as yet is not a universally encountered feature. A verb (from a fairly small set) is used twice in immediate succession to express a range of functions, such as an expression of pleasure or pain, as a sarcastic or exasperated reaction, or simply as a turn-taking marker, showing that an utterance is ended.



Example 5 – Usage of verb:

*How about that! Win, win. ['the program has performed successfully']*

*I deleted your message. Lose, lose! ['I'm stupid']*

*What you do that for? Barf, barf. ['I'm disgusted']*

### CONCLUSION

There are many linguistic features which people consider to be part of Netspeak. In some cases, the features are genuinely present, encountered on most online visits. In others, they are assumed to be present, though in fact the assumptions made are often wide of the mark. And in yet others, people want them to be present, on the basis of a private belief about the way Internet language should develop.

On the other hand, the differing expectations, interests, and abilities of users, the rapid changes in computer technology and availability, and the rate at which language change seems to be taking place across the Internet (much faster than at any previous time in linguistic history) means that it is difficult to be definitive about the variety's characteristics. Doubtless some of the linguistic features described above will still be contributing to Netspeak's identity in fifty years' time; others may not last another year. These are the influences which require guidebooks, such as *Wired Style*, to have frequent new editions, if they are to reflect the real cyberworld. At the same time, some features seem not to be changing, or are changing only slowly. It is a complex and mixed-message scenario, which can really only be understood by a detailed consideration of the individual Internet situations.

### REFERENCES

- 1 **Baron, Naomi.** *Always On.* – Oxford University Press, 2008. – P. 124.
- 2 **Philipkoski, Kristen.** *The Web Not the Death of Language.* – *Wired News*, 2005. – P. 56.
- 3 **Crystal, David.** *The Language and the Internet.* – Cambridge University Press, 2006. – P. 142-179.
- 4 **Guarda, M.** Computer-mediated-communication and foreign language education. // *Journal of e-Learning and Knowledge Society.* – 8(3). – 2012. – P. 15-27.
- 5 **Gernsbacher, M. A.** Internet-Based Communication // *Discourse Process-es.* – 51 (5/6). – 2014. – P. 359-373.

Material received on 01.02.17.

*А. К. Каирбаева, Б. К. Жумабекова*

**Netspeak – Интернет тілі**

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*А. К. Каирбаева, Б. К. Жумабекова*

**Netspeak – язык интернета**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*Мақала электронды қарым-қатынас түрі Интернет ғаламдық жүйесі мәселесіне арналады. Қазіргі қоғамда әлеумет пен оның барлық салаларына енген жаңа диалог және қарым-қатынас формалары, интернет-коммуникация түсінігі, оның қызметі, ерекшелігі және түрлері анықталады. Интернет – қарым-қатынас жүргізу жолы мен оның тілдік ерекшелігіне анықтама беріліп, қарастырылады. Желілік моделі арқылы дамиды XXI ғасырдың коммуникациясы электронды түрінде, синергетикалы, диалогті және коммуникативті аспектісіне сәйкес, ең негізгі ерекшелігі – өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіншілігі және әрдайым ашық диалог жүргізу болып табылады.*

*Статья посвящена вопросам глобальной системы Интернет как вида электронной коммуникации, определению общего понятия интернет-коммуникации, ее функций, особенностей и видов в современном обществе, которые вносят новые формы диалога и общения в социум и все его сферы. Рассматриваются и даются определения способам Интернет-общения и его лингвистическим особенностям. Электронным видам коммуникации в XXI веке, развивающимся по сетевой модели, свойственны синергетические, диалогические и коммуникативные аспекты, главным достоинством которых является открытость для диалога и возможность самоорганизации.*



**Д. Е. Капанова<sup>1</sup>, С. К. Рустемова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор м.о., шет тілдер кафедрасы; <sup>2</sup>аға оқытушысы, шет тілдер кафедрасы, С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

e-mail: <sup>1</sup>damelia07@mail.ru

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ОНОМАСТИКА ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ**

*Алдарыңызда ұсынылып отырған мақалада көркем шығармадағы ономастика мәселері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: антропонимика, жалқы есімдер, кісі есімдері, бейресми есімдер, көркем шығарма, әдеби ономастика.*

### КІРІСПЕ

Ғасырлар тоғысындағы жаһандану дүние жүзі халықтарын ортақ жүйе, ортақ модельге тоғыстыру үрдісі қазіргі заманда өмір сүріп отырған әр этностың ұлттық мәдениеті мен тілдік ерекшеліктерін сақтап қалу мәселесін тудырып отыр. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа тең құқылы ел болып енуі – әлем жұртшылығының өзіміздің ұлттық тіліміз, тарихымыз бен мәдениетіміз бар екенін мойындағанының айғағы. Бұл – ұлттық мәдениетіміз бен тілімізді жан-жақты зерттеп, өшкенін жандандырып, дамытып келесі ұрпаққа табыстау, рухани қазынамызбен дүние жүзі халықтарын таныстыруды міндеттейтіні де белгілі. Тіл арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады. Бұл туралы белгілі ғалым, академик Ә. Қайдаров: «Әрбір халықтың тілі тек қатынас құралы ғана емес сонымен қатар, рухани болмысы мен мәдени байлығының күзгері барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, отыратын қасиеті бар» деп тілге анықтама берген [1, 34 б.].

Антропонимика – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра болып табылады. Антропонимдердің жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын, материалдық, рухани және мәдени өмірінің түрлі құбылыстарын көрсете алады.

Жалқы есімдер тарихи қалыптасқан тілдік бірлік бола отырып, жалпы есім сөз сияқты өзіндік уәжділігі бар және сол уәжділік қолданыс барысында қалыптасып бекіген тілдік бірлік. Жалпылай алар болсақ, объективті шындықты бейнелейтін, объективті өмірдегі заттардың атауын білдіретін

лексикалық мағынасы бар тілдік бірлік. Демек, антропонимдер адамның объективті не субъективті шындыққа деген көзқарасының тілдегі көрінісі.

Антропонимдердің тілдік аспектісі оны ұлттық белгі ретінде айқындайды. Антропоним бір тілге қатыстылығы тұрғысынан ғана қарастырылмай, сонымен қатар, оның шығу тарихы, қолданылу аумағы, сол есімді қолданған халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, тарихы мен әлеуметтік жағдайы жайлы көптеген маңызды мағлұмат беретін тілдік бірлік ретінде қарастырылады.

«Есімдер мен атаулар – әр дәуірдің ескерткіші, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды шежіре, ұлттық ерекшелігімізді әйгілей түскен тарих айнасы» [2, 105 б.]. Осы және де басқа себептерге байланысты жалқы есімдерді зерттеу жалпы алғанда тарих үшін оның ішінде тіл тарихы үшін өте маңызды. Ономастика ғылымының зерттеу нәтижелері тіл білімі тарихы үшін, халықтың тарихы үшін, диалектология, этнография, археология, география, философия ғылымдары үшін құнды да маңызды дереккөз болып табылады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ономастика – тіл білімінде әлі де зерттеуді қажет ететін салалардың бірі. Ономастиканы зерттеуші ғалымдардың көпшілігі бұл саланы зерттеудің соңғы кездері қолға алына бастағанын айтады. Нақты деректер келтірер болсақ, А. В. Суперанскаяның «Общая теория имени собственного» еңбегінде ономастика саласының тек ХХ ғасырдың 50 жылдарының соңы мен 60 жылдарының басында ғана сан мен сапа жағынан өте қарқынды түрде дамығандығы, библиографтардың санағы бойынша 1918-1962 жылдар аралығында Кеңес дәуірінде ономастика бойынша барлық тілде 800-дей жұмыс болғаны, ал 1962-1975 жылдар аралығында 4515 жұмыстың жарыққа шыққандығы туралы айтылады [3, 27 б.]. Сонымен қатар осындай қарқынды даму нәтижесінде ономастиканың топонимика мен антропонимика салалары жеке ғылым ретінде ерекшеленгендігі сөз болады [3, 41 б.].

Антропонимика – ономастиканың кісі аттарын зерттейтін негізгі бөлімі болып есептеледі. Антропонимиканың негізгі қарастыратын мәселелері антропонимдердің шығу тегі, даму заңдылығы, лоардың құрылымы, жүйесі және басқа тілдердің антропонимдерге тигізетін әсері болып табылады. Бұл мәселелердің барлығы да қазірде өз шешімін тауып зерттеліп келеді:

- 1 Антропонимиканың теориялық негіздері;
- 2 Антропонимиканың этнолингвистика тұрғысынан қарастырылуы;
- 3 Диалектілік негізінде зерттелуі;
- 4 Антропонимдердің тарихы мен этимологиясының мәселелері.

Қазақ антропонимдерін қарастырған Т. Ж. Жанұзақовтың «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер», «Қазақ есімдерінің тарихы», «Есімдер сыры»,

«Основные проблемы ономастики казахского языка», «Очерки казахской ономастики» еңбектерінде қазақ есімдерінің даму тарихы, құрылымдық сипаты, дұрыс жазылу ережелері, этимологиясы, хронологиялық және лексика-семантикалық жіктеулер жайында сөз болады.

Алғашқы кезеңде әр ұлттың өз тіліндегі кісі есімдерінің негізін айқындау, саралау бағыты тұрғаны рас. Осы сала бойынша еңбек етіп жүрген тілші ғалымдардың әр жылдарда жарық көрген монографиялары мен антропонимикалық сөздіктері – осының айғағы. Дегенмен, осы еңбектердің барлығында да антропонимдер аталған мәселелер төңірегінде жалпы түрде қарастырылған.

Барлық тілдердегі сөздер үлкен екі топқа бөлінеді. Олар – жалпы және жалқы есім сөздер. Жалқы есімдер тілдегі жалпы есімдердей құрылысы мен қолданылу жүйесіне және мағыналық ерекшелігіне қарай әр түрлі болады. Жалқы есімдердің (ономастиканың) бір саласы – антропонимика. Антропонимия (гректің *anthropos* «кісі» және *onoma* «ат», «есім» деген сөзі) деп бір тілдегі кісі есімдерінің жиынтығын атайды.

Антропонимдер адамзат қоғамында маңызы зор, үлкен роль атқарады. Антропонимика ономастиканың кісі аттарын зерттейтін негізгі бөлімі болып есептеледі. Ал антропоним, антропонимия терминдері тілдегі кісі аттары туралы мәліметтер деген ұғымды білдіреді.

Антропонимиканың өзіндік зерттелу тарихы, ғылым ретінде даму жолы, негізі бар.

Қазақ есімдері туралы мақалалар XIX ғасырдың екінші жартысынан шыға бастады. Ондай алғашқы мақалаларға А. Е. Алекторовтың, А. Диваевтың мақалалары жатады. Бұл мақалалардың екеуі де көлемі жағынан тым шағын, пікірлері де жұтаң. Алайда алғашқы бастама ретінде олардың маңызы зор, аса жоғары бағаланады. Батыс қазақтардың этнографиясын зерттеген ғалымдар Р. Краутц, Р. Н. Харузин еңбектерінен де кісі аттарына байланысты мәліметтерді кездестіруге болады. Қазақ есімдері туралы кейбір пікірлер, азды-кем этимологиялық талдаулар В. В. Бартольд, Ш. Ш. Уәлиханов, В. И. Даль, Н. Ильминский, А. И. Самойлович еңбектерінде де кездесіп отырады. Бірақ бұл кезде антропонимиканы жеке-жеке ғылым саласы ретінде зерттеу, жолға қою жұмысы қолға алынбаған еді. Қазақ антропонимикасы Кеңестік дәуірде, қазақ тіл білімінің қауырт дамуымен байланысты ұдайы зерттеліп келеді.

Белгілі ғалым Қ. Жұбанов «Қазақ сөйлеміндегі сөз тәртібінің тарихынан» атты еңбегінде біріккен тұлғалы кісі есімдерінің синтаксистік құрылымына ерекше назар аударып, жан-жақты талдау жасайды. Зерттеуші біріккен тұлғалы кісі аттары компоненттерінің орын тәртібін, синтаксистік құрылысын тексере отырып, олардың тілдік грамматикалық құрылысының

даму жайын, өзгеру сатысын, сонымен қатар бұл жөнінде бірден-бір құнды мәлімет болатындығын көрсеткен. Тіліміздегі Қойлыбай, Малдыбай тәрізді есімдер мен Жылқыбай, Сиырбай, Түйебай секілді есімдердің мағыналық әрі құрылымдық жағынан бірдей еместігін аса көрегендікпен байқаған. Мұндағы лингвистикалық заңдылықтың сөз тәртібіне, олардың орналасу принципіне сай болатыны еңбекте терең талданған.

Ғалымның бұл еңбегі қазақ антропонимика тарихында мәні зор тұңғыш еңбек санатына қосылады. Кісі аттары мен фамилиялары туралы алғашқы мақалалардың бірі – І. Кеңесбаевтың қаламынан туған мақаласы. Бұл мақалада қазақ есімдерінің дара, біріккен тұлғалары, араб-парсы тілдерінен енгендер, фамилиялардың қосымшалары және олардың жазылуы мен орфографиясы сөз болады. Кісі аттарының сөздік қорға тәндігі, жеке зерттеу нысаны болатыны және оларды шығу, қойылу ретіне қарай топтастыру, жіктеу мәселелері С. Аманжолов мақаласында қарастырылған. Көне түркі есімдері жөнінде Ғ. Мұсабаев пен Ғ. Айдаров өз еңбектерінде көптеген мәліметтер берген [4, 25 б.] Тілдегі сөздер мен кісі аттарының жасалу заңдылықтарындағы ұқсастық, ондағы кішірейткіш, еркелеткіш, ұлғайтқыш жұрнақтардың қызметі, өзіндік ерекшелік сипаттары бар. Тілдегі осы өзекті мәселеге зерттеуші ғалым Ғ. Мұсабаевтың «Қазақ тіліндегі кейбір кішірейткіш жұрнақтар» атты мақаласы арналған. Автор кісі есімдеріндегі еркелеткіш *-и*, *-қан*, *-жан*, *-тай* тәрізді жұрнақтардың семантикасы мен функциясын саралайды [5, 17 б.].

Кішірейткіш, сыйлау, құрметтеу қосымшаларының кісі аттарын өзгертіп, түрлендірудегі қызметі тым ерекше. Бұл тілде жиі қолданылатын өнімді қосымшалар. Жалқы және жалпы есімдердің байланысы, бір-бірінен ерекшелігі және емле, жазу, орфография мәселелері жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен мектеп грамматикаларында үнемі айтылып келеді.

Қазақ есімдерін зерттеуде Т. Жанұзақовтың еңбектері елеулі орын алады. Ғалым қазақ есімдерінің жасалу жолдарына, құрылымдық сипатына, шығу тегіне талдау жасаған.

Кісі есімдерінің өзіне тән жалпы белгілері болады.

Біріншіден, кісі есімдерінің барлық түрлері ортақ белгімен, яғни адамдарды атау қабілетімен біріктірілген. Олардың ішінде жеке есім денотаттың жекелік мәнінің жоғарғы деңгейіне ие, яғни әрбір адамның өзінің жеке аты болады да, ал антропонимдердің басқа түрлері (қосалқы, лақап, бүркеншік, фамилиялар мен әке аттары, т. б.) қосымша болып, олар халықтың тарихи-мәдени салт-дәстүрлерімен ара-қатынаста болады. Сонымен қатар, жеке атауларды адамдар өз еркінше таңдап қояды, ал фамилия мен әке аты туыстық байланыстарға қатысты қойылады, лақап ат пен бүркеншік аттар, т.б. негізгі есімдер қатарына жатпайды, олар қосымша есімдер қатарына енеді. Себебі барлық адамда лақап ат немесе бүркеншік аттары бола бермейді.

Лақап немесе мазақ аттар адамға басқа адамдар арқылы (көбінесе құрбы-құрдастары атайды) берілсе, бүркеншік есімдерді белгілі бір себептерге қатысты адамның өзі таңдап алады. Көп жағдайда бүркеншік аттар нағыз есімдер орнына қолданылады да, сол тұлға бүркеншік атпен елге танылады. Бұл кезде адамның жеке есімі екінші сатыға түсіп қалады. Мысалы: Максим Горький (А. М. Пешков), Марк Твен (Сэмюэл Клеменс), т.б.

Екіншіден, әр түрлі халықтардың антропонимдерінің дамуында бір атаулық антропонимдік жүйеден көп атаулыққа заңдылықты даму байқалады. Бір есімдік жүйе көне болып есептеледі.

Үшіншіден, әр түрлі халықтардың есім берудегі ресми формуласы – тарихи категория. Есімдерді қоюда қатаң тәртіп болмайды, себебі олар өзгеріш келеді әрі оның құрамындағы компоненттер де, олардың орналасу тәртібі де әр түрлі болады.

Төртіншіден, кісі есімдері ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды.

Бесіншіден, ұлттық кісі есімдерінің негізгі қорын көп жағдайда ана тілдің сөздері арқылы жасалған есімдер құрайды, кісі есімдері жүйесі жаңарған есімдермен және кірме есімдермен толықтырылып отырады.

Кісі есімдері жүйесінде ер адамдарға тән есімдер мен әйел адамдарға тән есімдер бөлінеді. Олар белгілі бір мағынаға ие болады.

Есімдер маңызды заңдық қызмет атқарады, яғни жеке тұлғаның қоғамдағы идентификациясын білдіреді.

Кісі есімдері, көбінесе, жекеше түрде қолданылады. Кей жағдайда есімдерге көптік жалғауы жалғанады. Ол мынандай жағдайларда кездеседі. Біріншіден, отбасын немесе әулетті айтқанда отбасының фамилиясы көптік жалғауда келеді. Мысалы: Асановтар отбасы, Мұратовтар жанұясы немесе әулеті деп қолданылады. Екіншіден, көркем шығармаларда жинақтық бейне арқылы қалыптасып, ауызекі тілде де қолданылатын есімдер. Мысалы, «сараң» дегенді білдіретін Шықбермес Шығайбай есімін жинақтап қолданатын болса былай болады: Қазір Шықбермес Шығайбайлар көп-ақ. Бұл – жалпы сараң адамдарды жинақтайтын есім.

Есімдерге көптік жалғауы жалғанса, онда ол сол есімі аталған адамдардың көптігін емес, қасында басқа да адамдар бар екендігін білдіреді. Мысалы: Жанарлар келе жатыр. Бұл жерде көптік жалғау Жанардың көптігін емес, Жанардың бірнеше адамдармен бірігіп келе жатқандығын білдіреді.

Оныншы, көптеген ұлттық антропонимдік жүйеде жеке есімдер ресми және бейресми есімдерге бөлінеді.

Бейресми есімдер, өз кезегінде, былай жіктеледі:

1 Қысқа есімдер, бұған негіздің қысқарған формасы немесе екі негізді есімнің бір негізінің ғана қалуын білдіретін есімдер енеді. Мысалы: Еркежан – Ерке, Дәметкен – Дәмеш, Гүлнар – Гуля, т.б.

2 Кішірейту, еркелету мәнді есімдер, бұл есімдер арнайы кішірейту, еркелету мәнді жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: Әлия есімінен — Әлкен, Әлкеш, Әлкетай, Әлияжан; Бақытжаннан – Бақас; Шарбанудан – Шәкен; Еркеназдан – Еркеш т.б.

3 Қазақ есімдерінде үлкен кісілердің жасына, шеніне, әлеуметтік жағдайына қарай сыйлау, құрмет тұту мәнін үстейтін – еке жұрнағы қосылу арқылы сыйлау, құрметтеу есімдері жасалады. Мысалы: Қанышбекті Қаке, Ержанды Ереке деп, Манарбекті Мәке, Нартайды Нареке, Жақыпты Жәке, Сәлімді Сәке деп атайды.

Қазақтың антропонимдік жүйесінде тарихи тұрғыдан құрметтеу есімдері тек жасы бойынша үлкен кісілерге, әлеуметтік деңгейіне және гендерлік сипатына қатысты (бұл есім тек ер адамдарға ғана қатысты) қолданылады. Осылайша, әлеуметтік топ арасындағы сатылы шарттылық сақталған. Ал қазіргі кезде құрметтеу, сыйлау мәнін тудыратын арнайы жұрнақтар арқылы жасалған есімдер тілдік қарым-қатынас барысында әйел адамдарға да, жастар арасындағы құрбылар ішінде де қалжыңдау кезінде және т.с.с. жағдайларда қолданылуы мүмкін.

Көркем шығарманың сөздік құрамында ономастикалық сөздер ерекше орынға ие. Ол кез келген жазушы тілінде ерекше көзге түсетін, стилистикалық және семантикалық жағынан белгіленген экспрессивтік құрал, стильдің жарқын белгісі [6, 17].

Көркем шығарма мәтіні мен жазушы шығармашылығының «ономастикалық әлемін» құрайтын жалқы есімдер парадигматикалық және синтагматикалық даму тұрғысынан ғана маңызды мәтін құраушы қызмет атқармайды, сонымен қатар олар білдіретін эстетикалық нысандар автордың көркем ойлары мен дүниетанымын білдіруге, мәтіннің сөйлеу және әдеби композициялық дамуы мен құрылуына, көркем мәтіннің барлық категориялары мен қасиеттерін жүзеге асыруға қатысады. Бұл мәселелер мәтін лингвистикасы мен стилистикасына (лингвистикалық поэтикада) зерттелуі.

Көркем шығарма мәтініндегі ономастикалық әлемді, оның жазушы тіліндегі ономастикалық кеңістігін зерттеу, бейнелеу арқылы қазіргі ғылым индивидуалды ономастикалық жүйенің элементтерін жалпыхалықтық ұлттық тілдің ономастикалық жүйесі тұрғысынан функционалды – туынды және бөлшекті жүйе ретінде қарастырады.

Бұл жүйеге көркемдік бейнелеудің әдісі мен жанры, көркем шығарманың композициясы, тақырыбы мен идеясы, көркем шығармада сөз эстетиканың кең көлемдегі көрінісін мазмұндайтын индивидуалды-көркемдік сөз бен есімдік қолданыстардың барлық ерекшеліктері шешуші әсер тигізеді.

Әдеби ономастиканың пәнін құрайтын көркем шығармадағы жалқы есімдерді зерттеу ұзақ уақыт кездейсоқ сипатта болды. Еңбектерде кейіпкерді

сипаттайтын уәжді есімдер қарастырылды немесе жеке авторлардағы антропонимдер шығарма бойынша немесе шығармашылық кезеңдері (жанрлары) бойынша қарастырылды. Мысалы, В. Н. Михайловтың еңбектері тобы. Ол еңбектерін әр түрлі үлкен ономастикалық мәліметтердің «әдеби ономастикалық ерекшеліктерін» анықтау мақсатында жазған. Алайда автордың соңғы еңбегінде жаушы тілін талдаудың екі әр түрлі теориялық әдістері біріктірілген: көркем шығармадан жеке экспрессивтік есімдерді іздеу, осы материалдардың жалпы жүйелілігін мәлімдеу [7, 63-70 б.].

80-90 жылдарда әдеби ономастика бойынша бір жазушы шығармаларындағы (немесе бір туындыдағы) жалқы есімдердің жиынтығын суреттеуге немесе әр түрлі авторлық стилистикалық жүйесі материалдары негізінде жалқы есімдердің жеке қасиеттерін анықтауға арналған қызықты еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде алқы есімдердің парадигматикасы синтагматикаға қарағанда толығырақ қарастырылған. Бұған Одессаның ономастикалық мектебінің профессоры Ю. А. Карпенконың еңбектері жатады. И. И. Мечников атындағы Одесса мемлекеттік университетінде жазылып, «Орыс ономастикасы» (Одесса, 1984), «Орыс ономастикасының өзекті мәселелері» (Киев, 1988), «Тіл мен мәтіннің семантикасы» (Кировоград, 1988), т.б. жинақтарда жарияланған. Осы университетте осы мәселеге қатысты біраз кандидаттық диссертациялар қорғалған. Мысалы, Буштян Л. М. Ономастикалық коннотация (орыс кеңестік рәззия материалдары бойынша, 1983); Мурадян И. Е. А. С. Пушкиннің көркем прозасындағы тарихи тұлғалардың есімдері (1985); Тодорова Н. Ю. Марк Твеннің антропонимдері (1987); Мысалы С. Г. А. Блоктың ономастикасы (1988); Бакастова Т. В. Жалқы есімдердің көркем мәтінде семантизациялануы (1987).

Қазіргі әдеби ономастиканың дамуында оның жалпы мәтін стилистикасы мен лингвистикасының идеялары мен әдістерімен тоғысуы маңызды нәтиже беруде.

В. В. Виноградов көркем әдебиет туралы ілімін жасай отырып, өзінің «Стилистиканың міндеттері» атты еңбегінде былай деді: «Көркем әдебиетте есім, фамилия, лақап таңдау, олардың түрлі жанрлар мен стильдердегі құрылымдық ерекшеліктері, олардың бейнелік және сипаттамалық қызметтері туралы мәселелер аз ғана мысалдар арқылы шешілмейді. Бұл – көркем әдебиет стилистикасының өте үлкен әрі күрделі тақырыбы» [8, 37-38]. Расында да, бұл мәселелер – стилистика мен ономастиканың үлкен тақырыбы. Оның аз зерттелуі бұл екі ғылымның әлі жеткілікті дәрежеде тоғыспауынан, зерттеу нысандарының біріктірілмеуінен. Әдеби ономастика теориясы мен әдістемесі аз жасалған, әр түрлі жазушылар материалдары бойынша көркем мәтіннің парадигмалық және синтагматикалық барлық аспектілері толық ашылмаған.

Қазіргі кезде көркем шығарма мәтіндегі жалқы есімдерді жүйелік талдаудың аспектілерін, принциптерін оларды ажыратушы белгілер арқылы анықтауға болады.

- Жалқы есімдерді зерттеу нысаны бойынша: мәтіндік және мәтіннен тыс (әлеуметтік лингвистикалық, энциклопедиялық, тарихи, т.с.с.).
- Коннотацияның сипатына қатысты стильдік (ішкі) және жалпы тілдік (сыртқы) болып бөлінеді.
- Мәтіннен тыс ақпарат мазмұны бойынша: лингвистикалық (ономастикалық, коннотативтік) – экстралингвистикалық (энциклопедиялық, әлеуметтік, тарихи-мәдени, болмыстық және т.с.с.).
- Көркем шығарма мәтіннің семантикалық композиция деңгейлерінің қайсысына жататындығына қарай: ономастикалық – ономапоэтикалық.
- Көркем шығарма мәтіннің ономастикалық кеңістікті қамтуы бойынша: толық – әр түрлі (кездейсоқ).
- Көркем шығарма мәтіндегі жалқы есімдердің жүйелік байланыстарының типтеріне қарай (семантикалық композициялық әрбір деңгейі үшін): парадигматикалық-синтагматикалық.
- Жалқы есімдерді семантикалық-стилистикалық талдау аспектілері бойынша: құрылымдық-функционалдық.

Көркем шығарма тілін жүйелі кешенді тұрғыдан зерттеу орыс тіл білімінде 1920-30 жж. басталған, ал қазір жетекші орынға ие. Мұндай жүйелі тұрғыдан зерттеуде (Ю. Н. Тынянов, Б. А. Ларин, Л. В. Щерба, В. В. Винаградов, А. М. Пешковский және т.б.) әр түрлі құрылым мен деңгейдегі бірліктерге (сөз, сөз тіркесі, күрделі синтаксистік бүтіндік, сөз қолданудың әдістері, т.б.) функционалдық-семантикалық талдау жасау көркем мәтінді зерттеудің негізгі аспектісі саналады. Ал суреттеудің мақсаты – жазушы қолданысында, бейнеленген индивидуалды семантика-стилистикалық жүйені іздеу. Жалқы есімдерді қолдану (есім қолданысы) көркем шығарманың осы жалпы функционалды жүйесіне бағындырылған бөлігі болып табылады. Кез келген есім мәтін ішінде өзінше бөлек тұрмайды, ол жақын және жалпы контекспен тығыз байланысты болады.

Осылайша, көркем шығарма мәтінде жалқы есімдер шығарманың жалпы бейнелілігін жасауда белсенді қызмет атқара отырып, оның стилистикалық жүйесінің маңызды элементі саналады. Көркем шығарма мәтіні эстетикалық мағынаны ұйымдастырылған сөйлеу әдістерінің қызметі жағынан жабық жүйе болғандықтан, жалқы есімдер мәтінде оның индивидуалды-көркемдік семантикасын құратын көптеген ұғымдық байланыстарын, күрделі ассоциациялар мен коннотациялармен өсіп, толысады.

Парадигматикалық тұрғыдан жүйелік талдау мынадай мәселелерді қамтиды:



– мәтіндегі ономастикалық кеңістік құралдарын анықтау және жүйелеу;  
– жалқы есімдер құрамын ономастикалық және окказионалдық құрылымдарды қоса отырып, тақырыптың топтар мен бөлімдер бойынша типологиялық талдау жасау;

– көркем мәтіндегі бір денотатқа қатысты ономастикалық атаулардың барлық варианттары мен әдістерін есепке алу;

– жалқы есімдердің көркем мәтін тақырыбы мен оның тірек сөздерімен өзара байланысын зерттеу.

Жалқы есімдерді көркем мәтін сюжетінің дамуындағы, барлық деңгейдегі семантикалық композициясындағы, көркем мәтіннің мақсаттылығы мен байланыстылығындағы, оның ашық және жасырын мазмұнындағы қызметіне қарай жіктеу.

Ал синтагматикалық тұрғыдан зерттеуге жалқы есімдерді тізбекті қатарда – сөйлем, күрделі синтаксистік бүтіндік (абзац) және т.б. бөліктер көлемінде талдау жатады.

Бұл жағдайда мынандай мәселелер зерттеледі:

– жалқы есімдерді қолданудың барлық типтері (жеке және топтық, номинативтік-бейнелік, ауыспалы, перифразалық, жинақталған-символикалық және т.б.), олардың апеллятивтік және т.б. жалқы есімдермен байланысы, хабарлаудың микротақырыптармен байланысы.

Әр түрлі стилистикалық қызметтердің жүзеге асуы және т.б. контекске енгізу әдістері, сөйлеу композициясы шегінде әр түрлі көркем шығарма формаларында қолдану. Көркем шығарма мәтіндегі жалқы есімдер саны әр түрлі болып келуі мүмкін. Көркем шығармада кездесетін осы есімдер ономастикалық кеңістікті құрайды.

Көркем шығармадағы кісі есімі мәтіндегі көркем қызметін атқара отырып, үнемі коннотативтік мағынаға ие.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы қорытындылай келе көркем мәтіндегі жалқы есімдерді өзіндік белгілеріне қатысты бірнеше топқа бөлуге болады. Біріншіден, жалқы есімдердің заттық мағыналық ерекшеліктеріне қатысты бірнеше оппозициялық топтарға ажыратуға болады: антропонимдер – топонимдер; топонимдер – урбанимдер; антропонимдер – зоонимдер, ақиқат кісі есімдері – мифтік есімдер, хремотонимдер – тауар белгілері және т.с.с. олардың ішінде антропонимдер жеке есімдер мен фамилияларға, есім + фамилия мен лақап атқа, жеке есім мен әке атына және т.с.с. жіктеледі.

Бұл бірліктердің бәрі көркем мәтіндегі ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды. Алайда көркем номинацияның окказионалдық әдістері ғана қолданылатын кіші көркем мәтіндер де кездеседі. Сондықтан көркем

мәтіндегі көркем номинация әдістері бойынша жалқы есімдерді узуалды лексикалық әдіс пен окказионалдық, контекстуалдық, индивидуалдық – авторлық әдістер деп бөлуге болады. Антропонимдік атаулар кез келген көркем мәтіннің ономастикалық атаулардың өзегіне кіреді.

Көркем мәтін ономастикалық кеңістігіндегі жалқы есімдердің үшінші жіктелісі халық тіліндегі ұлттық есімдермен ара қатынасына қатысты байланысты. Мұнда да бір қатар оппозициялар көріністенген: шын ойдан шығарылған, шын есімдер өз ішінен өз – кірме (шет тілдік есімдер); ескі – жаза (қазіргі кезеңге тән есімдер); жиі қолданылатын – сирек қолданылатын, қалалық – ауылдық және т.с.с. ажыратылады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қайдар, Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
- 2 **Қожанов, О.** Қазақ ономастикасының нормативтік актілерінің жай-күйі // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана : «Ақжол-Баспа» 2004. – 224 б.
- 3 **Суперанская, Б. Б.** Теория и методика ономастических исследований. – М., 1986. – 255 с.
- 4 **Мұсабаев, Ғ.** Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. I бөлім. – Алматы, 1966. – 74-78 б.
- 5 **Мусабаев, Г. Г.** Современный казахский язык. I лексика. – Алма-Ата, 1959.
- 6 **Бигельдиева, М. М.** Қазақ және түрік әйелдер антропонимиясы // Кандидат. диссерт. авторефераты. – Алматы, 2010
- 7 **Михайлов, В. Н.** Экспрессивные свойства и функции собственных имен в русской литературе // Актуальные вопросы русской ономастики: Сб. Науч. Тр. ОГУ. – Киев, 1988. – С. 63-70.
- 8 **Виноградов, В. В.** Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М. : Наука, 1963. – 570 с.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Д. Е. Капанова, С. К. Рустемова*

**Основные направления ономастических исследований в художественной литературе**

Казахский агротехнический университет  
имени С. Сейфуллина, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.



**The main directions of onomastic research in the literary text**

S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University, Astana.

Material received on 01.02.17.

*В статье говорится об ономастических проблемах, имеющих место в художественной литературе. Рассматривается характер этого процесса и его влияние на становление писательского стиля.*

*The article tells us about the onomastic problem in the literary text. It considers the character of such process and its influence on the formation of the writing style.*

ӘОЖ 167/168:81'372.2 (045)

**Д. Е. Капанова<sup>1</sup>, Б. Е. Алимжанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор м.а. шет тілдер кафедрасы,; <sup>2</sup>аға оқытушысы, шет тілдер кафедрасы, С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

e-mail: <sup>1</sup>damelia07@mail.ru**ОНОМАСТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН**

*Мақалада Қазақстандағы ономастикалық ғылымның даму тарихы сипатталған. Сондай-ақ ономастиканың негізі жетістіктері қарастырылып, қысқаша талдау жасалған.*

*Кілтті сөздер: ономастика, оним, антропонимия әдет-ғұрып, дәуір.*

**КІРІСПЕ**

Тіл білімі үшін ономастикалық зерттеудің маңыздылығы онимдер негізінде тілдік дамудың жалпы тенденциясын оңай қарастыруға болатындығында. Онимдердің белгілі ашықтығы мен олардың құрылымдарын талдауға болатындығы, ақпарат көзі болып табылады. Сондықтан да ономастика тіл білімінің ерекше пәні ретінде тіл мен мәдениетті кешенді түрде зерттейді.

Ономастика өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді: топонимика (жер, су, қала атауларын зерттейтін ғылым), антропонимика (адам аттарын зерттейтін ғылым), этнонимика (ру, ел, халық аттарын зерттейтін ғылым), зоонимика (хайуандар аттары), гидронимия (теңіз, өзен, су, көл атауларын зерттейді) т.б.

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика. Антропонимика кісі аттары, әке аты patronim (отчество), фамилиялар, лақап аттар (прозвища), бүркеншік аттарды (псевдонимы) зерттейтін ономастиканың бір саласы.

Қазақ ономастикасының зерттелу тарихына аналитикалық шолу жасаған еңбекте бұл саладағы зерттеулер 4 кезеңге бөлінген. Соның ішінде жалқы есімдерге қатыстылары мыналар:

**1 кезең:** 1950-1970 жж. (Т. Жанұзақов «Лично-собственные имена в казахском языке» 1961 ж.; «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» 1965 ж.; «Қазақ есімдерінің тарихы» 1971 ж.

**2 кезең:** 1970-1990 жж. (Т. Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» 1982; Е. Керімбаев «Атаулар сыры» 1986; «Қазақ есімдері» 1988; В. Махпиров «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат ат-турк Махмуда Кашгарского»» 1980 ж. канд. дисс.)

**3 кезең:** 1990-2000 жж. (В. Махпиров «Имена далеких предков» 1997; М. Мұсабаева «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаты» 1995 ж. канд. дисс.; У. Мусабекова «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» 1996 канд. дисс. Е. Керімбаев «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» 1992 ж. док. дисс; К. Головина «Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков»; К. Жаппар («Эстетические функции имен собственных в поэзии О. Сулейменова» 2000 ж.).

**4 кезең:** ХХІ ғасырдың басы, жаңа кезең (Б. Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» 2001 ж., Б. Досжанов «Қазақ тіліндегі көне антропонимдер» 2003 ж., Д. Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты» 2004 ж., Г. Аубакирова «Идиоэтническая семантика и лингвостилистическая функции собственных имен в художественном тексте» 2004; А. Бахамова «Уйгурские прозвища и их этнолингвистическая характеристика» 2004).

Сонымен бірге ономастикалық лингвокультуремалардың ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді. Айтылған мәселе Т. Жанұзақов, Қ. Рысбергенова т.б. ономаст-ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелген.

Антропонимия (*anthropos* «кісі» және *onoma* «ат», «есім» деген сөзі) деп бір тілдегі яки бір облыстағы кісі аттарының жиынтығын айтады. Жер жүзі халықтарының бәрінде әрбір кісінің өзіне тән аты-жөні бар. Адамзат қоғамында есімі, аты жоқ адам кездесуі мүмкін емес. Бірақ кейбір елдерде фамилиясыз, фамилия иемденбейтін адамдар ұшырасуы мүмкін (кейбір мәліметтерге қарағанда, исландықтарда фамилия болмайды екен).

Қазақ есімдері де санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалмаған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолы бар. Қазіргі есімдеріміздің ішінде сол ерте замандарда шығып, көненің қарт куәсі, жұрнағы ретінде өмір сүріп келе жатқандары да, орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп.

Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрлысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тозбас желі бар. Кісі аттарына байланысты жиналған мыңдаған мысалдарды және есімдердің морфемын талдап қарағанымызда, құрылысы, лексикалық материалы, фонетикалық ерекшеліктері жағынан олардың әр кез, әр дәурге тән екенін бірден байқаймыз. Шындығында бұлай болудың өзіндік сыры бар. Өйткені әрбір кісі аты өзінің шыққан заманы мен дәуіріне, оның тілдік заңына тікелей байланысты. Соған орай олардың шығу себебін дәлелдейтін алуан түрлі тарихи жайлар мен сан қилы оқиғалар бары аян.

Біздің халқымыздың басынан кешірген өмір жолында табиғат пен аңға, құсқа сыйыну, ай мен күге табыну, хайуандардан ит, қасқыр, бұқа сияқтыларды тотем ету – бәрі кісі аттарының қойылуына әсер етпей қоймады. Осымен қатар, көрші-қоңсы елдермен араласу, шет елдермен байланыс жасау нәтижесінде тілімізге мыңдаған сөздермен қатар, кісі аттарының да еніп отырғаны мәлім. Қазақ халқының құрамына енген бөлек тайпалар мен рулардағы кісі аттарының сіңіп кетуінен болған субстрат, суперстрат құбылысы да антропонимдер құрамын едәуір байытқан.

Қазақ антропонимдерінің байи түсуі ислам дінінің тарауымен де байланысты болды. X ғасырдан бастап ислам діні қазақ даласының түпкір-түпкіріне тарап, мүмкіндігінше сіңісе бастайды. Сөйтіп, мұсылман дінінің ықпалы күшті болып, тұрмыстық, қоғамдық жағдаяттың барлық саласына әсерін тигізді. Бұл кездерде тілімізге мыңдаған сөздер мен сөз тіркестері, кісі аттары мен этнонимдер енді. Араб тілінен енген есімдердің көбеюі төл есімдеріміздің дамуына белгілі дәрежеде тежеу жасап, кедергі болды.

Бірақ, халық арасында төл сөзімізден есім кою дәстүрі кеңінен қолдау тауып отырғаны аян. Ал араб-иран тілдерінен енген есімдер болса, халық тілінде бастапқы тұлғасында айтылмай, аса қатты дыбысттық өзгеріске ұшырап, жаңа формаға ие болып отырады. Қазақ есімдері әсіресе XV-XVIII ғасырда құрамы жағынан байып, толыса түсті. Мұның өзі әлеуметтік қоғамның дамуымен байланысты құбылыс еді. Бұл дәуірлерде, алдымен, қазақ тайпаларының негізінде біртұтас қазақ халқы қалыптасқан, нығайған кезі еді. Осымен байланысты жер мен жер, ел мен ел байланысы нығайып, жалпы халықтық әдет-ғұрып, тіл бірлігі күшейе түсті. Бұрын Қазақстанның бір ғана жерінде айтылатын өлең-жыр, ертектер, алуан түрлі сөздер мен кісі аттары енді басқа жерлерге де тарап, барып жатады.

Қазақ антропонимдерінің құрылысы жағынан жетіліп, құрамының байып отырған кезі – Кеңестік дәуір. Қазіргі тіліміздегі антропонимдер құрамында барлық дәуірге тән антрополексикалар бар. Әсіресе бұл дәуірде жасалған антропонимдер жаңа форма, мазмұнға ие болып отыр. Бұл күнде дәстүрлі есімдермен қатар, жарқын дәуірімізге лайықты мыңдаған антропонимдер пайда болды. Олардың өскен, өркендеген заманымыздың мәдениеті мен өнерінің, ғылымы мен техникасының негізінде жасалғаны мәлім.

Сайып келгенде, тіліміздегі антропонимдердің шығу, даму негізі халқымыздың өткендегі тіл және азаматтық тарихымен тікелей байланысты болса, олардың типтерінің шығу, пайда болу жолдарын белгілі бір дәуірлерге бөліп қарамайша, тиісті дәрежеде талдау жасауымыз мүмкін емес.

Көне түркі кезеңі (V-X ғғ.) пұтқа табынуға байланысты жалқы есімдер. Бұл дәуірде үй жануарлары, жабайы аң-құстар, бағалы металдар, өсімдіктер мен астрономиялық атауларға байланысты туындаған антропонимдер беріліп отырған. Мысалы: Айкүн, Айсұлу, Күнсұлу, Айтолды, Айжарық, Күнай. Жан-жануар атауларының антропонимге айналуының басты себебі, атаудың сол жануардың қасиеттерінің символы ретінде қабылданатындығы. Бұны есім берердегі өзара бөлінушіліктен-ақ байқауға болады. Мысалы, ер балаларға үй жануарлары, жабайы жыртқыш аңдар мен құстардың атауларынан жасалған есімдер, ал қыз балаларға табиғатынан нәзік, дене бітімі келіскен сымбатты жануарлардың, құстардың атауынан жасалған есімдер береді. Қазақ халқында Арыстан есімін ешқашан қыз балаға бермейді, қыз балаларға арналған сымбатты, үркек Ақбөкен, Ақтоқты немесе Ақбота есімдері бар. Орта ғасырлық кезең (X-XVII ғғ.).

Бұл X-XVII ғасырлардағы қазақтардың тайпалық одақ болып тұрғандағы, одан кейін халық болып қалыптасу кездеріндегі антропонимдерді қамтиды. Бұл дәуірдегі антропонимдер көбіне туыстық атаулар, тайпа, ру атауларымен, мәдениет пен тұрмыс, әлеуметтік-саяси терминдермен байланысты болып келеді. Орта ғасырларда шыққан антропонимдердің басым көпшілігі Ислам

дінінің ықпалымен жасалған есімдер болды. Арап текті есімдердің ену көздері болып діни шығармалар, жырлар, дастандар, бір сөзбен айтқанда ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті шығармалары болып табылады. Көне түркі антропонимдері қолданыстан араб-парсы тілінен енген және араб-парсы тілінің әсері негізінде пайда болған антропонимдермен бірте-бірте ығыстырыла бастайды. Орта ғасырлық қазақ антропонимикасының құрамында феодалдық қоғамға тән сословиелік титулдар қолданылғандығы белгілі. Сондай-ақ, бұл кезеңде ертеден келе жатқан дара тұлғалы сөздерден жасалған есімдерге жаңа сөздер қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдерді жасау және кеңінен қолдану өрістеді. XVII-XIX ғасырларды қамтиды.

Бұл дәуір – негізінен аппелятивтік лексикамен байланысты қалыптасқан жаңа атаулармен ерекшеленеді. Мысалы: Жібек, Баршын, Қамқа, Шекер, Алуа және т.б. Осы үшінші дәуірде келесідей әйел есімдерінің енгенін білеміз: Анна, Мариям, Сәтен, Бәтес, Кәмпит, Теңгегүл. Бұл есімдер орыс тіліндегі әйел есімдері мен тұрмыстық зат атауларын қазақ тіліне аудару жолымен жасалған. Кеңес кезеңіндегі орыс тілінен енген жалқы есімдер Қазан төңкерісінен кейін, Кеңес заманында кеңінен жайыла бастағандығы байқалады. Мысалы: Лиза, Марина, Клавдия, Римма, Рита, Светлана, Тамара, Клара, Мира, Мая сияқты есімдер көбіне XX ғасырдың орта кезінде дүниеге келген қыз балаларға берілген. Қазақ есімдерін орыс тіліндегі қысқартылған есімдердің мәнеріне сай ауыстыру бар. Олар дыбысталу жағынан біршама ұқсас орыс есімдерін қазақ есімдерінің орнына қолдану. Мысалы: *Әсия – Ася, Ғалия – Галя, Зәуре – Зоя және т.б. Орыс тілі арқылы Жанна, Луиза, Роза, Дина, Элеонора, Рига, София* сияқты халықаралық есімдер де көптеп енді және кеңінен болмаса да қолданыс тапты.

**Бірінші дәуір** – көне түркі заманын, яғни V-VIII ғасырлардағы антропонимдерді қамтиды. Бұл дәуірде үй хайуандары мен жабайы аңдардың, табиғат атаулары мен өсімдіктердің және қымбат металдардың атаулары кісі аты ретінде қойылып отырған. Мысалы: *Айкүн, Айжарық, Айтолық, Айтолды, Күнай, Күнсұлу, Күнтуар, Алтын, Күміс* т.б. Ол кезде ай мен күнге табыну, табиғатты, аңды, құстарды ерекше күш санау, кейбір хайуандарды (мәселен, бөрі, ит, бұқа) шыққан тегіміз, біздің ата-бабамыз деп, тотем ету жайлары басым болғаны мәлім.

V-VIII ғасырларға тән жазба ескерткіштерде кездесетін күрделі тұлғалы кісі аттары және кісі аттарын жасауға арқау болған компоненттер қазіргі түркі тілдерінде түгелдей сақталмаған. Өйткені олрады тудырған, тиісті дәрежеде қолданған қоғамдық қатынас, дәуір түбірімен өзгерді. Дегенмен, ол антрополоксемалардың кейбіреулері біздің заманымызға жетіп отыр. Сол замандағы кісі аттарының жасалу үлгісі, принципі мен лексикалық номинациясы тіпті кейбір компоненттері қазіргі антропонимдер системасында

сақталып қалған. V-VI ғасырлардағы түрік мемлекеті туралы жазылған Л. Н. Гумилевтің «Древние тюрки» атты еңбегінде берілген есімдер, титулдар мен лақап аттар ішінде қазіргі антропонимдерге ұқсастары өте көп.

Ескерткіштердің мәтінін оқып, талдауда, лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымын, синтаксистік конструкциясын зерттеуде В. В. Радлов, С. Е. Малов, И. А. Батманов, В. И. Насилов, Ғ. Айдаров, т.б. көп еңбек етті. Бұл Орхон-Енисей жазбаларындағы жалқы есімдерді талдауда тарихшылар мен лингвистер арасында әр түрлі болжам, пайымдаулар мен көзқарастар болды. Сондықтан Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі ономастиканы талдау тарихшылар Я. Бичурин, П. М. Грумм-Гржимайло, В. В. Бартольд, А. Бернштам, Л. Н. Гумилев еңбектерінен де көрініс тапты.

Ескерткіштегі ономастиканың саны мен құрамы әр түрлі. Бұлардың ішінде, әсіресе, антропонимия материалдары көбірек көңіл бөледі. Олардың құрамы, жасалу тәсілі, құрылымдық типі, қоғамдық-әлеуметтік функциясы топоним мен этнонимдерден әлдеқайда кең. Құрылымдық типіне сай ол ономастиканы былайша бөлуге болады: 1) дара тұлғалы, 2) туынды тұлғалы, 3) екі құрамды, 4) көп құрамды немесе күрделі тұлғалы.

1) Дара тұлғалы есімдер: а) антропонимдер: Анар, Эсин, Умач, Йола, Буга, Чур, Тонг, Барс, Баз, Куч; в) топонимдер: Кам (Енисей өзені), Артис, Салаңа (Селенги), Тама; в) этнонимдер: Аз, Огуз, Тюрк, Чік т.б.

2) Туынды есімдер: а) антропонимдер: Шувуш, Макрач, Туран, Кутлуг, Уграч, Толаш, Туграк; б) топонимдер: Тогла, Отука, Когман, Болчу, Орпан т.б. в) этнонимдер: Карлук, Тардуш, Тангут, Толас, Басмыл, Согды, Табач т.б.

3) Күрделі тұлғалы есімдер: а) антропонимдер: Ал Туган Тутук, Яш Ак Баш, Чочук Борі Санун, Учін Куліг Тіріг, Уруңу Куліг Ток Боди(т), Ынанчы Кулуг Чігші баг, Туз бай Куч барс Кулуг т.б. Топоним мен этнонимдердің жасалуында күрделі тұлғалы тип байқалмайды. Жоғарыда көрсетілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, екі құрамды және күрделі тұлғалы есімдердің компоненттері: *Улуг, тутук, алп, тіріг, кулуг, куч, ынамчы, каган, баг, билге, бори, барс* т.б. Бұл сөздердің бәрі көне түріктер қоғамында әлеуметтік-саяси терминдер ретінде қолданылып, сол кездегі адамдардың қоғамдағы орнын, титул, атақ-дәрежесін көрсеткен. Ал күрделі есімдермен қатар тұрғанда ол адамның ерлік, батырлық қасиетін т.б. ерекшелігін білдіретін эпитет ретінде де жұмсалған.

Қазіргі түркі халықтары тіліндегі кісі аттарының құрылысы, жасалу тәсілдері көне түркі есімдерінің типіне сәйкес. Олардың форма сәйкестігі, лексикалық номинациясы т.б. есім жасаудағы көне дәстүрлердің біздің заманымызға шейін жетіп, сақталып отырғанын көрсетеді.

Енисей дәуіріндегі кісі аттарының қазіргі түркі тілдерінің көбінде сақталып отырғаны мұның толық айғағы бола алады. Оны мына мысалдардан

анық көреміз. Тува тілінде Ақпаш, шор тілінде Ақпаш, қазақ тілінде Ақбай, Ақпас; тувада Буга, қазақта Бұқа, тувада Мөңге, қазақта Мөңке, тувада Тарган, қазақта Дархан, Тархан, шор тілінде Чарык, қазақ тілінде Жарык т.б.

Ономастика материалдарына жіті көз жіберсек, жоғарыда айтқан титул, шен, атақ-дәрежеге байланысты термин сөздердің кейбіреулерінің қазіргі түркі тілдеріндегі кісі аттарының компоненттерінде сақталып отырғанын анық көреміз. Мысалы: тува, қырғыз тілдерінде *Қушбек*, қазақ тілінде *құсбек*, шор тілінде *Кушег*, тува, қырғыз, қазақ тілдерінде *Қарабай*, *Сарыбай*, *Пору*, *Борубай*, *Бөрібай* т.б. Орхон-Енисей ескерткішіндегі және көне тарихи жазбалардағы көптеген сөздердің қазіргі кісі аттары ретінде кездесетінін көрсете кету орынды сияқты. Мәселен, Багадур, Ябгу, Бүке есімдерін талдап көрейік. Қазіргі тілімізде кеңінен қолданылып жүрген Батыр, Батырхан, Батырбек, Байбатыр тәрізді есімдердің *батыр* компоненті көне ескерткіштерде *Багадур* тұлғасында кездеседі. Біздегі *батыр* сөзі осы *багадурдың* өзгерген түрі екені даусыз. Ал Жабатай, Жабағы, Жапақ тәрізді есімдерді бастапқы тұлғасы көне түркі тіліндегі *ябга*, *ябгу* болса керек. О баста титул ретінде қолданылған бұл сөз бара-бара дыбыстық деформацияға түсіп, ерекше өзгергенін байқау қиын емес. Оны былайша түсінеміз: *Ябга* > *ябгу* > *Жабга* > *Жаба* > *Жабаг* > *Жабағы*.

Бұл күнде тілімізде сирек болса да кездесіп, қолданылып жүрген антропоним *Бүке*, *Бөке*, *Бөкебай* көне түркі тілінде көбіне кісі аты емес, лақап ат ретінде «батыр, ер» мағанасында қолданылған. Мұны қарапайым адамдар емес, хандар иемденген. Мәселен, түріктер ханы Қара Журун Турк алып денелі, зор тұлғалы болғаны үшін *Бокэ* атанған. Атақты Билге ханның лақап аты да *Богю* «батыр» болған. Бұл сөз осы күнгі алтай, өзбек, ұйғыр, осман түркі тілдерінде жалпы есім сөз ретінде *викә*, *пökө*, *бөкэ* – «батыр», «ер», «палуан» мағыналарында айтылады. Минусинск музейі ескерткішіндегі Шогур, Ярук Тегин, Алп Турган, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Қапаған антропонимдеріне қазіргі қазақ тіліндегі Шоқыр, Жарык, Әли, Анар есімдері сай келеді.

V-VIII ғ. тән ескерткіштердегі көптеген сөз тудырушы аффикстер қазіргі жалқы есімдердің нормативті аффикстерімен сәйкес. Есімше тұлғаның –*ган*, –*ген* қосымшалары көне ескерткіштегі кісі аттарын жасауда белсенді роль атқарған. Мысалы: *Туган*, *Ал Туган*, *Капаган*, *Куч Кияган* т.б. Бұл қосымшалар бұл күнгі жалқы есімдерді жасауға да кеңінен жұмсалады. Мысалы: *Қатаган*, *Қашаган*, *Ауганбай*, *Туганбай*, *Сұраган* т.б. Антропонимдердегі лексика-семантикалық ұқсастықтан басқа грамматикалық формалардағы ортақ жайлар қазақ тілінің шығу тарихын айқындауға қатысы бар.

Енисей дәуіріндегі ескерткіштерде және басқа тарихи жағдаяттарында жатыр. Көп реттерде түркі қайраткерлерінің есімдері олардың қоғамдық

жағдайын, лауазымын көрсетіп отырған. Көне түркі тарихын зерттеген ғалым Л. Н. Гумилев бұл жөнінде былай жазады. «Бала кезінде шын ат иемденсе, жігіт кезінде - шен, ер болғанда титулмен аталған. Егер хан болса, онда титул тиісті мәртебелі атаумен аталған. Мысалы: Кушу – есімі, Сыгин (йегин – жиен) – титул, Янды (жеңді) – лақап ат» [1, 90-91].

Сонымен, V-VIII ғасырларға және ескерткіштер мен тарихи деректердегі тарихи ономастикалардың тіл тарихын зерттеуде, ол халықтардың саяси-әлеуметтік, экономикалық жайын, қоғам құрылысын білуде қосымша материал болса да құны ерекше. Олардың көпшілігі лексикалық номинация, мағына, форма жағынан, жасалу тәсілі тұрғысынан қазіргі антропонимдермен ұқсас.

**Екінші дәуір.** Орта ғасырларға тән антрополоксемалық типтерді қамтиды. Біз жоғарыда бір-бірімен жалғас, тығыз байланысты антропонимия көрсетіп өткен едік. Ал екінші дәуірде шыққан антропонимдердің өмірінде елеулі өзгешіліктер барын айтпақпыз. Егер бірінші ғасырдан ерте, орта ғасырға дейін (I-VIII ғ.) көне түркі дәуірін, үйсін, қаңлы мемлекеттерінің мәдениетін және шаруашылық, экономикалық жайларын (әлбетте жазба ескерткіштер мен тарихи деректер арқылы бізге жеткен тіл тарихын, ондағы эпостық антропонимдерді) баяндаған болсақ, енді X-XVII ғасырлардағы қазақтың тайпалық одақ болып тұрғандағы, одан кейін халық болып қалыптасу кездеріндегі әдебиеті мен мәдениетін, фольклор мен тіл тарихын, дін мен білімнің дамуын тиек ете отырып, антропонимдердің шығу, даму кезеңдерін сөз етеміз.

Бұл дәуірде қазіргі Қазақстан территориясында карлук қағандығы (766-940 ж.), қараханидтер мемлекеті (X-XI ғ.), қыпшақ бірлестігі (X-XII ғ.), монғол үстемдігі (XIII-XIV ғ.), қазақ хандықтары XV-XVIII ғ.), сияқты әлеуметтік қоғамдардың болып өткені мәлім. Сол XI-XIV ғасырлардағы қазіргі қазақ тіліне тән сөздер мен энонимдерді, көптеген ономастикалық материалдары Махмуд Қашқаридің «Девону луғатит турк» (1072-1074) және кумандар тілінің сөздігі «Кодекс Куманикус» сияқты еңбектерден мол кездестіреміз. М. Қашқари Луғатындағы арғу, басмыл, дулу этнонимдерін талдай отырып, оларды осы күнгі қазақ болып жүрген тайпалар деп дұрыс айтқан профессор Ф. Мұсабаев [4, 74-84]. Бұл ескерткіштегі лексиканың көпшілігі, грамматикалық форматтары қазіргі тілімізге ұқсас екені де айтылып жүр. Мысалы: *аба* (апа), *ау* (ау аулау), *аушы*, аз, азук, айғыр, эркак, эрлік, бай, буғра, бүрді, кэлді, кәсілді т.б. Осымен қатар жүздеген антропонимдердің ұқсас, тектес екенін де байқау қиын емес. Бұл үш томдық сөздікте саны 400-дей ономастика берілген. Орта ғасырда шыққан антропонимдердің басым көпшілігі ислам дінінің ықпалымен болды. Ислам діні алғаш, Оңтүстік Қазақстанға, кейінірек X ғасырда Жетісуға, одан



кейін Орталық Қазақстанға енгенін тарихтан білеміз. Исламды дамытуға Қараханидтер көп күш жұмсаған. Дін және діни кітаптар арқылы көптеген араб сөздері мен кісі аттары еніп жатты. Ислам діні қазақ жерінің бәріне тез тарап, жете қоймай, XVIII ғасырдың аяғына дейін созылды.

Қазақ антропонимдерінің шығуына, даму кезеңіне моңғол үстемдігінің (XIII-XV ғ.) аз да болса әсері тиді. Моңғол тілінен енген сөздердің тарихын тек моңғол шабуылына байланысты кірген демей, моңғол халқымен тым ерте қоян-қолтық араласу кезінде болғанын да ескеруіміз керек. Өйткені соңғы жылдары жасаған зерттеулердің өзі-ақ моңғол-қазақ халқына ортақ лексиканың ерте дәуірге тән екенін дәлелдеп отыр [2, 58].

Моңғол үстемдігі кезінде енген кісі аттары сан жағынан онша көп емес. Тек моңғол хандары мен әскер басыларының аттары және әскери атақ, мансапқа байланысты санаулы сөздер. Мысалы, *Шағатай, Батый, Сыпатай (Субздей), Ноян, Ноянбай, Нөкербек, Түмен, Түменбай, Сайын* т.б.

Бұл кісі аттары тіліміздің дыбыстық заңына бағынып, халықтық тілдің айтылу нормасына сай бейімделіп, өзгеріп кеткен. Оның үстіне ол сөздерден кісі аттарын жасауда *бай, бек* сөздерін қосып, біріктіретін тәсілін қолданған.

Қазіргі біздің тілімізде қолданылып жүрген антропонимдер: Жұбан, Қайп, Тоқтамыс, Едіге, Асан, Жүсіп, Бекболат, Бекқажы, Дәуіт, Махмұт, Темірболат, Рүстем, Зухра, Жамал, Бану, Ордабек типтес есімдер – XI-XV ғасырларға тән жазба немесе архитектуралық ескерткіштерде кездеседі. Мысалы, Кеңгір, Сарысу өзендері алқабынан табылған XII ғасырға тән архитектуралық ескерткіште: *Жұбан – ана, Қайп – ата, Мәулім-берді, Айша-Биби* ғимараттары сол адамдардың өз есімдерімен аталған. XIV ғасырға тән хан жарлықтарындағы кісі аттары: Тоқтамыш, Эдеку, Бекбулат, Бек хажы, Давуд, Махмуд, Туман. Осы ғасырдағы «Мухаббат-намедегі» кісі аттары: Азер, Сүләйман, Али, Фәрхад, Ләйла, Мустафа, Әбәд, Зухра, Жәмал, Жәнат, Хабиб т.б. Ол кездегі есімдер мен қазіргі қазақ есімдерінің арасында айта қоярлықтай ерекшеліктер байқалмайды да. Олардың негізгі айырмашылығы тек дыбыстық құбылыста ғана болып отырғанын айта аламыз. Бірақ мұның өзі де шартты нәрсе. Өйткені ол кездегі сөздер мен кісі аттарының айтылуына қазіргі орфография тұрғысынан қарауға болмайды. Мүмкін, сол дәуірдегі біздің айтылу нормамыз, дыбыстық таңбамыз солай болар.

XIV ғасырда жазылған, тіл тарихымызға қатысы бар үлкен ескерткіштің бірі – «Кодекс Куманикус». Бұл ескерткіштегі кісі аттары мен ру, тайпа аттары қазақ есімдеріне өте ұқсас. Қазіргі *Мәрия, Бекжан, Жөнкен, Тұрды, Жақыт, Қахан, Садық, Қалкен* сияқты кісі аттарының нұсқасы ескерткіште: *Beegzan Zokan Jwachan Turdun Jacobos Chaxan Zaduk Kalken* формаларында жазылған. Демек, бұл ескерткіштерде көрсетілген антропонимдердің ерте кезден-ақ түркі тілдерінде қолданыс тапқанын байқаймыз. Ескерте кететін бір

жәйт, ескерткіштер мен тарихи деректердің бәрінде хандар мен әкімдердің, әскер басылары мен шожарлардың, қысқасы, қоғамдық, әлеуметтік тұрмысқа араласқан адамдардың есімдері ғана жазылған. Ал қарапайым бұқараның, әсіресе, әйелдердің аттары өте сирек кездесіп отырады.

XV-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті бұрынғы дәуірлерге қарағанда ерекше дамып, өрлей түсті. Бұл кезде материалдық мәдениет, сәулет өнері, ауыз әдебиеті саласында елеулі өзгешеліктер болды. Бұның барлығы халық тілінің дамуына, сөздік қорының толысып баюына игі әсер жасады. Осымен байланысты халық есімдерінің де құрамы өсіп, өзгеріп отырды. Көшпелі халықтың тұрмысы мен өмір тіршілігіне қажет заттардың бастылары - киіз үй жабдықтары мен тағам, мал шаруашылығы еді. Міне, осы киіз жабдықтары мен төрт түлік мал атаулары адамдардың есімдері ретінде қойылып отырды. Осыдан келіп киіз үй жабдықтарына орай: *Киізбай, Жапсарбай, Іргебай, Қазанқап*; дәм, тағам аттарына байланысты: *Сүттібай, Айранбай, Талқанбай, Тоқаш, Ақбай* тәрізді кісі аттарының қойылғаны байқалады.

Зергерлік істер мен шеберлік өнерге байланысты сөздерден де кісі аттары қойылып отырған. Мысалы, *Моншақ, Маржанкүл, Ақық, Түйме, Шолпыгүл, Әшекей, Сырагүл* т.б.

XV-XVIII ғасырларда қазақ халқының ауыз әдебиеті кеңінен дамыған еді. Ауыз әдебиетінің түрлі жанларында төрт түлік мал көбірек айтылып отырады. Сөйтіп, төрт түлік мал атауына байланысты ат қою дәстүрі кеңінен етек алды. Бұрынғы дәуірлерде төрт түліктен жылқы, қой, сиыр, ешкі атаулары ғана кісіге есім ретінде қойылған болса, енді олардың түрлері мен жас мөлшеріне байланысты есімдер көбейеді. Мысалы, *Құнантай, Дөненнтай, Қаратай, Сарынтай, Құлынишақ, Құлынбек, Бота, Тайлақ, атанқұл, Тоқтыбай, Қозыбай, Қозыбағар, Бұзаубай, Танабек, Баспақ* т.б. Бұл кезде ауыз әдебиетінің ертегілер мен батырлары туралы, әлеуметтік-салттық поэмалары халық арасына кеңінен тарайды. Әрбір ата-ана балаларын халық қамын жеген, елін, жерін сүйген батырлардай болсын деген мақсатпен ер балаларына: *Қобыланды, Қамбар, Алтамыс, Қожасқ*, қыз балаларына: *Құртқа, Қарлыға, Назым* деген аттарды қойған. Сонымен қатар, махаббат, сүйіспеншілік жырларындағы есімдер де қойылып отырған. Мысалы, *Жібек, Төлеген, Сансызбай, Қарлығаш, Баян, Қозы, Мақбал, Сұлушаиш, Зылиха, Жүсіп, Ләйлі* т.б.

Халық құрметіне бөленген қадірлі кейіпкерлер есімдері көп-ақ. Олардың бәрін бірдей тізіп көрсету мүмкін емес. Сондықтан бастыларын ғана айттық.

XV-XVII ғасырларда қолданылған антропонимдерді сол замандарда жазылған тарихи деректерден және кейбір авторлардың еңбектерінен анық көреміз. Мырза Мухаммед Хайдар Дулати шығармасы «Тарих и Рашиди». Бұл шығармадағы автордың ата-бабалары: Бабадаған→Үртубу



(Өртөбе) → Пуладчи (Болатшы) → Худайдад → Сайид Ахмад → Сайид Али Хайдар екен. Осымен қатар көптеген жер-су, ел аттары және кісі аттарын кездестіреміз. Мысалы: Абу-Бакир, Мухаммад Хусайн, Камарад-Дин, Мир карим-Берды, Пир-Хакк Берды, Мир Ибрахим, Санисиз Мырза, Дуст Мухаммад, Мырза Султан-Ахмад, Мир-Ахмад-Касим, Султан Махмуд Мирза (ер аттары); Хуб-Нигар-ханым, Кутлук-Нигар-Ханим, Михр-ханым, Қара-Куз-Бегим (әйел аттары). Бұл еңбектегі антропонимдердің тілдік материалы, көбіне, араб-парсы сөздері.

Сонымен қатар, қазақ сөзінен жасалған кісі аттары да бар. Қадырғали Жалаиридың XV ғасырда жазған «Ат-тауарих» (шежірелер жинағы), Бабурдың «Бабырнама», Абулғазының «Шежіри-и Турки» атты еңбектерінде тарихи ономастикаға тән материалдар көп. Олардың ішінде қазақ тарихына қатысты жер атаулары мен кісі аттарын кездестіреміз. Мәселен, «Ат-тауарихта» мынандай антропонимдер бар. Ер аттары: *Болат сұлтан, Кәнбар сұлтан, Есен, Жолан, Оразмұхаммәт, Шагай хан, Мәлік сұлтан, Тоғызсары, Башибек сұлтан, Көжік сұлтан* т.б. Әйел аттары: *Жағым бекім, Сұлтан ханым, Дауым ханым, Татлы ханым* т.б. Қазақ антропонимдерінің біразы хандық дәуірдің, феодалдық қоғамның сипатымен байланысты шыққаны байқалады. Бұл қоғамдағы үстем тап өкілдерінің құрылысы мен лексикалық номинациясынан екі түрлі ерекшелік аңғарылады. Біріншісі – хан, сұлтандардың есімдерінің басым көпшілігі араб-парсы сөздерінен қойылса, екіншісі – олардың компонентінде таптық шендердің болуы. Бұған басты себеп, XV-XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында феодалдық және шаруалар тобының болуы еді.

Екінші дәуірде пайда болған антропонимдердің шығу жолын бұл көрсетілгендермен шектеуге болмайды. Өйткені бұл дәуірде, X-XVIII ғасырларда халқымыздың ұзақ өмір жолы, үлкен тарихы қамтылады. Олай болса, бұндай кезеңдерге бөлінетін дәуірдегі антропонимдердің шығуында да алуан түрлі себептер мен жағдайлардың болғаны сөзсіз.

Бұл кезеңдегі антропонимдердің басым көпшілігі төл сөздерден қойылған, халықтың тапқыр ой, алғырт қиялынан туған. Олардың ішінде жыл маусымына, астрономиялық ұғымдарға, жер, ел мекендеріне байланысты қойылған есімдер бар. Мысалы, *Тышқанбай, Қоянбай, Жыланкөз, Барысбек, Жылкелді, Үркербек, Жетіген, Жұлдыз, Еділбай, Ертіс, Орал, Алтай, Жамбыл*, т.б. Сол ғасырларда шыққан есімдердің кейбірі туыстық атауларға да байланысты болса керек. Бұған көптеген халықтарда туыстық атаулардың көне заманда шыққаны дәлел бола алады. Ал, қазақтағы туыстық атауларға байланысты кісі аттары фольклорда, халық арасында көп кездеседі. Ондай антропонимдер: *Бабахан, Баба, Атабек, Аталық, Аналық, Дадабай, Тәтә, Аққыз, Ақжігіт, Ағабек, Балақай, Балабек, Баламер* (бала – әмір) т.б.

Кейбір туыстық атаулардың негізінде Орта Азияда таптық шендер жасалған. Мәселен, ата сөзінен таптық шендер: *атабек, аталық* шыққан. Атабек үш түрлі мағынада қолданылған: 1) Сельджук сұлтандары, мұрагерлері, пекуны; 2) Азербайжандағы феодалдық князьдіктің басшысы; 3) Орта ғасырдағы Египеттегі әскер басы [3, 169].

Әйел адамдарға қойылған есімдер құрамы орта ғасырда, әсіресе XV-XVIII ғасырларда ерекше дами түскен. Бұл кездерде ертеден келе жатқан дара тұлғалылы есімдерге жаңа сөздер қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасау дәстүрі күшейген-ді. Мәселен, *Ақжібек, Ақшолтан, Ақкүміс, Айжамал, Айзере, Ақзере, Бижамал, Айбаршын, Айғаным, Айғанша, Айтолқын, Алтынгүл, Алтыниаш, Балкүміс, Балғаным, Бәйнұр, Бексұлу, Бибижамал, Бибісара, Бикамал, Дәметкен, Күлшайым, Қаншайым, Мариямбике, Нұрғайша, Орынбасар, Танагүл* т.б. Біріккен тұлғалы әйел есімдеріндегі ең көрнекті тәсіл гүл сөзін қосу арқылы есім жасау. Бұл тәсіл арқылы жасалған есімдер өте көп. Мысалы: *Алмагүл, Айгүл, Айымгүл, Алқагүл, Анаргүл, Әсемгүл, Гүлбану, Гүлбаршын, Гүлдархан, Гүлжан, Гүлпаш, Гүлсара, Гүлжазира* т.б. Қымбат бағалы металдар мен сапасы жоғары маталар, алуан түрлі тастар атауларынан қойылған есімдер тек әйелдерге берілетін. Олар: *Алтын, Алтыниаш, Күміс, Ақық, Лагүл, Маржан, Меруерт, Гауһар, Моншақ, Жібек, Торғын, Батсай, Мақпал, Қамқа, Баршын* т.б. Осы кезде ең көп тараған, саны жағынан да молы араб-иран тілдерінен енген, мағынасы айқын ынғайлы есімдер еді. Мұндай есімдер әйел адамдарға қойғанда айтуға жеңіл, Ықшамдылығы, әдемілігі мен мағына-мән айқындылығы ескеріліп отырған. Мысалы: *Әзина, Әдина, Әнипа, Әзиза, Әлия, Әмина, Бәлия, Ғазиза, Ғалия, Ғанин, Дарига, Загита, Зылиқа, Зура, Зәуре, Жамал, Ләтипа, Нағима, Нәзипа, Раушан, Дана, Тәбия, Фатима* т.б.

Жоғарыда айтылған антропонимдердің бәрі халық арасында кеңінен сақталып, кейінгі ұрпақтарға жетіп, бұрынғылардың дәстүрлі жалғасы ретінде өмірде қолданып отыр. Сөйтіп, XV- XVII ғасырлардағы қазақ антропонимиясы бұрынғы антропонимдік типті қамти отырып, жаңа түр – мазмұнға ие болып, дами түсті. Ал XV-XIX ғасырларда оның құрамы бұрынғыдан да толысып, көп сатылы қасиетке ие боды.

**Үшінші дәуір** – тарихта жаңа заман саналатын XVII-XIX ғасырларда дамыған көп салалы антропонимдерді қамтиды. XVII-XIX ғасырлардағы антропонимдердің көбі қазақ халық ауыз әдебиетінің бай саласы – ғашықтық жырларда кездеседі. Ғашықтық жырлардағы кісі аттары халық арасына жазба түрінде де, ауызша айтылу үлгісінде де тарап отырған. Түркі халықтарының көбіне тараған, ортақ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы кейіпкерлер есімдері қазақ халқының ауыз әдебиетінде көрнекті орын алады. Ондаған есімдердің барынша халыққа түсінікті төл сөздерден жасалғанның

байқаймыз. Мысалы, Кемел ақын, Сыбанбай, Жанақ, Бекбау, Сарыбай, Қарабай, Тайлақ, Қозы, Танас, Баян, Ай, Таңсық. (Қарабайдың қыздарының аттары), Нұрқара, Көсем сары, Қаратоқа, Бұлан қара, Тоқсан, Айбас, Күліп (Қозы Көрпештің баласының аты). «Айман-Шолпан» поэмасындағы есімдер: Маман бай, Көтібар, Айман, Шолпан, Арыстан, Әлібек, Теңге т.б.

XVII-XIX ғасырлардағы антропонимдер шығу, пайда болу жағынан көбіне осы дәуірлерге тән саналады. Өйткені олардың кейбір топтары орта ғасырлардағы деректерде кездеспейді. Тарихи антропонимдердің шығу, пайда болуы жағынан көбіне осы дәуірлерге тән саналады. Өйткені олардың кейбір топтары орта ғасырлардағы деректерде кездеспейді. Тарихи антропонимдердің көбі «Қазақ ССР тарихында» көрсетіліп отырған. Оларды мазмұнына қарай екі топқа бөліп қараймыз. Бір тобы - тарихта аты белгілі хан, сұлтан, билер мен ірі феодалдардың есімдері болса, екінші тобы – атақты батырлар мен ақын-жыраулардың, беделді адамдардың есімдері. Бұл тарихи антропонимдердің құрамы мен тілдік материалы әр түрлі. Олардың көпшілігі төл сөздерден жасалған, мағынасы саралы да айқын, грамматикалық нормамызға сәйкес болып келеді.

Мысалы, Тәуекел (1590 ж.), Күшік (1592 ж.), Мұрат (1595 ж.), Жәңгір (1643 ж.), Тасым батыр (1697 ж.), Бекболат Екешов, Байдәулет Нұриев (1716), Құтты би (1718), Қойбағар Көбеков (1726), Барақ батыр (1713), Жолбарыс (1741), Аралбай, Ырыскелді (1735), Құлсары батыр (1741), Қазыбек, Қабанбай (1770), Қаратай (1797), Тінәлі Тайсойғанов (1836), Қуаныш сұлтан (1814), Қаракөбек би, Сегізбай, Сартай би (1785), Ырысалды, Көшербай, Тоқсанбай, Серкебай, Қойсары, Медет, Жиенбай, Қарабатыр, Елшібек, Өмір батыр, Жандар, Кенжеқара, Тіленші батыр, Отарбай, Ақбура (1794 ж.). Есмұрат, Сартай, Боранбай, Келдібай, Аққозы, Асау батыр, Балтабек Отанұлы, Бағлан Бұланұлы, Нарбек, Сатыбалды, Арыстанбай, Тілеулі, Ақболат, Байкелді, Бердібек (1817 ж.), Естемес, Байтақ, Орақ, Сүгір, Мыңбай, Дәуқара, Табылды, Тілеубай, Жақсылық, Бесбай, Тоқбай, Күнту (1824) т.б.

Осымен қатар араб-иран тілдерінен енген есімдер біршама кездесіп отырады. Олар сол кездегі қазақтардың сөйлеу тілінің заңына бағынып, түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырып, бастапқы тұлғаларынан айырылған еді. Мысалы: Хақназар, Шахмамет, Әлімбет, Сұлтанмамбет, Досалы, Сейдалы, Нұрмамбет, Уәли, Шерғали, Мұхаметмырза, Абдуллатиф, Хасан, Сұлтаналы, Қадыр, Әбілжәлел, Шахмұрат, Әбілғазиз, Мұхаммеджан, Наурызбай, Шахғазы, Досмұхаммабет, Шерғазы, Әлғазы, Мырзалы, Сейталы, Мырза Ормамбет, Мұхамбет, Алмағамбет, Сұлтанбет, Мирхайдар, Дәулет, Құлмамбет, Сейфулла, Нығметұлла, Махамбет т.б. Талдап отырған антропонимдердің негізінен, екі компоненттің бірігуі арқылы, көне түркі тілдеріне тән, ескі структуралық система жолымен жасалғаны аңғарылады

және бұл дәуірде араб-иран тілдерінен енген есімдер әсіресе Оңтүстік Жетісу қазақтарында көбірек болған. Мұның басты себебі, территория жағынан Орта Азияның Бұхара, Ташкент, Самарқанд, Душанбе қалаларына жақын тұруынан және ислам дінінің тез тарауынан болса керек.

Бұл дәуірдегі антропонимдердің көбі өткен замандағылардың жалғасы ретінде қайталанып қойылып отырған. Бұдан айтылып отырған үшінші дәуірде, жаңа антропонимдік типтер тумасы, жасалмады деген ұғым тумасы керек. Бұрынғы әдет-ғұрып пен дәстүрге, ескі наным мен сенімге байланысты есімдер қою бұл дәуірде де кеңінен етек алды. Және ол кездегі антропонимдердің біразы қазақ даласында сауданың дамуымен байланысты да шыққан еді. Мәселен, Теңге, Теңгебай, Ақша, Сомбек, Саудабек тәрізді есімдер. Осы кезде семантикалық айқын сөздерден де көптеген есімдердің қойылғаны байқалады: Бегіс, Теріс, Сырым, Арынғазы, Тілеке, Екілік, Жандар, Тіленші, Елғон, Садыр батыр, Түрке, Жалтыр, Жиен, Дәуірбай, Отан, Айдос, Беке, Қуаныш, Бұхар, Тәтіқара, Шал, Жанкісі, Шернияз, Дәулеткерей, Құрманғазы, Түбек, Жапақ, Марабай, Жамбыл, Біржан, Болық, Елентай, Сара, Құлмамбет, Шортанбай т.б.

Бұл дәуірде де кеңінен тараған – орта ғасырлық антропонимдердің үлгісімен жасалған – *бай, сұлтан, төре, хан* компонентті антропонимдік композит. Олардың бұл дәуірде қайталанып, кеңінен қолданылуының негізгі себебі – саяси құрылыстағы өзгерістерге тікелей байланысты еді.

XVII-XIX ғасырларда шыққан әйел есімдерінің басым көпшілігі төл сөздерден жасалса, бір тобы араб-иран тілдерінен енген еді. Әсіресе Орта Азия халықтарына тараған қисалардың бас кейіпкерлерінің есімдерін қою әдеті дәстүрге айналған. Бұл кезде де бұрынғы есімдерді қайталап қою, болмаса тыңнан есімдер талғап қою дәстүрі өріс алған еді.

Бұл дәуірдегі көп салалы антропонимдік композиттің тарихындағы көбірек назар аударатын мәселелер – патроним (әке аты) мен фамилияның шығуы және дамуы.

Ерте дәуірлерде ресми түрде бір ғана есіммен аталу дәстүрі болса, ендігі жерде патроним иемдену, яғни әке атымен аталып, олар шын атпен қатар айтылатын болған. Патронимдердің көрсеткіштері болып, ілік септіктің *-ның, -нің* формасы және *ұлы, қызы* тәрізді сөздер қолданылған. Бұл құбылыс XVII-XVIII ғасырлардағы халықтың сөйлеу тілі мен ауыз әдебиетінде кеңінен орын алғаны байқалады. Мысалы, Базарбай ұлы Төлеген, Сырлыбайдың қызы Жібек, Көктімнің қызы Құртқа, Сейілдің ұлы Қараман, Қаржан ұлы Қосдәулет, Өмір ұлы Сыбан, Қарасай ұлы Көбен, Алшағыр ұлы Теген, Керей ұлы Келімбет, Қоянақ ұлы Қарт Қожақ т.б. (бұлар фольклорда бар есімдер).

XVIII ғасырдың орта кезінен бастап ресми документтердегі патронимдердің жұрнағы ретінде арабтың *бин* сөзі қолданылған. Мысалы:

Тіленші батыр бин Бөкенбай, Сырым бин Дат, Алла Жар бин Ертай (1794). Алайда, мұндай патронимдік форма тұрақтанбай, оның орнына қайтадан көне тұлғалы ұғлы сөзі басады; Сейтқали Нұрғали ұғлы, Сұлтан Мырза ұғлы, Бердіқожа Қадырбай ұғлы, Сатай Бұлан ұғлы т.б.

Фамилиялардың шығу, пайда болу тарихы саяси қоғам өмірімен тығыз байланысты. Ол ең алдымен қазақ хандарының Ресеймен экономикалық және саяси байланыстар жасау кезінен бастап пайда бола бастайды. Сол кездегі патша үкіметінің іс қағаздарында әке атымен жазылмай, *-ов, -ев* жұрнақтары арқылы фамилия ретінде жазылу белгіленді. Ең алғаш рет, мұндай фамилиялар 1716 жылы Тобольскі қаласына барған қазақ хандарының елшілері орыс құжаттарында *Бекболат Екешов және Байдәулет Нұриев* болып, 1726 жылы Әбілқайыр елшісі Қойбағар Петербургке барған соң *Қойбағар Көбеков* болып, одан кейінгілер *Сейтқұл Құндағұлов, Құтлымбет Көштаев* болып жазылған көреміз [4, 243-252].

Сөйтіп, XVIII ғасырдан бастап орыс құжаттарында қазақтардың әке атымен аталуы орысша *-ов, -ев* жұрнақтары арқылы көріне бастайды, Мысалы, Сұлтан Қаратай Нұрғалиев, Жоламан Тленчин, Кулмухаммед Джанибеков, Асан Барков, Дербисали Кайгиликов, Асан Барашев, Джанали Инбаев, Арангазы Абылғазиев, Байғана Куниев, Күтебер Бясинов, Арслан Таналин, Байбек Байготанов.

XVIII-XIX ғасырларда әке атына орыс фамилиясының *-ов, -ев* жұрнақтарын қосу нәтижесінде фамилиялар қалыптаса бастайды. Ондай фамилияларды иемденген адамдарды тарихи деректемелерден көптеп кезестіруге болады. Мысалы: Бегалиев, Шөке Нұралиев, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Қапланбай Қалдыбаев, Сарт Ералин, Сымайыл Өтемісов, Жанқожа Нұрмағанбетов, Бекет Серкебаев, Ерназар Кенжалин, Есет көтібаров т.б.

Ресми түрде фамилия қабылдау, әсіресе, XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл кезде оқып, білім алған халқымыздың тұңғыш оқымысты, ағартушы демократтары мен ақындары да ресми фамилиямен жазылғаны белгілі. Мысалы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев т.б.

Бұл қазақ фамилиясының шығуының, оның қалыптаса бастауының бастапқы кезеңі еді. Сонымен үшінші дәуірде – төл есім, патроним және фамилия – көп салалы антропонимдік типтің негізі болған.

**Төртінші дәуір.** Қазан төңкеісінен кейінгі Кеңес заманында туып, дамыған антропонимдік типтерді қамтиды.

Қазіргі қазақ тіліндегі есімдер негізінен екінші дәуірден бері қолданылып, төртінші дәуірде қалыптасып, толасып көбейген антропонимдер.

Оның құрамына ислам дініне дейінгі көне түркі есімдер де, ислам діні әсерімен араб-иран тілдерінен енгендер де, аз да болса моңғол, Батыс Европа тілдерінен енген есімдер де бар.

Кеңес өкіметі орнаған Қазақстанда ірі мәдени өзгерістердің болғаны аян. Жаңа тұрмыс, бақытты заманға лайқ мәдениет, әдibesет өрістеді. Халықтың сөйлеу тіліне көптеген жаңа мағыналы сөздер енді. Бұл кезде дүниеге келеген сәбилерге жаңа заманның жаршысы ретінде жаңа ат қою іске асты.

Жер жүзі жұмысшы қозғалысының көсемдері мен қайраткерлерінің есімін жас балаға қою 30-жылдары кеңінен дамыған еді. Бұл кезде Мәліс, Эмиль, Маркс, Клара, Марлен, Тельман, Марат, Суньят, Диас, Хозэ, Долорес деген есімдер қойлды. Ким, Социал, Закон, Кима, Совет, Генерал, Маршл, Армия, Большевик, Октябрина сияқты есімдер де сол кездерде шыққан.

Мәдениет пен әдебиет, ғылым мен экономика, шаруашылық дамуына байланысты жаңа атулар туады. Осымен байланысты 30-40 жылдар арасында туған балаларға: Ғалымжан, Ғалымбек, Мәдениет, Облыс, Өндіріс, Сайлау, Колхозбек, Совхозбек есімдер қойылды. Отан соғысы жылдарында және жеңіс жылдарынан кейін Майдан, Майданбек, Нұрлан, Бейбіт, Қайсар, Солдатбек, Жеңіс, Жеңісбек, Бейбітгүл, Гулмира, Мира, Гүлжеңіс, Талап т.б. есімдер пайда болды.

Жаңа ат қоюда бұрынғы аттардың таңдаулы, ең сұлу, айшықтыларын талғау принципі басым болды. 50 жылдардан бастап балаларға өте әдемі, айтылуға ықшам, мағынасы айқын, көбіне, жалаң түбірлі есімдер қойылып келеді. Ондай есімдер: *Алма, Сәуле, Ажар, Айбарша, Айгүл, Айдай, Айзада, Айша, Ақлима, Алтын, Бағила, Бану, Баян, Бәкия, Бәкіза, Гүлназ, Гулмира, Үміт, Гүлшара, Гүлбайра, Сәуле, Салтанат, Найля, Фазиза, Файша, Дана, Данила, Дидар, Зағипа, Зайра, Мағрипа, Майра, Майса, Маржан, Нағима, Нәзипа, Нұрша, Тана, Тәбия, Тәмина, Фазиза, Фаина*, т.б.

30-жылдардан бастап көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдерін балаға қою әдетке айналды. Мысалы: *Ботакөз, Асқар, Амантай, Сәуле, Мекер, Нұрлан* т.б.

Халық арасына ең көп тараған азамат соғысының ардагер батырлары: Аманкелді, Бекболат және көрнекті революционер Әліби есімдері болды. Кеңес дәуірінде даңқы шыққан еліміздің атақты ғалымдары мен жазушыларының, Қазақстан бұлбұл атанған әртістеріміздің есімдері де баларға қойылып отырды. Мысалы: *Қаныш, Мұқтар, Сәбит, Күләш, Шара, Роза, Рашид* т.б.

Кеңес өкіметі кезіндегі есімдердің баю, даму деректері төмендегідей:

1 Әйел есімдерінің көбі орыс тіліндегі әйел аттары мәнерімен жасалды. Мысалы: Гүлнара, Сұлтанша, Алтынша, Нұрша, Айгуля, Аймана, Айнаша, Бакиша, Гауһария, Гүлжана, Гайния, Жамилия, Найля т.б.

2 Туысқан республика азаматтарының есімін қою арқылы жасалды. Мысалы: Динара, Дилара, Замира, Зарема, Карима, Карина, Герта, Ирма, Лаура, Линда, Эльза, Эльмира, Эленора.

3 Орыс тілінен енген есімдер. Қазақ халқы орыс халқымен ежелден мәдени қарым-қатынас, байланыс жасап келді. Бұл жағдай әсіресе Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуынан кейін ерекше дамыған еді. Қазан төңкерісінен бұрынғы орыс тілінен көптеген кісі аттарының енуі елеулі тарихи себептерге байланысты. Ол, біріншіден, орыс мәдениеті мен өнерінің, тілінің дамуының игі әсері болса, екіншіден, екі халықтың тікелей қоян-қолтық араласуынан. Сонымен бірге көптеген отбасылар арасындағы ортақ, аралас некенің себебі де үлкен әсер етті.

Қазақ отбасыларында мейлі ол малшы, егінші, колхозшы болсын, мейлі оқыған интеллигент қызметкер болсын баласына өздерінің орыс достарының, яки олардың балаларының атын қойып отырған. Сонымен бізге: Алексей, Максим, Виктор, Клим, Ждан, Ефим, Илья, Алеша деген ер аттары: Анна, Валентина, Галина, Лиза, Зина, Зоя, Ирина, Ира, Наташа, Раиса, Рая, Светлана, Нина, Лариса, Рада, Муза сияқты әйел аттары қосылды. Бұлар орыс орфографиясы бойынша жазылды.

4 Қазан төңкерісінен кейін қазақ антропонимиясының құрамы интернационалдық есімдер есебінен байи түсті. Мысалы: Артур, Марат, Эрнест, Роман, Спартак, Диас, Роза, Жанна, Дина, Софья, Элеонора, Анжелла, Арагония т.б.

5 Халықтың өз ойынан, алғыр қиялынан туған: Жігер, Айқын, Айдын, Арман, Байтақ, Дарын, Дастан, Дәурен, Ерлан, Жаскілең, Келіс, Қуаныш, Қуат, Нұржан, Нұрлан, Айдай, Айтолыс, Арайша, Бүлдіршін, Кәусар, Еркеназ, Назерке, Инжу тағы осы сияқты әдемі есімдермен толықты.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп тұрғанымыздай халық пен қоғамның мәдени және әлеуметтік өмірі тарихи жалқы есімдер жүйесінде де бейнеленеді. Мәдени, рухани және идеологиялық көзқарастардың алмасуы ұлттық есімтанудағы жалқы есімдердің белгілі бір типтерінің ауысуына ықпал етеді әрі соның себебі де болып табылады. Мәдениет диахрониялық тұрғыдан болады, ол синхрондық кеспе тұрғысынан алғанда түрлі уақыттың көп қабатты жасалуын білдіреді. Оның қабаттары немесе қатпарлары тарих, архиология, тіл білімі, этнография т.б. ғылыми пәндерге, түрлі әдістер мен тәсілдерге бөлінеді. Ономастикада сондай-ақ хронологиялық жағынан этностың рухани және мәдени тарихындағы түрлі кезеңдерінен бастау алып дамитын түрлі мәдени кезеңдерге бөліп көрсетуге болады.

Жалқы есімдердің ономастикалық (онимиялық) бірліктерінің түрлі типтері мен категорияларының мәдениетпен байланысы және өзара әрекеті әр түрлі болып келеді, бірақ міндетті түрде онда өзіміз байқағандай диахрониялық (хронологиялық) аспект болады.

Әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, яғни ұлттық, этникалық реңк өзгешіліктері болатындығы белгілі. Ұлттық есімдер ұлттық мәдениет

ерекшеліктерін білдірді, мұндағы бір есімдерде ұлттық-тарихи болмысы айқын көрінсе, ал басқаларында оның қарқыны нашар болады, алайда оны жасаған немесе қолданушы халықтың мәдениетімен байланысы жоқ есімі табыла қоймайды.

Соңғы жылдары жалпы тіл білімінде тілдік бірліктерді антропоцентристік бағытта зерттеуге көп көңіл бөлінуде, яғни негізгі ғылыми бағыт адамға, адамның қасиеттерін анықтауға қарай бағытталуда. Гендрлік зерттеудің басты ерекшелігі – қоғамдағы ерлер мен әйелдердің қарым-қатынасындағы мәдени және әлеуметтік факторларды, ерекшеліктерді анықтау, белгілі бір жынысқа жататын индивидтердің өздеріне тән мінез – құлықтары, олардың қасиеттерінің стереотиптік сипаттарын ашу.

Әйел адамдардың ассоциативті ойлау жүйесіне көбінесе адамгершілік, ізгілік, жылылық, күнделікті күйбең тіршілік жақын да, ер адамдардың ассоциативті ойлау жүйесіне ерлік жасау, батырлық көрсету, кәсіппен шұғылдану т.б. жақын болады. Сәби балаға ат қою кезінде оның жыныстық ерекшелігі ескерілетіні сөзсіз.

Ұл мен қызға қойылған аттарды саралағанда оларды былайша жіктеп көрсетуге болатынын байқадық:

1 Тек ұл балаға қойлатын есімдер: *Абылай, Қабанбай, Бөгенбай т.б.*

2 Тек қыз балаға қойылатын есімдер: *Айна, Айгүл, Әсем т.б.*

3 Ұлдар мен қыздарға ортақ қойылатын есімдер: *Жанат, Дидар, Асыл т.б.*

Кісі есімдерінің гендрлік жүйесінде кей сөздер тірек сыңар ретінде келіп тек қыз баланың, не ұл баланың есімдерін жасайтын сөздер болып келеді. Олар: *шаш, көз, гүл, сұлу, бике, бибі, батыр, бала, берген, берді, ер, бай, бек, мырза, сұлтан, гали, хан, жан, тай, ақ, ай, нұр, т.б.* Мысалы: *Шаш* сөзі арқылы жасалатын кісі есімдерінің барлығы да қыз балаға қойылады. Өйткені шаштың әдемі, ұзын, бұрымды болуы негізінен қыз балаға тән деп есептелінеді. *Шаш* себепші негізі арқылы жасалған екіншілік мағыналы кісі есімдерінің парадигмалық сипаты мынадай болады: *Алтыншаш, Сүмбілшаш, Сұлушаш, Қарашаш т.б.*

Туынды сөздің себепші негізі сан есімдермен байланысты болып келгенде дерлік көбі ұл балаларға қойлатын есімдер болып келетіндігін байқадық.

Қыз баланың есімі:

*Бірганым*

Ұл баланың есімі:

*Біржан*

*Үшкемпір т.б.*

Бірлік сандар тобынан жасалған кісі есімдерімен қатар ондық және жүздік, мыңдық сандар тобынан жасалатынын да ескеруіміз керек.

Қыз баланың есімі:

Ұл баланың есімі:

*– Алтыс, Жетпіс, Мыңбай*



Т. Жанұзақовтың «Қазақ есімдері» анықтама сөзігі мен «Есімдер сыры» еңбегінде туынды сөздің себепші негізі сан есімдермен байланысты қыз балаларға қойылған бірде-бір есім кездеспейді.

*Бірханым* сөздерінің алғашқы мағыналары *Бір+ханым* мағыналық деңгейде дамумен қатар, *бір* сөзі жалғыз, жалғанда жалғыз атаудың метафораланумен тығыз байланысты. Қыз балалардың аттары *бала* тірек сөзімен қойылуы басымырақ болса, ұл балалардың есімі *бала* тірек сыңарына қарағанда *ұлан*, *жігіт* сөздерімен тіркесе қойылуы кең тараған.

Гүлдің, көздің, шаштың, сұлудың, бикенің, нұрдың, айдың, күннің, жұлдыздың т.б. қыз бала есіміне негіз болуының мәнісі халық дүниетанымының әлем бейнесін таңбаланумен байланысты. Өздері таныған сұлулық пен әдеміліктің, жақсылық пен биіктіктің, ұлылық пен кішіліктің метафоралы қолданысы қыз есімін таңбалаған.

Ұл баланың да, қыз баланың да есімдерінің метафораланып, атауға айналуы сөйлеуде, лебізде іске асады. Есімдердің гендрлік жүйесін саралауда халықтың дүниетанымдық, ментальдық ерекшелігімен бірге, қоғамдағы өзгерістерді, мәдени, әлеуметтік өзгерістерді ескермеуге болмайды.

Қазіргі таңда қыз балаларға ат беруде шет елдік аттарға еліктеу ер балалармен салыстырғанда мол ұшырасады. Мысалы: *Анель, Анеля, Аида, Адель, Жанна, Жанель, Элеанора, Диана, Тахмина, Альбина, Альмира т.б*

Бұған керсінше, ұл балаларға ат қоюда қазақ халқының бұрыннан келе жатқан есімдерін беру, батырлардың, хандардың, үлкен ғалымдар мен жазушылардың аттарын беру етек алған. Мысалы: *Бауыржан, Мағауия, Бекболат, Нұрсұлтан, Абылай, Кенесары, Қазыбек, Міржақып, Мұстафа, Шыңғыс, Олжас, Мағжан, Сұлтан, Абай, Жамбыл т.б.* болып келеді.

Бұл тәуелсіздік алып, егемендікке ие болған еліміздің ертеңін халық өз тарихымен байланыстырып, жаңа бір жарқын белестерге жетуге үлкен ұлттық үмітпен қарайтынын анықтаса керек.

Т. М. Абдрахманованың зерттеуіне қарағанда лақап есімдері қазақ, орыс, неміс тілдері бойынша олардың көбі ер адамдарға қойылады. Бұл әр тілдің өзіне тән ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Неміс және орыс тілдеріндегі лақап атаулар жынысқа байланысты өзгешеленеді, ал қазақ тілінде бұл ерекшелік байқалмайды, себебі род категориясы тек орыс, неміс тілдеріне тән. Бұл ерекшелік дейді автор: «ер адамдар мен әйел адамдардың мінез құлқына байланысты болуы тиіс. Кез келген елде әйел адамдар ер адамдармен салыстырғанда жұмсақ мінезді, нәзік жанды, инабатты болады, сондықтан да әйел адамдарға көп лақап аттар қойылмауы керек». Осы зерттеуде қазақ, орыс, неміс есімдері қарастырылған, соның нәтижесінде ер адамдардың бейресми есімі – 70-пайыз, ал әйел адамдардың бейресми аты – 30-пайыз. Сонымен, қарастырылып отырған тілде лақап аттарының

саны әйел адамдарға қарағанда ер адамдарға біршама көп қойылады. Қорыта келгенде, бұл ерекшелік тек бейресми есімдерге ғана тән емес, ер адамдар мен әйел адамдардың ресми есімдеріне де тән.

Халық ауыз әдебиетінің нұсқаларында, батырлар жырлары мен тұрмыс-салт жырларында әке атымен аталуды жиі кездестіреміз. Олар «ұлы», «қызы» сөздері арқылы толық, кейде изафеттік конструкцияда қолданылып отырады. Мысалы: Базарбайдың Төлеген, Базарбайдың Төлегені болмаса, Базарбайдың баласы Төлеген мырза, Сырлыбайдың қызы Жібек, Көктімнің қызы Құртқа, Сейілдің ұлы Қараман, Өмір ұлы Сыбан, Қарасай ұлы Көбен, Алшағыр ұлы Тегін, Керей ұлы Келімбет, Қоянақ ұлы Қарт Қожақ т.б.

Осы *ұлы*, *қызы* сөздері арқылы патроним жасалуы XV ғасырда кеңінен дамыған. Демек, бұл дәуірлерге дейін әке атының жасалу, қодану жүйесіне араб, иран немесе моңғол тілдерінің ықпалы болмағаны байқалады. Сол дәуірлердің заман жыршылары: Қазтуған жырау Сүйіншұлы, Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы деп әке атымен аталған.

XVI ғасырға тән жазба ескерткіш, Қосын Жалаири еңбегі «Жами тауарихтан» біраз мысал келтіре кетейік. Бұл шығармада «ұғлы» сөзімен қатар арабтың «бән» сөзін (сирек болса да) қолданып отырғанын көреміз. Мысалы: Есенұлы Болай, Ескеұлы Жолай, Мулик оғлы Башбек Сұлтан, Бұрындық ханның оғлы Кемсин, Усаңханның оғлы Болат сұлтан, Бауыш Бойдашның оғлы Әдик сұлтан, оның оғлы Бойдашхан, Барақ оғлы Дәуриш хан, Жағат қызы Яқшымбек, Бұрындық ханның қызы Дадым ханым т.б.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұрын әке атын бір ғана ұлы иемденбеген. Сол адамның келіні, қызы, басқа да отбасы мүшелері иемденген, Ақжанның ұлы Баян, Ақжанның қызы Күлжан, Ақжанның келіні Мағыш. Ол кезде фамилия болмағандықтан, әйел адамдар да күйеуінің атымен - Асқарбайдың әйелі деген формада айтылатын. Демек, сол бір дәуірде әке аты отбасылық атауға да ие болғанын байқатады.

Бұл тараушада тіліміздегі антропонимдердің шығу тарихы мен пайда болу кезеңдері бір заманға ғана телінбей, бірнеше дәуірге бөліп қарастырылды. Бұдан қазақ антропонимиясының даму тарихының төрт дәуірінің көрінісін байқадық.

Кез келген халықтың болмысын, оның жер бетіндегі өмір тіршілігін дәйектейтін деректердің бірі – топонимдік жүйенің өзегінде мәдени-танымдық коннотацияға сәйкес антропонимдер құралатындығы зерттеу барысында тілдік деректер арқылы анықталып отыр.



1 **Қожанов, О.** Қазақ ономастикасының нормативтік актілерінің жай-күйі // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана : «Ақжол-Баспа» 2004. – 224 б.

2 **Мұсабаев, Ғ.** Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. I бөлім. – Алматы, 1966. – 74-78 б.

3 **Мусабаев, Г. Г.** Современный казахский язык. I лексика. Алма-Ата, 1959.

4 **Бигельдиева, М. М.** Қазақ және түрік әйелдер антропонимиясы // Кандидат диссерт. авторефераты. – Алматы, 2010.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Д. Е. Капанова, Б. Е. Алимжанова*

#### **История развития ономастической науки**

Казахский агротехнический университет  
имени С. Сейфуллина, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*D. Y. Kapanova, B. E. Alimshanova*

#### **History of onomastic science**

S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University, Astana.  
Material received on 01.02.17.

*В статье представлена история развития ономастической науки в Казахстане, охарактеризованы основные достижения ономастики, а также дан краткий анализ ситуации.*

*The article presents the history of development of onomastics in Kazakhstan, characterizes the basic achievements of onomastics, and gives a concise analysis.*

#### **Б. Қ. Қапасова**

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

#### **М. БАРМАНҚҰЛОВ: ТЕЛЕДИДАРДАҒЫ ОЧЕРК ПЕН ТЕЛЕФИЛЬМ**

*Мақалада ғалым М. К. Барманқұловтың қазақ телевизиясының жанрлары туралы еңбегіне талдау жасалады.*

*Кілтті сөздер: телевизия, электронды ақпарат, Интернет, жанр, очерк, телефильм, кейіпкер, репортаж, кинобайқау, т.б.*

Қазақ теледидарының ғылыми негізін жасап, тележурналистиканың теориясын қалаушы Марат Кәрібайұлы Барманқұлов ұлттық телевизия мен радиостудия негізін қалаушы ретінде де есімі елге, ғылыми ортаға, кәсіби журналистер мен БАҚ өкілдеріне кеңінен таныс.

М. К. Барманқұлов Қазақстандағы Интернеттің пайда болуы, электронды ақпарат көздері, Интернеттің электронды ақпарат құралдарын жасаудағы орын мен қызметі, жалпы Интернеттің қоғамның өркендеуіне, қоғамдық сананың дамуына, ел руханияты мен әлемдік ақпарат кеңістікте қоғамды тұтас ететін, біріктіретін жүйе ретіндегі орнын зерттеді. Интернет әлемде алғаш рет ақпарат пен бүкіл жаһандық бірлікті тұтастыратын құрал болатындығын алғаш көре біліп, сол жайында терең зерттеу жасаушы. Интернеттің дүниежүзін біріктіруші жүйе ретіндегі болашағын сол кездегі алғашқы қадамдарына зер сала отырып, болжап Қазақстан үшін қажетті тұжырымдар айтты.

Ғалым еңбектерінің алғашқы саласы – телевизиялық журналистиканың жанрларына арналған. Тележурналистиканың жанрларын қоғам өзгерісінің бір негізі деп қана емес, қоғамдық ой-сананы өзгертуші күш деп бағалайды. Сондықтан да қазіргі кезге дейін түрлі пікірлер мен ойларды жинақтайтын жарнама бизнесіне, қазақ журналистикасындағы жарнаманың орнына, жарнаманы берудің жолдары мен әдіс-тәсілдеріне назар салады.

Әлемнің назарын өзіне енді ғана аудара бастаған шақта, Қазақстан журналистикасы үшін белгісіз беттер болып отырған Интернет журналистика мен радиожурналистиканың мәселелерін таразыға тартады.

Әлемдік журналистиканың ақпараттарын тарату мен ортақтастырудағы Интернет әлемінің маңызын ғана көрсетіп қоймай, оның БАҚ-тың болашағы ғаламдық кеңістіктегі Интернет журналистикамен байланысты болатындығын жазды.

Ғалымның Интернет пен телевизиялық ақпарат құралдарының сипаттарына дейінгі зерттеулерінде жанр ерекшеліктерін ашқан еңбектері бар.

Ғалым қазақ телефильмдерінің баста сипаттары қандай болуы керек деген сұрақтарға «Телевидения: деньги или власть» кітабында айтады. Жалпы 1990-жылдардан бастап қоғамдағы саяси өмір, қоғамдық билік өзгерген соң, жаңа орта үшін ақпарат көздері тың материалдар ұсынуы қажет екені белгілі. Ақпараттық кеңістіктен жаңалық іздейтін халыққа сол қажеттілікті тауып беру арқылы БАҚ міндеті де шешіледі. М. Барманқұлов 20-ғасырдың соңғы он жылдығындағы қазақ теледидарындағы өзгерістерге талдау жасайды.

Ортақтықтары:

1 Нақты бір бағдарламаға тән сипаттар ашық анықтала бермейді.

2 Телеарналардағы бағдарламалар бірін-бірі қайталайды.

3 Жаңалықтарды қайта жаңалау жоқ.

М. Барманқұлов осы айтылған мәселелерді шешудің жолдары қандай деген тұста тағы да Англияның спутникпен таратылатын Би-скай-би арнасын мысалға алады. Бұл спутниктік арна бүгінгі күні біздің елімізге бірнеше компаниялар арқылы таратылады. Ал 1994 жылы ондай мүмкіндік жоқ болатын. Әр арна нақты бір салаға, тақырыпқа арналған: «Скай-спортс-2» – екінші спорт арнасы, «Скай-трэвэл» – туристерге арналған арна, «Скай-соуп» – телесериалдар арнасы. Бір телесериалдарға арналған «Скай муви», «скай мувиз гулд», «Муви ченел» т.б. арналары бар. Ең бастысы, бұлар – қаржы табатындығында. 1994 жылы Би-скай-бидің табысы – 74 млн.фунт стерлингті құраған.

«Фильм» атаулының өзінің жасалу және оның қойылу қалыптары әр түрлі. Фильмдердің теледидарға арналып жасалғандары мен кинотеатрларға арналғандарының айырмашылықтары бар.

1 Телефильмдердің жылдамдығы – 1 секундта 25 кадр көрсете алады.

2 Кинофильмдер жылдамдығы – 1 секундта 24 кадр көрсете алады.

3 Түрлі-түсті теледидар арнайы көшірілімді қажет етеді. Кей кездері арнайы түсті қайта беру функциясын жасауға тура келеді.

4 Теледидардағы түр-түс тез өзгертін контрастарда қауіпті.

Теледидар үшін жасалған алғашқы телефильм Сергей Колосовтың «Вызываем огонь для себя».

Телефильмдердің, соның ішінде деректі телефильмдердің қандай ерекшеліктері бар деген сұрақтарды қоя отырып, ғалым оған мынандай белгілер тән деп анықтайды.

1 Деректі фильмнің материалдары нақты өмірден алынуы тиіс. Ойдан шығарылған жағдаяттар болмауы шарт.

2 Барлық басқа жағдайларда музыкамен әрлеу, қосымша диктор қызметін жүргізу, сурет, көрініс, түсірілім т.б. режиссердің талантына (импровизациясына) байланысты жасалуы керек.

3 Бүгінгі режиссерлер әрбір планды емес, әр блокты қосады.

4 Телефильмнің қалай шығуы – оператордың да түсіру шеберлігіне байланысты. Әр сәтті түсіріп үлгерсе, қажетті сәтті таба алса, содан көрерменнің қызығушылығын оятып, көңілін аударса, бұл – оператор жетістігі.

5 Қарапайымдылық пен табиғилық болуы керек. Әдеміліктен де табиғилыққа көбірек назар аударса, көрерменнің іздейтіні де сол болады. Теледидар операторлары түсірілімді толық жасауды дұрыс санайды. Бұл әрбір қызықты, есте қалар, көңіл аударса сәттерді жіберіп алмау үшін қажет. Монтаждау үшін бірнеше камераны пайдаланады.

Ғалым камера мен сөйлеушінің қатар бірге түсірілетінін – сөз бен түсірілім қимылы бірге ұласқан тұсты – «прием получил название ползучего взгляда, путешествующего глаза» (ілгерінді-кейінді көзқарас, тоқтаусыз көз) деп атайды.

6 Телефильмнің тағы бір ерекшелігі – комментатордың қызметінде. Егер артистің қолында мәтін бар, ал ойнап шығу артистің шеберлігіне, талантына қатысты болса, комментатор да сондай.

Телефильмнің сәтті шығуы тек қана оның мазмұны мен суретінен тұрмайды. Режиссер, оператор, комментатор, актер бірлігіндегі шеберліктен ғана шығады.

7 Телефильм мен бұқаралық ақпарат құралдарының басқа түрлерінің келесі бір ерекшелігін ғалым – «төртінші қабырға» деп атайды. Театр мен кинодан теледидар мен телевидениенің айырмашылығы – «төртінші қабырға» – комментатордың фильмдегі барлық кем-кетік тұстарды толтыра алар немесе керісінше, болатындығын айтады.

Фильмге қойылатын жалпы талаптар үдесінен қара болсақ, телевидениедегі кейіпкердің үш тобын анықтауға болады.

1 Өмірде болған жағдайлар актерлердің ойыны арқылы нақты бар оқиғаларды бейнелеп береді.

2 Өмірде болған жағдайларға жақын, сол оқиғаларды негізге ала отырып, кейіпкер бейнесін актерлер жасап шығарады.

3 Өмірде болған кейіпкерді кейіпкердің өзі көрсетеді. Бұл репортаж жасау арқылы, деректерді қайта жаңғырту, жасырын камера т.б.

Алғашқы жағдайға мысал ретінде «Жизнь Леонардо да Винчи» фильмін алады. Бұнда негізгі қызметті комментатор атқарып шыққан. Комментатор Қайта Өрлеу кезеңіне суретшімен бірге араласып, сол кезеңді өзі көріп, өзі сезінгендей әңгімелеп береді.

Фильмдерді бірнеше ішкі табиғи сипаттары мен мазмұна, ойдың берілуіне, мақсатына, ұстанымдарына қарай ғалым бөледі. Бұл бөлініс деректі фильмдерге қатысты екендігін айтады. Солардың ең бастылары деп:

1 Фильм-монтаж.

2 Иі қанған – кемел образды қайта жасау (фильм-восстановление зримого образа).

3 Фильм-репортаж.

4 Фильм-байқау.

5 Фильм- диалог.

**Фильм-монтаж.** «В основу берет такое странное, на первый взгляд, явление как обратимость факта-кадра. Казалось бы, кадры, запечатлевшие реальное событие, должны быть однозначны. Если запечатлели проезд императора, то этот кадр может только прославлять этого самодержца. Если схватили киноглазом Гитлера, то он может свидетельствовать только о восторге толпы перед ним.

И дело не только в изменении комментария, звуковой стороны фильма. Оказывается, один и тот же кадр может как прославлять запечатленного на нем человека, так и способствовать развенчанию. Для этого нужно всего лишь... перемонтировать кадры, сопоставить их в ином порядке, разместить в определенной последовательности, и кадр начинает свидетельствовать об обратном» [9, 211-212].

М. Барманқұлов монтаж арқылы ойды, айтайын деген идеяны өзгертуге болады, сол арқылы көзқарасты, қоғамдық пікірді қалыптастыруға болатындығын айтады.

«Қазақ телевидениесінің де мерейтойлық фильмдері осындай тәсілмен жасалды. Кадрдан тыс мәтінді Тихонов оқыды, бұл фильмінің негізгі мазмұны – өткен күндер хроникасы. Бұл бүгінгі күн мен өткен күннің деректері монтаждау арқылы түсірілген. Егер монтаждауды тағы да бір рет қайта монтаждаса, онда фильм жанры мен мазмұны жағынан өзгереді. Көркем фильмге айналады.

**Иі қанған – кемел образды қайта жасау (фильм-восстановление зримого образа).** «Еще более часто при подготовке документального фильма о реальном человеке можно встретить ситуацию, когда почти полностью отсутствует архивный зрительный ряд. В газетном очерке нет таких проблем. Там говорится примерно следующее: «Перед его мысленном взором встало тяжелое детство». И следует описание тех времен. В кино нельзя обойтись словами. Нужно при этом и что-то показывать» [9, 213-214].

**Фильм-репортаж.** Репортаж, әдетте ақпараттық, хабарламалық жанр екені белгілі. Бірақ осы жанрды қалай көркем дәрежеге көтеруге болады деген сұраққа жауап беру оңай емес. Ғалым телефильмдегі

репортаждың қолданысына қатысты мәселелерді талдауда Дэвид Рэндаллдың «Универсальный журналист» деген еңбегінен дерек келтіреді. «Очерктерге қарсы жаңалықтар» деп аталатын тұста Д. Рэндалл ақпараттық жанрларды жалықтыратын, назар аударма қоймайтын, қызықтырмайтын мәліметтер деп есептейді. Ал репортер дегенді деректер жинаушы деп, очерктің авторын ел естімеген фразаларды тізіп, сонымен алдаушы деп таниды деген пікірін береді. Репортаж, әрекет пен істің жайын суреттейтін фильмнің ерекшеліктері.

1 Репортаж тәсілі кино түсірілімде жағдайдың, өткен әрекет пен істің образын (бейнесін) бермеуі керек, адамның, кейіпкердің образын (бейнесін) беруі шарт.

2 Түсірілім компаниясы телефильм түсіру үшін әрекет пен істі іздемеуі керек, сол істі атқарушы адамды, іс иесін, оның мінезін іздеуі керек.

3 Түсірілім жұмысы нақты сол кейіпкерді зерттеген сценарий жазылған соң ғана жүргізілуі қажет.

4 Сценарий кейіпкердің өткенін берсе, өткен өмірін суреттесе, соншалықты көрермендерге қызықты да шынайы болады.

**Фильм-диалог.** Синхронды камералар жетілдірілген түрлері мен дамуы олардың кең таралуына мүмкіндік беріп отыр. Фильм-диалогтің басты сипаты – ақылмен жүргізілген әңгіме, сезімді ашық білдірген ой, шыайылық фильмдегі кейіпкер бейнесін ашуға негіз берді. Кейіпкер әңгімесін жазып алудың бірнеше тәсілдері бар.

1 Микрофон мен камераны жасырын қойып, ашық әңгіме түрінде жазып алу.

2 Түсірілім үшін екендігін айтпай, журналистің кейіпкермен әңгімесі негізінде.

3 Журналист ашық әңгімелеседі. Бұндай фильмдерді кей кездері әңгіме-фильмдер деп те атайды.

М. Барманқұлов 1990 жылдардағы телефильмдердің ішіндегі диалог-фильмдердің үздік үлгісі деп, Д. Луньковтың «Трудный хлеб», «Курильские калачи», «Хроника хлебного поля» фильмдерін атайды. Режиссер тиімді әдіс ретінде кейіпкердің өз өмір-тағдыр туралы өз әңгімесін берсе, екіншісінде кейіпкерді жақсы білетін оның достары сөйлетеді. Ғалым Д. Лунковты 30-жылдардағы Д. Вертовтан кейінгі синхронды фильмді түсірудің шебер режиссері деп бағалайды.

**Кинобайқау.** Ғалымның бағалауынша, 1990-жылдардағы кинобайқау түсіретін режиссерлер ішіндегі шеберлерінің алдыңғы қатарлысы – М. Голдовская. М. Барманқұлов режиссер М. Голдовскаяның байқау, жіті зерттеу әдісі – нағыз шығармашылық шыңына шығарар жол деп есептейтіндігін айтады. Кинобайқау, зерттеу жасаудың бірнеше сипаттарын ғалым төмендегідей жіктейді.

1 Кинобайқаудың басты ұстанымы – «араласпау ұстанымы».

2 Телефильм, телеочерктегі басқа әдістердің барлығына тән ортақтық – кейіпкер өміріне араласу, яғни әдеттегі қалыптасқан жүйесін бұзу, өзіне назар аударылады, ең қиындығы кейіпкердің өз бейнесін жоғалтуы мүмкін.

3 Кейіпкер өмірдегі өзін ұмытып, камера алдында одан орта нені талап етеді, – солай болуға тырысады.

4 Кинобайқауда көбіне көп «жасырын камера», «әдеттегі камера», «ашық камера» қолданылуы мүмкін.

«Жасырын камера» – кейіпкердің өзін түсіріп жатқанын білмейді, күдік туғызбайды. Беймәлім, белгісіз тұстардан өмірінің әр кезеңдерін түсіріп алады. Бұл әдісті кейіпкерлердің барлығы шын көңілмен қабылдап, дұрыс түсіне бермеулері де мүмкін. 1990 жылдарды кең қолданылған трансфокатор, вариобъектив, ұзынфокусты оптика сияқты техника құралдарын атайды.

«Әдеттегі камера» әдісі бойынша кейіпкер өзі туралы түсірілім болатындығын біледі. Бірақ қай кезде, қандай жағдайда, қай сәттерде екендігін анық біле бермейді.

«Ашық камера» әдісінде кейіпкерге алдын-ала ескертіп, оның түсірілім нысанына айналғандығы айтылады. Киноаппаратты көреді. Оның қызметін алғаш байқаған кезе қобалжу болуы мүмкін, бірақ бірте-бірте қалыпты жағдайға, әдеттегі қалыпқа түседі. Бұл да түсірілім компаниясының істі жүргізулеріне байланысты.

Телефильм мен телеочерк сипаттарын ғалым осындай негізгі ерекшеліктерімен түсіндіреді.

Деректі негізге алу – публицистиканың негізгі саласы. Публицистика – нақты жағдайларды суреттеп, деректер мен адамдар жайындағы көркемдік шешім, ой, түйін.

«...документализм – это отрасль публицистики, в которой образ создается на основе описания конкретных людей. ...Факты, люди для примеров берутся не случайные, а типические. Если беллетристика достигает обобщения при помощи синтеза, то документализм – через предельно точное описание конкретного, являющегося воплощением типического» [9, 235].

Телефильм – теледидардағы очерк. Дерекке негізделе отырып, кейіпкердің басқаға үлгі болатын, қоғамға қажет мінез сипаттары ашылады. Дерек бұндағы негіз болса, бұл жалпы очерктік жанрдың басты ерекшелігі.

Ғалым Марат Барманқұлов тележурналистикадағы ең бір күрделі сала – очерктік жанрдың сипатын ашады. Телефильмнің деректі түрінің сипатын аша отырып, сол кезеңдегі Кеңес тележурналистикасындағы телефильмдердің тарихына назар аударады. Әсіресе 1920-жылдардан бастап деректі фильмдер түсірген Д. Вертовтың тәжірибесіне өзгеше назар аударып, шеберлік мектебі ретінде үлгі етеді. Режиссердің «Статьи. Дневники.

Замыслы» деп аталатын кітабынан мысал келтіреді [17]. 1920 жылдардың өзінде жасырын-киноаппарат (киноаппарат-невидимка) болғандығын айтады. Түсірілімге қажет негізгі ережелерін жазады.

1 Жедел түсірілім: көз мөлшерінің дәлдігі, жылдамдық, шеберлік.

2 Түсірілімді алдын-ала дайындау: байқайтын, қадағалап, әр істі зерделеп тұратындарды белгілеу: сабырлылық, шыдамдылық, сәтті кезенді таба білу.

3 Жасырын түсіру орнындағы: салқынқандылық пен жіті көңіл аудару.

4 Күнделікті табиғи қалыпта түсіру.

5 Алдын-ала дайындықпен түсіру.

6 Алыстан түсіру.

7 Қозғалыстағы кезді түсіру.

8 Жоғарыдан түсіру.

Ғалым бір телефильмде осылардың бірнеше тәсілдері қабаттаса қолдантындығын айтады.

Телефильм түсіру – шеберлік пен нақтылықты, кәсіби біліктілікті талап ететін іс. Сондықтан да ғалым оған басты жеткішілік ететін режиссер дей отырып, оның комментатор мен операторды таңдап лауын, түсірілім деректерін жинау, кейіпкермен жұмыс т.б. мәселеелрін терең қарастырады. Осындағы әрбір сәтті қалт жібермеген режиссер ғана өз ісінің шебері болып, фильм шынайы шығады деген оймен қорытады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Барманқұлов, М. К.** Телевидение: деньги или власть? – Алматы : Санат, 1997. – С. 272.

2 **Барманқұлов, М. К.** Хан... Иван – Алматы: Вифания, 1995. – С. 272.

3 **Барманқұлов, М. К.** Возможности космического ТВ. – Алматы : Санат, 1997.

4 **Барманқұлов, М. К.** Наследники Белого лебедя. – 1995 г.

5 **Барманқұлов, М. К.** Тюркская Вселенная. – 1996 г.

6 **Барманқұлов, М. К.** Хрустальная мечта тюрков о квадронации». – 1999 г.

7 **Барманқұлов, М. К.** Репортаж на радио и ТВ. – 1970.

8 <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

9 **Вартов, Д.** Статьи. Дневники. Замыслы. – М., 1966. – 164 с.

10 **Рябчиков, Е.** Репортаж в радиовещании и телевидении – М., 1987. – 258 с.

*Б. К. Қапасова*

**М. Барманкулов: очерк и телефильм в телевидении**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*B. Karasova*

**M. Barmankulov: feature of article and TV**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 01.02.17.

*В статье анализируется труды ученого М. К. Барманкулова о жанре телевидения.*

*In the article there are analyzed the works of the scientist M. K. Barmankulov about TV genre.*

ӘОЖ 811.512.122'373.49

**Б. Қ. Қапасова**

ф.ғ.к., профессор, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

**АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ  
ЖАРНАМА ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ НАРЫҚ  
ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ**

*Мақалада алғашқы ұлттық басылымдардағы жарнама тілі мен стилі және нарық қатынастардың БАҚ-тағы көріністері талданады.*

*Кілтті сөздер: жарнама, ақпарат, газет, қоғам, сауда, даму, тауар т.б.*

**КІРІСПЕ**

Бүгінгі әлемді тұтасымен қамтыған жаһандық тұтасулар қоғамның барлық саласын нарықтық қатынастарды жаңаша үрдіс жүргізуге тікелей қатысты еткені белгілі. БАҚ жүйесі де де нарық пен қоғамның бәсекеге

бет алған қалпын танытады. Қазақ басылымдары, телеарналары мен радиотораптары жаңа заманға бейімделе отырып, қоғамдағы өз орнын, бағытын, стилін танытуы шарт. Осы тұста БАҚ-тың нарық жағдайындағы беделі өз еңбектерін табыс көзіне айналдыра алумен де байланысты.

Еңбекті табыс көзіне айналдыру арқылы демократиялы қоғамның бір белгісіне бейімделетін, ықпалын арттыру үшін ақпаратты жеткізудің түрлі сипаттарын ашатын: ұтқырлық, нақтылық, түсініктілік, көркемдік, жаңалық т.б. сияқты өзекті тұстарды көтере білу БАҚ қызметкерлері дамыған шетелдерден үлгі ала отырып, қызу ізденіп келеді. Қазақ бұқаралық ақпарат құралдары ескі сарынын өзгертіп, жаңа бағыт ұстануға көшкен.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Алғашқы қазақ баспасөзіндегі жарнаманың жариялануы мен таралуы, мазмұны мен қоғамдық орны, қажетті қоғамдық салалары туралы қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары «Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаятының газетінің», сонымен бірге «Қазақ», «Айқап» басылымдарының жарнамасын негізге аламыз

Алғашқы қазақ басылымдары қоғам талаптарынан туды. Қазақ қоғамындағы 19-ғасырдың соңындағы жаңа экономикалық қатынастар рухани құндылықтарға да жол ашты.

Қазақ тілді жарнамалардың алғашқы үлгілерін ерте кезеңнен басталады. Қоғам, қоғамдық қатынастар қалай да жарнаманы қажет етеді. Осы бағытта қазақ тілді басылымдардағы жарнамалардың қызметі, алғашқы үлгілері мен олардың мазмұны, берілу, таратылу сипаты туралы зерттеулер қажет екені белгілі. Ұлттық дәстүрдегі ойды түрлі тәсілдермен жеткізу, көркемдеу және нарықтық қоғам талаптарына қарай қаржылық жағынан өзін-өзі қамтамасыз ету мәселелерін көтереді.

Баспасөз алғашқы қызметі қоғаммен байланыс ұғымымен тығыз байланысты туды. Бұл қоғамдағы әрбір ұйым мен жұртшылықтың арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрі. Сонымен бірге жұртшылықпен пайдалы әрі тиімді қарым-қатынас орнатудың негізі де бола алады. Бұл тұста жарнама мен нарық қатынастары қатар жүрері анық. Қазақ қоғамындағы Ресей патшасының әкімшілік-территориялық реформаларынан кейін қазақ даласына көптеген өзгерістер болды. Бұл әсіресе 19-ғасырдың соңғы ширегіне қатысты. Қазақ қоғамындағы жаңа сауда орындары, жаңа жәрмеңкелердің ашылуы қазақ саудасы мен бірге рухани кеңістігін де байытты. Осы тұста алғашқы газеттің қызметі де қажет болғаны белгілі.

Қазақ журналистикасында жарнама мен журналистиканың байланысына алғаш назар аударған ғалым – М. Барманқұлов [1].



Кенес Одағы ыдырап, әр республика өз тәуелсіздігін алып жатқан тұста ақпараттың тәуелсіздігі, оның қоғаммен байланысына назар аударатыны, ақпараттық тәуелсіздіктің басты шарты – қаржылық тәуелсіздік, ендеше ақпарат саласы қаржылық жағынан өзін-өзі ақтау үшін қандай шарттар керек деген мәселені «Телевидение: деньги или власть?» деген кітабында жазады.

М. Барманқұлов Си-Эн-Эн компаниясының бірнеше басапөздегі іс-шараларын «қайырымды істермен өздерін жарнамалау» дегенді айтады. Соның ішінде Си-Эн-Эн компаниясының социалистік елдермен, әсіресе алғашқы Кубадан жасаған репортаждары жарнаманың үлгілі түрі дегенді айтады [1, 31].

Қазақ баспасөзінің алғашқыларының бірі – «Түркістан уәлаятының газеті» туралы ғалым Қ. Алдабергенов: «Орта Азия баспасөзінің тұңғышы болып саналатын «Түркістан уәлаятының газеті» 19-ғасырдың жетпісінші жылдарында дүниеге келгені мәлім. Анығына көшсек, бұл басылым 1870-1882 жылдары қазақ тілінде Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы ташкент қаласында патша үкіметінің ресми газеті «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған. Онда негізінен қазақ халқының тұрмысы, тарихы, экономикасы жайындағы материалдар басылған» [2], – дейді.

Ғалым пікірінен қазақ тұрмысы, тарихы, экономикасы мәселелерін көтерген басылымның маңызы орасан зор екендігін ұғамыз. Сонымен бірге оның қоғамдық мәні де ашылады.

Қазақ баспасөзіндегі жарнама туралы зерттеулер Ж. Бекболатұлының зерттеулерінде. Ғалым қазақ жарнамасының ерекшеліктері туралы «Жарнама негіздері» [3], жарнаманың қоғаммен қатынастары туралы «Жұртшылықпен байланыс» және «PR және жарнама» оқулықтары мен оқу құралдарында жазады [4], [5].

Қазіргі қазақ тіліндегі жарнамалардың тақырыптық түрлері де зерттеу нысанына алына бастаған. М. Ө. Насимовтың «Қазақстан Республикасындағы саяси жарнаманың дамуы» атты мақаласында саяси жарнаманың сипатын талдайды [6].

Саясат ісіндегі жарнама рөлін, қоғамдық байланыстың бір түрі ретінде қарастыра отырып, оны баспасөз нысаны ретінде қарастыратын ғалымдар, PR-дың жарнамалық мәнін ерекше атайды [7], [8], [9], [10], [11].

Баспасөз мен жарнаманың ара қатынасын ашуда жарнама – қоғам мәдениетінің көрсеткіші деп алынар тұста оның негізгі белгілерін анықтаушы БАҚ болатындығы зерттеу нысанына айналған.

Бұл мәселеге ғалым Б. Хасанов [12] жарнаманы іс жүргізумен бірге мемлекеттің әлеуметтік, рухани сипаттарын көрсететін белгілер қатарына жатқызады. О. Өтеғалиева [13] жарнама тілінің мәдениеті мемлекеттің саясатын білдіреді деген тұжырым айтады.

Солтанбекова Ғ. Ө. «Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі» [14] атты зерттеуінде жарнамадағы басты әсер ететін белгілердің бірі деп тілді айтады. Тіл тек қана жарнаманың қалай таралуына ықпал етіп қана қоймай, оның қоғамдық-экономикалық сипатын арттыра түседі деген пікірді айтады.

Қазақ баспасөзіндегі алғашқы жарнамалар «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаятының газетінің», сонымен бірге «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналында басылған. Бұларды бүгінгі жарнамалармен салыстыруға келмейді. Бүгінгі жарнаманың толық белгілерін сақтағандарымен бірге жарнама элементтері кездесетіндері де бар. Дегенмен өз қоғамдық-экономикалық сипаттарына жауап бере алғандықтан да, жарнама қызметін атқарған.

«Дала уәлаятының газетінде»: «Газетте «Мемлекеттік тіл» деген мақала да басылыпты. Оның авторы әр халық алдымен өз ана тілін жақсы білуі керектігін еске салып, екінші билеуші ұлт тілін, яғни орыс тілін, үшінші сол кездегі ғылым мен әдебиет тілі – француз тілін үйренуді ұсынады» [15], – деп жазылған.

Жарнама нақты тікелей белгілі бір тауарды немесе қызметті ұсыну емес, бір тілдің артықшылығын жарнамалайды. Бұл алғашқы қазақ газеттерінің жарнамаларының тақырыптарын ашады.

Жарнаманың таралу орныдары бар. Алғашқы жарнаманы таратушылар халық көп жүретін жерлерге келіп, арнайы жар салып айтатын адамдар болған. Бұл хабардың тиімділігі үшін алғашқы кезден бастап – ақ жарнаманы жеткізушіге көп мән берілетін.

1 Жар салушының қоғамдағы орны, халық алдындағы беделі.

2 Хабарлама, ақпараттың кімнен шыққандығы.

3 Хабарлама, ақпарат мазмұны.

4 Тіл қолданысы, халыққа әсер етер экспереисивті-эмоциялық сипаттары.

5 Ұсынатын ортасы.

6 Жар салушының дауыс екіпіні, дикциясы, интонациясы. Бүтіндей жарнаманы оқу техникасы ескерілетін.

Алғашқы жар салушылардың өз тілдік қолданыстары мен халықты өзіне қарату үшін қолданатын сөздері, ұрандары болған. Сонымен бірге хабарлама, жарнама айтушының дауыс ырғағы басты назарға алынатын.

М. Барманқұлов ақпарат құралдарындағы жарнамалардың сипаттарын белгілейді.

Ғалым жарнамаға қатысты келесі тұстарға назар аударады.

1 Жалпы нормалар.

2 Жарнаманың ұзақтығы.

3 Жарнаманың формасы және берілуі.

- 4 Жарнаманы орналастыру (ғалым включение – косу) деп алады.
- 5 Белгілі бір заттарды жарнамалау тәртібі мен ережелері [1, 118-120]. Жарнама екі сипатымен ерекшеленді.
  - 1 Хабарламалық.
  - 2 Назар аудартушылық.
- Нарыққа бейімделген қазіргі қоғамда жарнаманың түрлері мол.
  - 1 Сағу мақсатындағы жарнама.
  - 2 Институционалдық – пікір қалыптастырудағы.
  - 3 Хабарламалық жарнама.
  - 4 Көлік саласындағы.
  - 5 Ауызша.
  6. Баспалық т.б.

Жарнама қазақ әдебиеті үлгілерінен де кездеседі. Сонымен бірге қазақ тіліндегі «жарлық шашу», «жар салу» ұғымдарымен берілген.

Жарнамаға деген сұраныстың артуы 10-15-ғасырларда ортағасырлық қалалардың өсуімен байланыстырылады. Урбанизация, қалаға халықтың көп жиналуы халықтың тауар ментүрлі қызмет түрлерін ақпараттандыруды талап етті. Солардың қатарында жарнаманың көп түрлерінің пайда болуына себеп болды.

Қазақ жерін толық отарлау мақсатын жүзеге асыруда Ресей патшасы бірнеше реформалар жүргізді. Бұл реформалар сипаты жағынан әкімшілік-территориялық болды. Өз саясатын қазақ жерінің барлық территориясына жеткізу мақсатында баспасөзді пайдалну қажеттігін сезген патша үкіметі қаулы, қарар, бұйрықтарын жариялап тұратын басылымдар қажеттігін ұқты. Өз заманында да, одан кейін де Қазақстанда түрлі басылымдар болғаны белгілі.

1870 жылы Түркістан генерал – губернатор кеңесінде орыс, қазақ, өзбек тілдерінде «Түркістан уәлаятының газеті» деген атпен шыққан басылым – бүкіл Орталық Азиядағы тұңғыш газет. Айына төрт реттен жарық көріп отырады. 1882 жылы газет тоқтатылды.

«Түркістан уәлаятының газеті» («Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрген) 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап шыққан. «Түркістан уәлаяты газетінің» нарыққа қатынасы мен жарнама туралы мәселелері жайын қозғағанда бірінші санындағы «Түркістан уәлаятының газеті» қазақ тілінде алғашқы жарнамасын жариялайды.

Сол нөмірде газетте жарнама-хабарларды берудің ақысы да жазылған. Мәселен, сол кезеңдегі баға бойынша, бірінші беттегі жарнаманың құны – 10 тиын, соңғы беттегі жарнаманың құны 5 тиын деп белгіленіпті.

Жарнама ұғымы арабтың «иғлан» және орыс тіліндегі «объявление» деген сөздермен берілген.

«Түркістан уәлаятының газеті» қазақша бөлімінің жабылуына байланысты Дала генерал-губернаторының органы ретінде Омбы қаласында 1888 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Дала уәлаятының газеті» болып шыға бастады.

Газеттегі ең көп таралған жарнама хабарлары жаңа кітаптар жайында. «Дала уәлаяты» газетінде әрбір қазақ даласында ашылған жаңа мектеп, школа, медресе жөнінде дер кезінде жарнама хабарларын беріп отырған. Екінші басылым – «Дала уәлаятының газеті» 1888 жылдан бастап, 1902 жылға дейін жарық көрген. Аптасына бір рет шығып тұрды. «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» газеттері – қазақ баспасөзінің бастауында тұрғандар басылымдар.

Алғашқы қазақ мерзімді басылымдардың қатарына «Қырғыз газеті», «Серке», «Дала», «Қазақстан», «Алаш», «Шолпан», «Айқап», «Қазақ», газет – журналдарын атауға болады.

Қазақ баспасөзінің тарихында әр басылымның өзіндік бағыт -бағдары, алға қойған мақсат-мүдделері болды. Бұл газет – журналдар шаруашылық, экономика мәселелеріне де баса назар аударды.

Басылымдардың адам мен қоғам үшін қаншалықты орын алатындығы, маңыздылығы туралы «Айқап» (1911-1915 ж.) журналының редакторы Мұхамеджан Сералин: «Ғалымдар дүние тіршілігін бір соғыс майданына ұқсатады. Ол соғыс майданын шаруашылық соғысы (экономическая война) деп атайды. Бұл соғыстан қан төгілмейді, ләкин қан төгілген соғыстан да сипаты жаманырақ, шаруашылық соғысында кәсіп, өнер басқасы қанды соғыстағы зеңбірек, мылтықтан да бетер адам баласын қырады. Бұл соғыста адамы көп жеңбейді. Білігі, ғылымы, өнері артық жұрт жеңеді. Соның үшін мейлі көшелі бай бол, енді келешек балаларымызды ғылым құралымен құралдандыруымыз тиіс. Егер де балаларымыз шаруашылық соғысында бөтен халықпенен бәсекелесуге жарай алмай, құл болып қалмасын десек... Шаруашылық бабындағы құлдық – ешбір емі табылмайтын құлдық» [18, 52].

20-ғасырдың басындағы қоғам қайраткерінің сөзінің қазіргі заманымызда да қоғам үшін қажет екендігін уақыт өткен сайын көріп келеміз. Сауда, мүлік немесе нарықтық экономиканың талабы күшті, заңы қатал. Ол қаталдық маңдай термен табылған қаржы, еткен еңбекпен келген ақшаның ыстықтығында. Адам тіршілігі үшін әлеуметтік-экономиканың артықтығында.

Қоғам өмірінде, әсіресе 20-ғасыр басындағы отарлық езгідегі қазақ үшін шаруашылық, экономикалық мәселелердің барынша маңызды екендігін Алаш қайраткерлері дебарынша ұғынды. Алаш көсемі, ұлттың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, терең білімді ғалымы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өркендеуінің сан алуан мәселелерін баспасөз бетінде жариялап, мақала жазып, талдап отырды. Қоғам қайраткері журналистік қызметіне де аса маңызды орын берді.

Қазақ басылымдарының алғашқыларындағы ұлттық байлық пен нарық қатынастары туралы мақалаларды бірнеше топтарға бөлуге болады. Ең негізгілеріне келесі түрлерін жатқызуға болады.

1 Егіншілікпен айналысу. Қазақ халқын жаңа кәсіп түріне үйренуге шақыру.

2 Қазақ даласындағы алғашқы қалалардың салына бастауы. Қала өнеркәсіп орыны. Халықтың өнеркәсіппен шұғылдануын насихаттау.

3 Өнеркәсіп орындарының көптеп ашылуы. Қазба байлықтарын өндіріп жатқан Ресей отаршылдарының байлыққа кенелуі.

4 Сауданы үйрену.

5 Асыл тұқымды мал басын көбейту, астықтың сұрыпын тандай білу.

6 Нарықтағы салық жайы.

**1. Егіншілікпен айналысу. Қазақ халқын жаңа кәсіп түріне үйренуге шақыру.**

«Қазақ даласындағы нарық қатынастарының өзгерістерін талдаған Ә. Бөкейхановтың мақалаларының алғашқылары «Дала уалаятының газетінде» басылды. Басылымның 1889 жылғы № 41-42-сандарында Әлихан Бөкейхановтың «Қарқаралы оязының Қотан-Бұлақ, Западний-Балқаш, елдеріндегі егіннің жайы» деген көлемді мақаласы қазақ және орыс тілдерінде шықты.

Қоғам қайраткерінің бұл газетте төрт мақаласы жарияланған екен. Бұл мақаланы Ә. Бөкейхановтың қазақ шаруашылығы, экономикасы тақырыбына байланысты жазған еңбектерінің, алғашқысы деуге болады.

Мақалада Әлихан Бөкейханов бірнеше мәселелерді көтерді.

1 Қазақ жерінің барлық аймағы егін шаруашылығына ыңғайлы еместігі.

2 Өзінің туған жеріндегі егіншілік табиғаттың қиын жағдайында жүргізіліп отырғанын баяндайды.

3 Егіншілікпен айналысатын жатақтардың ауыр халі,

4 Егіншілердің ісіне шын көңілімен күйзелетіндігі.

Газетте бұдан басқа әлеуметтік- экономикалық тақырыпты қозғайтын «Қаймақсыз сүт қазақ халқын өлімнен сақтайды» деген мақаласы басылады.

Мақалада қазақ даласындағы айырбас сауда түрі жазылған. 19-ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласындағы дамыған қатынастардың ең көлемдісі – тауар – тауар болды. Тауар айырбасы қатынастары маңызды орын алды.

1 Халықтың ғасыр соңындағы жаңа шаруашылық, нарықтық қатынастары суреттеледі.

2 Жаңа тұқым, бидайдың асыл тұқымы туралы баяндалады.

3 Осындай ерекше бидай тұқымы өсетін жердің табиғатының да ерекше екендігі жазылған.

4 Бұл жерде тұратын халықтың да тұрмысы өзгелерге қарағанда жақсы екендігі баяндалады.

5 Белағаштағы елдің шаруа жайын жүргізу әдіс-тәсілдері, жұмыс тәжірибелері, ортаға бейімдалулері туралы айтады [14, 52].

Автор шаруаның бір жайы – үнемшілдік, бір сыры – барды пайдалана білу, ендігі бір қыры – халықтың еңбекқорлығы айтады.

**2 Қазақ даласындағы алғашқы қалалардың салына бастауы. Қала өнеркәсіп орыны. Халықтың өнеркәсіппен шұғылдануын насихаттау.**

«Қазақтың қала салып тұруы жайлы» деп аталатын мақаланың авторы В. Иванов деп жазылған. Мақала 1899 жылы № 19 және № 20 сандарда басылған.

**3. Өнеркәсіп орындарының көптеп ашылуы. Қазба байлықтарын өндіріп жатқан Ресей отаршылдарының байлыққа кенелуі.**

«Қазақ жерлеріндегі таудан алынатын пайдалы кәсіптер» деп аталатын мақаланың да авторы көрсетілмеген. «Дала уәлаятының газетінде» 1888 жылғы 39-санында жарияланған.

Қазақ жерлерінің кенге бай өлкелері деп Қараөткел оязы, Кереку оязының оңтүстігі және Қарақаралы оязы деп жазады.

Бұл жерлердің пайдалы артықшылығын 19-ғасырдың 40-жылдарынан бастап білген патша үкіметі оған адамдар жіберіп, тексерте бастапты.

«1857-ші жылдағы Сібірдегі қазақ облысындағы кендердің есебі:

Алтынның кені – 24

Күмістің, мыстың қорғасын араласы – 44

Мыстың кені – 106

Темірдікі – 4

Тас көмірдікі – 22

Әр түрлі тастікі – 6

Барлығы – 206» [14, 67].

Мақала осындай кен байлығының бар сырын түгел білетін адамның талдауына тұрады. Кеннің пайдасы ғана айтылып қоймай, сол кенді өндіруге ынта қойған Ресей империясының да пиғылы айтылмаса да көрінеді.

Кеннің барлық түрлерін өндірудің қазақ даласындағы жеңілдігі – ең бастысы жергілікті халықтың кеннің пайдасын ойлап, көп қажетсінбейтіндіктері талданған. Сонымен бірге мақала 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы жаңа өнеркәсіп орындарының пайдасы мен кен қорыту орындарының істері, табысы туралы мәліметтер береді.

Қазақ халқына пайданың, жаңа кәсіптің сырын ашады. Әр тиынды, теңгені санап, пайда табу, өнеркәсіп ісін үйретудің қажеттігін ұқтырады.

**4 Сауданы үйрену.**

**5 Асыл тұқымды мал басын көбейту, астықтың сұрыпын тандай білу.**

**6 Нарықтағы салық жайы.**

Әлихан Бөкейхановтың «Қазақта» 250-дей мақаласы жарияланған. Соның көпшілігі шаруашылық-экономикалық тақырыптарға арналған.

Патша саясаты арқылы оның экономикалық қысым және нарықтағы қазаққа деген қатынастары көрінеді. Немесе экономиканы жаңартуы арқылы, ел ішіне жаңа ережелер енгізу арқылы экономикамен саясатты қатар жүргізіп ойтрғандығын түсіндіреді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ басылымдарындағы алғашқы нарық қатынастары мен жарнама жұртшылықты сауда ісіне үйретіп, нарық, жаңа шаруашылық қатынастарға үйретті.

– Қазақ баспасөзінің ұлттың материалдық дамуына, экономикалық, нарықтық қатынастарды үйренуіне игеруіне ықпалы қандай болды деген оны Алаш қайраткерлерінің қызметімен байланыстыра отырып қарастырамыз;

– 20-ғасырдың басындағы қоғам қайраткерінің сөзінің қазіргі заманымызда да қоғам үшін қажет екендігін уақыт өткен сайын көріп келеміз;

– сауда, мүлік немесе нарықтық экономиканың талабы күшті, заңы қатал. Ол қаталдық маңдай термен табылған қаржы, еткен еңбекпен келген ақшаның ыстықтығында. Адам тіршілігі үшін әлеуметтік-экономиканың артықтығында;

– қоғам өмірінде, әсіресе 20-ғасыр басындағы отарлық езгідегі қазақ үшін шаруашылық, экономикалық мәселелердің барынша маңызды екендігін Алаш қайраткерлері де барынша ұғынды.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Барманкулов, М. К.** Телевидение: деньги или власть? – Алматы : Санат, 1997. – С. 272.

2 **Бекболатұлы, Ж.** Жарнама негіздері. – Алматы : Экономика, 2009. – 216 б.

3 **Бекболатұлы, Ж.** Жұртшылықпен байланыс. – Алматы : Экономика, 2009. – 326 б.

4 **Бекболатұлы, Ж.** PR және жарнама. – Алматы : Қазақ университеті, 2010. – 346 б.

5 **Насимов, М. Ә.** Қазақстан Республикасындағы саяси жарнаманың дамуы //Қаз.ҰУ Хабаршысы. Философия. Саясаттану. Мәдениеттану сериясы. – 2006. – № 2 (26). – 189-194 бб.

6 **Адилова, Л. Ф.** Институт публик рилейшнз в сфере политики переходного общества // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. – 1998. – № 1. – С. 4-11.

7 **Ибраева, Г. Ж.** Парламент и СМИ: взаимодействие или конфликт? // Законодательство и практика. – 2002. – № 10. – С. 13.

8 **Ибраев, А. Ж.** Основные направления политики реализации связей с общественностью (на примере НДП «Нур Отан»): автореф. ...канд.полит. наук: 23.00.02. – Алматы, 2008. – 24 с.

9 **Ахатова, Б. А.** Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы : Экономика, 2006. – 302 с.

10 **Дөрбетханұлы, Т.** Партиялық саяси имиджді қалыптастырудағы коммуникациялық байланыстың ролі //Саясат. – 2003. – № 2. – 62-64 б.

11 **Хасанов, Б.** Мемлекеттік тілде іс жүргізудің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары // Жинақта: Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999. – 464 б.

12 **Өтеғалиева, О.** Қазіргі жарнама талапқа сай болмай тұр // Газетте «Ана тілі». – № 21. – 2016.

13 **Солтанбекова, Ф. Ә.** Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001. – 114 б.

14 «Дала уәлаятының газеті» // Құрастырушы Субханбердина Ү. – Алматы : Ғылым, 1994. – 787 б.

15 **Аллаберген, Қ.** Тарих және баспасөз (Қазақ мерзімді баспасөзінің зерттелу тарихынан). – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Кереку» баспасы, 2009. – 169 б.

16 «Түркістан уәлаятының газеті» // Құрастырушы: Субханбердина Ү. – Алматы : Ғылым, 1996. – 832 б.

17 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

18 «Айқап» журналы // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 368 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Б. К. Канасова*

**Реклама и первые рыночные отношения на страницах первых газет, журналов**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

**Advertising and the first market relations on the pages of the first newspaper, magazine**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 01.02.17.

*В статье анализируются роли рекламы и первых экономических отношений в Казахстане, напечатанных в газетах и журналах «Туркiстан уәлаятының газетi», «Қазақ» и «Айқап».*

*The article analyzes the role of advertising and the first economic relationships in Kazakhstan, published in newspapers and magazines «Turkistan ualalati gazetі», «Qazaq», and «Aiqaр».*

ӘОЖ 811.512.122'373.49

**Б. Қ. Қапасова<sup>1</sup>, С. Т. Елікпаев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор; <sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

**САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАРНАМАЛАР**

*Мақалада «Дала уәлаятының газеті», «Туркiстан уәлаятының газеті» «Қазақ» газеттерінің беттеріндегі алғашқы саяси-экономикалық тақырыптағы жарнамалар талданады.*

*Кілтті сөздер: саясат, экономика, жарнама, салық, түтін, насихаттау, ақша, банк, өнім, т.б.*

**КІРІСПЕ**

Қазақ тіліндегі баспасөз 19-ғасырдың соңғы он-жиырма жылдығынан басталып, 20-ғасырдың басына дейінгі кезеңде Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі аралықта халықтың қажетін, мұң-мұқтаж, талап-тілегін жазды. Алғашқы қазақ басылымдарындағы жарнама үлгілерінің қазіргі жарнама талаптарына, тіліне, мазмұнына көп келе бермейтіндігі де анық. Бұның солай болуы заңды да.

1 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басындағы қазақ халқының танымы мен түсінігі басқа.

2 Жарнамалайтын ұғым мен хабар, тауар түрлері басқа.

3 Қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік құрылым өзге.

4 Қоғам сұранысы мен талаптары, қажеттіліктері да бүгінгі заманнан бөлек.

5 Ұлттың сөйлеу тілі, сөйлем құрылымында да өзгешелік бар.

6 Тілдегі көркемдеу, шарттылық, нақтылық, ауыспалы мағынадағы түрлендіру де бүгінгі күннен басқа.

7 Жарнама мазмұны хабарлау мен түсіндіру, нақтылау сияқты талаптарды көп ескереді.

Бүгінгі қоғамдағыдай 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасыр басында қағаз бетіне түскен ақпараттар мол емес. Әлемнің басқа бір нүктелерінде болған шығар. Бірақ қазақ даласына тарап, жетіп жатқан қағазға түскен ақпараттар жоқтың қасы десме де болғандай. Сонымен бірге қазақ тілді басылымдарды шығарушылардың басты тілек, мақсат, мүдделері қазақ халқын отарлық езгіден босату. Елді жеке тәуелсіз мемлекет ету идеясы болатын. Сондықтан да қазақ зиялылары халықты баспасөз арқылы сауаттандыру мақсатын қойды. Бұл сауаттандыру тек әріп танытып, хат білуге үйрету ғана емес. Әріп танытып, хат білгізе отырып, халықтың саяси бостандығын қамтамасыз етті, қоғамдық санасын көтеру, рухани азат ету идеяларымен сабақтасып жатқан.

Сол себептен де қазақ тілді басылымдарда халықтың ескі түсініктері мен танымдары ескерілді. Бұл бағытта жарнаманың хабарламалық сипаты басым болды. Белгілі бір жаңалықты егей-тегжейлі түсіндіру мақсатын қойды. Жалпы жарнаманың мақсаты белгілі бір хабарламаны насихаттау. Сондықтан да біз талдауға алып отырған туындыларды жанрлық жағынан мақалаға жақын немесе толығымен мақала талаптарын орындауы мүмкін. Біз бұл бағытта мақаладағы жарнама элементтерін ескердік.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қазақ тілді басылымдардағы жарнама мен алғашқы нарық қатынастарын бөліп, іріктеп алуда біз келесі шарттарға сүйендік.

1 Туындыдағы жаңалықтың хабарлануы.

2 Халыққа белгілі бір оқиға, шара туралы түсінік берілуі.

3 Оқырмандардың назарын аударатын деретердің болуы.

4 Насихаттық, үгіттік негізде құрылуы.

Осы талаптарды ескере отырып, біз қазақ баспасөзіндегі жарнама жанрының алғашқы үлгілерін талдадық.

«Жарнама» терминінің шығуының өзін зерттеушілер алғашқы хан, патша, әйтеуір бір билеушілердің қаулы, қарар, бұйрықтарын жеткізу негізінде пайда болған. Алғашқы қалпы «жар», «жар салудан» шыққан дейді. Біз осы негізге сүйене отырып, алғашқы басылымдардағы жарнаманы тақырыптық жағынан бөлдік.



Алғашқы қазақ басылымдарының тақырыптық мазмұны кең. Соның ішінде ең көлемділері деп жіктесек екі тақырыпқа бөлуге болады.

1 Саяси-экономикалық.

2 Оқу-ағарту мәселелелері.

Қазақ билеушілері орысқа бодан боламыз деп алғаш мойынсұнған күннен бастап өз еркіндігінен, өз бостандығынан айырылды. Бұл 1822 жылғы Сперанский реформасынан бастап анық сезіле бастады. Көпшілік бірнеше рет жүргізілген әкімшілік-территориялық реформалар қазақ даласының анық орыс патшасына тәуелділігін танытты. Таныртып қана қойған жоқ, қазақ халқын еркінен айырды.

19-ғасырдағы ел билеу тәртібіндегі жаңалықтар қоғамдық қатынастарды өзгертті. Дәстүрлі ел санасына сіңген қалыптан бөлек жаңа қатынастарды шығарды. Халық танымынан алыс әдеттер шыға бастады. Отарлау саясаты қазақ даласына ықпалын күшейте түсті. Ресей отарлау саясатын жүргізген патша чиновниктері мен ел ішіндегі байлық пен мансапқа құмартқан қазақ билеушілері халықты екіжақтан қанады. Олардың халыққа көрсеткен қыспағы, қоғам шындығы баспасөзде бар айшығымен, көркем бояуымен ғана емес ой тереңдігімен де ашылды.

Алғашқы баспасөздегі ұлтты ұйыстыру мақсатында көркем үлгінің барлық жанрлары қолданды. Қоғам баспасөздің дамуындағы жаңа бағыт, ерекшеліктерді көрсетті. Ал ерекшеліктерді жасайтын тарихи сипаттары болады. 19-ғасыр әдебиеті қазақ қоғамындағы әлеуметтік ойдың көркем көрінісі болды. Ел тарихындағы маңызды оқиғалардың талайы осы ғасырда өтті.

1 19-ғасырдың бірінші жартысынан бастап Ресей патшасы қазақ даласын басқаруды толығымен өз қолына алды. 19-ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ тарихындағы дәстүрлі билікті жойған жаңа заң. 1822 жылғы қабылданған «Сібір қазақтарының жарғысы» халық танымына, түсінігіне өзгеше жаңалықтар, өзгерістер әкелді.

2 Ресей патшасы билігін арнайы салдырған бекіністер мен әскери шекаралық басқармалар жүргізіп отырды.

3 Қазақ билігі бірте-бірте өз қолынан кете бастады.

4 Билігі кеткен жұрт атамекенінен айырылды, ел ішіндегі билеушілер мен орыс билігі тарапынан екіжақты қысымға түсті.

5 Салық түрлері көбейді.

6 Қазақ даласы округтерге (дуандарға) бөлінді. Округтердің (дуандардың) билігі сұлтаннарда болды. Аға сұлтаннарды отарлау саясатының дегеніне көнетін, патша заңын орындайтындардан қойды. Отарлау саясаты халықты жерінен, бар материалдық байлықтарынан айырды. Рухани ұлттық құндылықтарынан да алыстата түсу мақсатын көздеді.

Патша өкіметінің әскери-саяси әрекеттері мен тауар-ақша қатынастары енгізілді. Осыған байланысты әлеуметтік қайшылықтар шиеленісіп кетті. Малдың жайылуына қолайлы шөбі шүйгін жерлерден айырылды. Қазақтар жаңа жайылым іздеді. Ата-бабадан дәстүрге айналған көшіп-қону бағдарын өзгертті. Осындай негізгі тарихи жағдайлар 19-ғасырдағы қазақ баспасөзінің басты тақырыбына айналды.

Ресей отарлау саясатымен бірге қазақ даласына жаңа мәдениет пен өнер, білім, ғылым негіздері де келді. Орыс халқының, батыстың алдыңғы қатарлы білімі мен ғылымын, мәдениетін, кәсібін т.б. ұлтты алға апарар үлгілерін үйренуге шақырған ағартушы-демократтар – А. Құнанбайұлы, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин жаңа ой, бағыт бастаушылары болды.

19-ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ұлтының тарихы мен танымындағы халыққа қажет тұстарды бейнеледі. Бұл еркіндік екі жақты жүргізілді. Кез келген адам баласы үшін іздейтін – материалдық және рухани қажеттіліктер. Ұлтты осы екі қажеттіліктен рухани және материалдық қажеттіліктер айырды.

Қазақ тілді газеттердегі жарнаманың мазмұны 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басындағы өзгерістеріне байланысты болды.

Әсіресе, әуел баста аударма болса да, бірте-бірте дербес газет дәрежесіне дейін жетіп, қазақ тілінде шығарылған «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902) қазақ баспасөзі тарихынан алғашқы беташары болып табылады.

Қазақ баспасөзіндегі саяси-экономикалық тақырыптардың ішінде ең көп қоғалғандары – жер мәселесі болды.

«Дала уалаятының газеті» бетінде басылған «Қазақ халқына атадан балаға мирас қалған жермен пайдалану турасынан» деп аталатын туындыда қазақ ішіндегі жерге қатысты даулардың көбейіп кеткендігі айтылады. Бұндағы ерекшелік халыққа жаңа заң бойынша халықтың жерді қалай пайдалануы керек деген сұраққа жауап берді.

«1868 жылғы положенияның 212-243-параграфы бойынша... халық пайдасына кетеді. Жалғыз-ақ егін салған жерлерімен ғана иеленеді. Күнбатыс Сібірдің главный мекемесі 1891 жылғы шыққан «дала уалаятының» низамын сонда ниет еткені мұнан байқалады, мұндай болмағы, уақытша 1868 жылы шыққан низамның жөнінше кеткен. Сол низамда да жерді қауым бөліп пайдалансын деген еді. Және де білуі керек жеке жер пайдалануды не патшадан сыйға алмаса, не сатып кеңестің хакімі қоспаса, байқасақ, жер алған ешкім жоқ екен» [1, 466].

Жарнама – хабарлама халыққа жерді пайдаланудың ережелерін түсіндіреді. 1868 жылғы реформадан кейін қазақ жері толығымен мемлекет жері деп белгіленді. Осы арқылы қазақ даласын мейілінше мол босату –

переселендерді әкелу. Оларға жақсы, шұрайлы жерлерді молынан беру мақсатын көздеді. Осы істі жүргізу үшін патша үкіметі қазақтың сыйлы деген, орыс патшасына қарсы келмейтіндеріне жерлерін сыйға беріп, өздерінің меншігі етіп қалдырды. Халықты өз ішінен бірнеше жікке бөлді. Сондықтан халық арасында наразылық та көбейіп кетті.

«Дала уәлаятының газеті» ведомствалық, үкіметтік басылым болғандықтан да биліктің дегенін түсіндіріп, соған бағынуға шақырады.

Ал кейінгі «Қазақ», «Айқап» басылымдарында ондай емес. Халық пікіріне көп ниет етеді. Ел мұқтажы жазылады. Халыққа жар сала отырып, билік ісінің дұрыс еместігі жеткізіледі.

А. Байтұрсыновтың «Айқапқа» жазғаныда насихаттық қана емес, жарнамалық үлгі бар.

1 Жерге қатысты жаңа низам (бұйрық, ереженің) шыққаны туралы.

2 Оның орыс тілінде екендігі, аударып ұсынып отырғандығын.

3 Жерге қатысты жаңа өзгерістер жерді қайта қарап, переселендерге жаңа жерлерді босату туралы.

4 Жаңа жерлер қазақтың бұған дейін пайдаланып жүрген жерлерінен алынатындығы.

5 Бұның жарнамалық элементтері бар:

– нақтылық;

– хабарлау;

– сонымен бірге молырақ, терең түсінік, мәліметтерді қайдан, қай жерден;

– кімнен алуға болатындығын;

– түсіндіріп бере алатындықтарын жазады.

«Қазақ пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан низам, бұйрықтардың ең әуелі білуге керегі: 1909 жылы 9 июньде, министрлердің Советі ұнатып шығарған насихат – бұйрық. Бұл бұйрық қазақ жерінің артық қарастырып шығаратұғын мекемелерге көрсететін көшесі, жолы.

Бұл бойынша істеген істер жолды, мұнан тысқары істелген істер жолсыз болсын деп 9 июнінің бұйрығы 22 пунктқа бөлінеді. Қай пунктте қалай етпек жол айтқанын төменгі жазылғандардан қараңдар. Түсініксіз жері болса, «Айқап» арқылы әркім сұрасын.

Ауған мұжықтарды қондыру үшін хәм мемлекеттің басқа керегіне қажет орында олар үшін Ақмола, Семей, Торғай, хәм Орал облыстарындағы жерлердің шамасын білмекке жасалып, 1909-ыншы жылы 9 июньде, министрлер Советі ұнатып шығарған инструкция, яғни насихат бұйрығы:

1) Пункт: қазақ пайдасындағы жердің артықтарын мұжықтарға я патшалық керегіне шығару жолы Тоблск, Томск, Енесейск, хәм Иркутск губерналарда жер кесуге шығарған низамның 124, 1276 129, 130, 134, 154-

інші статьяларының жөнімен болып, осы насихат бұйрықтың 2 пунктінен бастап, 19 пунктіне шейін айтылған жолдардан тысқары кетпеске» [5, 77].

Қазақ жеріндегі жаңадан ашылған өнеркәсіп орындары мен оның өнімдерін жарнамалаудың алғашқы үлгілері де бар.

Бейсенбай Тыныштықбайұғлының «Маслодельный артель (Сүттен май шығаратын серіктік)» деп аталатын мақаласында жаңадан ашылған сүт өнеркәсібін жарнамалайды.

«1915 жыл февраль 7 күнінде Ақтөбе уезі, 2 Бөрте болысы, 5 ауыл қазақтарынан 30 кісі сарымай заводын ашуға қаулы қылысып, договор жасадық. 30 үйден 191 сиыр жиылатын болды. Басқарып іс жүргізу міндетін мен мойныма алдым. Бұл май заводы шаруаға жәрдем етер деген үмітпен атын «Жәрдем» деп атадық.

Машина саймандарын алдыру үшін инспектор Енекеевтің жәрдемімен уақ қарыз серіктігінен 200 сом ақша алып 17 февральда Орынборға бардым. Оренбургта инструктормен таныстым. Барған жұмысым жайынан сөз қозғап, керек нәрселер хақында мағлұмат алдым. Сиыр жайынан айтқаны: Орта есеппен 4 сиыр бір шелек сүт береді. Егер серіктерінің күніне 100 сиыр саудырса, бір сауғанда 25 шелек береді, екі рет сауса, бір күнде 50 шелек сүт болады. Бір шелек сүт 30 қадақ болады. 50 шелек сүт 1500 қадақ болады. 18 қадақ сүттен бір қадақ май түседі. Сол есеппен 1500 қадақ сүттен 83 қадақ май түседі, қадағы 40 тиыннан сатылса, 33 сом 33 тиын ақша болады. Бір айда 999 сом 90 тиын ақша жиылады. Бір айда шығатын шығын: май шайқаушы шеберге, жұмысшыға, пәтерге бөтен уақ түйек шығынға 100 сом кетсе, таза пайда қалады 899 сом 90 тиын. Бұл пайданы 100 сиырға бөлсек, сиыр басы айына 9 сомнан пайда әкеледі» [5, 157].

Материалдың ерекшелігі шығаратын өнімін жарнамаламайды. Өнеркәсіптің өзін жарнамалау бар. Шығатын пайданы есептейді. Шығынды толық шығарып тастайды. Сонда барлығын шығарған күннің өзінде 9 сомнан пайда түседі. Ендеше бұндай өнеркәсіп орындары қажет.

20-ғасыр басында қазақ даласы үшін осындай өнеркәсіп орындарын жарнамалау қажет болды. Себебі, халық бір ғана малдың өнімдерін шикізат күйінде сату көп пайда әкелмесі байқала бастады. Қазақ малының қадірі кетіп, арзандай бастағаны да осы кезден басталады. Енді қазақ халқының тек шикізатты өндіріп сатуы емес, оны өңдеуі қажет болды. Осындай қажеттіліктен қазақтың алдыңғы қатарлы заман көшіне ілесе алатындары мал өнімдерін өңдеу, асыл тұқымдандыру сияқты жаңа үлгілі істермен айналысты. Бұл істерді қазақ басылымдарының алғашқылары жарнамалай бастады.

«СЕМЕЙ. 1913 жылы Семейде общество взаимный кредит банкасы ашылып еді. Сол банканың қазір 301 члены, 41 мың 820 сом капиталы болды. Биылдан бастап бұл банкаға ақша салғандарға салған сомасынан 10 есе

артық кредит ашылатын болды. Бұл банканың учетный комитетіне 12 кісі сайланды, мұның екеуі қазақ. Г. банкада көп жылдан бері қызмет етуші Әнуар Молдабаев һәм Заречный соллободка саудагері Ғабдулрахман Юсіпұғлы. Бұл екеуі де халық жайын жақсы білетін адамдар» [5, 263].

- 1 Семейдегі банктің ашылуы туралы хабарлама.
- 2 Банктің капиталы.
- 3 Ақша салушыларға берілетін кредит мөлшері.
- 4 Халықпен жұмыс істейтініне сенімділік бар.

«Игілік іс» деп аталатын материалды жарнама деуге толық негіз бар. Себебі материалда жарнама анықтамасына жауап беретін бөліктер толық қамтылған.

- 1 Нақты бір іс туралы хабарлама бар.
- 2 Оның мерзімі дәл көрсетілген.
- 3 Қайда өтетіні жазылған.
- 4 Істі жүргізушілер туралы айтылған.
- 5 Бұл іспен айналысудың пайдасы нақты көрсетілген.
- 6 Құны, төлемақысы жазылған.
- 7 Бару, жолы, әдісі мен талаптарын да ескерген.

«Март басынан басталып, бір айға Мәскуде «кооператив» курсы ашылады. Ашылатын жер университет, оқытатын аты елге шулы жүйрік политический экономия профессорлары.

«Кооперативтің» тура тәржімесі – бірігіп әдіс қылған, бір одақтас, бір қостас, бір отгас, құрдас, мүшелер. «Кооперативке» кірген кісі мақсұды жолдас пайдасы үшін аянбай қызмет қылған, іс ілгері басқаны, халық игілігі. Осымен «кооперативті» айналдыра түрлі тәржіме қылсақ, қазақша «игілік ісі» болар.

...Орыс тілін білетін талапкер жастар ана мақала басында жазылған кооператив курсына бару дұрыс. Курс хақы 50-60 сом. Бұл жолға шығынды халық көтергені дұрыс. Біздің орыс жұртының төрт бұрышынан бұл кооператив курсына жігіттер жұрт жиып берген ақшамен келеді. Бұл жолға шыққан қазына далаға кеткен болмайды [5, 142].

«Қазақ» газетінің негізгі бағыты – саяси-әлеуметтік мәселелр болғандықтан саясат, экономика мәселелері туралы көбіне-көп Әлихан Бөкейханов жазды. Ә. Бөкейхановтың саяси және экономика мәселелріне қатысты ойлары өз кезінде Алаш көсемінің Мемлекеттік Думаға депутат болуымен де байланысты екені белгілі.

1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс экономикасы әлсіреген орыс пташлығы үшін қиынға түсті. Ресейдің өз ішіндегі тұрақсыздық, ғасыр басындағы жұт, халықтың әлеуметтік жағдайын төмендетті, елдің экономикасын әлсіретті.

Бір жағынан соғысқа шығаратын шығындар, екінші жағынан іштегі тұрақсыздық, өнімнің мардымсыздығы Ресей империясының экономикасын қайта қарауға мәжбүрледі. Сондықтан да халыққа салатын, соның ішінде отар елдерге салатын салық мөлшерін арттыру мәселесі көтеріледі.

Ә. Бөкейханов – халыққа осы істің жүріп жатқандығын алдын-ала хабарлап, халықты құлақдар ететді. Елдің алдағы дайындығының болуын, қамсыз қалмауын ескертеді. Материалдағы мәліметтер халықтың тұрмысы төмендетері анық екендігі деректер арқылы берілген [5, 112].

«Соғыс салығы» деп аталатын материалда алдыңғы материалды толықтыратын тұстар бар. Бұл алдыңғы ақпаратқа қосымша ретінде түсінуге болады. Алдыңғы жазылған материалды толықтырып, ендігі – нақты салық жағдайына қатысты деректердің анықталып, қандай, нәтижеге келгендігі хабарланады [5].

Материал хабарлама, түсінік беру, мәліметтермен таныстыру, жаңалықтар, экономикалық мәселелерді қамту бар. Бұл экономикадағы алғашқы жарнама элементтерін жасаушы тілдік оралымдар ретінде де қажет. Бұл жоғарыдағы материал «Ішкі хабарлар» айдарымен берілген. Ал «Қазақта» «Жарнама» айдарымен жарық көрген материалдар да болды. Мысалы: «Учредительное собраниеің члендерінен құралған комитет өкілдерінің Торғай облысының халқына таратқан жарнамасы» деп басталады. Жарнама «Торғай облысының халқына!» деп басталыпты.

Жарнаманың мазмұнынан қазіргі таңда кездесетін саяси жарнаманың элементтерін көруге болады. «Торғай облысындағы қазақтар һәм орыстар біз, бүкілроссиялық учредительное собраниеің комитетінің өкілдері, шын көңілімізбен сіздерден учредительное собраниеі қорғауларыңызды өтініміз», – делінген тұстары қазіргі саяси жарнамада кездесетін үгіт-насихат формасының бастаулары айқын көрінеді [5, 133].

Жарнамаға қажет талаптардың барлығы қамтылған.

- 1 Өтетін іс-шара.
- 2 Мақсаты.
- 3 Мекен-жайы.
- 4 Құрамы.
- 5 Жұмыс тәртібі.
- 6 Жұртшылықтың қатысуы үшін не істеулері керектігі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл алғашқы қазақ газеттеріндегі жарнаманың берілуі. Жоғарыдағы жарнама сарындас мақалалардың осы күнгі жарнамаға ұқсас жақтары басым деуге толық негіз бар.

Қорыта келгенде, 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың бас кезіндегі алғашқы қазақ баспасөзінде экономика мен саясат мәселелеріне қатысты жарнамалардың алғашқы үлгілерін жасаушылар болды. Қазақ тарихында бұған дейін де жарнаманың үлгілері, элементтері болғаны анық. Бірақ нақты саяси жарнама, экономика тақырыбындағы жарнамалардың бірінші нұсқаларын осы мерзімді баспасөз құралдарынан табамыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Дала уәлаятының газеті» // Құрастырушы Субханбердина Ү. – Алматы : Ғылым, 1994. – 787 б.

2 **Аллаберген, Қ.** Тарих және баспасөз (Қазақ мерзімді баспасөзінің зерттелу тарихынан) С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Кереку» баспасы, 2009. – 169 б.

3 «Түркістан уәлаятының газеті» // Құрастырушы: Субханбердина Ү. – Алматы : Ғылым, 1996. – 832 б.

4 Қазақ журналистикасы : үш томдық : / ред. Н. О. Омашев. – Алматы : Таймас, 2008. – Т. 3. – 352 б.

5 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

6 «Айқап» журналы // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 368 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Б. К. Капасова, С. Т. Еликпаев*

**Реклама на тему политико-экономических проблем (на материалах «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Қазақ»)**

Павлодарский государственный университет

имени С. Торайғырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*B. Kapasova, S. Yelikpaev*

**Advertising on the subject of political and economic problems (on materials «Turkistan ualaiati gazetі», «Dala ualaiati gazetі», «Qazaq»)**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 01.02.17.

*В статье анализируется рекламы на тему политико-экономических проблем (на материале «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Қазақ»).*

*The article analyzes the advertising on the political and economic problems (based on the «Turkistan ualaiati gazetі», «Dala ualaiati gazetі», «Qazaq»).*

ЭОЖ 81'42; 801.7

**Д. А. Қарағойшиева<sup>1</sup>, Г. С. Шарипова<sup>2</sup>, Ү. Нурғалиева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторы, ф.ғ.к.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент; <sup>3</sup>1 курс магистранты, аударма ісі мамандығы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. e-mail: <sup>1</sup>Karagoishiyeva.daneliya@gmail.com; <sup>2</sup>Gulnara3105@rambler.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАГИЯЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Мақала аясында магия, дискурс терминдерінің лингвистикалық сипаттамасы берілді. Сонымен қатар, магиялық дискурстың типологиясы анықталды: қолданатын амалдарына қарай вербалды және бейвербалды, ал сапасына қарай жағымды және жағымсыз. Вербалды түріне магиялық дискурс авторларының өзінің адресантын басқару, сендіру, назарын жаулау мақсатында қандай сөздер, лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер пайдаланғаны туралы берілсе, ал бейвербалды магиялық дискурста авторлардың жасаған іс-әрекеті, қимылдары, сырт бейнесі баяндалады.*

*Кілтті сөздер: магия, дискурс, вербалды, бейвербалды коммуникативтік әрекет.*

## КІРІСПЕ

Мақалада магиялық дискурстың қазақ тіліндегі мәтіндердің құрылымы мен басқа дискурстан ерекшеліктері ашып көрсетілген. Ең алдымен магия, магиялық ілім деген терминдерге тоқталдық. Магиялық ілім ертеден келе жатқан дүние, шет қиыры жоқ, нақты теориясы жоқ сала. Қазақ халқында магияны дінмен, ерекше күшпен, сиқырмен байланыстырады. Күнделікті өмірде біз магияның әсерін көп байқай бермейміз. Сабақта дәріс оқып жатқан

лектордың аудиторияны басқара алуының өзіндік магияға жатқыза аламыз. Себебі өзінің белгілі бір күшімен сонша студенттің назарын өзіне аудартып отыр, яғни студенттер лекторға сеніп, барынша назарын аударуға тырысады. Ал магияның неізгі міндеті – сендірте алу, назарын аударту.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, қарапайым отбасынан шыққан, кейін келе неміс фашизмдік державаны басқарған А. Гитлердің өзінің ораторлық магиясы бар. Ол өзінің осы қасиеті арқылы халықты сендірте алды, халық гипноздалған кейіпте тек сол кісінің айтқанын жасап, небір зұлым істерге барды. Президенттерді, қоғам қайраткерлерді, депутаттарды, прессада жүрген жұлдыздарды алып қарасақ та, әрқайсысының өзіне тән магиясы болады, себебі халықтың бар назарын өзіне аударта алады, сендіре алады. Жалпы алғанда, магия күнделікті іс-әрекетте де болады, Сіздің өзіңіздің магияңыз болуы мүмкін, бірақ ол Сізге сезілмейді.

Тіл білімі мен этнолингвистикадағы магия. «Маг» сөзі (эулие) зароастра дінінің тарауына қарсылық көрсеткен Мидиялық Магу тайпасының атына байланысты шығып, ғылымда термин болып қалыптасқан. Ал оның мазмұны-магиялық «өнер» негізінен жалпы табиғатқа, табиғат құбылыстарына, адамдарға түрлі сөз, қимыл, әрекеттер арқылы әсер етуге болады деген нанымнан келіп шыққан. Оны қолдану орнына, істелу мазмұнына қарай (қара немесе жауыз) магия, яғни белгілі бір адамға немесе бірнеше адамға зиян келтіру үшін істелетін магия; емдеу магиясы – арбау, дуа жасау, дұға оқу, дәрі-дәрмек беру; шаруашылық магия – аң түсетін арандарды, қару-жарақтарды сиқырлау және сол сияқты метеорологиялық магия – жаңбыр шақырып, жел тұрғызу дегендей т.с.с. магиялық топтарға бөлуге болады.

Магиялық әрекеттерді беретін мәні, айтылатын сөзі мен істелетін қимылына қарай отырып, Дж. Фрезер оларды оң және теріс магия деп екі топқа бөлген. Оң принциптерден тұратын іс-әрекеттерді жадылау, арбау (колдовство и чары), ал теріс принциптерден тұратын магиялық іс-әрекеттерді табу (тыйым) деп атаған.

Қазақ халқының тұрмыс-салты мен дүниетанымында, әсіресе, оның тілдегі көріністерінде жоғарыдағылардың бәрі сақталған.

Бұл көбінесе белгілі сөздің айтылу айтылмауы, белгілі қимылдың істелу істелмеуі (М.: *аттау – аттамау, кесу – кеспеу, ату – атпау, айналу – айналмау* т.б.) және оның қалай істелуіне байланысты болып келеді. Магияның тілге болған әсері үлкен және оның тарихы өте арыда жатыр. Мәселен, XI ғасырда жазылған М. Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігінде» берілген атаулардан, олардың мағынасынан магияны айқын көруге болады. Мысалы: Арвады – арбау дұғасы; Иат – жаңбыр жаудыру, жел тұрғызу

үшін; Есрек – балаларды жын, албастылардан және көз тиюден сақтау үшін айтылатын сөз, дұғалар; Иәл – жын, жын самалы, жын салқыны, адамға салқын тиіп, жын жабысқандай оқылатын дұға; Иәлві – сиқыргер [1, 34].

Енді дискурс терминіне көз жүгіртсек. Т. А. Ван Дейк бойынша, дискурс – нақты уақыт, кеңістік және басқа да контексте коммуникативті әрекет үрдісінде сөйлеуші, тыңдаушы арасында болып жатқан коммуникативтік жағдай. Бұл коммуникативтік әрекет вербалды және бейвербалды емес бірліктері бар ауызша және жазбаша түрінде беріле алады. Жалпы алғанда, дискурс – коммуникативті әрекеттің ауызша және жазбаша өнімі. Демек, бұл мақалада қарастыратын мәселе қазақ және ағылшын халқында, мәтіндерінде коммуникацияның ерекшеліктері [2, 71].

Дискурс түрі өте көп салалы болғандықтан, кейбір салалары толық зерттелмеген. Магиялық дискурс деген түрі болғанымен ғылыми тұрғыда қазақ тіл білімінде зерттелмеген. Осы теорияларды қорытындылай келе, магиялық дискурс дегеніміз – вербалды және бейвербалды әрекет арқылы автордың ниетін тыңдаушыға жеткізу, сендіру, билік жүргізу деген түсініктеме береміз. Магиялық дискурс дегеніміз не және мақсаты қандай екенін айқындап алдық. Магиялық дискурс тіл білімінде толық зерттелмегендіктен, типологиясы, тақырыптық топтары жоқ. Біз тақырыпты ашу мақсатында, магиялық дискурс топологиясын анықтап, тақырыптық топтарға бөліп қарастырдық.

Магиялық дискурстың типологиясы. Сапасына қарай: жағымды және жағымсыз. Оның ішіндегі топшаларды кеңірек ашатын болсақ: жағымды магиялық дискурсқа бақсылық, дуаны қайтару, жұлдызнама мәтіндерін жатқызамыз. Ал жағымсыз магиялық дискурсқа қара магия, қарғыс, көз тию, гипноздауды жатқызуға болады. Қолданатын амалдарына қарай вербалды және бейвербалды магиялық дискурс.

Вербалды деп отырғанымыз коммуникацияға түскен тұлғалардың диалогы немесе айтқан сөздері. Вербалды магиялық дискурсқа дуалау, емшілік жасау уақытында бақсының аруақ шақыра жырлаған сарыны, көріпкелдердің бал ашуы, жұлдызнама мәтіндерін жатқыздық. Олардың айтқан сөздері, қандай өлең түрін және қандай мәтін қолданатынын ашып зерделедік. Соның бірін келтірер болсақ:

*Қобызды қолға аламын,  
Қоңыраулы күйге саламын.  
Жауар күндей жарқылдап,  
Жау құғандай сартылдап,  
Қарт бурадай қалшылдап,  
Қанды көздей жарқылдап,  
Айдаһардай ақырып,*



*Әруағымды шақырып,  
Көк толқындай суылдап,  
Көк тұлпардай зуылдап,  
Алладан медет сұраймын,  
Әңгіме дүкен құраймын!*

(Қара бақсының сарыны) [3, 40]

Бейвербалды сол тұлғаның жасаған іс-әрекет сипатын, манерасын, қозғалысын, харизмасын, түр-сипатын жатқызамыз. Осы іс-әрекеті жөнінде белгілі қазақ жазушысы, академик Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы» деп аталатын тарихи-этнографиялық кітабында: *«Бақсы науқас адамды жатқан үйге жинайды да ымырт үйіріліп, қас қарайған кезінде киіз үй болса түндікті, есікті жаптырып қойып, қобыз тартып сарнайды. Бақсының айтуынша, мұның олай сарнауындағы мақсаты әлдеқайда алыста жүрген әруақтарды және жындыларын жәрдемге шақыру. Біраз сарнағаннан кейін, бақсы орнынан атып тұрып, үй ішінде денесін бұралаңдатып, қарғып секіріп, бет-аузын қисаңдатып, көзін алартып өзімен-өзі арпалысып, жүгіріп жүріп сарнайды. Осы кезде ол есінен танған болып, аузына не келсе соны айтады, үйлерді сабалайды, орынсыз нәрсеге ұрынады»,* – деп жазады [4, 22].

Бақсыларды тек емші деп қана емес, жол ашушы, жол сілтеуші деп сенеді. Бал ашу-адамның өткені мен болашағын болжайтын көріпкелділік. Бал ашатын адамдар балгерлер, хироманттар, шай қалдығымен, кофе қалдығымен болашақ болжайтын көріпкелдерді, қазіргі таңда көп танылып жүрген экстрасенстерді жатқыздық. Қазақ халқында балгерлер көбінесе қойдың немесе қозының құмалағымен, сіріңкемен ашады, ал ағылшын халқы түрлі-түсті шармен, кофе, шәй қалдықтарымен, құстың қауырсыны, картамен, адамның өз қолымен, жұлдызнамасы арқылы бал ашу үрдісі дамыған.

Дуаны қайтару-көз тиген немесе қара магиямен дуаланған адамды оқытып, зікір салып және басқа да тәсілдер арқылы орнына келтіру. Халықта қара магиямен дуаланған адамның дуасын қайтармаса ол адам өліп кетуі немесе психологиялық ауытқуға ұшырау қаупі бар деп ойлайды. Әсіресе қазақ халқында көз тию, дуалау дегенге қатты сенеді, сол үшін сыртқы ортаның көзінен қорғау үшін кішкентай балалардың маңдайына күйе жағып немесе артқы бір түйір шашын өсіріп өріп қояды, енді шаңыраққа келін болып түскен келіншектердің орамалдарына үкі тағып, үй ішіне жаман энергия кірмеу үшін босаға төріне үлкен көз, тұмар, пышақ секілді заттарды іліп қояды. Адамға не сәбиге сүйсіне қараған адамға түкірткізу дәстүрі бар, түкірген соң «Тіл көзім тасқа, Машаллах» сияқты сөздер айту керек. Бұл сөздер қолдану арқылы көз тиюден қорғайды деген сенім бар.

Жұлдызнама-адамның туған күні, айына қарап қандай мінез иесі екенін, нені ұнатып, нені ұнатпайтынын, қандай қасиеттер бар екенін ашып көрсетеді. Жұлдызнама мәтіндерінде ертеңгі күні сізді не күтіп тұрғанын да болжайды. Бұл мәтіндерде көбінесе адамдарға ерекше мотивация беретін, үнемі жақсы сөздер жазылатынын аңғаруға болады. Қазақ халқынан қарағанда ағылшын елі көп сенеді.

Жағымды магиялық дискурсқа қарама-қайшы келетін жағымсыз магиялық дискурс түріне қара магия, яғни дуалау, көз тию, гипноз, қарғыс жатады. Қара магия түсінігі мен сенімі қазақ халқында да, ағылшын халқында да бар.

Көз тию-дәстүрлі қазақ қоғамында наным-сенім түрі. Қазақ халқы ұғымында жақсы адамға, жүйрік жылқыға, әдемі қызға, т.б. тіл-көз тиеді деп есептеген. Бәйгеде озған жүйрік атқа көз тиеді деп сақтанып, елге көрсетпеуге тырысқан. Жас балаға тіл-көз тимесін деп молдаға дұға жаздырып, оны былғары бойтұмардың ішіне салып, мойнына тағып қойған немесе үстіндегі киімінің омырауының астыңғы жағына қадап қояды. Бала кенет науқастанып қалса, көз тиді, біреудің сұғы өтті деп жорып, оған ащылау әдісімен ем жасайды. Ащылау-тұзды уыстап, баланың жалаңаш денесіне басып, көз тиюдің қайыру әдісі. Жетісу өңірінде жеті ұсақ тасты тұмарша етіп шүберекке тігіп шалақ жең қамзолдың жағасының астыңғы жағына көзге түспейтіндей етіп тігіп қою салты бар. Бұл да тіл-көзден сақтану шарасы [5, 680].

Көз тиіп ауырған адамның бойында әлсіздік байқалып және жүзінде сарғылт, қызғылт немесе қара дақ белгілері пайда болуы мүмкін. Назарланған адамды емдеудің тағы бір тәсілі: көзі өткен адам ыдысқа беті-қолын жуып дәрет алады. Сол сумен сырқаттанған адамның басынан бастап түгел денесіне құйып шығады [6].

Бұл емдік әдістен бөлек көзі өткен адамның бір затын өртеп ауырған адамға иіскетеді, бұл ол адамның жаман энергетикасы мен сұқтанған назарын кетіреді деген ырым бар. Тағы да бір ырым түрі көзі түскен адамның байқатпай ұлтарағын алып, «бәле-жала бәрі осы ұлтарақпен кетсін» деген ниетпен бақсыларға оқытып, ұрлаған ұлтарақты өртеп жібереді. Бір деректер бойынша, Ирландияда біреудің көзі түскенін байқаған уақытта еденге сол адамның көзінше былш еткізіп еденге түкіріп ары қарай жүре береді екен.

Ғалымдардың зерттеуіне жүгінсек, көздің өткірлігі мен оның тиетініне египеттіктер де сенген. Сондықтан олар алуан түрлі көз бояғыш заттар мен сан түрлі далаптарды ойлап тауып, адамға жақсылық әкелмейтін көз нұрынан өздерін қорғаған. Азияның бірқатар мемлекеттерінің, АҚШ пен Канаданың, Африка, Туркия, Иран мен Үндістан елдерінің тұрғындары өткір көз нұрының болатынына және оның адамға тиетініне ежелден сенген. Керісінше, моңғолдар мен жапондар және қытайлар көздің тиетініне әлі күнге дейін сенбейді. Осыдан біраз бұрын Канада университетінің ғалымдары осы

құбылысты (көз тиюді) ғылыми жолмен тәжірбие жасау арқылы анықтаған. Сөйтіп, олар еріктілерден бірнеше адамды жинап, олардың өздеріне екінші бір адамның көзінің тигенін қалай сезетінін тексерген. Таңданарлығы сол, экспериментке қатысушылардың 95 пайызы бөгде адамның көзінің тигенін бірден сезген. Олардың біреулері көз тигенде тура көк желкеден жеңіл бір нәрсемен ұрғандай күйге түссе, енді біреулері құдды самал жел соғып өткендей күйде болғанын айтқан.

Гипноз кезінде адам өзін-өзі ұмытады, бар есі сол адамға ауады да, тек соның айтқанын жасайды. Гипноз дозасы аяқталғанда адамның жадында ештеңе сақталмайды. Бұл нәрсенің ең жаманы гипноздалған адам өзінің не істеп жатқанын білмейді. Былай қарағанда дуа сөзі оңай болып естілгенмен, оның түп-тамыры, емі ғылыми тұрғыда әлі дәлелденбеген. Қазіргі таңда адамдардың «жолым болмай кетті, ерлі-зайыптылар арасы бұзылды, денем дел-сал болып, өз-өзімді түсінбей жүрмін, ұйқым тыныш емес, қорқыныш, үрей басады» деген сөздері күн санап артып келеді. Ешқандай себеп жоқ болса да, өз-өзіне қол жұмсайтындар да бар. Өз жанұясын даладағы бір әйелдерге тастап, қаншама балалар жетім қалып жатыр. Тіптен алданып, есінен танып бар мүлкін бір адамның қолына тапсырып жатқандар да аз емес [7, 93].

Сонда осы адамдардың жағдайы қандай? Адамдарды сонша есінен танытатындай бұл қандай күш? Неге кенеттен адамдар бірден көңіл-күйлері түсіп, қимыл-қозғалыстары бәсеңдеп, өмірден түңіліп кетеді?

Қазіргі кезде қара ниеттілер, адам денесіне дуа жасайтын дуашылар көбейіп кетті. Олар адамның суреті арқылы сырттай, үй айналасына, табалдырыққа әртүрлі заттарды кері оқытып шашып кетіп пе өз арам пиғылын жүзеге асырады. Шайға, қантқа, тамаққа кері дұға оқытады. Осындай дуаланған адамдар кенеттен өздерін жайсыз сезініп, денелеріне белгісіз жаралар шыға бастайды. Дуалаған адамды іздеп аңсап тұрады.

Дуа-ол ауру. Дуаланған адамның денесінің ғарыштан нұр қабылдайтын нүктелері жартылай, кейбіреуі толық жабыла бастайды. Денедегі қан айналымның жылдамдығы мүшенің әр бөлігінде әр түрлі болады. Денедегі бір-бірімен қоректік қатынастағы ткандардың қызметі нашарлап, тұйықталып, адам ағзаларының электр зарядын бөлуі нашарлайды. Адам денесіндегі нүктелер қызметі төмендейді, денеден сыртқа бөлініп шығатын әрі қорған болып қоршап тұратын өңі әртүрлі сәулелер (аура) көлемі азаяды. Ойлау қабілеті бұзылып, есінен адасады. Өліп кетуі де мүмкін. Дуа жасалғанын алғаш білмей, денесіне кері (қара) энергия өтіп кетіп, содан о дүниеге аттанғандардың бары бұрыннан белгілі болған [8, 297]. Дуаны бірден қайта кері оқытып жазу керек, ондай болмаған жағдайды дуа ұрпақтан-ұрпаққа беріледі, сәйкесінше дуалаушылық та адамдарға ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Қазақ халқы дуаны мешіттегі имам, бақсылар арқылы қайтарады.

Қазақ халқында «қарғыс алма, алғыс ал» деп қарғыстың ауыр зардабын көрсетеді. Ата-бабамыз қарғыстан қатты қорқатын болған, сол себепті жетімін жылатпаған, жесірін жалғыз қалдырмаған халық болған. Қарғысты біреуден материалдық, рухани тұрғыдан қатты зәбір көрген, алдап-арбаудың құрбаны болған адам айтады. Күнделікті тіршілікте «Жолың болмасын, адырам қал, атауыңды ішкір» сынды жан-түршігерлік қарғыстарды құлағымыз шалып қалып жатады.

Қарғысты бірнеше түрге бөлуді ғылым да жат көрмейді. Олар:

- 1 Адамға арнайы бағыттаған қарғысы;
- 2 Үй және дала жануарларына айтылатын қарғыс;
- 3 Дәнді-дақыл мен бау-бақшаға айталатын қарғыс
- 4 Жанұяға айтылатын қарғыс
- 5 Рулық қарғыс
- 6 Ұлтқа арналған қарғыс
- 7 Топтық ұйымға арналған қарғыс
- 8 Қоғамға-мемлекетке арналған қарғыс
- 9 Ата-анасы баласына айтылған қарғыс
- 10 Жер анаға кейбір түсінбейтіндердің қарғысы т.с.с. [8, 347].

Осыларды жекелей сараласак, оның ішінде әсіресе адамға арналған:

- А) адамның дене мүшелеріне арналған қарғыстар (тізең шықсын, қолың сынсын, т.б.);
- Б) адам ағзаларына кетпейтін ауру тілейтін қарғыстар (шиқан шықсын, бауырың ірісін, т.б.);
- В) адамның жолына айталатын қарғыс (жолың болмасын, жететін жеріңе жетпей арам қат, т.б.);
- Г) адамның ісіне, жұмысына, өркендеуіне қарсы айтылатын қарғыс (ісің алға баспай қалсын, өркенің өспегір, т.б.);
- Д) адамның жеке басының өзіне және ұрпақсыз болуына немесе өспеуіне шек қоятын қарғыстар (қатының тек қыз тусын, санасыз ұрпағын өссін, ұрпақсыз қал, т.б.);
- Е) адамның мал мүлкіне, басқалай табыс байлығына қарсы қарғыстар (малыңа топалаң келсін, малың қырылсын, астығың шықпай қалсын, т.б.)

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тіліндегі магиялық дискурстың ашылмаған қырлары өте көп. Қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түскен уақыттан бастап магия әсер ете бастайды, осы аталған барлық магиялық дискурс түрлері күнделікті өмірде орын алады. Сол үшін де бұл дискурс түрі қоғам үшін маңызды. Жалпылама магияны адамдар қатты күйзеліске түскенде, ашынып күйінгенде, тығырықтан шығар жол таба алмай қалғанда, қара ниеттілердің лас әрекеттеріне тосқауыл

болу үшін немесе лас әрекеттерін жүзеге асыру үшін пайдаланады. Қазақ халқы магиялық дискурс авторларын ауырғанда, қатты шошынғанда, өзін өте жаман сезінгенде бір шипа табу үшін қолданады. Қазақ тіліндегі мәтіндерде магиялық дискурс аясын өте кең, сөздік қорындағы сөздер қарапайым емес, эмоцияны шектен тыс қолданылатындығы анықталды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Фрэйзер Дж. Дж.** Золотая ветвь: Исследование магии и религии: Т. 1: / Пер. с англ. М. К. Рыклина. – М.: ТЕРРА-Книжный клуб, 2001. – 528 с.
- 2 **Тымболова, А. О.** Дискурс аясындағы драматургиялық мәтін. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы Педагогика ғылымдары сериясы, № 8 (41). 2014. – 212 б.
- 3 **Орынбеков, М.** Шамандар екі дүние жетекшілері. // Zher Ana. – 2001. – № 1, 2.
- 4 Қазақтың әйгілі бақсылары. // Денсаулық. № 10. – 2005. Таным. Медицина мұралары.
- 5 «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан Энциклопедиясының» бас редакциясы, 2002. – 720 б.
- 6 **Ахмет, Ғ.** Көз тиюдің алдын алу шаралары // [Электронды ресурс]. – muslim.kz/kk/question/497-koz-tigende-qandai-duga-oqylady.html
- 7 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Биология / Жалпы редакциясын басқарған түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі – Алматы: Мектеп баспасы, 2002. – 336 б.
- 8 **Қожалымов, З.** «Ғаламның жұмбақ сырлары». Ғарыш, адам, жер тылсым сырлары. – Алматы, 2010. – 750 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Д. А. Карагойшиева, Г. С. Шарипова, У. Нурғалиева*

### **Особенности магического дискурса в казахском языке**

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*D. A. Karagoishiyeva, G. S. Sharipova, U. Nurgaliyeva*

### **Peculiarities of magic discourse in the Kazakh language**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.  
Material received on 01.02.17.

*В рамках статьи рассматривается лингвистическое описание терминов магия, дискурс. А также, определена типология магического дискурса: по способам: вербальная, невербальная и по качеству использования: позитивное, негативное. Вербальный магический дискурс определяется управлением, внушением доверия, захватыванием внимания своего адресанта, а также использованием специальных лексических, фонетических, грамматических особенностей речи, а невербальный магический дискурс – действием, движением тела, внешней формой автора.*

*Within the given article there is considered the linguistic description of the terms magic and discourse. And also, the typology of a magic discourse is defined: verbal, nonverbal and their quality of use: positive, negative. The verbal magic discourse is defined by possession, inspiration of trust, capture of speaker's attention, and also use of special lexical, phonetic, grammatical peculiarities of the speech, and a nonverbal magic discourse – action, the movement of a body, an external form of the author.*

**O. L. Kachan<sup>1</sup>, Ye. V. Yemelyanova<sup>2</sup>, A. S. Sarsenbayeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>master of Arts and Law, senior teacher; <sup>2</sup>master of Pedagogy, senior teacher;

<sup>3</sup>master of Foreign Philology, senior teacher, KAZGUU University, Astana

e-mail: <sup>1</sup>aleksiya79@mail.ru; <sup>2</sup>e\_emelyanova@kazguu.kz; <sup>3</sup>aliya83-83@mail.ru

## **METHODS OF LEGAL TERMS TRANSLATION IN DIFFERENT TYPES OF AGREEMENTS**

*In the given article the authors consider different methods used to translate legal documents. The article describes lexical and grammatical transformations while translating legal terms, taking into account the difference in the legislations of the countries, specificity of the Russian and English legal communication, The advantages of such terminological tools are that they help to hand down the context of the document more precisely and authentically and avoid misunderstanding between the responsible individuals.*

*Keywords: specificity, lexical transformation, grammatical transformation, requirements, phraseology, clichés, archaic phrases.*

### INTRODUCTION

During the life a person constantly encounters with a necessity to appeal to a lawyer or an expert in law and, as it turned out, the drawn up deeds frequently had to be translated into a foreign language.

It is well known that legal documents requires a high level of translation because «the cliché, and information contained in them, shall be translated in the same way one and for all, in accordance with the strict form of conventions» [1, p. 282]. It is, however, erroneously supposed that the knowledge of terminology or the executions of documents are not enough for a good translation. Moreover, due to translating different types of agreements, we can confirm that there is a great need to know thoroughly the cultural specificity of a source language, if to be more exactly, special constructions, which exist only in that language. Therefore the peculiarities of legal documents translation attract more and more researchers to this topic. Besides changes occurred in the political and economical international relations for the last decade resulted in today's popularity of such issues as the comparative analysis of languages in law sphere as well as the methods and ways of translation of the (document) tenor.

### MAIN PART

#### **Lexical transformations as a method of legal terms translation**

The language of law includes the use of special vocabulary covering the great number of fields and institutions. While translating legal instruments it is necessary to take into account the difference in the legislations of those countries, specificity of Russian and English legal communication. So a translator is faced with some difficulties; one of which is an appropriate translation of the context from one language into another. «Consequently, he has to carry out adequate lexical transformations, as far as law contains particular vocabulary and has definite terminological tools» [2, 27]. Moreover, «the dependence of the context from cultural features and people's mentality as well as the established legal system can lead to the differences of the original text from the translated one even if the translation was done word-for-word» [2, 29]. Therefore the translator has to remember word constructions or even the whole sentences. Finally, the knowledge of legislation's basic principles must be, as said, 'at the tip of the tongue». A good example will be «Universal Declaration on Human Rights».

*Everyone has a right to life, liberty, and security of person.*

Каждый человек имеет право на жизнь, свободу и личную неприкосновенность [3, 65].

*Everyone has the right to own property alone as well as in association with others.*

Каждый имеет право на единоличное владение собственностью, так и в компании с другими [3, 67].

*No one shall be arbitrary deprived of his property.*

Никто не может быть дискреционно лишен его собственности [3, 65].

*Everyone has the right to rest and leisure, including reasonable limitation of working hours and periodic holidays with pay.*

Каждый имеет право на отдых и досуг, включая разумное ограничение рабочего времени и оплачиваемый периодический отпуск [3, 65].

As it is seen the translation of these sentences has been approached to «ideal». All types of lexical transformation are aimed to make an equivalent in another language as much precise as it is possible.

«The quality of legal instruments translation impacts in some degree on law enforcement efficiency and the degree of the legal relation regulation» [4, p. 96].

In order to translate agreements and different established instruments the special form of affirmation is required. The translation of the documents must be

checked by the country of destination because it was translated into its language, and legalized [5, p. 48].

Let us consider several examples of legal texts translation from English into Russian.

1 English version of the text:

*«All remedies, rights, undertakings, obligations and agreements contain herein shall be separable and simulative but none of them shall be in limitation of any remedy, right, undertaking or agreement of either party. This agreement shall be governed and construed in accordance with laws of Germany. Any legal suit, action or proceeding against any party hereto arising out of or relating to this agreement shall be instituted only in the courts of Stuttgart, Germany.*

*All notices and demands hereunder shall be given in writing.»*

Let us analyze the Russian version of the text offered above:

*Все положения, права, соглашения, обязательства и договоренности, содержащиеся в этом договоре могут быть как отдельными, так и совокупными, но ни одно и них не должно ограничивать любое другое положение, право, соглашение, обязательство или договор любой стороны. Этот договор регулируется и рассматривается в соответствии с законами Германии. Любой юридический иск, действие или возбуждение уголовного дела против любой стороны, возникающие в связи и в отношении этого договора, должны подаваться или рассматриваться в суде Штутгарта, Германия.*

*Все уведомления или требования должны быть оформлены в письменном виде.*

This translation contains all characteristics corresponding to the type of legal documents translation and can be considered as adequate. Under «adequate» («precise», «correct») we understand an approximately «right» variant of translation. The text is full of specific legal terms («remedy», «undertaking», «legal suit»), includes words and expressions, which, besides, an ordinary sense, have a specific legal meaning («void», «proceeding»), and is rich of passive construction and modal forms having a prescriptive semantics («shall be governed and construed», «shall be given in writing»), archaic words («herein, «hereto», «hereunder»). The original and the translated variants of the document are necessary to approve the authority of the responsible individuals [6].

2 English version of the text:

*«If any term, provision, covenant, or condition of this agreement is held by accord of competent jurisdiction to be invalid, void, or enforceable, the rest of the agreement shall remain in full force and effect. To the greatest extent permitted by law and shall no other way be affected, impaired or invalidated.»*

Let us analyze the Russian version of the text offered above:

*Если любое условие, положение, отдельная статья договора или условия будут признаны судом в соответствующей юрисдикции юридически недействительными, ничтожными или не могущими служить основанием для иска, остальные пункты договора должны сохранять полную силу и действовать в максимальной степени, разрешенной законом, и не должны затрагиваться другим способом, меняться или лишаться юридической силы [6].*

Thus the offered analysis of the legal documents translation has showed that the specificity of legal texts makes translators use specific lexical transformations, though, in many part of the translation «tracing» is possible, but «adoption», «borrowing» and other methods can be applied too.

Not the least of the factors is that because of their self descriptiveness the legal documents shall be translated as precise as possible, the meaning of which could be just as in the original text. Here the issue of adequacy and equivalence is arisen as a main condition for reproduction of functional directionality of the text.

In general, the issue of adequacy of legal texts is specified by a complex nature of this phenomenon, which corresponds from many different factors, both intralinguistic and extralinguistic, which can be made by a translator by means of some grammatical transformations.

#### **Grammatical transformations as a method of legal terms translation**

Types of grammatical transformations are diverse and, therefore, it is difficult to define all of them. They are so numerous and specific that there appear other ways and methods of translation. Although they can be divided into four accepted types: addition (extension), omission, shifting and substitution. However such division allows us to highlight them relatively into syntactical and morphological grammatical levels.

In order to get a real picture about specificity of legal instruments translation some parts from the following marriage agreement was taken in two languages: English and Russian with a full analysis of translation method and transformations.

#### **MARRIAGE AGREEMENT**

*We, the undersigned's the Mr. \_\_\_\_\_*

*The Mrs. \_\_\_\_\_, «spouses» called further, voluntary, by a mutual consent marrying, with a view of settlement of the mutual rights and duties, both in marriage, and in case of its cancellation, have concluded the present marriage contract as follows:*



*Мы, нижеподписавшиеся господин \_\_\_\_\_ госпожа \_\_\_\_\_, именуемые далее «супруги», добровольно, по взаимному согласию вступая в брак, в целях урегулирования взаимных прав и обязанностей, как в браке, так и в случае его расторжения, заключили настоящий брачный договор о нижеследующем:*

In this case the translator has made «shifting» of the word - spouses-супруги at the end of the phrase «именуемые далее супруги», and used «addition» by means of the following word «вступая», though in the original one amore precise was no given. The next step was «to adapt the phrase «как следует» in accordance with the requirements of the Russian legal documents and «to translate» it as «о нижеследующем» [6].

*2 MUTUAL RELATIONS OF SPOUSES:*

*2 ВЗАИМООТНОШЕНИЯ СУПРУГОВ:*

*2.2 Spouses are obliged to satisfy material, moral and physical requirements of each other.*

*2.2 Супруги обязаны удовлетворять материальные, моральные и физические потребности друг друга [6].*

No transformation was made, except such a method as «tracing».

*2.3 Spouses undertake not to force each other to any actions not compatible to their moral principles, breeding, a state of health.*

*2.3 Супруги обязуются не принуждать друг друга к действиям не совместимым с их моральными принципами, воспитанием, состоянием здоровья [6].*

Along with «tracing» «omission» was use. The word combination «to any» - «любые» was omitted in order to follow a «right» translation of Russian legal agreements.

*2.5 The spouse undertakes not to force the spouse to carry out a heavy physical activity and to do not make any actions harmful to her health.*

*2.5 Супруг обязуется не принуждать супругу выполнять тяжёлую физическую работу, а так же не совершать действий вредных для её здоровья [6].*

While translating this point such a word was substituted: «activity» – «деятельность» into «работа» because such a word combination «физическая деятельность» cannot be used in Russian. The same types of transformation was applied to the following phrase «and to» into «а так же».

*3 THE RIGHTS AND DUTIES CONCERNING CHILDREN:*

*3 ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ В ОТНОШЕНИИ ДЕТЕЙ:*

*3.3 In case of a mutilation or death of one or both spouses the property right of the dyed spouse's passes to children born in marriage.*

*3.3 В случае увечья или смерти одного или обоих супругов детям, рождёнными в браке, переходит право собственности на имущество умершего супруга [6].*

In this case «transformation» and «shifting» were employed. The word «children» – «детям» was moved into the middle of the sentence. Even it became more complex, but more precise and accurate from legal point of view.

## CONCLUSION

Legal translation and translation of legal documents are one of the most popular types of translation at present, so translators, who are expert in both English and law, are sought for.

Translation of legal instruments is complex and demands an application of specific methods and ways of transformation.

In addition the complexity of legal instruments translation depends on some factors:

1 Specificity of «legal language», existence of complex and confused phraseology and clichés, long and archaic phrases and turn of speech.

2 The necessity to have a degree in law or some knowledge of law.

## REFERENCES

- 1 **Alekseeva, I. S.** Introduction to jurisprudence M. : Academia, 2006.
- 2 **Alimov, V.** Legal translation: Practical Course. English. – M. : KomKniga, 2006
- 3 **Fedotova, I. G.** Legal concepts and categories in English. Obninsk, 2000.
- 4 **Gamzatov, M. G.** Technique and specificity of legal translation: Coll. articles. – S Pb., 2004.
- 5 Reading and writing in English contracts [text]. Vol.1/ S. S. Shalypina. – MG : [BI], 1991.
- 6 <http://www.bestreferat.ru/referat-204880.html>

*О. Л. Качан, Е. В. Емельянова, А. С. Сарсенбаева*

**Әр түрлі шарттарда заңды терминдері ауыстыру әдістері**

КазГЮУ университеті, Астана қ.  
Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*О. Л. Качан, Е. В. Емельянова, А. С. Сарсенбаева*

**Методы перевода юридических терминов в различных видах договоров**

Университет КазГЮУ, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*Бұл мақалада заң құжаттарын аударудың әртүрлі әдістері қарастырылады. Бұл мақалада орыс, ағылшын тілдерінде қарым-қатынас процесі барысында әр елдің заңнамаларындағы айырмашылықтарын, заң ақпараттарын берудегі ерекшеліктерін ескере отырып, заң терминдерін аударудағы лексикалық және грамматикалық трансформациялардың сипаттамасы беріледі. Мұндай терминологиялық құралдардың артықшылығы – жауапты тұлғалар арасында түніспестікті болдырмауы мен құжаттардың мазмұнын нақты және сенімді беруге көмектесуі.*

*В данной статье авторы рассматривают различные методы перевода юридических документов. В статье приводится описание лексических и грамматических трансформаций при переводе юридических терминов, принимая во внимание разницу в законодательствах стран, особенности передачи юридической информации в процессе общения на русском и английском языках. Преимуществами таких терминологических средств являются то, что они помогают более точно и достоверно передать содержания документа и избежать недопонимая между ответственными лицами.*

**А. Ж. Қобланова**

ф.ғ.к., доцент, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.  
e-mail: gkosym@inbox.ru

**ОРТОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКОГРАФИЯ:  
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОЭПИЯЛЫҚ СӨЗДІГІНІҢ  
БАСЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ**

*Мақалада ортологиялық лексикографияның бір саласы – орфоэпиялық сөздіктердегі ауызша тіл нормаларының кодификациялануымен байланысты мәселелер қарастырылады. Орфоэпиялық сөздік құрастырудың алғашқы тәжірибелері қалай болғаны талданып, дәстүрлі қолданыстағы ауызша емлесімен, әсіресе мектеп өмірінде жазба сөзге ерекше көңіл бөлініп, ал ауызша сөздің тілдік нормалары назардан тыс қалғаны айтылады. Сонымен қатар ауызша сөз нормаларының бұқаралық ақпарат құралдары – радио, телевизия хабарлары тілінде ерекше орын алуы микрофон алдында диктордың сөзді қағаз бойынша нақпа-нақ, тақпа-тақ айтуымен байланысты екені атап көрсетіледі.*

*Сөздікте ауызша сөзбен жазба сөздің салғастыру тәсілі арқылы олардың айырмасын айқындағаны айтылып, орфоэпиялық сөздік құрастырудың бірден-бір оңтайлы жолы деп бағаланады.*

*Кілтті сөздер: орфоэпия, ортологиялық лексикография, орфографиялау, ортологиялық база, жазба код, ауызша код, вариант, инвариант, вариация.*

**КІРІСПЕ**

Мақала қазақ халқының байырғы аса бай ауызша әдебиетінің негізінде оның дәстүрлі орфоэпиялық нормасы қалыптасқандығын танытуды мақсат етеді. Ауызша сөздің дыбыстық негізі бір болғанмен оның кітаби тілге және сөйлеу тіліне тән екі түрлі тармағы бар Қазіргі әдеби тілдің ауызша түрі театр сахналарында, радио-телехабарларда, мектеп, жоғары оқу орындарында, ғылыми ортада, мемлекеттік басқару органдарында, бизнес қоғамында яғни әлеуметтік өмірдің сан-алуан салаларында қызмет етіп жатқан түрі кітаби сөйлеу тіліне (кітаби стильге) жатады. Ауызша кітаби стилі негізінен ресми жағдаятта қолданылатындықтан, зерттеудің нысанына алынды.

Ауызша сөздің сөйлеу тіліне тән түрі ең алдымен тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылады және бейресми жағдаятта жұмсалады. Ауызша сөздің сөйлеу тіліне тән өзіндік нормалары болады, бірақ бейресми жағдаятта қолданылатын болғандықтан, кодификацияланған, яғни заңдастырылған нормаға жатпайды. Кодификацияланған немесе заңдастырылған норма дегеніміз ортологиялық сөздіктерде көрсетілген, ережелерде бекітілген норма болып табылады. Ауызша сөздің сөйлеу тілі түріне тән жалпы тілдік нормалары болғанмен, бейресми тұрмыстық қатынаста сөйлеушіге мынадай нормамен сөйлеу керек деген «нұсқау» болмайды. Өйткені бейресмилік фактор сөйлеушіге азды-көпті «еркіндік» береді.

Кітаби ауызша сөз ресми жағдаятта, жұртшылық алдында, шаршы топта қолданылатындықтан, оның заңдастырылған (кодификацияланған) нормалары болады. Ол нормалар ортологиялық яғни орфоэпиялық сөздіктер мен анықтағыштарда көрсетіліп отырады.

Алайда қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасының ескерілмей, бұзылып айту фактісі әсіресе радио-телехабарлар тілінде, сондай-ақ мектеп өмірінде, шаршысөзде жиірек кездесетіні байқалып, мерзімді баспасөз беттерінде қоғамдық пікір талқысына түсе бастады. Әсіресе орфографияның ауызша сөз, оның айтылу нормасына тигізе бастаған кері әсері яғни қалай «жазылса», солай сөйлеу, тіркесті сөздерді бір-бірімен ұластырмай, нақпа-нақ, тақпа-тақ айту сияқтылар ғылыми, мәдени жұртшылықтың, сындарына, назарына іліге бастады. Бұл туралы «Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу актісіндегі айтылуы әрдайым бірдей түсе бермейді. Сөйлеу үстінде сөздер бір-бірімен «тіл табысып», үндесіп, үйлесіп жатады. Ол үйлесімділік үшін сөздердің кейбіреулері бір-екі дыбысын «сындыруға», өзгертуге, тіпті жоғалтуға дейін барады. Ал жазылғанда бұлар «сынбай», өзгермей, жоғалмай тұруы мүмкін. Сондықтан әрдайым қалай жазылса, сол түрінде оқуға болмайды. Дұрыс жазу мен ауызша дұрыс айту (оқу) әрқашан бірдей түспейді. Қалай естілсе, сөзді солай жазу қандай қате болса, қалай жазылса, сірестіріп солай оқу (айту) сондай өрескел қате болып шығады» – деп, тілші ғалымдардың ішінде сындарлы ой айтып, алғаш дабыл қаққандардың бірі Р. Сыздық болды [1, 38-39].

Бұл ретте көрнекті фонетист ғалым Ә. Жүнісбектің сол бір кезеңдегі «Ауызша дұрыс сөйлеудің мызғымас екі шарты бар. Оның бірі – сөйлем ырғағының, сөйлем ішіндегі үзілістердің, екпіннің т.б. лайықты үлгілерін таба білу, екіншісі – жеке дыбыстардың жазба нұсқасына байланып қалмай, оларды иініне қарай құбылтып отыру.

Дыбыстардың жазба нұсқасын бұлжытпай айту мағынаға нұқсан келтірмегенмен, құлаққа түрпідей тиіп жатады.

Сонымен, әдеби тілдің лексика-грамматикалық жағын ғана сыңар жақ сөз ете бермей, дыбыстық үйлесімін табуы да көп созбай, қолға алу жағын қарастыру керек. Әдетте тілдің жазу үлгісі тұрақты келеді де, сөйлеу үлгісі үнемі дамып, жетіліп, өзгеріп отырады. Оған тілдердің қазіргі заманғы өзара байланысы да зор ықпал етеді. Сондықтан сөйлеудің әдеби үлгісін тұрақтандырып, басын ашып, мезгіл-мезгіл бағдарын белгілеп беріп отыратын ұйымдасқан әрекет керек» – деген пайымдауын орынды болған деп танымыз [2, 148-149].

Осымен байланысты сөзді дұрыс айтудың нормаларын көрсететін орфоэпиялық сөздікке деген қоғамдық сұраныс жиілей түсті.

Осы айтылған жайттармен байланысты филология ғылымдарының кандидаты Қ. Неталиеваның құрастыруымен «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» Қазақ ССР-інің «Ғылым баспасынан» 1977 жылы жарық көрді [3].

Аталмыш сөздікте *жұмұс, орұн, өлөң, бұғұн, тұңғу, төрө, көмұр* тәрізді сөздерде лабиалды гармонияның екінші буынға дейін сақталатыны, әрі қарайғы буындарда дауыстылармен айтылатыны көрсетілген. Бұл – бірден-бір дұрыс шешім, алайда кейбір зерттеулерде ерін үндестігі бастан-аяқ сөздің аяққы буындарына дейін сақталатынын атап көрсетеді. Әрине, біздің ойымызша, бұл пікір даулы көрінеді.

Сонымен қатар сөздік авторы ғалым Х. Неталиева біріккен сөздердің *аткөпұр, ақсүйөк, бізқұйұқ, жаубүйрөк, жаужұмұр, жертөлө* т.б. болып айтылатынын, сол сияқты қос сөздердің *түйдөк-түйдөк, тұр-түсу, ұйқұ-тұйқұ, төсөк-орұн, зорлұқ-зомбұлұқ, көптеп-көмөктеп, тоқтұ-торұм*, т.б. типтерінің дыбысталуының көрсеткен.

Сондай-ақ бірінші сыңары жіңішке, екінші сыңары жуан дауысты немесе керісінше, болып келетін қос сөздер мен біріккен сөздердің айтылу ерекшелігін автор дұрыс байқаған. Мысалы: *көртышқан, қоскіндік, мұң-шер, көр-жер, ой-қыр, ауұл-аймақ* т.б. күрделі атаулардың сыңарлары үндесімен айтылатыны еш дау туғызбайды.

Орфоэпиялық сөздікте [б] дауыссызының интервокал позицияда [б<sup>√</sup>] болып айтылуы, яғни сөз басында бұл дыбыс **жабысыңқы** түрде айтылса, дауыстылар аралығында **жуысыңқы** болып айтылады. Басқаша айтқанда, [б] ала дегендегі [б] мен а[б]айла дегендегі [б]-ның дыбысталуы бірдей емес: біріншісі ерін жабысыңқы болса, екіншісі ерін жуысыңқы дыбыстар болып саналады. Бұл құбылыс осығанға дейін оқулықтарда норма ретінде кодификацияланбаған, оқу құралдары мен зерттеулерде айтылмаған, аталмыш сөздіктің өзіндік ерекше жаңалығы болып табылады.

Орфоэпиялық сөздікте жазылуы мен айтылуы (оқылуы) сәйкес келмейтін сөздер мен тіркесті сөздердің түр-түрі молынан қамтылған (он бес мыңдай). Олардың қайсыбір түрлері мектеп грамматикалары мен жоғары мектеп

оқулықтарында *ілгерінді ықпал, кейінді ықпал* деген терминмен аталып, сөз ішінде, тіркес шенінде іргелес келген дауыссыздардың дыбыстық өзгеріске ұшырайтыны едәуір жүйеленген болатын. Сөздіктің авторы Х.Неталиева өз талдауында бұларға да тоқтала отырып, оған тың материалдар қоса келіп, сөзтізбеде олардың айтылуы мен жазылуын салыстыра беріп отырған. Бұндай салыстырма берілім *жазба кодты* ауызша кодқа, керісінше, *ауызша кодты* жазбашаға түсіру арқылы екітүрлі жүйенің айырмасын айқынырақ тануға мүмкіндік береді. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
ала көк	<i>алагөк</i>
дала күзені	<i>дала гүзені</i>
ата қаз	<i>атагаз</i>
қыза-қыза	<i>қыза-гыза</i>
ене көрген (тон пішер)	<i>ене гөрген</i>
ене қаз	<i>енегаз</i>
қакқы көру	<i>қаққы гөру</i>
ұры-қары	<i>ұры-гары</i>
ескі көз	<i>ескігөз</i>
ертелі-кеш	<i>ертелігеиш</i>

Сөйтіп, қазақ тілінің тұңғыш орфоэпиялық сөздігі түбір мен қосымшаның, сөз тіркесі мен тіркесті сөздердің, қос сөздердің аралығындағы позициялық ерекшеліктермен байланысты дыбыстардың бір-біріне тигізетін әртүрлі әсері түгелдей дерлік қамтылған. Яғни айтылудағы коды мен жазылудағы коды сәйкеспейтін жүзге жуық дыбыстық өзгерістер дұрыс көрсетілген. Сондықтан қазақ тілінің ортологиялық лексикографиясында өзіндік орны бар еңбек деп және қазақ тілінің бұдан кейінгі орфоэпиялық сөздігінің басылымдарына негіз болды деп бағаланады.

Алайда орфоэпиялық сөздіктің ғылыми-теориялық, ортологиялық негіздерін жетілдіре беретін жайттары аз емес еді. Сөздікте ауызша код пен жазбаша кодтың сәйкес емес тұстары көрсетілгенмен, оларды тек таксономиялық тұрғыдан таптастырылғанмен, ауызша жүйедегі дыбыс құбылыстары бірденгейлік мәнділіктер емес еді. Мысалы, *ба[ш]шы, қо[ш]шы, қаза[к]ы, қаза[г]ы, өл[ө]ң, а[б\]ай, [у]отан* т.б. дегендер бірденгейде жатқан дыбыстық құбылыстар емес еді. Олардың мәнін ашып беру ортологиялық тұрғыдан негіздеу болып табылар еді. Бұл мәселе орфоэпиялық сөздіктің кезекті басылымдарында айқындала түсті.

Ауызша сөздің ертеректегі бұқаралық каналдары радио, телевизия болса, ендігі жерде аудио-визуалды ақпарат құралдары, электронды байланыс жүйесінің тілдік коммуникацияда рөлі арта түсті. Осымен байланысты орфографиялық нормаларды көрсететін сөздіктің кезекті басылымдарының

қоғамдық өмірдің өскелең сұранысқа сай болуы қажетті талаптардың бірі болды. Атап айтқанда, оның ортологиялық негізінің, ғылыми-теориялық базасының айқын болуы негізгі шарттарының бірі болды.

Орфоэпиялық сөздіктің [4] бұдан кейінгі басылымында:

- әдеби тілдің орфоэпиялық нормасының аймақтық ерекшеліктерге (диалектизмдерге) қарама-қарсы қойылуы;
- сөйлеу тілінің бейәдеби түріне қарама-қарсы қойылуы;
- әдеби тілдің орфоэпиялық нормасының ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылуы;
- әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы жазба тілдің орфографиялық нормасына қарама-қарсы қойылуы аталмыш Сөздіктің негізгі ұстанған беталысын байқатады.

Бұл ретте тек орфографиялық нормада еленбейтін дыбыстық өзгерістер аясында ғана емес, қазақ тілінің өзге де өмір сүру формаларында ұшырасатын дыбыстық құбылыстарды ажырата қарау, оларды елеп-екшеп, айқындай түсу сөздіктің концепциялық негізі болып табылады.

Сөздіктің Н. Уәли жазған алғы сөзінде былай делінген:

«Дыбысталған сөз бен қағазға түскен жүйесі дәлме-дәл сәйкес келмейді. Жазу-сызу тарихында ауызша таңбалар мен жазба таңбалардың өзара тепе-тең түскен жүйесі болған емес. Тіпті ондай жазба жүйенің қажеті жоқ, өйткені ауызша сөздің небір физикалық, материалдық элементтері «қағаз сыртында» қалып қояды да, жазуда мағынаға қызмет ететіндері ғана ескеріледі. *Орман, орын, отын* тәрізді сөздердің ұшар басындағы <о> дауыстысының ілеспе дыбыспен бірігіп [у] мен айтылатын [уотан]; *ет, ешкі* тәріздес сөздердегі <е>-нің ілеспе [ʰе] түрінде дыбысталатын [ʰешкі, ʰет] т.б. түрленімдері бар. Бұлар – жазуда еленбей, «қағаз сыртында» қалып қоятын құбылыстар, бірақ жазба сөзді оқығанда «қағаз сыртында» қалып қойған материалдық элементтер қайтадан қалпына келтірілуге тиіс. Олай болмаған жағдайда ауыздан шыққан сөздің тұрпаты бұзылып, кедір-бұдыры көбейеді».

Жазба кодты ауызшаға дұрыс ауыстыру (жазылғанды ауызша сөз нормасына сай дыбыстау) немесе керісінше ауызша сөзді жазба кодқа көшірудің мән-жайына сипаттама жасай келіп, Н. Уәлидің «қағаз сыртында» қалып қоятын дыбыстық құбылыстарды екі деңгейге бөліп қарастыруына ерекше көңіл аударуға болады. Ғалым, мысалы, бірінші деңгейде [*көрүмбеу*], [*башшы*], [*сышы*], [*сөшишөң*], [*сысса*], [*күлкү*], [*келет*], [*барат*] т.б. тәрізділерді <н>, <с>, <з> инвариант фонема әлсіз позициялық в а р и а н т т а р ы деп атайды. Автор бұларды инвариант түрлері деп те қолданған. Бұлар күшті позицияда көрі[н], ба[с], сы[з], сө[з], келе[д]і түрінде айтылады.

Ал екінші деңгейге ат[ц]ыз (*атсыз*), хат[ч]ы (*хатшы*) [avaivол] (*абай бол*) тәрізділерді жатқызып, <с>, <ш>, <б> инварианттарының әлсіз



позициядағы в а р и я ц и я л а р ы яғни түрленімдері деп көрсетеді. Бұлар күшті позицияда инвариантка сәйкес [с], [ш], [б] түрінде дыбысталады.

Сонымен қатар автор дәстүрлі көзқарастан мүлде басқа тұжырымға келіп, *рақмет, бірақ, құрмет, тақсірет* дегендердегі [к] дауыссызын инвариант <к>-ның жінішке тембрлі вариациясына, яғни түрленіміне, ал *көгарай, когал, когаршын*, дегендегі [к] дауыссызын инвариант <к>-нің жуан-тембрлі вариациясы яғни түрленімі деп таниды.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Сөйтіп, Н. Уәли қазақ тілінің ортологиялық орфоэпиясында Мәскеу фонологиялық мектебінің инвариант, вариант, вариация терминдерін қолдана отырып, тілдік санадағы түптілді біріктірілген (инварианттардың) айтылым сөзде тұрпаты әрбасқа болып, вариант, вариация түрінде дыбысталатынын айқындап беру арқылы ортологиялық орфоэпияның теориялық базасын тереңдетуге өз үлесін қосқан деуге болады.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сыздықова, Р.** Орфоэпиялық нормалар жайлы // Өрелі өнер (Тіл мәдениеті туралы). – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1976. – 148 б.
- 2 **Жүнісбеков, Ә.** Аурудың алдын алмаса... // Сөз өнері (Тіл мәдениеті туралы). – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978. – 184 б.
- 3 **Неталиева, Қ.** Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1977. – 400 б.
- 4 Орфоэпиялық сөздік. – Алматы : Арыс, 2007.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*A. Zh. Koblanova*

**Ортологическая лексикография: об изданиях орфоэпического словаря казахского языка**

Казахский национальный педагогический университет  
имени Абая, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*A. Zh. Koblanova*

**Orthologous lexicography: about publications of the Kazakh language orthoepic dictionary**

Abai Kazakh National Pedagogic University, Almaty.

Material received on 01.02.17.

*В статье рассматриваются вопросы, связанные с кодификацией норм устной речи в орфоэпических словарях, являющихся одной из отраслей ортологической лексикографии. Проводится анализ составления первых орфоэпических словарей, говорится о том, что в данных словарях большее внимание уделяется устной орфографии в традиционном применении, а языковые нормы устной речи остались вне внимания. Также отмечается, что нормы устной речи занимают особое место в языке программ средств массовой информации, таких как радио и телевидение, и это связано с тем, что диктор читает свой текст в микрофон четко по бумажке.*

*В статье также выявлены отличия устной и письменной речи посредством применения сравнительного метода, и это оценивается как один из оптимальных способов составления орфоэпических словарей.*

*The questions, related to the norms of the oral speech codification in pronouncing dictionaries that are a part of the Orthologous Lexicography field, are examined in this article. The analysis of the first pronouncing dictionary is conducted, the greater attention in these dictionaries is spared to verbal orthography in traditional application, and the language norms of the oral speech remained without any attention. It is also marked that the norms of the oral speech occupy the special place in the language of media programs, such as radio and TV and it is related to the fact that a speaker reads the text clearly from the paper.*

*In the article the differences of the oral and writing language are also educed by means of application of comparative method and it is estimated as one of optimal methods of the pronouncing dictionary making.*



**Б. Р. Қожахметова**

ғ.ғ.м, аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

e-mail: bajan2010@yandex.kz

**ШЕШЕНДІК ӨНЕР – ҰТЫМДЫ ІСКЕРИ  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕПІЛІ**

*Бұл мақалада автор табысты іскери қарым-қатынас орнатуда шешендік қабілеттердің маңыздылығын, оны қалыптастыру заңдылықтарын қарастырады.*

*Кілтті сөздер: сөйлеу шеберлігі, іскери қарым-қатынас, көпшілікке ықпал ету, шешендік өнер, сөйлеу құзыреті.*

**КІРІСПЕ**

Өнердің ең құрметтісі және қасиеттісі – сөз өнері. Ойын анық та көркем жеткізе білу, дәлелді түрде өзгелерге мойындату, басқалардың пікірімен санаса отырып, оларды өзіне одақтас ете білу – рухани дамудың шыңы, мәдениетілік пен білімдарлық белгісі. Сөз шеберлігі – ой тереңдігінің жемісі. «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» дегендей, жетілмеген ойды көркем сөзбен жеткізу мүмкін емесі анық.

Тәуелсіз мемлекетіміз дамыған елдердің қатарына қосыламыз деп ұмтылыс жасап жатқанда, бәсекеге қабілетті маман даярлау мәселесінің өзектілігі артуда. Тұлғаның шығармашылық дамуына тікелей ықпал ететін жолдардың бірі – іскери қарым-қатынастағы сөйлеу шеберлігін дамыту. Қоғамдық өмірдің демократиялануы, сөз бостандығы мен көпшілік алдында, іскери қарым-қатынастарда сөз сөйлеу шеберлігінің маңыздылығына әсер етті. Шешендіктің, сөйлеу шеберлігінің түпкі мақсаты – көпшілік алдында сөз сөйлеу, әңгімелесу, пікір таластыру сияқты қарым-қатынас түрлері арқылы тыңдаушыларына ықпал ету.

Шешендік өнер көпшілікке ықпал ететін, билікке, басшылыққа қол жеткізу құралдарының бірі. Іскери қарым-қатынас тұрғысынан қарастырғанда **шешендік** өнер ретінде адамдарға қызмет етуі тиіс. Яғни, шешендік әдістер арқылы тыңдарманын мәжбүрлеп емес, өз қалауы бойынша заңды тұрғыда иландыру. Кейбір адамдар шешендікті жақтырмайды, себебі оны зұлымдыққа қызмет етеді деп есептейді. Көпшілік алдында сөз сөйлей білу – қарулы болумен тең, ал қаруды теріс пайдалануға да болады. Әрине, шешендік өнер иесі өзінің адами, имандылық ұстанымдарына берік болғаны

абзал. Іскери қарым-қатынаста сөз сөйлеуде жалған сөз, шындыққа жанаспау деген жағдайлар болмауы тиіс. Барлық айтылатын сөз айқын дәлелдермен расталып отырған жөн. Іскери қарым-қатынаста сөйлеу арқылы істің мән-жайын түсініп алуға, алаңдатушы басымдықтарды анықтап алуға, өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік бар және оны пікір талас, талқылау арқылы жүзеге асыруға болады.

Шешендік өнер адамның есте сақтау қабілетінің күшті болуын қажет етеді. Сондықтан шешендік өнер практикумына үнемі жадыны дамытуға арналған жаттығулар кіріктіру қажет. Жадыны дамыту тек өлең немесе газет мақаласын жаттаумен жүзеге аспайды. Шешендік өнер ғылымында сөйлеу шеберлігін дамыту барысында есте сақтау қабілеті жаттаумен ғана емес, **бағытталған, жұмыс істейтін жадыны** жетілдірумен жүзеге асады. Яғни, ақпарат көзін табу, мәліметтер мен фактілерді іздеу әдістерін білу **бағытталған жадының** жемісі болса, пікір талас немесе келіссөз жүргізу барысында кез келген қажетті ақпаратты тыңдарман немесе қарсылас алдында дәлел ретінде, сенімді пайдалана алу белсенді **жұмыс істейтін жадының** белгісі. Әрине, адамның жады шексіз емес, айтпағымыз қажетті ақпаратты құр жаттау арқылы шешендік өнерді игере алмайсың. Жаттау барысында мағынасына терең мән беріп, талдап ой елегінен өткізген жағдайда ғана есінде берік сақталады [1].

Шешендік өнер әрқашан белгілі бір мақсатта уақыт пен жағдайға байланысты қолданылады. Тыңдаушы қауым тек көркем сөзге қанағаттанбайды, оны нақты фактілер мен деректер арқылы да сендіріп отыру қажет. Сонымен қатар әр шешеннің өздеріне тән тәсілдері бар, біреу шабытының күшімен жұрттың назарын өзіне қаратса, екіншісі әсем дауысымен баяндап қаратады, үшіншісі қыршаңқы тілімен, сөз тауып сөйлейтіндігімен, төртіншісі айқан да ретімен баяндайтындығымен қаратады. **Сондықтан білім алушының бойында шешендік қабілетті қалыптастыру үшін, оған шешендіктің не екенін түсіндіру қажет емес. Себебі ол шешеннің ішкі ой толғанысы мен жігеріне үйретпейді.** Шешендікке үйрену үшін шешендердің өмірімен танысып, сол шешендік сөздерін қандай жағдайда, қандай мақсатпен айтқанын айқындап, олардың сөздерін үйрену қажет.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Жалпы шешендік туралы сөз қозғағанда, сөздің салмағы мен ажарын келтіретін заңдылықтары туралы айтуымыз керек. Бұның барлығы сөз сөйлеу жетістігінің жемісті болуына ықпал етері сөзсіз. Бұл заңдылықтар іскери қарым-қатынастың табысты болу ережесіне тікелей байланысты: яғни айтар сөз тыңдарманға шақталуы қажет, тігілетін көйлектің өлшемі сияқты.

Осы туралы көне заманның ғұламалары да айтып кеткен, мысалы шешендік өнер өкілі Сократ: «Жан дүниесі күрделі адамның алдында сөз сөйлеу үшін сөйлеудің барлық деңгейін жан-жақты қамту қажет, ал қарапайым адамға – қарапайым тілмен жеткізу керек» – деген. Немесе Вольтердің айтуынша, адамдар өз қалауларына сенгіш келеді. Ал Дейл Карнеги тыңдармандар мен сөз сөйлеушілерге қатысты: «Өзіме келсем, мен қаймақ қосылған құлпынайды жақсы көремін, ал балықтар олай емес екен. Сондықтан мен балық аулауға барарда маған ұнайтынды емес, балыққа ұнайтын – кепкен құрттарды аламын» – депті. Демек, қай кезде болмасын шешендер тыңдармандарының қалауын, мүдделерін, бағыттарын ескеріп отырған.

Қазіргі замандағы шешендік өнердің ең негізгі **зандылықтарының** бірі ол үйлесімді диалог заңдылығы. Оның мәні шешеннің сөзін тыңдап отырған адам немесе аудитория, айтқан ақпаратты тек қабылдайтын, сіз ықпал ететін объекті ғана емес, тең дәрежедегі тілдесім мүшесі. Себебі нағыз тілдік қарым-қатынас тек оған қатысатындардың бір-бірімен сөйлесуі, яғни диалог арқылы жүзеге аспақ. Мұндағы тілдік жағдаят тек бір бағыттағы субъект-объектілі қарым-қатынас емес. Мысалы, S→O, S – сөйлеуші, O – тыңдаушы болса, субъект-субъектілі қарым-қатынаста S1↔S2, бұл жерде S1 – сөйлеуші, S2 – тыңдаушы. Яғни сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тең дәрежелі қарым-қатынас. Әрине, шешен адам көпшілік алдында сөз сөйлегенде, тыңдаушылардың белсенді болғанын қалайды, бірақ бұл әдеттегі диалог емес, тыңдаушының іштей жауап беріп отыруы, немесе соған дайын болуы болып табылады. Тыңдарманмен диалогтік қарым-қатынас орнату үшін, сөздің мәтінін даярлау барысында оны оқырманға емес, тыңдарманға арналғанын назардан шығармау қажет. Осыған орай, Вашингтон университеті радио-телестудияларының директоры, америка президенттерінің имиджмейкері болған Лиллиан Браунның: «Сөзіңіздің мәтінін әзірлеу барысында, шұбалаңқы, сабақтас-құрмалас сөйлемдерді пайдаланбағаныңыз жөн. Іштен оқуға арналған пресс-релиз, газет мақалалары сияқты материалдарда тарқатыла берілген, ұзын сөйлемдерді пайдалануға болады. Ал ауызша айтылатын сөздің мәтінін дайындағанда, онда ең негізгі, мәнді ақпарат қана берілуі қажет. Дайын болған мәтінді дауыстап оқып көріп, ішінде қалған көпірме, жасанды сөйлемдер болса, алып тастаған дұрыс», – деген сөзі орынды деп білеміз [2, 118].

Орыс философы және әдебиеттанушысы М. М. Бахтин «өмір сүру дегеніміз – әрдайым тілдік қарым-қатынаста болу» деп тегін айтпаған сияқты. Шешеннің сөзі бір жағынан тыңдаушыларға арналған сөз болса, екінші жағынан осы монолог барысындағы екі жақтық қарым-қатынас. Бұл жерде шешен мен тыңдаушы белсенділігіне қатысты монолог пен диалогке тән ортақтық байқалады. Сондықтан шешеннің сөзін тек монолог емес,

тыңдаушыға арналған диалогті сөз деуге де болады. Көпшілік алдында сөз сөйлеу дайындығы туралы әдістемелік әдебиет көздері мен ғаламтор сайттарындағы ақпараттан түрлі ұсыныстарды қарастырып, осындай монологті сөзді ішкі диалогті сөзге айналдыруда келесі жағдайларды есеру қажет деп білеміз:

1) сіздің алдыңыздағы аудиторияның сипаты қандай (жасы, жынысы, саны, әлеуметтік және мүліктік хал-ахуалы, айналысатын нәрселері, мүдделері);

2) осы аудиторияның алдында сөз сөйлегенде қандай «қозғауға болмайтын тақырыптар» барын анықтап алу;

3) сізді тыңдауға келген адамдардың мақсаты қандай;

4) сіздің сөзіңіздің ішіндегі қандай ақпарат оларға қызықты болады деген болжам жасау;

5) айтатын ақпаратыңызды нақты, түсінікті, адамдарға жақын етудің жолдарын анықтап алу;

6) қандай мысалдар келтіретіндігіңізді, және оларға, яғни тыңдаушыларға қызықты болуын ескеру.

Әрине, осы ұстанымдардан басқа, тыңдаушылармен қарым-қатынасты қолдап отырудың сөйлеу құралдары да бар. Мысалы, риторикалық сұрақтар мен қаратпа сөздерді тыңдаушыларға бағыттап пайдалану, ниеттендіру сөйлемдері, бұйрық, әмір ету мәніндегі құрылымдар (көздеріңізге елестетіп көріңіздер, қарастырып көрейік) т.б. Үлкен де маңызды шаруаны бітіру үшін, екі нәрсе қажет: **ол нақты жоспар мен шектелген уақыт**. Яғни, көпшілік алдында сөйлейтін сөздің нақты жоспары болуы тиіс және сөз «қысқа да нұсқа» болғаны жөн. Сөз сөйлеушілер тәжірибесіне жүгінер болсақ, айтатын сөзді құрастыру мен сол сөзбен шығып сөйлеу қаншалықты қиын шаруа болса, оны тыңдау да оңай емес. Яғни, шешен айтайын деген ойын тыңдаушы сезіп отыруын алдын ала ойластыруы қажет.

Шешендік өнердегі **екінші заңдылық** – ол мақсатқа қарай жылжу, яғни, сөйлеуші өз сөзінің мақсаты мен бағдарын, құрылымын анық көре білуі.

Оны жүзеге асыру үшін алдымен, өз сөзіңнің құрылымын өзіне анықтап алуы қажет. Құрылымының анық болмауы сөйленетін сөздің нақты да түсінікті болуына мүмкіндік бермейді. Бір сөзден екіншіге көшу, қажет емес шегіністер жасау, немесе бір орында малтығып қалу, яғни тыңдаушы бәрін түсініп алса да, түсіндіруді жалғастыра беру – міне, осының барлығы мақсатқа жылжу заңдылықтарының бұзылуына әкелетін, әдеттегі қателіктер. Шешен өз мақсатына тыңдаушыларын неғұрлым қысқа да қызықты жолмен жеткізуге тырысқаны жөн.

Екіншіден, сөйлеу барысында қажет емес кідірістер жасаудан аулақ болып, сөздің бірізділігі мен үйлесімділігін бұзбаған дұрыс. Сонымен қатар,

ыңылдау, түрлі дыбыстарды соза сөйлеу сөйлеушіні түсінуге кедергісін тигізіп, керісінше тыңдаушылардың күлкісін келтіруі мүмкін.

Үшіншіден, бөлек сөздер мен фразаларды тықпалап, қайталай берудің де қажеті жоқ. Ойды қайталай беру жақсы түсіндіру деген сөз емес, керісінше айтылған небір қызықты да бірегей ойды, көпірме, мән үйрету әсерін туғызатын сөзге айналдырып жібереді. Бұл жерде тыңдаушының өз пікірінің болу мүмкіндігіне қарамастан, шешен өз ойына сендіруге мәжбүрленгендей болады. Әрине, бұл жерде айқындық әсерін туғызатын, риторикалық айшықтау ретінде пайдаланылған қайталауларды айтып отырған жоқпыз.

Қазіргі шешендік өнердегі **үшінші заңдылық** түрлі авторлардың айтуынша, сөйлеудің әсерлілігі, шешеннің өз сөзін іштей сезінуі, шынайы сөйлеу және қарапайымдылық. Әрине, көңілі босағансып, немесе ызалы сөйлеген боп көрінуге де болады, бірақ шынайылық әрдайым басым тұрады. Жоғарыда аталған қазіргі шешендік өнердің жалпы заңдылықтарын мықтап ұстанса, сөйлеу шеберлігін ұштап, нағыз шешен дәрежесіне көтерілуге болады деп білеміз. Көне заманнан келе жатқан ақиқат бойынша, нағыз шешеннің үш негізгі қабілеті болуы тиіс: сендіру, рахатқа бөлеу, тыңдаушыларын өзіне бағындыру.

Алдында атап айтқан мақсатқа жылжу заңдылығы сөздің дәлелді болуына ықпал етсе, әсерлілік заңдылығы тыңдаушылар сезіміне әсер етумен байланысты. Жалпы шешендік өнердегі тағы бір заңдылықты атап өтетін болсақ, ол рахатқа бөлеу қабілетіне байланысты. Ал біреудің сөзін тыңдау арқылы қалай рахатқа бөленуге болады? Алдымен аудитория нені тыңдағанды қалайтынын, олардың мүдделері мен сипатын білу қажет. Сондай-ақ біз бір жаңалықты білуге құмармыз, әрине ол жаңалыққа қолжеткізу қиын болмағанын да қалаймыз. Бұл жерде шешеннің алдындағы мәселе - тыңдаушылар білетін мәліметтерге сүйеніп, олардың зияткерлік ахуалының бар екенін көрсете білу. Себебі әр тыңдаушы өзін тұлға ретінде құрметтейтін, өзінің тыңдаушыға деген оң көзқарасын көрсете білетін шешенді тыңдағанды ұнататыны сөзсіз. Демек, тыңдаушыға құрметпен қарау сөйлейтін сөзінің тиімділігін арттырады. Сонымен қоса, анық, жеңіл де айқын сөйленетін сөз, әрқашан қуаныш сыйлайды, ал ыңғайсыздық жағдайлары, тіл мүкістігі мен айтылған ойдың үйлеспей шығуы тыңдаушыны жалықтырып, зейінін сейілтпін жібереді. Ал шешеннің шебер сөйлеуі, қашанда бір деммен тыңдалады.

Рахатқа бөлеу заңдылығы аудиторияның көңілін көтеру немесе оларға «қырындау» деген түсінік емес. Айтқанымызды шешендік туралы айтқан Блез Паскальдің сөзімен қорытындылауға болады: «Шешендік өнер дегеніміз, тыңдаушылардың қиынсынбақ түгілі рахаттанып тыңдайтындай етіп сөйлей білу өнері, олардың тақырыпқа беріліп, намысы қайралып, терең ұғынғысы

келуі». Осы заңдылықтар бірін бірі толықтырып, біріккенде сөйлеушінің сөз сөйлеу қабілетін тиімді де толыққанды етері сөзсіз.

Әрине, көпшілік алдында сөз сөйлеудің табысты болуы шешен адамның тұлғалық қасиеттеріне тікелей байланысты, олар: оның қарым-қатынас жасай білу қабілеттері, шығармашылық әлеуеті, білім-білігі, қисынды да дәлелді пайымдары, теория мен тәжірибеге сүйене білуі, сөз сөйлеу барысындағы мейірімділігі мен парасаттылығы, оптимистік көзқарасы мен әзілдей білуі, ой ұшқырлығы және т.б. Бірақ, кез келген шешен осындай қабілеттерге ие бола бермейді. Керісінше, олардың да жағымсыз қасиеттері болуы мүмкін және көбінесе, сол қасиеттері басымырақ болады.

Шешендік білім сөйлеу барысындағы ұлттық-мәдени айырмашылықтарды зерттейтін этношешендік (этнориторика) саласы арқылы іскери қарым-қатынастағы түрлі ұлттар арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде шешендік ғылым ретінде **жалпы және жеке** деп бөлінеді. **Жалпы** шешендікке жататындар: 1. шешендік канон – сөз сөйлеудің арнайы заңдылықтар жүйесі, өзіне қарату, ұнау, шығармашылық ережелері; 2. шешендік – көпшілік алдында сөз сөйлеу теориясы мен тәжірибесі; 3. әңгіме жүргізу теориясы мен тәжірибесі; 4. эристика – дауласу шеберлігі, теориясы мен тәжірибесі; 5. этнориторика – сөз сөйлеудегі ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлері.

**Жеке** шешендік кәсіби және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас барысындағы сөйлеу ерекшеліктерін, мысалы, педагогика, медицина, журналистика, қоғамдық немесе әкімшілік сияқты салалардағы «сөз сөйлеу жауапкершілігін» зерттейді.

Көпшілікке ықпал ете білу құдіреті, тек шешеннің сөз шеберлігінде ғана емес. Шешеннің мақсатына жетуі үшін көпшілік алдында ұтымды сөз тауып сөйлей білуінде. Бірақ шешен адамды жатталған көркем сөзді мәнерлеп оқып берушімен шатастырмауымыз қажет. Мақсатына жету мәселесіне қарай **шешен** адам мен мәнерлеп оқушының айырмашылығын салыстырар болсақ, ол сот пен қорғаушы сияқты. Соттың мақсаты – кінәліні жазалап, кінәсізді ақтау болса, қорғаушының мақсаты - кінәлі кінәсіздігіне қарамай, өз клиентін ақтап шығу. Шешен мақсатына жету үшін көпшіліктің назарын ой тереңдігі, рухы, ынта-жігері, жалынды да көркем сөзі, ыстық ықыласымен жауласса, мәнерлеп оқушының сөзі мәнерлі, көркем, әдемі, болса да, онда көпшіліктің жүрегі толқытып, санасына ой салатын терең ой мен жоғары мақсат болмауы да мүмкін. Мәнерлеп оқу көпшілік алдында сөйлеу батылдығы мен ойын жинақы ұстауға, тапқырлыққа үйретпейді. Соғыстың қыр-сырын жетік білетін, нағыз қолбасы қан майданда шыңдалғандай, шешеннің рухы мен жалынды сөз сөйлеуі де тәжірибе мен мінбелерде ғана дамиды. Айтпағымыз, шешендік өнерді менгерудің негізгі мақсаты тек шебер де көркем сөйлеуге

үйрену емес, іштегі жатқан терең ойды жүйелі, түсінікті, дәлелді де көркем сөздермен, қисынын келістіре, қызықты да қарапайым етіп жеткізе білуде.

Шешендік өнер әр кезеңде түрлі сынға да ұшырап, өз бағасын алып отырды: антикалық заманда ол пәлсапалық, саяси, көркем ойлау мәдениетінің маңызды бір бөлшегі болып табылса, орта ғасырларда тек сөзді әрлендіру құралы ретінде қабылданып, өз маңыздылығын жоя бастаған, ал 20 ғасырда «шешендік» («риторика») сөзі шынайы емес, сылдыр, бос сөз деген мағынаны да білдірген. Қазіргі кезде шешендік дәстүрдің қайта өрлеуі байқалуда. Қиындыққа тап болғанда, дер кезінде сындарлы ой мен салмақты шешімді мәнді де мағыналы сөз арқылы жеткізе білу, нағыз жеңімпазға тән қасиет. Осындай қарым-қатынас технологиясын, яғни сөйлеу шеберлігін бойына дарыту белсенді ел азаматтарының қажеттілігіне айналып отыр.

Психология, әлеуметтану ғылымдарының жетістіктері мен тілдік қатынас теорияларына жүгіне отырып сөйлеу шеберлігін жан-жақты шыңдау мүмкіндігі туындауда. Себебі, адамның сөйлеу құзыреттілігі арқылы оның мәдениеттілігі мен білімдарлығы жөнінде пікір қалыптастыруға болады. Яғни іскери қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің дағдысын жетілдіру арқылы тұлғаның өздігінен шығармашылық дамуы артады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

«Сөйлеудің жоғары жауапкершілік» аясына жататын қызмет салаларында айтылатын сөздің жауапкершілік деңгейі өте жоғары болады. Бұл елшілік пен медицина саласы, педагогика мен заңтану, әлеуметтік көмек пен журналистика, яғни бұл мамандық иелерінің табысты болуы олардың сөйлеу қабілеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан аталған мамандық салалары үшін жеке-жеке шешендіктер әзірленуі қажет деп ойлаймыз. Әлемде мамандығы көбінесе адамдармен сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасауды қажет ететін адамдарға, арнайы кәсіби тілде сөйлеу теориясы мен дағдылары үйретіледі. Олар «сөйлеу жауапкершілігі жоғары» болып табылатын мамандар, яғни қорғаушылар, педагогтер, сатушылар мен психологтер арнайы сөйлеу шеберлігі құрстарынан өтеді. Демек, жеке шешендік жалпы шешендікке қарағанда осындай кәсіби қызмет барысында тиімді сөйлей білу заңдылықтарын зерттейді. Ал ауыз-екі сөйлеу мен кәсіби диалогтердің айырмашылығы қарым-қатынастық деңгейде айқын көрінеді.

Адамның мәдениеттілігі мен білімділігін тек оның сөйлеген сөзі арқылы аңғара аламыз. Сөйлеу құзыреті өзіңе деген сенімділігіңді, қоғамдық ортадағы қадір-қасиетіңді көтереді. Әрине, шешендік өнерді игеру үшін туа біткен дарындылық, өте көп білім мен ыждағатты еңбек қажет. Іскери қарым-қатынаста көпшілік алдында сөз сөйлеу арқылы қалауыңдағыдай ықпал ету, шешен адамның тұлғалық қасиеттеріне тікелей байланысты.

Яғни, оның қарым-қатынас жасай білу қабілеттері, шығармашылық әлеуеті, білім-білігі, қисынды да дәлелді пайымдары, теория мен тәжірибеге сүйене білуі, сөз сөйлеу барысындағы мейірімділігі мен парасаттылығы, оптимистік көзғарасы мен әзілдей білуі, ой ұшқырлығы – табыс кепілі.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 <http://superiorseller.com/uprazhneniya-po-ritorike-teoriya-i-praktika>.
- 2 Браун, Л. Имидж путь к успеху. – СПб., 2001.
- 3 Александров, Д. Н. Риторика. – М., 1999.
- 4 Зарецкая, Е. Н. Риторика. Теория и практика речевой коммуникации. – М., 1998.
- 5 Клюев, Е. В. Риторика (Инвенция. Диспозиция. Элокуция): Учебное пособие для вузов. – М. : ПРНОР, 2001. - 272 с.
- 6 Михальская, А. К. Основы риторики: мысль и слово: Учебное пособие для учащихся 10-11 классов общеобразовательных учреждений. – М. : Просвещение, 1996. – 416 с.
- 7 Панджлова, А. П. Деловая коммуникация в профессиональной деятельности. Учебное пособие. – СПб., 1999.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Б. Р. Кожяхметова*

**Ораторское искусство – залог успеха деловых взаимоотношений**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*B. R. Kozhakhmetova*

**Oratory – the success of business relationships**

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 01.02.17.

*В этой статье автор рассматривает значимость ораторских способностей как залог успеха деловых взаимоотношений, а так-же анализирует закономерности их формирования.*

*In this article the author discusses the importance of speaking skills as the key to the success of business relationships, as well as analyzes the patterns of their formation.*



**Г. А. Кузембаева**

аспирант, Самарский государственный социально-педагогический университет, г. Самара, Россия

e-mail: kuzembayeva@mail.ru

**КАРТИНА МИРА И ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА  
В СИСТЕМЕ ЗНАНИЙ О ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ**

*В настоящей статье дается анализ понятий «картина мира» и «языковая картина мира» как система знаний о действительности и определяется национальная специфика языковой картины мира носителей русского и английского языков на материале концепта «благородство / nobility».*

*Ключевые слова: картина мира, языковая картина мира, знания о действительности, концепт.*

**ВВЕДЕНИЕ**

Кросс-культурное сравнительно-сопоставительное исследование концептов для выявления национальной специфики *картины мира* изучаемых этносов ставит задачу определения понятия картина мира и входящих в него компонентов.

Использованный изначально в области физики термин картина мира относился к научной картине мира, объясняя представления о мире физическими законами. В ходе дальнейшего изучения данное понятие начинает соотноситься с общим представлением о мире в определенной культурной традиции. В логико-философском обиходе Л. Витгенштейн впервые соотнес понятие *картина мира* с определенной системой знаний об окружающей нас действительности [1] и подразумевал «не картину, изображающую мир, а мир, понятый в смысле такой картины» [2, с. 103].

**ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

Определяясь как «известная интегральная система» и отличающаяся упорядоченностью и объединенностью формирующих ее значений и представлений [3, с. 141] картина мира, отображенная в сознании человека, является вторичным существованием объективного мира [4, с. 15]. Неся представление окружающего мира в голове человека, картина мира формируется у индивида в процессе социализации и несет национально-культурный отпечаток [5, с. 106].

Общеизвестен факт, что знания о действительности объективируются посредством языка, который согласно Чейфу, являясь наблюдаемым и поддающимся анализу, дает возможность анализировать знания [6, с. 109]. Мы не можем не согласиться с Витгенштейном, который писал касательно обширности картины мира индивида: «границы моего языка означают границы моего мира» [1].

Следует отличать понятие *научная картина мира*, опирающееся на важнейшие научные достижения и упорядочивающее знания о действительности от *наивной (языковой) картины мира*, которая отражает духовно-материальный опыт народа, формируется под влиянием культурных ценностей и традиций, актуальных в определенный исторический период этноса, находя отражение в языке [7].

Комплекс языковых средств, в которых отражены особенности этнического восприятия мира, называется *языковой картиной мира*, «это совокупность представлений народа о действительности, зафиксированных в единицах языка, на определенном этапе развития народа» [8, с. 6].

Термин *языковая картина мира*, введенный Й. Л. Вайсгербером в 30-е гг. XX века в лингвистику, освещался еще в работах В. фон Гумбольта, писавшего об индивидуальности разных языков и невозможности сохранения при переводе без преобразования огромного количества понятий и грамматических особенностей одного языка на другой язык. Также он восходит к гипотезе Э. Сепира и Б. Уорфа о лингвистической относительности, т.е. несоизмеримости языков, согласно которой невозможно установить поэлементные соответствия между системами разных языков.

К этноспецифичности языковой картины мира начали обращаться с конца XVIII – начала XIX века (И. Гердер, В. фон Гумбольдт, позднее Л. Вайсгербер). Как писал Л. Вайсгербер, язык формирует мышление, и таким образом, разные языковые структуры являются разными мыслительными структурами, а национальная специфика языковой картины мира вносит определенное своеобразие в понятия и мышление носителей языков.

Как писал В. фон Гумбольдт, «язык – это определенный уклад интеллектуального и чувственного восприятия народа» [9, с. 57], а различие между языками состоит в различии мировоззрений, а не в различии звуков и словесных знаков, каждый язык определяет и выражает национальное своеобразие духа (в том числе мышления), свойственного данному народу, и не сводим к какому-либо другому языку, как и своеобразие духа одного народа несводимо к своеобразию духа другого народа.

Согласно С. Г. Тер-Минасовой, у разных народов в силу различий в истории, географии, особенностях жизни и в развитии их общественного



сознания различается и путь от действительности к понятию и затем к его вербализации [10, с. 40].

Й. Л. Вайсгербер писал, что при относительной свободе человеческого сознания от языковой картины мира, своеобразие той или иной личности будет ограничено национальной спецификой языковой картины мира. Важнейшим методом изучения картины мира он определил полевое исследование, опираясь на выдвинутый Й. Триром принцип взаимного ограничения элементов поля [цит. по 7]. Используемое для описания фрагмента действительности словесное поле является единым целым с упорядоченной структурой значений и места входящих в него элементов, определяемой особенностями семантической организации языка с объективным взглядом на неязыковую действительность.

### ВЫВОДЫ

Из этого следует, что лингвокультурологический анализ концепта в русском и английском языковых сознаниях будет способствовать пониманию национальной картины мира исследуемых этносов и позволит выявить универсальность и специфичность их восприятия действительности.

С этой целью мы определили ограниченный список сем, описывающих концепт «благородство / nobility» в русском и английском языках, которые входят в семантические структуры слов вербализующих данный концепт.

Первоначальное значение русского термина *благородство* и английского *nobility* не идентично. *Благородство* в истории россиян начиналось с понятий *шляхетство*, *дворянство*, *боярство*, соотносимых с военно-служилым сословием, либо представителями других слоев отмеченных в Табели о Рангах за служение государству. *Дворянство* объединяло такие разнородные элементы как дети боярские по губерниям и уездам, великорусское московское дворянство, украинское и донское казачье дворянство, прибалтийско-немецкое дворянство, польская и литовская шляхта, шляхта по губерниям и уездам России XVIII века (например, галицкая шляхта), бессарабское дворянство, осетинское, грузинское, армянское, наконец, инородческое дворянство. Не имея единого названия и именуясь «служилые люди по отечеству», «дети боярские», лишь со второй половины XVIII в. понятие «дворянин» становится важным социальным признаком.

В XVII-XVIII вв. при Петре I происходят изменения, в результате которых придворные и военно-служилые чины называются шляхетством, а позже – дворянством. В отдельных случаях шляхетство начинают именовать благородством, а с 1754 года – все сословие. Согласно манифесту 1762 года дворянство выступает как главный в государстве член – российским благородным дворянством. Однако следует отметить неоднородность

состава шляхетства, в состав которого наряду со служилым классом вошли и приказные люди, дети боярские, дворяне патриаршие и архиерейские, а также служилые иноземцы. И различать знатное и прочее шляхетство Петр I указал согласно их служебной годности, в силу того, что оно «ради службы благородно и от подлости отлично».

Данное сословие было ликвидировано после Октябрьской революции и после исчезновения класса благородных, применявшийся в разговорной речи и литературе XX века термин *благородство* еще указывал на сословную принадлежность и вместе с этим обозначал положительные личностные качества аристократов в широком смысле.

Сословие благородных в истории британцев играет важную роль в формировании истории страны. В жизни британская знать состоит из пэров (peerage) и членов их семей, но в правовых документах они делятся на титулованное и нетитулованное дворянства [11, с. 67]. Члены титулованного дворянства, т.е. пэрства носят звания герцога (duke), маркиза (marquis), графа (earl), виконта (viscount) и барона (baron). Пэров от барона до маркиза именуют лордами (lord).

Нетитулованное дворянство состоит из лиц, несущих формально герб, и кроме своих назначений, как джентри (gentry), джентльмен (gentlemen) или эсквайр (esquire), не пользующихся никакими привилегиями. Появившийся в XVI веке термин *джентри* относился к нетитулованному мелкопоместному дворянству, занимающему промежуточное положение между пэрами и йоменами (yeoman). В отличие от йоменов, джентри не занимались земледелием. Социальный статус англичан времен средневековья (XI век и ранее) был привязан к степени и количеству владения землей. Владелец земли по праву *фригольда*, *копигольда* или аренды назывался *йоменом*, классом согласно англо-саксонскому законодательству, определявшийся как аристократическое дворянство.

Итак, на Руси входящее в понятие *благородство* лексема *дворянство* при своём возникновении означала военно-служилый слой, противопоставляемый боярству, а лексема *nobility* со всеми входящими в нее понятиями у англичан первоначально означала знать, аристократию (от лат. *nobilis* – знатный).

Структура концепта «благородство» в русском языке и концепта «nobility» в английском отличается многокомпонентностью. Наличие различных групп концептуальных признаков у концепта свидетельствует и о большой значимости данных концептов в сознании представителей русского и английского этносов [12, с. 68].

Предпринятое нами исследование содержания концепта «благородство / nobility» в диахронии на материале русского и английского языков обусловило выявление его мотивирующих и понятийных признаков, статистический

подсчет выявленных признаков, анализ плотности признаков концепта для выявления укрепления либо ослабления тех или иных его признаков.

Выявление мотивирующих признаков исследуемого концепта объективировало универсальность таких признаков как «нравственные качества» и «высокое происхождение» / «высокое положение». Однако в результате анализа понятийных признаков концепта было определено, что в русской концептосфере значение «высокое происхождения или наличие чина» постепенно стирается вместе с исчезновением дворянской жизни. Из этого следует, что «благородство» в русском культурном пространстве соотносилось с жизнью двора недолго, его социальная значимость очень быстро заставила рассматривать его в качестве высоких моральных качеств. Тогда как, в английской концептосфере значение «высокое положение», «наличие чина» является актуальным для современных носителей языка. Оно функционирует в качестве понятийных признаков исследуемого концепта, что выявляет его этноспецифичность.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Витгенштейн, Л.** Логико-философский трактат. – 1921. [Электронный ресурс]. – [http:// filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000272/st002.shtml](http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000272/st002.shtml)
- 2 **Хайдеггер, М.** Время картины мира [Текст] / перевод на русский язык: В. В. Бибахин. Новая технократическая волна на Западе. Сборник статей. – М., 1986.
- 3 **Кубрякова, Е. С.** Номинативный аспект речевой деятельности [Текст] / Е. С. Кубрякова. – М., 1986. – 159 с.
- 4 **Колшанский, Г. В.** Объективная картина мира в познании и языке [Текст] / Г. В. Колшанский. – М., 1990. – 107 с.
- 5 **Кудинова, Е. А.** Концепт и отражение языковой картины мира [Текст] / Е. А. Кудинова // Альманах современной науки и образования. – Тамбов: Грамота, 2008. – № 8 (15): в 2-х ч. Ч. I. – С. 106-107.
- 6 **Chafe, W. L.** Repeated verbalizations as evidence for the organization of knowledge // Preprints of the plenary session papers: XIV International Congress of linguists. – Berlin, 1987. – P. 88-109.
- 7 **Богатырева, И. И.** Языковая картина мира. – 2010. [Электронный ресурс]. – <http://www.portal-slovo.ru/philology/43646.php>.
- 8 **Попова, З. Д., Стернин, И. А.** Язык и национальная картина мира [Текст] / З. Д. Попова, И. А. Стернин: монография. – Волгоград : Перемена, 2002. – 477 с.
- 9 **Гумбольдт, В.** Избранные труды по языкознанию [Текст] / В. Гумбольдт. – М., 1984. – С. 37-297.

10 **Тер-Минасова, С. Г.** Язык и межкультурная коммуникация [Текст] / С. Г. Тер-Минасова. – М. : Слово/Slovo, 2000. – 624 с.

11 **Melville, H.** Ruvigny. The Nobilities of Europe. – Adegі Graphics LLC, 2000. – 488 с.

12 **Дуйсебаева, Г. А.** Средства манифестации концепта БЛАГОРОДСТВО в русском и английском языках [Текст] / Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2015. – № 3 (45). – С. 66-71.

Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*Г. А. Кузембаева*

**Болмыс туралы білім жүйесіндегі әлем бейнесі мен тілдік әлем бейнесі**

Самара мемлекеттік әлеуметтік-педагогикалық университеті, Самара қ., Ресей.  
Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*G. A. Kuzembayeva*

**World view and linguistic picture of the world in the system of knowledge about reality**

Samara State Social and Pedagogical University, Samara, Russia.  
Material received on 01.02.17.

*Берілген мақалада болмыс туралы білім жүйесі ретінде әлем бейнесі мен тілдік әлем бейнесі қарастырылады, сонымен қатар «благородство / nobility» концептісі негізінде орыс және ағылшын тілдері сөйлеушілерінің тілдік әлем бейнесінің ерекшелігі айқындалады.*

*This article analyzes such notions as «world view» and «linguistic picture of the world» as a system of knowledge about the reality and determines the specificity of the language picture of the world of Russian and English speakers on a material of concept of «благородство / nobility».*

**Б. Ш. Құралқанова**

ф.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.  
e-mail: bota0975@mail.ru

**ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖӘДИТШІЛДІК  
ЖАҢҒЫРЫҒЫ**

*Мақалада қазақ және өзбек әдеби және рухани байланыстары сөз болған. Өзбек әдебиетінде кеңінен өріс алған жәдитшілдік ағымның негізгі ерекшеліктері, көрнекті өкілдері Бехбудидің қызметі сөз болып, Чолпанның шығармашылығы зерттеу нысанына алынған.*

*Кілтті сөздер: әдеби байланыс, ағартушылық, жәдитшілдік, қадим, идея, түркі халықтары әдебиеті.*

**КІРІСПЕ**

Жәдитшілдік ағымы өзінің табиғатына қарай ағартушылық сипатқа ие екені белгілі. Жәдитшілдер халықтың хал-ахуалын жақсарту мақсатында мәдени-ағарту орындарын көбейту, баспасөз ісін дамыту сияқты мәселелерді жөнге қойып, әйел теңдігін, тіл, дін бостандығын талап етті. Сонымен, жаңашыл топ өкілдерінің талап-тілектері түркі жұртының өркениет өрісіне жетуі, дәуірдің алдыңғы қатарлы ұлттары игерген мәдениет жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа енуі сияқты мақсат-мұраттарға келіп сайды.

Жалпы, ағартушыларға тән болмыс-бітімде жәдитшілдер ой-пікір еркіндігін әспеттеп, схоластика мен қасаң қағидалықтан ада болудың қажеттігін атап көрсетті.

«Жәдитшілдердің көзқарастары демократиялық негізде қалыптасты. Жаңа буржуазиялық қатынастардың жақтаушылары ретінде олар буржуазия тобының мүддесін ғана қорғаған жоқ. Олар жаңашылдықты жақтай отырып, бүкіл топтардың, оның ішінде алдыңғы қатарлы ой-түсініктегі діндарлардың да сұраныстарымен үндестіктерін білдірді. Олардың бүкіл қызмет барысы түркі қоғамындағы әлеуметтік және мәдени артта қалушылықты жеңуге бағытталды» [1, 145 б.].

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Түркі халықтары ғасырлар бойы Ресейдің құлдық бұғауында күн кеше жүріп, әлеуметтік теңсіздікпен қатар ұлттық езгі мен діни кемсітуді бастан кешті. Осы тұрғыда патша әкімшілігі тарапынан орыстандыру мен

шоқындыру секілді отарлау саясаты жүргізілді. Сондықтан жәдитшілдердің іс-әрекеттерінде құлдық езгіден құтылу мен теңдік жағдайын қалыптастыру мақсаты болды.

Олардың мәдени-ағартушылық саладағы тынымсыз еңбектері ұлттық сананы ояту мен құлдық психологиядан ажырауды алға міндеттеді.

Жәдитшілдер түркі халықтарының басқа ұлттармен, атап айтқанда, орыс халқымен саяси, экономикалық және құқықтық қатынастарда тең тұруын қалады. Сондай-ақ, шет аймақты мекендеуші ұлттардың әлемдік мәдениет жетістіктерін орыс халқымен бірдей тең тұрғыда тұтынуына жағдай жасалуын талап етті. «Өндіріс пен кәсіптегі, ғылым мен білімдегі прогресс – алдыңғы қатарлы ұлт өкілдерін бай, қуатты болуға, бүкіл әлемге билігі мен ықпалын жүргізуге итермеледі. Біз осы ұлттардан үлгі алуға тиіспіз» [2, 55 б.].

Сонымен қатар, жәдитшілдер исламият аясынан алшақтамай іс-әрекет қылды. Олар мұсылмандық құндылықтарды қорғады және исламның имани-этикалық қағидаларын бұлжытпай орындауды қалады. Жаңаруды жақтаушылар ретінде олар құдайшыл қасаңдық пен діни әдет-ғұрыпты сынады әрі уақыт талабына орай дін қызметін қайта қарауды, шариғат заңдарына жаңа тұрғыдан келуді, т.б. мәселелерді көтерді.

Жәдитшілдік ағым арнасындағы түркі халықтарының зиялы қауым өкілдері ұлттық тіл мен әдебиеттің өркендеуіне айтулы үлес қосты. Бұл үрдістің әсері тіл біліміндегі ғылыми еңбектерде, оқулықтар мен әдеби-көркем шығармаларда көрініс тапты. Әсіресе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы кезеңде түркі тектес, оның ішінде татар, башқұрт, өзбек, қазақ, қырғыз халықтарының әдеби тілінің қалыптасуында айқын сезілді. Өйткені бұл тұста жәдитшілдік идеясы Ресей түрік мұсылмандарының арасында кең өріс алғаны мәлім. Мәселен, ғасыр басындағы қазақ баспасөзінің өркендеуі, оқу құралдарының жұртшылық қолданысына еніп, айналымға түсуі халық сұранымының өтемі іспетті. Сонымен қатар, жәдитшілдік түркі халықтарының рухани деңгейінің өсуіне айрықша әсер еткені мәлім. Өйткені бұл кезде орыс миссионерлері империя аясындағы мұсылмандар арасында кең әрі ауқымды жұмыс жүргізді. Осы орайда ата-баба дәстүрін ардақтап, ислам құндылықтарын насихаттауда жәдитшілдердің зайырлы қызметтері маңызды рөл атқарды.

Алайда, бұл тұрғыда олар патша әкімшіліктерінен ғана емес, ескіліктің нышаны – діни фанатизмді жақтаушылардан да қарсылық көрді. Әсіресе, қадимшілдер тарапынан жасалған қысым едәуір бөгет болды. Олай дейтініміз, бұл бағыт ғасырлар бойғы қоғамдық қатынастар мен олардың идеологиялық формаларының мызғымас беріктігін сақтай отырып, түркі халықтарының тарихи-әлеуметтік өмірінде жетекші рөл атқарып келді. Және Ресей патшалығы түрік мұсылман жұртшылығын жаулап алғаннан кейін етек

алған ұлттық езгі мен діни қудалаушылық кезінде халықтың салт-дәстүрін, тірлік-болмысын, өзіндік ұлттық нақышын сақтауда қорғаушы қызметін де атқарды. Бірақ жаңа кезең – өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы, қоғамдық қатынастар маңындағы факторлар халық алдына жаңа мәселелерді алға тартты. Ал, ортағасырлық даму өрісіндегі қадимшілдік идеология аясында бұл мәселелердің шешімін табу мүмкін емес еді. Сондықтан жәдитшілдер уақыт талабына орай өз ұлтының прогресс жолындағы жаңа бағыт- бағдарын межеледі.

Екі жақты – патша әкімшілігі мен қадимшілдер тарапынан болған қарсы әрекеттерге қарамай жәдитшілдік ағым барған сайын нығайды әрі кеңейді. Оның идеялары халықтың санасын игеріп, ұлттық сезімнің оянуына тірек болды.

Сайып келгенде, екі ғасыр аралығындағы қатты қарқынмен өрістеген жәдитшілдік ағымның ықпалымен түркі халықтары өздерінің ұлттық мүддесін түсініп, өздерін ұлт есебінде таныды. Әсіресе, ХХ ғасыр басындағы Ресейдегі төңкерісшіл жағдай бұл ағым маңындағылардың саяси белсенділігін арттыруға және саяси-құқықтық көзқарастарын қалыптастыруға итермеледі.

Ғалымдардың пайымдауынша, жәдитшілдік бар болмысында ағартушылық ағым саналады [3]. Атап көрсеткеніміздей, ол ХІХ ғасырдың 80-жылдары қалыптаса бастады. Оның өкілдері тарихи аренадан өздеріне дейін басталған ағартушылық дәстүрді жалғастырушылар ретінде көрінді. Сондықтан ғалым Ғ. Ибрагимов жәдитшілдікті татар ағартушылығының дамуындағы жаңа кезең деп қарастырады. Оның ойынша, жәдитшілдер Ш. Маржани, К. Насыри, Х. Фаизхановтардың бастаған ісін жалғастырды. Ал татар қоғамындағы бір ағым бүкіл түркі жұртшылығының рухани даму кезеңінің бастауы болды. Сөйтіп, Ресей түрік мұсылмандары ислам аясындағы жаңа ағартушылық арнаның көкжиегін кеңейтіп, әлемдік өркениетке ұмтылды. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресей империясында қалыптасқан жәдит қозғалысы башқұрт, қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының зиялы қауымын өз маңына біріктірді. Қозғалыс әсерін империяның оңтүстік өңірінен байқауға болатын еді. Бұл өңірдегі ескі оқу әдісін өзгерту қажет болды. Жәдитшілдер ортағасырлық схоластикада тоқыраған және Құран сүрелерін жаттаумен шектеулі қасаң ағартушылыққа қарсылық туғызды.

Орта Азияда усул-жәдит үлгісіндегі алғашқы мектеп 1903 жылы Самарқандта ашылды. Оның ашылуына мұрындық болған көрнекті Бұхар ғалымы – Ахмет Доништің (1827-1897) шәкірті – Абдулкадыр Шакури. Ал өз кезегінде А. Дониш ғұлама әл-Маржанимен пікірлес еді. Ол бірінші болып ескі әдістегі оқу үлгісін сынайды және оған қарсылық ретінде өз тарапынан дүнияуи пәндер сабағын енгізеді.

Бұхардағы жәдит қозғалысы басшыларының бірі – Махмудқожа Бехбуди болды. Жастайынан мұсылманша білім алған ол 1900 жылы қажылық сапармен Меккеге барады. Шетелде, Ыстамбул мен Каирда болғанда Бехбуди еуропалық типтегі жаңа мектептерді, қайта құрылған медреселерді көреді. Ағартушылық идеялары қызықтырған ол Мәскеу, Қазан, Орынбор қалаларына сапар шегеді. Әсіресе, Ресей мұсылмандарының жаңа ағартушылық кезеңін туғызып, жәдит қозғалысының басшысы – Ысмаил Гаспринскиймен болған кездесу оған үлкен әсер туғызды. ««Шакури мектебінде» сабақ бере жүріп, Махмудқожа «Ресейдің қысқаша жағрапиясы», «Балаларға оқулық» деген оқулықтар жазады және оларды арнайы дүнияуи пәндерде» [4, 83 б.].

Жәдитшілдіктің Түркістан өңіріне кеңінен жайылуына қолдау білдіре отырып, Бехбуди өзі шығарған «Самарқанд» газеті мен «Ойна» («Айна») журналына осы сипаттағы мақалаларын жариялайды. Бұл көсемсөз мәтіндері тікелей ел мұқтажынан туындаған саяси-әлеуметтік және ағартушылық мәселелеріне арналды. Мысалы, ол «Самарқанд» газетіндегі бір мақаласында: «Бұны халқына тек қайыр, жақсылық тілеуші мұсылман жазды. Барлық мұсылман елдерінде еуропалық – неміс, ағылшын, француз тілдері оқытылады ... Орыс тілін үйреніңдер. Әйтпесе, қараңғылықта қаласыңдар!» – деп жазады.

Зерделей қарасақ, М. Бехбудидің бұл ойы қазақ ағартушылары – Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт пайымдарымен ұштасып жатыр. Сондықтан Сұлтанмахмұт Торайғыров «Өмірімнің уәдесі»: «Орыс тілін білемін хәм хатымен» деп Алла атымен ант етеді.

Бұл мәселеде, яғни орыс тілін білу арқылы батысқа, өркениетке жол ашылады деген тұжырым тұрғысында Бехбуди өз отандасы әрі тұстасы Фуркатпен (1858-1909) пікірлес болды. Фуркат та өз бауырластарын орыстан үйренуге, үлгі тұтуға шақырды: «...думаю, что в этом нет греха. Наоборот, мы, мусульмане, должны знакомиться с жизнью и поражать ей». Это было, безусловно, смелое высказывание в той обстановке, когда вся деятельность реакционного духовенства была направлена на изоляцию местного населения». Сонымен жоғарыда айтылғаннан мынадай қорытынды шығарамыз.

Біріншіден, Түркістан өңірі ақындарының жәдитшілдікке қосылуы – шарасыздық еді, бұл Түркістанның дамуына сәйкес заңды тарихи құбылыс болып, бүкіл ұлт зиялыларын біріктіруі кездейсоқтық емес. Екіншіден, жәдитшілдіктің идеялық негіздерінің іргелі екені соншалық, оның шындығын бүгінгі өмір шындығы дәлелдеуде. Тек ағартушылық, демократия, егемендік қана төл мәдени-рухани дәстүрлерге тірек болмақ, ал олардың өркендеуі толық жетілген ұлт пен мемлекетті құрайды, қалыптастырады.

«Алдыңғы толқын ағалар» салған жол жәдитшілдер – қазақ – Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Сәбит, татар – Ф. Ибрагимов, А. Тоқай, башқұрт – Мәжит Ғафури, Ш. Бабич, өзбек – Фитрат, Чолпан, Авлони секілді дәстүр жалғастырушы жалынды жыршыларды азабы мол тартысқа, айқайы көп көкпарға салды.

Абдолла Авлони:

Шаттыққа толы жаһан,  
Пида (құрбан) бұл күндерге жан,  
Тендік мейрамымыз,  
Әділет жолдасымыз.  
Азат болған шағымыз.  
Мәуелі бағымыз. [5]

– десе, бұл Түркістан өңірінің өз алдына дәулеті тасыған ел болып, бой көтеруін қалаған, отаншыл адамның шексіз қуаныш құшағындағы сезім күйі, жүрекжарды сыры еді.

Әлбетте, Чолпан секілді шаирлардың мұң-мақсаттарын халыққа деген шексіз махаббаттан, оны ұлғайтып көрсеткен, өзінше аңдатқан шығармаларынан байқаймыз. Ақынның осы іспеттес түрікшіл бағыты:

Нима учун уч булуту селларини егдирмас,  
Нима учуг куч тангриси бор кучила солдирмас,  
(Не үшін өш болатын селді қозғау,  
Не үшін тандалар зор күшті арбау) [5]

– деген жолдардан айқын аңғарылып, халықтың көптігін, күштілігін білдіреді.

Осы іспетті туындылар Чолпанның шығармашылық қабілетінің өсуіне бастау болды. Оның дарынының артуы сол кездегі жәдитшілдік әдебиеттің өрістеуімен тұспа-тұс келді. Ал әдебиеттегі бұл өрлеу аймақ жұртының санадағы рухани төңкеріс бастауының айқын көрінісі мен нақты нышаны болды.

Басқа да түркі түлектері сияқты Чолпан да ақпан төңкерісін үлкен үміт, асқақ арманмен қарсы алды. Түркі жұртының бірігіп, жеке мемлекет құруын жақтады. Бұл жәдитшілдік идеясымен астасып жатқандық еді. Чолпан да бұл идеяның жаршысы атанды.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлт зиялылары тарихи процеске үлкен өзгерістер әкелді. Атап айтқанда, қос төңкеріс тұсында түркілік түлектер ұлттық мемлекет құрылымдарының негізін қалады; болашақтың бағдарламасын жасады. Ұлт зиялыларының құрамында әдебиет пен мәдениет қайраткерлері де болды. Бұл іске олар таза шығармашылықпен кірісіп, халықтың мүдде-мұратын, арман-аңсарын тап басып, айта білді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сүтжанов, С. Н.** Алаш және түркі руханияты. – Алматы, 2008.
- 2 **Реизов, Б. Г.** Сравнительное изучение литературы // В кн. Вопросы методологии литературоведения. – М.-Л. : Наука, 1966.
- 3 **Қамзабекұлы, Д.** Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (Ағартушылық кезең). Фил. ғыл. док. дис. авторефераты. – Алматы, 2003.
- 4 **Турдыев, Ш.** «Берегите мудрецов». Судьба и смерть М. Бехбуди // «Звезда Востока», 1991. – № 5. С. 83-86.
- 5 **Чулпон.** Яна олдим созимин. – Тошкент : Ф. Фулом номидаги Адабиет ва санъат нашриети, 1991. – 576 б.

Материал 01.02.17 баспаға түсті.

*Б. Ш. Куралканова*

### Отголоски джадидизма в узбекской литературе

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 01.02.17.

*B. Sh. Kuralkanova*

### Jadidism echoes in the Uzbek literature

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.  
Material received on 01.02.17.

*В данной статье рассмотрена духовная и литературная взаимосвязь казахского и узбекского народов. А также исследуются особенности течения джадидизма в узбекской литературе и творчество известных последователей джадидизма – Бехбуди, поэта Чолпана.*

*This article deals with the spiritual and literary relationship of the Kazakh and Uzbek peoples. As well as exploring Jadidism peculiarities of Uzbek literature and works of famous followers of Jadidism – Behbudi, poet Cholpan.*



**Е. Ю. Личман<sup>1</sup>, Е. Жанайхан<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>доктор философии (PhD), доцент, кафедра Теории и методики музыкального образования; <sup>2</sup>доктор философии (PhD), доцент, кафедра Теории и методики музыкального образования, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар  
e-mail: <sup>1</sup>lichmane@mail.ru; <sup>2</sup>erkin\_z68@mail.ru

**ФОРМИРОВАНИЕ СРЕДЫ ГОРОДА ПАВЛОДАРА  
В НАЧАЛЕ XVIII – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ**

*В статье исследуется динамика развития архитектурной среды г. Павлодара начала XVIII - начала XX веков. Автор приходит к выводам, что на эволюцию архитектурного облика Павлодара, в рассмотренный исторический период влияли следующие факторы: ландшафт (степень освоения ландшафта человеком от приспособления к нему до преобразования под свои нужды); преобладающие функции города (фортификационная, торговая); социально-демографическая характеристика населения (сословия и классы, этнические группы); градостроительные нормы и правила, архитектурные стили; уровень развития торговли, инфраструктуры и другие градообразующие системы.*

*Ключевые слова: город Павлодар, архитектурная среда, художественная система.*

**ВВЕДЕНИЕ**

Павлодар – старинный город. Он живет уже почти три столетия, в нем более 50 памятников архитектуры, которые одновременно являются памятниками истории города и его жителей. Динамика архитектурной среды в начале XVIII – начале XX веков Павлодара охватывает два периода:

I период – нач. XVIII – нач. XIX вв. – организация территории форпоста;

II период – нач. XIX – нач. XX вв. – формирование торгово-ремесленной среды города.

Эволюция архитектурного облика города исторически связана с экономическим и культурно-социальным развитием Российского государства.

**ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

Первые десятилетия XVIII века Россия активно распространяла свое влияние на новые земли, вошедшие в ее состав. Возведение строений

на территории Казахстана являлось частью политики колонизации края, распространения русского влияния на культуру всего региона. Основание городов–крепостей: Семипалатинска (1718), Усть-Каменогорска (1720), Коряковского форпоста (1720) (г. Павлодар) и Петропавловска (1752) связано с созданием укрепленной южной оборонительной линии, защищающей границы Западной Сибири. Дальнейшее развитие форпостов было отмечено строительством Омской, Семипалатинской, Ямышевской, Усть-Каменогорской, Петропавловской крепостей [1].

Таким образом, история города Павлодара начинается с 1720 года, когда в ряду военных крепостей и форпостов России на Иртыше появился форпост Коряковский, названный так потому, что был выстроен рядом со складами соли, добываемой на Коряковском озере. По сохранившимся документам, форпост имел форму квадрата 50 на 50 метров, был обнесен высоким бревенчатым частоколом, по углам имел бастионы с артиллерийскими батареями. Во внутренней части располагались казармы, снаружи – конюшни и баня. Весь гарнизон форпоста имел 48 человек. Спустя 25 лет форпост несколько расширил свои границы, был увеличен гарнизон, появились дополнительные постройки для казаков, назначавшихся на соледобычу. Еще спустя два десятка лет было получено разрешение отставным драгунам и солдатам селиться на свободных местах. Здесь же разрешили селиться подрядчикам и чиновникам соляного ведомства [2].

Таким образом, первый период 1720-1750 годов характеризуется формированием органичного пространства форпоста на небольшой территории (до 2 га) зданиями, в совокупности с элементами ландшафта. Природный строительный материал (дерево), небольшая высота строений создали гармоничную, масштабную человеку среду с малым количеством застройки, содержащую необходимую номенклатуру зданий, специфичных для фортификационных сооружений этой эпохи (казармы, конюшни, сарай для обоза, соляной амбар, провиантские магазины, кабак, бани). Визуальными доминантами являются бастионы, смотровые башни, храм.

В течение второй половины XVIII века иртышское укрепление теряло свое военно-стратегическое значение. Крепости и форпосты становились обычными селами и станицами, в которых появились женщины, дети. Коряковский форпост становится одним из центров соледобычи в Сибири. В 1838 году при царствовании Николая I (1825-1855) форпост получил ранг станицы Коряковской, и из Ямышева сюда были переведены казачья школа (здание по ул. Ленина, бывшая школа № 1) и полковой лазарет. К этому времени станица разрастается в сторону речного вокзала [3].

На структуру и будущий архитектурный облик сильное влияние оказал природный ландшафт станицы расположенной на берегу большой

судоходной реки, соседство с округами, где развивались разработки свинца, меди, серебра, перекрестье торговых путей с кочевой степью. Все эти обстоятельства были очень выгодными для экономического развития станицы. Именно купеческое сословие, все более увеличивавшееся численно, с середины XIX века начинает настойчиво добиваться изменения статуса казачьей станицы, что дало бы им право чувствовать себя здесь не гостями, но хозяевами. В эпоху Александра II (1855-1881) завершилось присоединение к России Кавказа, Казахстана, большей части Средней Азии и с 1861 года станица Коряковская стала заштатным городом Российской Империи. «Город назван Павлодаром, по имени, родившегося в сентябре 1860 года сына императора Александра II. Павлодар вошел в состав Семипалатинской области и в 1868 году становится центром Павлодарского уезда Семипалатинской области» [4].

С этого момента у архитекторов появляется генеральный план застройки Павлодара: бывшая Коряковская станица остается как казачья часть города, а новое строительство, в основном, предполагается в мещанской северной части. Новый город еще только отстраивается: Пять улиц по большей части с ветхими домами (казачья часть) и изредка весьма приличными и площадь, на которой помещена деревянная церковь, а за нею лавки, гостиный ряд. Особенности формирования среды на данном этапе заключались в малом масштабе отдельных элементов городской среды; в дифференциации среды локальных образований (крепость, форштадт); в интеграции пространственной общности поселения. В архитектурно-пространственном аспекте характерным являлись: создание замкнутой «эндогенетической» среды, переходящий в «экзогенетический» тип неурбанизированного поселения. Плавный рельеф прибрежной территории обусловил террасную застройку. Система застройки была усадебной. Архитектурный облик города в конце XIX начале XX вв. начинают определять дворянские, купеческие, мещанские усадьбы, торговые дома. Они составляют ядро, вокруг которого формировались улицы, вырастали вертикальные доминанты – храмы. Распространенной практикой для возведения новых зданий стало использование образцовых проектов для разных типов зданий, распространявшихся из больших городов.

В 1890 году для богатого скотопромышленника купца Сорокина построен дом с большими окнами, просторным подвальным помещением. Крышу венчают 9 башенок, соединенных между собой кованными парапетами. Имеется парадное крыльцо с навесом и узорной, кованной боковой решеткой. Педтехникум – педучилище - педколледж - таков путь этого старейшего не только в Павлодаре, но и в области, учебного заведения. Здание по сей день служит просвещению, в нем находится педагогический

колледж им. Б. А. Ахметова. В 1896 году по проекту архитектора П. Батова на деньги известного купца 1-й гильдии и почетного гражданина города А. И. Дерова построен торговый дом. Это была одна из самых больших по длине и объему построек купеческой части города. Торговый дом – крупное сооружение, ныне памятник купеческой архитектуры, построенное в стиле так называемого сибирского «модерна» с характерными декорами и розетками. Особое внимание уделялось обрамлению окон, дверей, верхних парапетов, балконов. Стены украшены фигурными обрамлениями в виде круглых розеток, выступов. В верхней части здание украшено башенками с ажурными коваными решетками. Второй этаж венчает балкон. Сейчас здание соединено с бывшим домом Филатова, здесь расположена экспозиция областного историко-краеведческого музея. Дом купца Зайцева построен в 1897 году по заказу владельца пивного завода Пяткова, позже ставшего городской головой. Большой, деревянный дом весь украшен искусно вырезанными узорами, на крыше установлены металлические парапеты. Словно легкое кружево, сплетенное мастерицей, вычурно покрыты узорами стены, ставни и двери дома. Резьбу по дереву вели по эскизам архитектора Батова павлодарские и славгородские мастеровые Косарев, Четкин и другие. Еще одной особенностью дома является круглая веранда – флигель выступающий из центра здания. По рассказам старожилов, эта веранда была построена по специальному заказу для тяжело больной дочери купца Пяткова. В доме сохранился изразцовый камин. Позднее дом был куплен скотопромышленником Зайцевым. С 1990 года в доме купца Зайцева расположился музей литературы. Дома купцов Сурикова и братьев Баландиных построены в девяностых годах XIX века, соединялись каменными воротами, которые сохранились до наших дней. После 1920 года в одном из домов длительное время размещался кинотеатр «Ударник», а с 1969 года «Пионер». После пожара 1982 года здание было реставрировано и передано драмтеатру имени Чехова. Дважды перестроенный дом купцов Баландиных, в 1925 году был отдан под красноармейский клуб, который затем стал называться Рабочим клубом. В настоящее время в нем находится основной корпус драмтеатра имени Чехова. Оба здания реставрированы, для воссоздания первоначального облика обложены красным кирпичом. В 1907 году построен дом для купеческой семьи городской головы И. Л. Осипова, владевшего солепромыслами. Здание одноэтажное, кирпичное в традиционном стиле купеческой архитектуры. На здании имеется центральный фронто со шпилем. Ныне находится в частных руках. Дом купца Охупкина типичное здание с элементами модернизма и купеческой архитектуры начала прошлого века, с башенкой-шатром над главным входом, фронтоном посередине. Другими характерными элементами декора являются

выступы на стенах и углах здания, мраморные вазы и паркет на крыше. На крыше небольшие башенки, соединенные ажурными решетками. До 1917-20 гг. С. Я. Охапкин сдавал его в аренду страховым и банковским конторам. После двадцатого года прошлого века и по сей день, в здании находились медицинские учреждения [5].

Градостроительные факторы оказывают значительное влияние на характер архитектурных форм и композицию исторического облика города как в момент его создания, так и (не менее важно) в период трансформации (надстройки, дополнения, изменения ориентации).

